

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері!

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ


6

ИЮНЬ

1959

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАР БАСПАСЫ



Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ

және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXVIII ЖЫЛ ШЫҒУЫ

№ 6

И Ю Н Ь

1959

МАЗМҰНЫ

БАС МАҚАЛА — Өндіріс жұмыстарын толық механикаландыру және автоматтандыру — кәзіргі айбынды міндет	3
Елімізге етті көп берейік	10
Н. КИІКБАЕВ — Партияның лениндік ұлт саясатының салтанаты	16
Л. МЕЛЬНИКОВ — Қазақстан өнеркәсібінің жетіжылдықта онан әрі үздік өркендеуі	23
М. ЕСЕНОВ — Республиканың көмір, мұнай кәсіпорындарында өндіріс жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру.	30
Р. КАСМАСОВ — Ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың жаңа тәртібінің тиімділігі	35
Т. ШОЙЫНБАЕВ — Азамат соғысының даңқты батыры	41
З. БЛАҚБАЕВ — Дін—халықты уландыратын апиын	47

ЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ

Ғ. БОРАНБАЕВ — Социализм мен капитализмнің бейбіт экономикалық жарысының шешуші кезеңі	53
--	----

СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

XII тарау — Партия социализмнің бүкіл майданда шабуыл жасау дәуірінде. Қолхоз құрылысының ұйымдастырылуы (1929—1932 жылдар)	60
---	----

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Х. ТАШМАҒАМБЕТОВ — Тағы да мол өнім алу үшін күресте	88
Н. ГАГАРИН — Кәсіподақ ұйымдарына партиялық басшылық жақсартылсын	91
Е. НАМЫСБАЕВ — Қолхозшылар бұқарасының белсенділігі — табысқа жетудің кепілі	95
М. ӘБДІРАХМАНОВ, Ж. БОДАНОВ — Қолхоз коммунистері — шаруашылықты ұйымдастырудың ұйтқысы	99

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП

Н. САҒЫНДЫҚОВ — Капитал елдерінде қаратүнек реакцияның жана көріністері	102
---	-----

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Маңызды мәселе мазмұнды жазылсын	108
Партия тұрмысының хабарлары	111
Термин сөздерге түсінік	112

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — Боевые задачи комплексной механизации и автоматизации производства	3
Больше казахстанского мяса Родине	10
Н. КИЙКБАЕВ — Торжество ленинской национальной политики партии	16
Л. МЕЛЬНИКОВ — Дальнейшее бурное развитие промышленности Казахстана в семилетке	23
М. ИСЕНОВ — Механизация и автоматизация производства в угольной и нефтяной промышленности республики	30
Р. КАСМАСОВ — Преимущества новых заготовительных цен сельскохозяйственной продукции	35
Т. ШОИНБАЕВ — Славный герой гражданской войны (к 75-летию со дня рождения А. Т. Жангильдина)	41
З. БЛАКБАЕВ — Религия — опиум народа	47

ЛЕКЦИИ И КОНСУЛЬТАЦИИ

Г. БУРАНБАЕВ — Решающий этап экономического соревнования социализма с капитализмом	53
--	----

ИСТОРИЯ КОММУНИСТИЧЕСКОЙ ПАРТИИ СОВЕТСКОГО СОЮЗА

II глава — Партия в период наступления социализма по всему фронту. Создание колхозного строя (1929—1932 годы)	60
---	----

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

Х. ТАШМАГАМБЕТОВ — За новый высокий урожай	80
Н. ГАГАРИН — Улучшить партийное руководство профсоюзами	91
Е. НАМЫСБАЕВ — Активность колхозных масс — залог успеха	95
М. АБДРАХМАНОВ, Ж. БОДАНОВ — Коммунисты — организаторы подъема хозяйства колхоза	99

ОТВЕТЫ НА ВОПРОСЫ ЧИТАТЕЛЕЙ

Н. САГЫНДЫКОВ — Новые формы проявления реакции в странах капитала	102
---	-----

ОБЗОР ПЕЧАТИ

Содержательно освещать вопросы заготовок мяса	108
Хроника партийной жизни	111
Краткие объяснения социально-экономическим терминам	112



Өндіріс жұмыстарын толық механикаландыру және автоматтандыру — кәзіргі айбынды міндет

Туысқан Коммунистік партияның тарихи ХХІ съезі елімізде коммунистік құрылысты кең өрістете жүргізудің жаңа программасын қабылдады. Бұл программаның ең маңызды құрамды бөлігінің бірі — коммунизмге сай өндірістік, материалдық-техникалық негіз жасау. Ал коммунизмнің материалдық-техникалық ірге тасының ең маңызды, ең шешуші кесегі — үздіксіз техникалық прогресті қамтамасыз ету, өндіріс құралдарын, еңбек құралдарын ғылым мен техниканың соңғы соны табыстары негізінде тынбай жетілдіре беру.

Кәзіргі дәуірде қайсы елдің озық техникасы болса, қайсы ел өндірістің барлық саласына, алуан түрлі материалдық игіліктер өндіру жұмыстарының барлық түріне неғұрлым жетілген еңбек құралдарын — жаңа машиналарды қолданатын болса, сол ел бай да қуатты. Ондай ел экономикалық жағынан ешкімге бағынышты, тәуелді болмайды.

Өндіріс техникасының, еңбек құралдарының жетілу дәрежесі белгілі жағдайда адамзат қоғамының дамуын, олардың бірінен бірінің өзгешелігін бейнелейді. К. Маркс су күшімен жүретін машиналар (дирмендер) феодализмді сипаттайтын болса, бу күшімен жүретін машиналар капитализмді сипаттайды, экономикалық дәуірлер бірінен бірі не өндіретінімен емес, нендей еңбек құралдарымен өндіретінімен өзгешеленеді, деп жазған болатын. Осы тамаша тарихи салыстыруға сүйеніп, социализмді-коммунизмді электр, атом қуатымен жүретін машиналар сипаттайды деп батыл айта аламыз.

Шынында өндіріс жұмыстарына жоғары да жаңа техниканы неғұрлым кең қолдану социализмге тән нәрсе. Ал капитализм тұсында жаңа техниканы — машиналарды қолданудың белгілі шегі бар. Ол шек капитализмнің негізгі экономикалық заңымен белгіленеді. Капитализм тұсында жаңа машиналар қанаушы таптың көп пайда табуын қамтамасыз ететін болса ғана қолданылады.

Өндіріс жұмыстарына жаңа техниканы қолдануға социализм тұсында ешқандай шек жоқ. Жаңа техника — қоғамдық еңбектің өнімділігін еселеп арттырудың бірден-бір қайнар көзі. Ол өнімнің өзіндік құнын арзандатып, сапасын үздік жақсарттады, адамның еңбегін мейлінше жеңілдетіп, оның творчестволық сипатын күшейте түседі. Сөйтіп ол алуан түрлі материалдық игіліктердің коммунизмге лайықты молшылығын жасауға жеткізеді. Социалистік қоғам жаңа техниканы қолдануға осы тұрғыдан — бүкіл қоғам мүддесі тұрғысынан қарайды. Сондықтан да жаңа техника социализм жағдайында ешбір шексіз, шенберсіз кең қолданылады.

Елімізде үздіксіз техникалық прогресті қамтамасыз ету тек ауыр өнеркәсіптің, оның арқауы — машиналы индустрияның басым, оза өркендеуі арқасында ғана мүмкін нәрсе. Өйткені машиналы индустрия халық шаруашылығының барлық саласын жаңа техникамен ұдайы жабдықтап отырады.

Ауыр өнеркәсіптің оза өркендеуі — социалистік ұлғаймалы ұдайы өндірістің өте маңызды экономикалық заңы. К. Маркс ашқан,

В. И. Ленин онан әрі дамытқан бұл экономикалық заңды Коммунистік партия өзінің дана шаруашылық саясатының сара жолына айналдырды. Бұл сара жолмен адымдап алға баса отырып, партия елімізді шапшаң қарқынмен индустрияландыруды жүзеге асырды. Қоғамдық өндірістің барлық саласына кәзір көп те кен қолданылып жүрген тамақна жаңа машиналар міне осы саясаттың жемісі. Совет өкіметі жылдарында өнеркәсіптің жалпы өнімі 36 есе өскен болса, оның ішінде өндіріс құрал-жабдықтары өндірісі 83 есе, ал машина жасау өнеркәсібінің өнімі 240 есе ұлғайды.

Өндіріс жұмыстарына машиналар мен механизмдерді қолданудың, яғни өндіріс жұмыстарын механикаландырудың белгілі даму сатылары бар. Еңбекті өте көп қажет ететін ауыр жұмыстарды механикаландыру елімізде негізінен жүзеге асқан іс. Өндірісті механикаландырудың алғашқы сатысы болып саналатын бұл іс советтік бесжылдықтар кезінде, елімізді индустрияландыру қарсаңында жүзеге асырылды. Бізде кәзір өнеркәсіптің, құрылыстың, транспорттың, ауыл шаруашылығының негізгі ауыр жұмыстарының бәрі дерлік машиналар, механизмдер арқылы орындалады. Мәселен, тас көмір шахталарындағы ең ауыр жұмыстар — көмірді ойып құлату, оны тиеп жөнелту, сыртқа шығару жұмыстарының бәрі де түрлі машиналардың күшімен орындалады. Ауыл шаруашылығындағы жер жырту, тұқым себу, егінді орып жинау, астық тасымалдау, пішен шауып жинау сияқты ауыр жұмыстар да кәзір машиналармен орындалатын болды.

Негізгі ауыр жұмыстардың механикаландырылуы еңбектің өнімділігі, артуына, оның жеңілдей түсіп, жағдайы жақсаруына, жұмысшылардың, колхозшылардың мәдени-техникалық білім дәрежесінің көтерілуіне жағдай туғызды. Іс жүзінде осылай болып та келеді.

Бірақ, елімізде коммунистік құрылыс кең өрістеген кезде, социалистік Отанымыздың экономикалық күш-қуаты еселеп артып отырған кезде, өндіріс техникасы үздіксіз алға басып келе жатқан жағдайда біз еңбек өнімділігінің кәзіргі дәрежесімен қанағаттанып отыра алмаймыз. Еңбек өнімділігін коммунизмге лайықты жоғары дәрежеге жеткізу жолында тынбай күресуіміз керек. Ал еңбек өнімділігі алуан түрлі материалдық игіліктердің коммунизм дәуіріне сай молшылығын жасау үшін, коммунизмнің толық жеңуі үшін ең маңызды шарт. Ұлы көсеміміз В. И. Ленин былай деп үйреткен болатын: «Еңбектің өнімділігі, сайып келгенде, жана қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін ең-маңызды, ең басты нәрсе... Коммунизм дегеніміз озат техниканы пайдаланатын ерікті, саналы, бірлескен жұмысшылардың, капиталистік еңбек өнімділігіне қарағанда, жоғары еңбек өнімділігі» (Шығармалар, 29-том, 423-бет).

Қоғамдық еңбектің өнімділігін онан әрі үздік арттыра берудің материалдық-техникалық негізі — өндіріс жұмыстарын жаппай толық механикаландыру және автоматтандыру. Өндірісті толық механикаландыру шаруашылықтың барлық саласына, жұмыстың барлық түріне машиналар мен механизмдерді тұтас қолдануды көздейді. Ол өндірісті механикаландырудың жоғарғы сатысы.

Материалдық игіліктер өндірісінің негізгі ауыр жұмыстары механикаланғанымен көптеген қосымша, көмекші жұмыстар әлі де қол күшімен орындалады. Мұның өзі машинамен орындалатын негізгі жұмыстардың тиімді болуына, еңбектің жемісті болуына көп кедергі жасайды. Машиналарды неғұрлым толық та өнімді пайдалануға мүмкіндік бермейді. Осыларды ескеріп, партия өндіріс жұмыстарының барлық түрін жаппай толық механикаландыруды кеңінен жүргізу міндетін алға қойып отыр. Партияның тарихи ХХІ съезі өзінің қарарында былай деп көрсетті: «Өндіріс жұмыстарын жаппай толық механикаландыру және автоматтандыру халық шаруашылығында онан әрі техника-

лық прогреске жетуді және осының негізінде еңбек өнімділігін жаңадан өрге бастырып, өнімнің өзіндік құнын кемітуді, оның сапасын жақсартуды қамтамасыз ететін басты, шешуші құрал болып табылады».

Съездің бұл нұсқауын жан-жақты талқылап, алда тұрған міндеттерді айқындай түсу үшін партияның Орталық Комитеті арнап пленум шақырды.

Көп еңбек жұмсауды керек ететін негізгі ауыр жұмыстарды механикаландыру жөнінде, бүкіл еліміздегідей, Қазақстанда да елеулі табыстарға қол жетті. Қарағанды көмір бассейнінің шахталарында жұмысты механикаландыру дәрежесі өткен жылдың аяғына дейін 70 процентке жетті. Шахталарда көмірді ойып құлату, тиеу, тасымалдау, сыртқа шығару сияқты негізгі ауыр жұмыстар машиналармен атқарылады.

Республикамыздың түсті металлургия өнеркәсібінің кендерінде, заводтары мен байыту фабрикаларында негізгі жұмыстар механикаландырылды. Жұмысты механикаландыру дәрежесі әсіресе Лениногордың ВЛКСМ 40 жылдығы атындағы кенінде жоғары. Бұл кеннің инженер-техник қызметкерлері, жаңашыл жұмысшылары өндірісті механикаландыру жолында тынбай күресіп, жемісті жұмыс істеп келеді. Мұнда негізгі жұмыстардың механикалануымен бірге кен транспортының жұмысы, көтерме машиналар, су тартқыш насостар автоматтандырылған. Бұлардың нәтижесінде кенде соңғы жеті жылда еңбек өнімділігі үш еседей артты. Қазір кен коллективі өндіріс жұмыстарын автоматтандыруды оған әрі күшейту үшін жұмылуда.

Мұнай өнеркәсібінде мұнай шығарудың, скважина бұрғылаудың негізгі жұмыстары механикаландырылды, ал кейбір жеке жұмыстар автоматтандырылды.

Жоғары өнімді күрделі станоктар, автомат машиналар республикамыздың машина жасау, тамақ, жеңіл өнеркәсібінде барған сайын көбейіп келеді. Кейбір кәсіпорындарда жұмысы толық механикаланған бөлімшелер, цехтар бар, автомат машиналардың желісі жұмыс істейді.

Өндіріс жұмыстарын автоматтандыру — техникалық прогрестің ең жоғарғы сатысы. Ол машиналардың бірыңғай автоматтық жүйесін қолдануға негізделеді. Өндіріс жұмыстарын автоматтандырғанда шикізатты өндеп, ұқсатудан бастап, шыққан даяр өнімнің сапасын тексеруге дейінгі жұмыстың барлық түрін машиналардың өздері орындайды, өндіріс жұмыстары ешбір үздіксіз жүргізіледі. Әлбетте, мұндай өндірісте еңбек өнімділігі орасан жоғары болады, өнім сапалы шығып, арзанға түседі. Мәселен, соңғы бес жыл ішінде өндіріс жұмыстарын жаппай механикаландыру және автоматтандыру нәтижесінде Балқаш байыту фабрикасының руда ұсату цехының бір өзінде ғана 262 адам ауыр жұмыстардан босап, басқа жұмысқа ауысты. Цех жұмысшыларының еңбек өнімділігі бұл уақытта 2 еседен аса өсті. Цехта жыл сайын 9 миллион сомнан астам қаржы үнемделіп отырды. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында мырыш концентраты бұрынғыдай түпті пеште емес, металл қабатпен қайнатылатын пеште пісірілетін болды. Мұның үстіне металл қорыту жұмыстары автоматтандырылды. Тек осылардың нәтижесінде ғана еңбек өнімділігі үздік артып, жыл сайын 12 миллион сом қаржы үнемделетін болды.

Өндірісті автоматтандыру социализм тұсында экономикалық жағынан өте тиімді болумен бірге, оның әлеуметтік қоғамдық мәні де орасан зор. Өндіріс жұмыстары толық автоматтандырылғанда еңбектің сипаты түбірінен өзгереді, жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесінің үздік көтерілуіне сай техникалық негіз жасалады. Осылардың арқасында дене еңбегі мен ой еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтардың жойылуына жағдай туады. Коммунизм толық жеңі-

генде дене еңбегі мен ой еңбегі арасында елеулі айырмашылық болмауға тиіс.

Өндірісті автоматтандыру алдымен ұдайы бір тектес өнім шығаруға маманданған кәсіпорындарда, немесе ұдайы біркелкі қимылмен орындалатын жұмыстарда жүзеге асырылады. Сондықтан да өндіріс жұмыстарын толық автоматтандыру үшін өндірісті мамандандырудың, өндіріс жұмыстарына біркелкі химиялық, физикалық әдістерді қолдандудың маңызы ерекше зор. Химия өнеркәсібінде, металлургия заводтарында автомат машиналардың жұмыстың барысына автоматтық бақылаудың кең қолданылуы өндірістің міне осындай өзгешеліктеріне байланысты.

Өндірісті автоматтандыру болашақтың ісі емес, ол бүгінгі күннің өзінде іске асып жатқан нақты міндет. Ол — коммунизмге сай материалдық-техникалық негіз қалаудың шешуші шарты. Сондықтан да партия өндірісті автоматтандыру міндетін шұғыл алға қойып отыр.

Жұмыстың жеке түрін автоматтандыру жөнінде республиканың кейбір өндіріс саласында соңғы жылдарда бірсыпыра жұмыс істелді. Өскемен қорғасын-мырш комбинатында қорытылатын заттарды пешке тиеу, металдың қорытылуын бақылау жұмыстары автоматтандырылды. Балқаш мыс зауытында қорыту пешінің жұмысы, онда технологиялық процеске бақылау жасау жұмысы автоматтандырылды. Балқаш мыс Лениногор полиметалл комбинаттарының байыту фабрикаларында руда ұсататын диірмендерге руда тиеу жұмысы, байыту агрегаттарының жұмысы автоматтандырылды. Кендердегі, шахталардағы жер асты транспорты, көтерме машиналар, насостар автомат аспаптар арқылы басқарыла бастады. Электр станцияларында, мұнай кәсіпшіліктерінде көптеген қондырғылардың жұмысы алыстан автомат арқылы басқарылып, бақыланады. Тамақ өнеркәсібінің, жеңіл өнеркәсіптің бірсыпыра ірі жаңа кәсіпорындарында автомат машиналардың желісі, үздіксіз өндіріс желісі жұмыс істейді.

Дегенмен өндіріс жұмыстарын жаппай толық механикаландырудың, автоматтандырудың дәрежесі партияның ХХІ съезі алға қойған жаңа міндеттер талабына сай емес. Негізгі жұмыстар толық механикаландырылып болған жерлерде де көптеген қосымша, көмекші жұмыстар қол күшімен орындалады. Мәселен, Қарағанды шахталарында забойға тірек тіреу, конвейерді көшіру сияқты көмекші жұмыстар әлі қолмен істеледі. Мұндай көмекші жұмыстармен шахталардағы барлық жұмысшылардың 30 — 40 проценті шұғылданады. Соның салдарынан тамаша машиналар мен механизмдер өнімсіз пайдаланылады. Қарағандыда кен комбайны айына орта есеппен 8 — 10 мың тонна көмір шығарады. Ал олар толық қуатында дұрыс пайдаланылатын болса, ең кемінде 25 — 30 мың тонна көмір берген болар еді.

Сол сияқты өндірістің басқа саласында да шикізаттарды тасып жеткізу, даяр өнімді тиеп жөнелту сияқты көмекші жұмыстар қол күшімен орындалып жүр. Мұндай көмекші жұмыстармен республикада жүздеген мың адам шұғылданады.

Жетіжылдықта өндіріс жұмыстарын жаппай механикаландыру жолында түбірлі өзгеріс жасалуы керек. Өндірістің жеке негізгі жұмыстарын механикаландырудан жұмыстың барлық түрін толық механикаландыруға көшу жолында көптеген күрделі де игілікті шаралар жүзеге асырылуға тиіс.

Жетіжылдықта республиканың қара металлургия заводтарында металл қорыту, қорытылатын заттар құрамын реттеу, салмағын өлшеу, шихта әзірлеу, оны пешке тиеу жұмыстары автоматтандырылады. Қара металл кендерінде, әсіресе Сарыбай-Соколов кенінде руда таситын транспорт, байланыс жұмыстары толық автоматтанады. Өздігінен жү-

ретін экскаваторларды кен қолдану негізінде руда қазу жұмыстарын ашық жүргізу онан әрі өрістейді.

Республикамыздың түсті металдар өнеркәсібінде өндіріс жұмыстарын жаппай механикаландыру, автоматтандыру онан әрі кең көлемде жүргізіледі. Балқаш, Жезқазған, Лениногор, Мырғалымсай байыту фабрикаларының инженер-техник қызметкерлері, озат жұмысшылары өз жұмыстарын жаппай толық механикаландырудың жоба-жоспарын биылдың өзінде-ақ жасап бітіруге, алдағы жылдан бастап өндірісті жаппай механикаландыру, автоматтандыру ісіне кірісуге жұмылып отыр. Бұл игілікті іске партия ұйымдары басшы да көмекші болуға тиіс. Байыту фабрикаларында жұмыстың толық механикалануымен бірге машиналар мен механизмдер жұмысына, технологиялық процесстің барысына автоматтық бақылау орнатылады. Балқаш байыту фабрикасында руданы ұнтақтаудан бастап, даяр концентратты құрғатуға дейінгі барлық жұмыстар толық автоматтанады.

Түсті металл заводтарында металл қорыту жұмысының барысы автоматтанады, металл қорытуға кислород қолданылатын болады. Мұның үстіне Шымкент қорғасын зауытында қорғасыннан мырш айырудың вакуумдық әдісі қолданылады.

Түсті металл кендерінде руда тасымалдау жұмысы толық механикаланады, жер асты транспортының жұмысы, байланыс жұмысы автоматтанады, көтерме машиналардың, компрессорлардың, су тарту, ауа айдау қондырғыларының едәуір бөлегі автоматтанады. Руда қазу, тиеу жұмыстарына өздігінен жүретін экскаватор, бұрғылау станогі сияқты жоғары өнімді машиналар кенінен қолданылады.

Көмір өнеркәсібінде, алдымен Қарағанды шахталарында кен әзірлік жұмыстары, көмірді ойып құлату, тиеу, тасымалдау жұмыстарын толық механикаландыру аяқталады, науалы конвейерлердің, көтерме машиналардың, су тартатын, ауа айдайтын қондырғылардың едәуір бөлегі автоматтанады. Көмірі алынған забойларға ағаш тіреуіштің орнына көшірмелі темір тіреуіштер қолданылады.

Мұнай өнеркәсібінде насос станцияларының, су тартатын скважиналардың жұмысы автоматтанады, мұнай қабаттарын су, газ жіберіп қысу әдісі кең қолданылады.

Электр станциялары, әсіресе су электр станциялары автомат аспаптар арқылы алыстан басқарылатын болады. Бу электр станцияларында отын жағу, күл тазарту жұмыстары, котел жұмысын бақылау толық механикаланып, автоматтанады.

Химия өнеркәсібінде өндіріс жұмыстарын жаппай механикаландырып, автоматтандыру онан әрі кең көлемде жүргізіледі. Жамбыл суперфосфат зауытында жаңа жоғары өнімді әдіс — күкіртті шикізатты пештің қайнатылған қабатында пісіру әдісі жүзеге асырылады. Материалдар тиеп, түсіру сияқты көмекші жұмыстар механикаланады, материалдардың өлшемін анықтау ісі автоматтанады.

Ақтөбе химия зауытында күйдіру пешін тазарту сияқты еңбекті көп керек ететін қосымша жұмыстар механикаланады. Қарағанды жасанды каучук зауытында бақылау, өлшеу аспаптарының жұмысы кәзірдің өзінде-ақ автоматтанды. Жетіжылдықта зауыттың бірсыпыра жұмыстары жаппай автоматтанады.

Республикамыздың машина жасау, металл өңдеу өнеркәсібінде де жұмыстың көптеген түрі толық механикаландырылып, автоматтандырылады. Кәзіргі металл өңдеу станоктерінің едәуір бөлегі қайта жабдықталады. Металл өңдеу жұмыстарына жаңа автомат станоктар көп қолданылады. Металл қыздыру, балқыту жұмыстары толық механикаланып, автоматтандырылады. Материалдар тиеу, түсіру, тасымалдау сияқты көмекші жұмыстар механикаланады.

Жеңіл өнеркәсіпте, тамақ өнеркәсібінде өндіріс жұмыстарын механикаландыру, автоматтандыру дәрежесі онан әрі шапшаң көтеріледі. Мақта тазарту заводтарының жұмысы жаппай толық механикаландырылады. Тоқыма фабрикаларында тоқыма станоктарының жұмысы автоматтанады. Тігін фабрикаларында үздіксіз конвейер желілері қолданылады. Алматының кондитер тағамдары комбинатында, нан заводтарында автомат машиналар желісі енгізіледі. Ұн илеу, нан пісіру, пісірілген нанды тиіп жөнелту жұмыстарының бәрі толық механикаланады.

Темір жол транспортында жүк тиеу, түсіру жұмыстары механикаланады. Автомат тіркегіштер мен автомат тежегіштер, стрелканы автомат бұрғыштар онан әрі кең қолданылады.

Ауыл шаруашылығы жұмыстарын механикаландырудың дәрежесі жылдан жылға күрт өсіп келе жатқаны жұртқа мәлім. Ауыл шаруашылығының негізгі ауыр жұмыстарының бәрі дерлік кәзір машиналармен, механизмдермен орындалады. Жер жырту, тұқым себу жұмыстары тракторлармен, тұқым сепкіш машиналармен орындалады, егінді орып, жинау жұмыстарын астық комбайны атқарады, пішен шауып жинау, шөп сүрлеу жұмыстарын да машиналар орындайды. Астық тазарту, тиеу жұмыстары да механикаланды. Мақта жинау, қызылша, картоп қазу жұмысы сияқты ауыр жұмыстарға да машиналар қолданыла бастады. Мал шаруашылығында сиыр сауу, жүн қырку сияқты жұмыстарға машиналар мен механизмдер қолданылатын болды.

Енді ауыл шаруашылығы жұмыстарын жаппай толық механикаландыру, кейбір жұмыстарды автоматтандыру міндеті алға қойылып отыр. Әсіресе механизаторлардың жұмысын жеңілдетуге, машиналарды үздіксіз өнімді пайдалануға ұмтылу керек. Бұл жөнінде тракторлардың, комбайндардың жұмысын автоматтандырудың маңызы зор. Біздің жерлесіміз, Павлодар облысындағы «Ертіс» совхозының қарапайым механизаторы И. Г. Логиновтың ұсынысы бойынша тракторды қайта жабдықтап, автоматтандыру жүзеге асырыла бастады. Кәзір республикамыздың егіс даласында алғашқы автомат тракторлар сынақтан өтуде.

Мұның өзі, бір жағынан, өндірісті жаппай механикаландыру, автоматтандыру ісі жұртшылықтың белсене қатысуымен жүзеге асатынын көрсетсе, екінші жағынан, өндірісті толық механикаландырып, автоматтандыруға қажетті жағдайдың бәрі де бізде кәзір бар екенін бейнелейді. Бізде кәзір алуан түрлі машиналар мен механизмдерді жасап шығара алатын машиналы индустрия, озат ғылым мен техника бар. Бұларды қоғам игілігіне пайдалана білетін тамаша кадр бар. Ендігі міндет бұл мүмкіндіктердің барлығын дұрыс та толық пайдалануда болып отыр. Барлық өнертапқыштар мен жаңалық ашқыштардың белсенділігін кәзіргі бүкілхалықтық іс — өндіріс жұмыстарын жаппай толық механикаландыру, автоматтандыру күресіне белсенді жұмылдыру керек.

Дегенмен, республикамыздың бірсыпыра ғылыми-зерттеу мекемелерінің, атап айтқанда, Қазақ ССР Министрлер Советінің Ғылыми-техникалық комитетінің, Ғылыми-техникалық қоғамдардың республикалық Советінің өндіріс жұмыстарын механикаландыру, автоматтандыру ісіне ат салысуы ойдағыдай емес. Республикалық ғылыми-техникалық комитет ғылымның соны табыстарын, жаңа техниканы өндіріске тез енгізу ісімен жеткілікті шұғылданбайды. Комитеттің Ғылыми-техникалық шаралардың жоспарын жасап, жүзеге асыру, жаңа техниканы өндіріске енгізілуін бақылау жұмысының дәрежесі де төмен.

Республикалық Ғылыми-техникалық комитет өзінің жұмысындағы бұлар сияқты кемшіліктерді тез жоя отырып, барлық ісін КПСС Орталық Комитеті июнь Пленумының шешімдерін мүлтіксіз жүзеге асы-

ру міндеттеріне бағындыруға тиіс. Ол ғылым мен техниканың жаңалықтарын өндіріске тез енгізу ісінің шын мәнісіндегі ұйымдастырушы да бақылаушы орталығына айналатын болуы керек.

Өндіріс жұмыстарын механикаландыру, автоматтандыру жөніндегі жоспар өткен жылда республика бойынша тек жартылап ғана орындалды. Бұл — өндірісті механикаландыруға бұған дейін партия ұйымдары тарапынан жеткілікті назар аударылмай келуінің салдары. Халық шаруашылығы советтері, кәсіпорындардың басшылары әдетте күн-бе-күнгі өндірістік тапсырмаларды, өнім шығару жоспарын орындау ісімен баса шұғылданады да, өндірістің болашағын ойлауды, оның техникасын тынбай жетілдіріп, жаңарта беруді екінші кезекке қалдырады. Шаруашылық басшылардың бұл сияқты кемшіліктеріне жол бермеу ісіне партия ұйымдары мен комитеттері бұған дейін жеткілікті көңіл бөлмеді.

Шаруашылық қызметкерлері, партия комитеттері өнім шығару жөніндегі жоспарды толық та асыра орындау үшін қандай қамқорлық істейтін болса, енді өндіріс жұмыстарын механикаландыру, автоматтандыру үшін де сондай қамқорлық істеуге міндетті.

Жоғарыда көрінгеніндей республикамыздың өнеркәсіп орындарында негізгі ауыр жұмыстар механикаланған. Сол сияқты жұмыстың жеке түрлері ғана автоматтандырыла бастады. Енді машиналар, станоктар желісіндегі, бөлімшедегі, цехтағы жұмыстың барлық түрін де жаппай толық механикаландыруға, автоматтандыруға көшу керек.

Өндіріс техникасын тынбай жетілдіре беру жолындағы күресте кәсіпорындарын өскелең жаңа талаптарға, техникалық прогреске орай ұдайы қайта жабдықтап отырудың, ескірген машина жабдықтарды жаңартып отырудың да маңызы зор. Бұл жөнінде Владимир облыстық партия комитеті мен Халық шаруашылығы советі игілікті іске бастаушы болды. Олар кәсіпорындарын қайта құрып ұлғайту, өндіріс техникасын жаңғырту есебінен-ақ өнім шығаруды едәуір арттырудың нақты тиімді жолдарын белгіледі. Олардың бұл бастамасын КПСС Орталық Комитеті мақұлдап, жұртқа үлгі етіп таратуға ұсынды.

Республикамыздың партия ұйымдары, Халық шаруашылығы советтері владимирліктерден үлгі ала отырып, кәсіпорындарды қайта құрып ұлғайтудың, олардың техникасын жаңғыртудың нақты шараларын іске асыруға тиіс. Сөйтіп қолда бар өндірістік мүмкіндіктерді неғұрлым толық та тиімді пайдалану, өндіріс техникасын алға бастыру негізінде өнім шығаруды арттыруға едәуір үлес қосатын болуы керек.

Өндіріс техникасын үздіксіз жетілдіріп, алға бастыра беру жолында жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің творчестволық қызметін, ынта-жігерін онан әрі өрістетудің, олардың әрбір игілікті бастамасы мен ұсынысын қуаттап, қолдап отырудың да маңызы зор. Өнертапқыштардың, жаңалық ашқыштардың ұсыныстары мұқият, жедел қаралып, өндіріске тез енгізілуге тиіс. Жұмысшылар ұсыныстарына үстірт салақ қарайтындарды, оларды жүзеге асыру ісіне кедергі жасайтын кертартпаларды партия, кәсіподақ ұйымдары кезінде ауыздықтап отыруы керек.

Өндіріс жұмыстарын толық механикаландыру және автоматтандыру — кәзіргі құрметті де айбынды міндет. Бұл міндетті орындаудың партия белгілеген нақты шараларын жүзеге асыру күресіне халқымыз қызу жұмылды.

Халық шаруашылығының барлық саласында үздіксіз техникалық прогресс үшін тынбай күресіп, жетіжылдықты табыспен орындауға, коммунизмге сай материалдық-техникалық база жасауға жету жолында адымдап алға баса берейік.

Елімізге етті көп берейік

Совет адамы үшін, халқы үшін! Бәрі еңбекшілер мүддесі үшін! Сүйікті Отанымызда бар тіршілік, бар өмір осы өресі биік те қасиетті абыройлы мақсатқа бағындырылған. Осы ұлы да қадірлі мақсат совет үкіметі мен кемеңгер Коммунистік партияның жүргізіп келе жатқан саясатының негізі. Социалистік өндірістің дамуы мен еңбек өнімділігі артуы негізінде халықтың әл-ауқатының үздіксіз өсетіні советтік қоғам дамуының заңы болып саналады. Еңбекшілердің әл-ауқатын жақсарту беруде азық-түліктің маңызы зор екені мәлім.

КПСС XXI съезі елімізде коммунизм орнатушы қаһарман совет халқы үшін азық-түлік молшылығын жасау жөнінде де ауыл шаруашылығы қызметкерлері алдына іргелі міндеттер қойды. Ал азық-түлік ішінде, атап айтқанда адамның күнделікті ішіп-жейтін тамағында ет пен одан жасалған тағамдардың алатын орны ерекше. Кәзір ет өндіруді еселеп арттыру мал шаруашылығын өркендетудің негізгі міндеті. Таяудағы жылдар ішінде мал шаруашылығының өзге өнімдерімен қатар ет өндірудің жан басына шаққандағы мөлшері жағынан АҚШ-ты қуып жету күресі кәзір саяси-шаруашылық мәні зор іске айналып отыр. Партияның Орталық Комитетінің декабрь Пленумында Н. С. Хрущев жолдас былай деп атап көрсетті: «1965 жылы ет өндіруді кемінде 16 миллион тоннаға жеткізу көзделеді. Бұл аса зор міндет. Бұл міндетті жуырда партия мен халық тын жерлерді игеру үшін күрескен кездегідей қажырлылықпен, сондай жігермен, сүт өндіруді ұлғайту шараларын жүзеге асырғандағыдай мақсатшылдықпен орындауымыз керек».

Жетіжылдық жоспар бойынша ет өндіру жөнінде алға қойылған елеулі міндетті орындауда малды өлке болып саналатын біздің республикамыздың алар орны, атқарар жұмысы үлкен. Міне сондықтан да Қазақстан ауыл шаруашылығының қызметкерлері КПСС XXI съезінің шешімдеріне ерлік іспен жауап беруге белді бекем байлады. Олар ауыл шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарын мерзімінен бұрын — бес жылда орындап шығуға, 1965 жылдың аяғында республикада қой санын 75 миллионға, ірі қараны 7,5 миллионға, шошқаны 2,6 миллионға жеткізуге, құс, жылқы санын едәуір өсіруге, 1963 жылы әр жүз гектарға есептегенде өндірілетін еттің мөлшерін кәзіргі 3 центнерден 9 центнерге дейін ұлғайтуға, 1959 жылдың өзінде-ақ мемлекетке былтырғы 382 мың тонна орнына 800 мың тонна ет сатуға міндеттенді. Сөйтіп мал шаруашылығы өнімдері ішінде етті молайтуға айрықша назар аударылып отыр. Бұл көпті билеген ортақ ойға айналуға.

Әрбір шопан, бақташы, жылқышы, мал маманы, бір тілекте, бір ғана мақсатты көздеп, өз жұмыс орнында ерен қимылмен еңбек етуде, социалистік жарыста алған міндеттемесін — Отан алдында берген сертті абыроймен орындауға бір кісідей жұмылып отыр. Өйткені олар совет адамдарының «Серт берген екенсің — сөзінде тұр, міндеттеме алған екенсің — орында» деген игі дәстүрін қадір тұтады.

Осындай сөзі мен ісі бір жерден шыққан, міндеттеменің орындалуына партия, совет ұйымдары әрдайым басшылық етіп, қатан бақы-

лау жасаған жерлерде іс табысты болуда. Колхоздардың, совхоздардың, аудандардың, облыстардың арасындағы социалистік жарыстың алғашқы қорытындылары осыны көрсетеді. Республика бойынша 100 мың тоннадан астам ет дайындалды, ол өткен жылғыдан үш жарым есе артық. Қызылорда, Ақтөбе, Көкшетау, Оңтүстік Қазақстан облыстары ет дайындаудың биылғы жарты жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Көкшетау облысының колхоздары мен совхоздары жыл басынан бері 55 мыңдай центнер ет өткізді. Бұл былтырғы осы уақыттағыдан бес еседей көп. Оңтүстік Қазақстан облысының, әсіресе Киров, Сарыағаш, Арыс аудандары ет тапсыру және сатудың жарты жылдық жоспарын едәуір асыра орындап, ерекше көзге түсті.

Аманкелді аудандық партия комитеті КПСС XXI съезінің тарихи шешімдерін колхозшыларға кең түсіндіре отырып, оларды жетіжылдықтың ұлы міндеттерін мерзімінен бұрын орындау күресіне жұмылдыруда. Аудандық комитет ферма қызметкерлері қатарын таңдаулы адамдармен толықтыру, шешуші буындарға коммунистерді жіберу шарасын жүзеге асырды. Қазір мұнда 600-ден астам коммунист тікелей мал шаруашылығында істейді. Олардың қатардағы шопан, бақташы, жылқышы болып жүргендері аз емес. Аудандық партия комитеті еңбекшілердің негізгі назарын екінші тын болып табылатын іс — етті молайтуға сөйтіп биылдың өзінде мемлекетке 60 мың центнер ет сату міндеттемесін қалтқысыз орындауға аударуда. Етке өткізілген ірі қараның тірідей салмағы кәзірдің өзінде 320, қойдың салмағы 52 килограмға жетті. Ал мұның өзі міндеттемедегі мөлшерден артық.

Қазталов ауданында (Батыс Қазақстан облысы) «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы ет дайындаудың алғашқы жарты жылдағы тапсырмасын мерзімінен бұрын аяқтады. Етке өткізілген мал қонды болды. Сонымен қатар малдың санын көбейтуге айрықша маңыз берілген. Мұнда қой саны кәзірдің өзінде 20 процент өскен. Сиыр, шошқа, жылқы да көбейген.

Алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың тәжірибесі айқын көрсетіп отырғанындай, республикада мал шаруашылығын күшті қарқынмен өрге бастырып, ет өндіруді еселеп арттыруға мүмкіндік жеткілікті. Амал не, кейбір облыстардың, аудандардың басшылары осы мүмкіндіктің пайдаға асырылуын қамтамасыз ете алмай келеді. Ал мұның өзі ірі кемшіліктердің орын ала бастауына, бірқатар колхоздар мен совхоздардың ет өндіру жөнінен кенже қалуына әкеліп соғып отыр. Кемшіліктің негізгі себебі ұйымдастыру жұмысының шалағайлығында. Көп жерде нақты істен гөрі ет жайында әңгіме, бос даурығу басым. Істің жайы, әсіресе Гурьев, Семей облыстарында нашар. Гурьев облысының колхоздары мемлекетке ет тапсырудың жарты жылдық жоспарын 50 проценттей ғана орындады. Облыстың кейбір аудандарында жарыста қабылданған міндеттемені іс жүзіне асыруға қалай болса солай қараушылық бар. Кемшіліктің негізгі себебі де міне осыдан. Етті молайту мақсатын көздеген ұйымдастыру жұмысы өрістетілген жоқ. Малды бордақылау, семірту ісі тыңғылықты емес, бұл жөнінен ферма қызметкерлеріне қатаң талап қойылмаған. Манғыстау, Жылой, Теңіз аудандарында мал қыстату нашар аяқталды, малдың өлім-жітімі көп. Алғашқы айлардың мәліметіне қарағанда күтімсіздіктің салдарынан облыс бойынша 7 мыңдай қой-ешкі, сиыр шығынға ұшыраған, 6 мыңнан астам мал сатылған, үлестірілген, талан-таражға түскен. Жылой ауданының етке өткізген 1 500-ден астам қойы арық болған. Бұл колхоздарға да, мемлекетке де пайда келтірген жоқ. Халықтың басы артық малын сатып алу ісі әлі күнге дейін шындап қолға алынбаған. Бұл жөнінен мал дайындау орындары жұмыста төзгісіз оралымсыздық көрсетіп отыр. Осы фактілердің бәрі Гурьев облысының партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық орындары мал өсіруге, әсіресе етті мо-

лайту сияқты бүгінгі күннің маңызды ісіне қалың бұқараны жаппай жұмылдырып, оған нақты да іскер басшылық жасай алмай отырғанын аңғартады.

Жамбыл облысы ет дайындаудың бірінші тоқсан жоспарын бірқыдыру жақсы орындаған еді. Алайда облыстың басшы ұйымдары соңғы кезде ет өндірудің жайын нашарлатып алды. Мұнда жоспар бойынша семіртуге тиісті 33 мың ірі қараның 3 мыңы ғана семірілді. Қонды малдың жеткіліксіздігінен облыс ет тапсырудың жарты жылдық жоспарын жартыдан сәл асырып қана орындады.

Шошқа етін көп өндіру есесінен ірі қараны сақтап өсіруге, сөйтіп бұдан арғы жылдары сиыр етін өндіру мөлшерін мықтап ұлғайтуға мүмкіндік жасалады. Дегенмен бұл жәйт көп жерде ескерілмейді. Шошқаны бордақылауға әлі күнге дейін кіріспеген шаруашылықтар да ұшырайды. Мұнымен қабат бордақылау ісі көп жерде дұрыс жолға қойылмаған, сондықтан шошқаның тәулік сайын салмақ қосуы мардымсыз. Ақмола облысының совхоздарында бордақылауға қойылған әр шошқаның тәуліктік салмақ қосуы 330, Павлодар облысында 240, Қарағанды облысында 230-грамм ғана. Мұның өзі мүлде қанағаттанғысыз. Ал норма бойынша әр шошқаның тәулік бойына салмақ қосуы кемінде 500—600 грамм болуға тиіс.

Кемшілікті жедел де батыл түзетуге барлық шараларды қолданбаса болмайды. Ең алдымен ірі малды, төлді шығыннан аман сақтап, төрт түліктің жазда бағылуын, жайып семіртуін ойдағыдай ұйымдастыру керек. Малды талан-таражға түсіріп, бей-берекет жұмсау үзілді-кесілді тиылуға тиіс. Мемлекетке 800 мың тонна ет тапсыру міндетін мал санын онан әрі көбейту ісімен тығыз ұштастыра жүргізу шарт. Өткен айлардың мәліметі республика бойынша мал санының біраз өскенін көрсетеді. Бірақ бұған қанағаттануға болмайды. Ет дайындау міндеттемесін орындау үшін әлі де көп малдың тапсырылатынын естен шығармау керек. Малды төл есебінен көбейтуге қатты көңіл бөлінуге тиіс, сонымен қатар халықтан мал сатып алу ісін кәзіргіден едәуір жақсарту керек. Ет өндіру мөлшерін арттыруға мұның да себебі тиіс.

Малды бордақылау және жайып семірту — етті молайтудың ең шешуші резерві. Тәжірибе жүзінде де, ғылым жүзінде де бұл дәлелденген. Биыл республика етке 760 мыңдай ірі қара, 4,9 миллион қой, бір жарым миллион шошқа тапсыру жобаланған. Жайып семіртудің нәтижесінде әр ірі қараның салмағын 100 килограмнан арттырғанда барлығы қосымша 76 мың тонна, әр қойдың салмағын 15 килограмнан арттырғанда қосымша 73 мың тонна, бордақыланған әр шошқаның салмағын 50 килограмнан арттырғанда қосымша 75 мың тонна ет алуға болады. Сөйтіп малды оңалтып, еттілігін арттыру есебінің өзінен ғана қосымша 224 мың тоннадай ет алынуға тиіс. Бұл орасан зор мүмкіншілік емес пе? Малды жайып семіртудің және бордақылаудың қаншалықты орасан зор маңызы бар екенін бұл цифрлар тайға таңба басқандай айқын көрсетеді. Малдың салмағын арттыру міндеттемесінің орындалуы әзірге мақтарлықтай болмай отырғанын ерекше атап өту керек болады. Республика бойынша өткен бес айда етке берілген әр ірі қараның орташа салмағы 320 орнына 289 килограмнан, қой-ешкінің орташа салмағы 52 орнына 40 килограмнан ғана айналды. Демек, қаншама ет кем өндірілді десеңізші. Мемлекетке ет тапсырудағы дабыл қағарлық бұл өрескел кемшілікті келешекте қайталамауы жағы қатты ескерілгені мақұл.

Июнь, июль айлары Қазақстан жағдайында шөлтің ең қалың шығып, жайылым отының ең жақсы болатын, малды жайып семіртуге мейлінше қолайлы кезең болып саналады. Мұның үстіне ол ет дайындаудың шешуші уақыты. Өйткені республика бойынша мемлекетке ет тапсырудың және сатудың жылдық жоспары 1-августқа дейін, ал бұл

жөніндегі міндеттемені жылдың аяғына дейін қайткенде де орындап шығу мұраты алға қойылған.

Семіртілетін қой отарлары, сиыр табындары, жылқы үйірлері бағылу үшін шөбі шүйгін, суы мол шұрайлы жайылымдар бөлінуі керек. Жалпы малды, әсіресе шошқаны бордақылауға тамақ өнеркәсібінің қалдықтарын да кең пайдалану ұтымды.

Мемлекетке ет үшін өткізілетін малды кілең қонды, «түгін тартсаң — майы шығады» дегендей етіп даярлау қоғамдық іске жаны ашитын, зерделі, тәжірибелі адамдардың ғана қолынан келеді. Төрт түлігі сай өлке Қазақстанда мал семіртудің талантты талай тамаша шеберлері өсіп жетілді. Бұлардың ішінде Батыс Қазақстан облысының білгір бақташысы Ізтілеуов, шопаны Иманғалиев, Қызылорда облысының тәжірибелі сиыршысы Қойшыбаев, Түлкібаев, Ақмола облысының атакты малшысы Оспанов, Семей облысының шошқа бағушылары Кузнецова, Жукова және тағы басқалары бар. Бұлардың есімі бүкіл республика жұртшылығына белгілі. Осындай сан жүйріктердің жұмыс әдіс-тәсілдерін, бай тәжірибесін жан-жақты зерттеп, қорыту, оны таратып, көптің игілігіне айналдыру ісінде зоотехниктеріміз, мал дәрігерлеріміз, ғылыми қызметкерлер зор жұмыс атқарулары керек. Малшылар үшін әсіресе малды жайып семіртуде, бордақылауда жүрген адамдар үшін етті молайту, оны мемлекетке көп тапсыру жолдары мен мүмкіндіктері туралы баяндама, лекция, әңгіме экономикалық конференциялар өткізудің пайдасы көп. Бұған колхоз, совхоз басшыларымен бірге мал мамандарын да кеңінен қатыстыру керек. Мұның өзі малшылардың іскерлігін, мамандығын арттырып, жетілдіруге көмектесетінін партия ұйымдары ескеруге тиіс.

Республикамызда өзге еттен гөрі арзанға түсетін сиыр етін мейлінше мол өндіру үшін ірі қара санын көбейтуге назар аудару керек. Әр ауданның табиғи-экономикалық жағдайына қарай соғым мал шаруашылығын дамыту — бүгінгі күннің алға ұсынған келелі міндеттерінің бірі. Қазір Қазақстанда 46 ауданның колхоздары, 255 совхоз соғым малын өсіруге бейімделіп отыр. Ет өндіру мөлшерін арттыру мүддесі бұл шаруашылықтардың жұмысын мықтап жақсартуды талап етеді. Қой етін молайту мақсатымен әрбір колхоз бен совхозда, егіншілігі дамыған аудандарда қойдың санын, сапасын арттыруға мүмкіндіктің бәрін сарқа пайдалану қажет. Етті мол беретін жергілікті жағдайға көңбісті қой тұқымдарын өсіруге көңіл бөлінуге тиіс.

Жылқы етін бағаламауға да болмайды. Оның сапасы басқа мал етінен кем түспейді. Қысы-жазы бірдей жайылымда бағылатындықтан жылқы етін өндіруге еңбек те, қаражат та аз жұмсалады, демек ол арзанға түседі. Жылқының қымызы да бағалы тағам, денсаулыққа өте пайдалы екені мәлім. Тамақ өнеркәсібінің қызметкерлері жылқы етінен шұжық, қазы, тағамның өзге де саналуан түрлерін жасау технологиясын игергені жөн, оның артықшылығы жоқ. Бұл да совет адамдарының дастарханын берекелендіре түседі. Демек, жылқы шаруашылығын өркендетуге, жылқы етін мол өндіруге назар аударған дұрыс. Өйткені бұл да ет өндіруді молайтудың бір көзі.

Баға білсе құс та, үй қояны да бағылан, ол да ет қорын молайтады. Үстіміздегі жылы Қазақстан елімізге 22,5 мың тонна құс етін беруге міндеттенді. Бірталай аудандарда комсомолец-жастар, пионерлер, мектеп оқушылары үй қоянын өсіріп, ет қорын молайтуға өз қолқабыстарын тигізуге ұйғарды. Мұны көтермелеп, қолдауға тұрарлық құнды бастама деп бағаламасқа болмайды. Бұл маңызды іске күнделікті басшылық ету — комсомол ұйымдарының төл ісі.

Етке өткізуге бөлінген малды әбден семіртіп, тиісті салмақ қосқан бойда ешбір кідіртпей дайындау орындарына тапсыруды ұйымдастыру керек. Әрине, мұнда әрбір шаруашылық бойынша қанша қой, сиыр,

шошқа, құс, қоян еті өндірілетіні жайында бұрын белгіленген тоқсандық, айлық, онкүндік графиктің мүлтіксіз орындалуы негізге алынатын болсын.

Ет комбинаттарына өткізу үшін малды айдап апарғанда оның күйі төмендеуге жол берілмесін. Әйтпесе малшылардың еңбегі зая кетеді. Жол бойында мал өз аяғымен еркін жайылып, онан әрі жақсы семіріп, салмағын арттыра түсуі керек. Сондай-ақ жол бойында суаттын жеткілікті болуы да өте-мөте қажетті іс. Кейде ет комбинаттары өздеріне тапсырылуға әкелген малды бірнеше күн бойы қабылдамай иіріп қояды. Бұл да етке өткізілейін деп тұрған малдың күйін кемітеді. Дайындау орындары өз жұмыстарын неғұрлым жақсы ұйымдастыруға бөрышты. Кез келген малды талғамай етке өткізе беруден аулақ болу керек. Алдағы уақытта төл беруге жарамды малды, бұзаулайтын сиырды, қоздайтын саулықты, төрайлайтын мегежінді, жүні қырқылмаған қойды етке тапсыруға мүлде болмайды.

Тұтыну қажеті барған сайын өсіп отырған еңбекшілеріміздің мағазиннен сапасы жоғары семіз ет сатып алғысы келеді. Ғылыми мекемелердің жасаған зерттеулері анықтағанындай арық мал ұшасының 30 проценті ғана ет болады, қалғаны сүйек пен тері, су болады. Жасық ет майдан тұлдыр келеді, ондай еттің кенеуі семіз етпен салыстырғанда бірнеше есе кем болады. Ендеше жілігі татымайтын арық малды етке тапсыруға және оны қабылдауға ешкімнің қажысы жоқ.

«Семіздің аяғы сегіз» деп халық бекер айтпаған. Малды семіртіп тапсыру мемлекет үшін де, әрбір шаруашылық үшін де тиімді. Шынында етке арық мал өткізу барып тұрған зиян. Оның өзі етке деген мал санын артық жұмсауға, етті кем өндіруге, оның сапасы төмендеп, арзан бағамен өткізілуіне, осыдан барып ақшалай табыстың мардымсыз болуына әкеліп соғады. Міне сондықтан да КПСС XXI съезі, партияның Орталық Комитетінің декабрь Пленумы, сондай-ақ Қазақстан Компартиясының IX съезі, ауыл шаруашылығын өркендетудің бесжылдық қорытындысын талқылаған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы бұл мәселеге ерекше көңіл бөлді. КПСС Орталық Комитетінің декабрь (1958 жыл) Пленумы: «Көп колхоздар мен совхоздардың мемлекетке арық, салмағы аз мал сатуы сияқты теріс практикаға тыйым салу қажет. Арық мал тапсыруды мемлекет пен колхоздарға үлкен нұқсан келтіретін, елімізде ет өнімін азайтуға әкеліп соғатын, төзгісіз ұқыпсыздық деп қарау керек», деп атап көрсетті. Міне мұны жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық органдары, мал дайындау мекемелері, мал бордақылайтын шаруашылықтар, колхоздар, совхоздар және олардың басшылары мықтап ескеруге міндетті.

Етті арзан өндірудің экономикалық жағынан мәні зор. Еңбекті, қаржыны аз жұмсап көп ет өндірілуін қамтамасыз ету керек. Бұл әріне, мал семірту және бордақылау жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылуына, малды бағып-күтетін адамдардың еңбегіне ақы төлеуді тәртіпке келтіруге тікелей байланысты. Малшылардың еңбегіне ақы жұмыстың нақты нәтижесіне қарай, олардың баққан малының семіріп, қосқан қосымша салмағына қарай төленуге тиіс.

Ет өндіру мөлшерін бір жыл ішінде 1958 жылғыдан екі еседен астам арттыру, соның өзінде мал санының бұрынғыдан да көбею дәрежесіне жету оңай міндет емес. Бірақ ол орындауға әбден боларлық міндет, оған біздің республикамыздың мүмкіншілігі толық жетеді. Ет өндіру міндеттемесін орындау Қазақстанның барлық жұртшылығы үшін үлкен сын. Бұл сыннан мүдірмей өту мүддесі республика партия, совет ұйымдарының ауыл шаруашылығы қызметкерлері арасында социалистік жарысты онан әрі кең қулаш жаздыра өрістетіп, малдың санын өсіру, өнімділігін көтеру, биыл мемлекетке 800 мың тонна ет тапсыру мін-

деттемелерін абыроймен орындауға бағытталған орасан зор ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыстар жүргізуін талап етеді. Кәсіподақ, комсомол, қоғамдық басқа ұйымдардың бүкіл қызметі де осы міндетті жүзеге асыруға бағындырылуға тиіс.

-Сол сияқты мемлекетке сүт, жүн, қаракөл елтірісін тапсыру міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету де маңызды іс. Мал азығының берік қорын жасау үшін әсіресе жүгері егісін баптап күту, шөп шабу жұмыстарын тынғылықты ұйымдастыруды да қағажу қалдыруға болмайды. Сөйтіп ауыл шаруашылығындағы жұмыстардың барлығын бір-бірімен ұштастыра жүргізу ғана табысқа жеткізеді. Міне сонда ғана Қазақстан тек астық жөнінен ғана емес, сонымен бірге социалистік мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру жөнінен де өзінің даңқын шығарады.

Кәзір мал шаруашылығы саласында жарыста қабылдаған міндеттемелерді орындаудың қолайлы да шешуші кезеңі туған шақта ауыл-селодағы бастауыш партия ұйымдарының ролі бұрынғыдан да арта түспек. Олар қойшылар, бақташылар, жылқышылар, сауыншылар, малды семіртіп бордақылайтын адамдар арасында саяси-үгіт жұмысының дәрежесін кәзіргіден едәуір көтеруге, оның мазмұнын жақсартуға, саяси үгіт, бұқаралық жұмысты әр колхоздың, совхоздың, ферманың, бригаданың алдында тұрған нақты міндеттермен байланыстыра жүргізуге тиісті. Коммунистер мен комсомолецтер жетіжылдық жоспарды орындау жолындағы күрестің алдыңғы сапында болуға тиіс. Олар мал шаруашылығын мықтап өркендету, оның өнімділігін күрт арттыру, әсіресе етті молайту жолындағы бүкілхалықтық жорықта қалың бұқараға үлгі-өнеге көрсетуге міндетті. Бұл күндері аудандық партия комитеттерінің секретарьлары, аудандық, облыстық совет атқару комитеттерінің басшы қызметкерлері, колхоз председателдері, совхоз директорлары, ферма меңгерушілері, ауыл-селодағы бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары кеңседе отырмай, мал шаруашылығының тағдыры шешіліп жатқан жайылым, отар басында болулары керек.

Жетіжылдықтың алып міндеттері ауылшаруашылық органдарына да зор талаптар қойып отыр. Бірақ республика Ауыл шаруашылығы министрлігі және оның көптеген облыстық басқармалары жұмысты бүгінгі күннің талабына сай келерліктей шыйрақ істей алмай келеді. Олардың колхоздар мен совхоздарға басшылығы, көмегі жеткіліксіз, озат тәжірибені насихаттауы ойдағыдай емес, оны өндіріске енгізуі шабан. Аудандық ауылшаруашылық инспекцияларының жұмысы кәзіргіден анағұрлым жақсартуды тілейді. Ауылшаруашылық органдары бұйрық жазумен, нұсқау берумен, түрлі акбар жинаумен әуестенуді қойып, нақты ұйымдастыру жұмыстарымен көбірек шұғылдануға міндетті.

Малшы еңбегі қиын да құрметті, абыройлы міндет. Елімізде азық-түлік молшылығын жасау жолындағы бүкілхалықтық жорықтың белсенді күрескері де осы малшылар. Сондықтан оларға барша жұртшылықтың қамқорлығы керек. Малшылардың өнімді еңбек етіп, мәдениетті дем алуына тиісті жағдай жасалу міндет. Қазақ ССР Сауда, Денсаулық сақтау, Мәдениет министрліктері, Қазақстан тұтынушылар одағы және олардың жергілікті органдары қысы-жазы бірдей мал бағын жүрген адамдардың мәдени-тұрмыс қажетін өтеуге асқан жауаптылықпен қарауға міндетті.

Қазақстан ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің барлық ынта-жігері жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға және асыра орындауға жұмсалсын. Елімізге етті және сүтті, жүнді және мал шаруашылығының өзге де өнімдерін бұрынғыдан да мол берейік!

Партияның лениндік ұлт саясатының салтанаты

Н. ҚИІҚБАЕВ,

тарих ғылымының кандидаты.

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезінің тарихи документтерінде онан әрі терең дамытылған мәселелердің бірі лениндік ұлт саясаты болды. Съезд белгілеген еліміздегі коммунистік құрылысты кең өрістетуге программасында Совет Одағындағы барлық халықтардың өмірін, олардың өзара қарым-қатынасының, достық ынтымағының келелі мәселелері жан-жақты қамтылған.

Ұлт мәселесінің маңызы патшалық Россия жағдайында-ақ ерекше зор болды. Өйткені Россия көп ұлтты ел еді. Патша өкіметі езілген ұлттардың мәдениеті мен экономикасын өркендетуге жол бермей, қасақана кедергі жасады, халықтар арасында ұлт өшпенділігі мен алауыздықты қоздырып, оларды біріне бірін айдап салып отырды. Басқа капиталистік елдердің қанаушы таптары сияқты, ескі Россияның помещиктері мен буржуазиясы да «бөлшекте де, билей бер!» деген ұлтшылдық, шовинистік принципті кең қолданды.

«Халықтар түрмесі» болған патшалық Россияда орыс пролетариаты езілген ұлттар мен халықтарды азат етпейінше, өзін азат ете алмайтын еді. Сондықтан көп ұлттық Россия жағдайында Коммунистік партияның ұлт мәселесі жөнінде айқын да мінсіз теориясы мен программасын жасау аса қажет болды.

Көсеміміз әрі ұстазымыз В. И. Ленин өзінің еңбектерінде Маркс пен Энгельстің ұлт мәселесі жөніндегі идеясын империализм мен пролетарлық революциялар заманындағы тарихи жағдайда ілгері дамыта отырып, маркстік ойдың тарихында тұңғыш рет Коммунистік партияның ұлт мәселесі жөніндегі теориялық программасы мен саясатын жасап берді. В. И. Ленин ұлт-отар мәселесінің шешілуі империализмді жоюмен тығыз байланысты екенін дәлелдеп, ұлт мәселесі халықаралық пролетарлық революция туралы, пролетариат диктатурасы туралы жалпы мәселенің бір бөлегі деп тұжырымдады.

Россия пролетариатының демократия мен социализм жолындағы таптық күресінің бірлігін бұзуды, еңбекшілер бұқарасын ұлтшылдықтың уымен уландыруды көздеген аса зиянды «мәдени-ұлттық» ұранын жақтаған ІІ Интернационал оппортунистеріне, меньшевик-жойымпаздар мен троцкийшілдерге, бундшылар мен буржуазияшыл ұлтшылдарға қирата соққы бере отырып, Коммунистік партия өзінің ұлт мәселесі жөніндегі революцияшыл программасын іске асыру үшін табанды күрес жүргізді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы әлеуметтік және ұлттық езгінің бұғауын бұзды, халықтардың достығы мен ынтымағын орнатуға жол ашты. Қанды балақ патша өкіметі қиратылып, оның орнына бостандық пен теңдік, халықтар достығы принципіне негізделген жұмысшы табы мен шаруалардың социалистік мемлекеті — Совет өкіметі орнады. Коммунистік партия Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен бергі 40 жылдан астам уақыт ішінде, социалистік қоғам орнатудың барлық кезеңдерінде өзінің лениндік ұлт саясатын творчестволықпен дамыта отырып, оны мүлтіксіз іске асырды. Осының нәтижесінде адам бала-

сы тарихында алғаш рет біздің елімізде қоғамдық өмірдің аса күрделі мәселелерінің бірі — ұлт мәселесі шешілді. Совет Одағында ұлт мәселесінің шешілуі — лениндік ұлт саясатының тамаша салтанаты, социализмнің үздік жеңістерінің бірі.

Ұлт мәселесі саласындағы Коммунистік партия мен Совет өкіметінің қолы жеткен тарихи табыстарының бастылары мыналар:

1) Ұлттық езгі біржола түп-тамырымен жойылды.
2) Ұлттардың өзін өзі билеу правосы іске асырылды. Ленин тұжырымдаған советтік автономия және федерация негізінде бұрынғы езілген халықтардың советтік ұлт мемлекеті ұйымдастырылып, нығайтылды және олар тең праволылық пен еріктілік негізінде бір мемлекет болып СССР-ге бірікті. Кәзір СССР-дің құрамында 15 одақтас, 13 автономиялық республика мен автономиялық облыс, 10 ұлттық округ бар. Біртұтас көп ұлтты Совет мемлекетінің құрылып нығаюы — ұлттардың өзін өзі билеу правосының жүзеге асқандығын бейнелейді. Коммунистік партия және Совет өкіметі халықтардың саяси теңдігі мен еріктілігін қуаттап отырады. Бұл ретте КПСС XX съезінің тарихи шешімдері негізінде одақтас республикалардың праволары мен міндеттерінің онан әрі кеңітілуін және чечен, ингуш, карачай, қалмақ халықтарының ұлттық мемлекеттерінің қайта құрылуын айтсақ та болады.

3) Бұрынғы езілген ұлттар мен халықтардың материалдық және рухани мешеулігі жойылып, олардың экономикасы мен мәдениеті озық ұлттардың дәрежесіне көтерілді, сөйтіп олар іс жүзінде терезесі тең елге айналды. Коммунистік партияның басшылығы мен ұлы орыс халқының қалтқысыз ағалық көмегі, туысқан халықтардың өзара жәрдемдесуі арқасында барлық ұлт республикалары мен облыстары экономикасын өркендетіп, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін дамытты. Біздегі әрбір социалистік ұлт, әрбір халық совет дәуірінде өздерінің жұмысшы табы мен ұлттық интеллигенциясын баулып өсірді.

4) Елімізде болған ірі социалистік әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің негізінде дүние жүзінде бірінші рет жаңа, социалистік ұлттар қалыптасып нығайды.

5) СССР-де ұлт мәселесін шешудің нәтижесінде халықтар арасында патша өкіметінің отаршылдық саясаты салдарынан болған алауыздық пен сенбеушілік жойылып, олардың берік достығы мен туысқандық ынтымағы шыңдалды. Революцияның, социализмнің жеңуі жолында бірігіп жүргізген күрес, істелген жұмыс, еңбекте өзара көмектесу мен өзара мәдени ықпал жасау совет халықтарының достығын күшейтті. Қанаушы таптарды жою, буржуазияшыл ұлтшылдық идеологияны талқандау, лениндік пролетарлық интернационализм және халықтар достығы идеологиясының салтанат құруы, социализмнің жеңуі біртұтас Совет мемлекетінде халықтардың нағыз туысқандық достығы мен мызғымас бірлігін орнатты.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XXI съезінде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас: «Социалистік ұлттардың ынтымағы көп, ұлтты социалистік мемлекеттің күш-қуатының қайнар бұлағы болып табылады. Біздің партиямыз бұқараны пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелей отырып, әрқашан да ұлы державалық шовинизмге қарсы, сол сияқты жергілікті ұлтшылдыққа қарсы бітіспес күрес жүргізіп келеді. Міндет еңбекшілерді пролетарлық интернационализм мен советтік патриотизм рухында тәрбиелеуді кең өрістете түсуде болып отыр», деді.

Партияның лениндік ұлт саясатының тамаша жемістерін барлық советтік республикалар мен облыстардың, әсіресе біздің Қазақстан мысалынан айқын көреміз. Революцияға дейін қазақ халқы көшпелі өмір

сүріп, мал шаруашылығын кәсіп еткен, өнеркәсібі өспеген, экономика жарынан артта қалған ел еді. Совет өкіметі тұсында орыс, украин және басқа туысқан халықтардың үздіксіз көмегіне сүйенген қазақ халқы капитализмге соқпай-ақ социализмге өтті. Қазақстан қуатты өнеркәсібі, механикаландырылған ірі ауыл шаруашылығы бар ең ірі социалистік республикалардың біріне айналды. 1958 жылы Қазақстанның өнеркәсіп өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 44 есе өсті, өнеркәсіп кәзір республика халық шаруашылығының жалпы өнімінің үштен екісін береді.

Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті шарықтап өсті. Кәзір республикада 10 мыңнан астам мектеп, 140-тан астам техникум, 27 жоғарғы оқу орны, 2 академия және 115 ғылыми-зерттеу мекемесі бар. Қазақ халқының әдебиеті мен көркемөнері де мықтап дамыды, халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық саласында қызмет ететін көптеген маман кадрлар, ұлттық интеллигенция өсті. Қоғам өмірінің барлық саласында шын мәнісінде теңдікке ие болған социалистік қазақ ұлты СССР халықтарының туысқан семьясының салалық мүшелерінің бірі болып, кәзір өзінің ерлік еңбегімен коммунизм құрылысына елеулі үлес қосып отыр.

Коммунистік партия ұлт мәселесі өз алдына дербес мәселе емес, қоғамды революциялық жолмен өзгерту жөніндегі жалпы мәселенің бір бөлігі деген лениндік нұсқауды басшылыққа алып отырды. Сондықтан Коммунистік партия ұлт мәселесінің шешілуін 1917 жылдың февраліне дейін буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңісімен, ал онан кейін социалистік революцияның жеңісімен байланыстырды. Елімізде пролетариат диктатурасы орнауы мен ұлт мәселесінің шешілуі социализмнің жеңісімен тығыз байланысты болды.

Социализмнің толық та түпкілікті жеңуі нәтижесінде еліміздегі халықтардың ұлттық белгілері олардың бәріне ортақ, бәріне тән жаңа мазмұн, жаңа қасиеттермен толықты, олардың қоғамдық өмір саласындағы тұтастығы бұрынғыдан да шыңдала түсті.

Социалистік ұлттардың мызғымас бірлігінің экономикалық негізі — бірыңғай социалистік өндірістік қатынастар, өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік, шаруашылықтың біртұтас социалистік системасы қалыптасып, оның бірыңғай жоспар негізінде дамуы.

Совет халықтарының рухани бірлігінің негізі — идеология мен моральдық және саяси принциптің бірлігі, мәдениеттің социалистік мазмұны мен коммунизм орнатудағы мақсатының бірлігі.

Социалистік ұлттардың берік туысқандық бірлігінің саяси негізі — кең өрістетілген социалистік демократизм, халықтардың саяси тең пәрвоильлығы мен еріктілігін бейнелейтін көп ұлтты социалистік мемлекеттің бірлігі.

Елімізді мекендейтін ұлттар мен халықтардың туысқандық достығын ұйымдастырушы, олардың бірлігі мен беріктігінің басшы күші — Коммунистік партия. Социалистік қоғам жағдайында ұлттар мен халықтардың жақындасуы тарихи заңды құбылыс. В. И. Ленин 1916 жылы «Социализм... ұлттардың жақындасуы мен бірігуін жеңілдетеді, орасан тездетеді» (Шығармалар, 22-том, 342-бет) деп жазған болатын. Бұл заңдылықтың күші совет қоғамы ілгері коммунизмге қарай басқан сайын арта түседі.

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезі совет қоғамы өз дамуының жаңа дәуіріне коммунистік құрылысты кең өрістету дәуіріне көшіп отырғанын жариялады. Бұл коммунистік қоғамның материалдық-техникалық базасын жасау, өндіргіш күштерді жаңадан зор қарқынмен өркендету, халықтың өскелең материалдық және рухани қажеттерін молықтыра қанағаттандыру, техника мен ғылымды онан әрі өрге бастыру, сондай-ақ қоғам өмірінде әлеуметтік ірі өзгерістер жасалу, жаңа коммунистік қоғам адамының қалыптасу дәуірі болмақ.

Коммунистік құрылысты кең көлемде өрістетудің дәуірінің басты міндеттерінен туып отырған Коммунистік партияның ұлт саясатының мәні жолдастық ынтымақ пен өзара көмек негізінде социалистік ұлттардың экономикасы мен мәдениетін онан әрі күшті қарқынмен өркендетуде, елімізді мекендейтін ірілі-уақты ұлттар мен халықтардың бір-бірімен жақындасуын қамтамасыз етуде болып отыр. Бұл лениндік дана саясаттың нұрлы бейнесі партияның ХХІ съезі қабылдаған жетіжылдық жоспардан да айқын көрінеді.

Коммунистік құрылысты кеңінен өрістетудің дәуірінің алғашқы шешуші кезеңі болып отырған тұңғыш коммунистік жетіжылдық жоспарда еліміздегі барлық халықтардың экономикасы мен мәдениетін онан әрі жан-жақты дамыту, еңбекшілерді пролетарлық интернационализм, советтік патриотизм рухында тәрбиелеуді күшейту, халықтар достығын үздіксіз нығайта беру міндеттері белгіленген. Алдағы жеті жыл — Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатын іске асырудағы жаңа кезең. Жетіжылдық жоспарда, әсіресе еліміздің шығыс аудандарының, соның ішінде Қазақстанның да өндіргіш күштерін күшті қарқынмен дамыту, олардың экономикасында елеулі сапалық өзгерістер жасау — энергетика мен өнеркәсіптің негізгі тарауларын едәуір арттыру, ауыл шаруашылығын мамандандыра беру міндеті ерекше қойылып отыр. Лениндік ұлт саясатының салтанат құруының жаңа кезеңінің басты сипаттары, жинақтап айтқанда, мыналар:

Біріншіден, Совет Одағын мекендейтін әрбір ұлт, әрбір халық ғылым мен техниканың табыстарын кең пайдалану негізінде елдің экономикасы мен өндіргіш күштерін барынша дамыту, еңбек өнімділігін арттыру арқылы коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау және өнімнің жан басына келетін үлесі жағынан неғұрлым өркендеген капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озу міндетін іске асыру жолында шешуші қадам жасайды.

Екіншіден, барлық ұлт республикалары мен облыстарда социалистік өндірістік қатынас жетіле түседі, қоғам өмірінің барлық саласында коммунизмнің нышандары өсіп, ұлғая береді.

Үшіншіден, әрбір халықтың түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің жан-жақты дамып гүлденуі негізінде жаңа адам — коммунистік қоғам мүшесін тәрбиелеу күшейтіледі, жаңа коммунистік моральдың қалыптасуы онан әрі өрістейді.

Төртіншіден, халықтың материалдық әл-ауқаты айтарлықтай артады.

Бесіншіден, жетіжылдық жоспарды орындау барысында СССР халықтарының өзара көмектесуі барлық жағынан дамып, мызғымас берік достығы шынығады.

Демек, қоғамдық өмірдің барлық саласында болатын бұл ірі өзгерістер социалистік ұлттардың бұрынғыдан да тығыз жақындасуы мен олардың коммунистік ұлтқа айналуына қажетті жағдай жасай бастайды.

Алдағы жетіжылдық кезінде еліміздің барлық халықтарының өмірінде болатын тамаша өзгерістерін советтік Қазақстан өмірінен айқын көруге болады. Үстіміздегі жетіжылдықта советтік Қазақстан жан-жақты гүлденіп, бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамиды. Өнеркәсіптің барлық саласы, әсіресе ауыр индустрия мықтап алға басады. Осы жетіжылдықта Қазақстан өнеркәсібінің жалпы өнімі 2,7 есе, ал өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру 2,8 есе, тұтыну заттарын өндіру 2,4 есе артады. Сондай-ақ республика өнеркәсібінің жалпы өнімі жылына орта есеппен 15,2 процент мөлшерінде өспек. Сөйтіп Қазақстанда өнеркәсіптің даму қарқыны бүкілодақтық көрсеткіштен және басқа ұлт республикаларынан әлдеқайда артық болады. Республикада өнеркәсіп өнімі 1965 жылы 1913 жылмен салыстырғанда артады. Түсті метал-

лургия ғана емес, сонымен қатар қара металлургия, сол сияқты көмір, мұнай, химия өнеркәсібі, машина жасау, электрлендіру, транспорт, құрылыс индустриясы күшті қарқынмен өседі. Республикада тұңғыш рет шойын өндіріледі, машина жасау өнеркәсібінің жаңа салалары — аспап-сайман жасау және электротехникалық өнеркәсіп құрылады.

Жеті жыл ішінде республиканың халық шаруашылығына 116—119 миллиард сом күрделі қаржы жұмсалады. Бұл осы уақытқа дейін совет өкіметі жылдарында Қазақстанның халық шаруашылығын өркендетуге жұмсалған қаржыдан едәуір артық. Күрделі қаржының басым көпшілігі ауыр индустрияның басты салаларын үдете дамытуға жұмсалмақ. Республикада жаңадан 240-тан астам ірі өнеркәсіп орны, электр станциялары салынады.

Қазақстанның социалистік ауыл шаруашылығын да онан әрі өрге бастыру белгіленіп отыр: совхоз және колхоз шаруашылықтарының өндіргіш күштері еселеп артады. Бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі — астық өндіруді үздіксіз ұлғайту, яғни 1959 жылы және онан кейінгі жылдары кемінде біржарым миллиард пұттан астық өндіру міндеті қойылып отыр.

Республикада малдың барлық түлігінің санын қауырт өсіру, оның өнімділігін арттыру негізінде 1965 жылы 1958 жылмен салыстырғанда Қазақстанда ет 2,5 есе, сүт 1,8 есе, жүн 2,1 есе артық өндірілетін болады.

Республикамыздың ауыл-село еңбеккерлері кәзір ауыл шаруашылығы саласындағы тапсырмаларды жеті жылда емес, бес жылда орындауға міндеттеме алып отыр. Үстіміздегі 1959 жылдың өзінде ғана мемлекетке 1 миллион пұтқа жуық астық, 800 мың тонна ет, 850 мың тонна сүт, 74,5 мың тонна жүн сатылады, тапсырылады.

Жетіжылдық ішінде бүкіл еліміздегідей, Қазақстанда да өндіріс жұмыстарын жаппай механикаландыру, автоматтандыру, халық шаруашылығы тарауларын мамандандыру, кооперативтендіру кеңінен жүргізіледі. Бұл шаралар қоғамдық өндірістің барлық саласында еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын төмендетумен қатар еңбектің сипатын бүтіндей өзгертуге, жұмысшылар мен колхозшылардың мәдени-техникалық дәрежесін көтеруге көмектесетін болады.

Жетіжылдықта қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті жаңа табыстарға жетеді. Шамамен алғанда 17—18 жастағы 697 мың жас жігіттер мен қыздар 8—10 және 11 кластарды бітіріп шығады. Мектеп оқушыларының саны 1958 жылғы 1 436 мың адам орнына, 1965 жылы 2 200 мың адамға жетеді, мектеп-интернаттардағы оқушылар саны 33 есе артады. Халыққа білім беру жүйесін қайта құру жөнінде СССР Жоғарғы Советінің сессиясы қабылдаған Заң негізінде мектеп жұмысы жақсартылып, халыққа жаппай сегізжылдық білім беру, жұмысшылар мен колхозшылардың мәдениеті мен мамандығын арттыру ісі жүргізіледі.

Жетіжылдықта республикада жаңа 20-дан астам жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелер ашылады, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен маман даярлау кең өрістейді. Қазақстанның жоғары оқу орындары алдағы жетіжылдықта 1952—1958 жылдарда даярлаған 31 мың маман орнына 56,1 мың маман даярлап шығарады. Сонымен қатар сырттан және кешкі оқу жүйесі арқылы көптеген жұмысшылар мен колхозшылар жоғары, орта дәрежелі мамандық алмақ.

Қазақ әдебиеті мен көркемөнері онан әрі дамып, көркейе түседі. Мәдениет мекемелерінің, театрлардың, киноның саны көбейіп, радио мен телевидениенің торабы артып, олардың совет адамдарын коммунистік рухта тәрбиелеу жұмысы жақсартыла береді. Адамдардың санасындағы ескілік сарқыншақтарын жою, совет адамдарының саналылығы

мен адамгершілігін жетілдіру—партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының бүкіл идеологиялық жұмысының басты міндеті.

«Біздің партиямыз бен мемлекетіміздің, — дейді Н. С. Хрущев, — бүкіл идеологиялық жұмысы совет адамдарының жаңа сапасын дамытуға, оларды коллективизм мен еңбек сүйгіштік, социалистік интернационализм мен патриотизм, жаңа қоғамның жоғары принципті моралі рухында, марксизм-ленинизм рухында тәрбиелеуге қызмет етуі тиіс».

Жетіжылдық жоспар еліміздің халықтарының әл-ауқатын анағұрлым арттырады. Қазақстанда жұмысшылар мен қызметкерлердің нақты жалақысы 31 процент артады, колхозшылардың ақшалай және заттай табысы өседі, кең көлемде қалалар мен ауыл-селода тұрғын үй құрылысы жүргізіледі. Бүкіл еліміздегі сияқты Қазақстанда дүние жүзіндегі ең қысқа жұмыс күні мен қысқа жұмыс аптасы болады, халық тұтынатын товарлар мол өндіріледі. Мысалы, республикада жеңіл өнеркәсіптің өнімі 3 есе, ал бөлшек сауда товар айналымының жалпы көлемі 74 процент артады. Сондай-ақ денсаулық сақтау орындарының саны көбейіп, жұмыс көлемі кеңейтіледі, балалар бақшасы мен яслилерінің саны өседі.

Советтік жетіжылдық — коммунистік құрылысты өрістету дәуірі жағдайында лениндік ұлт саясатының теңдесі жоқ жаңа жеңіс жылдары болмақ. Бұл тек Қазақстанға ғана емес, еліміздің барлық республикаларына, барлық халықтарына да тән нәрсе. Жетіжылдық жоспардың ең басты сипатының өзі де жаппай өсу, жаппай алға басу, терезесі тең, ынтымағы жарасқан еліміздің ерікті социалистік ұлттары мен халықтарын бірдей коммунизм орнату ісіне жұмылдыру. Шынында да жетіжылдық жоспарда әрбір ұлт республикаларының экономикасы мен мәдениетін-өркендету ісі бүкіл Совет Одағының ортақ мүддесімен тығыз ұштастырылып, социалистік ұлттардың өзара көмегі мен экономикалық байланысын нығайту, социалистік еңбек бөлісін кеңейту, халықтардың достығын барған сайын үздіксіз шынықтыру көзделген.

Халықтар достығының арқауы болған жетіжылдық жоспар елімізді мекендейтін халықтардың қай тілінде болса да бір мағналы, ортақ үн тауып, олардың төл ісіне айналып отыр. Халықтардың мызғымас бірлігі КПСС XXI съезі қарарларын бірауыздан мақұлдауынан, оны жүзеге асыру жолындағы қуатты қимылдан айқын көрінеді.

Коммунизмнің есігін ашу бағытындағы алғашқы қадам болып отырған жетіжылдық жоспар сөзсіз орындалады. Өйткені, біздің елімізде коммунистік құрылыстың күрделі міндеттерін шешуге барлық мүмкіншіліктер бар. Олар — озат экономика, алдыңғы қатарлы ғылым мен техника, табиғи байлық және оның бәрін орынды іске қосатын маман кадрлардың болуы, социалистік елдердің достық қарым-қатынасы, өзара туысқандық көмегі. Сонымен қатар жетіжылдық жоспардың орындалуының мықты бір кепілі — совет адамдарының творчестволық белсенділігі мен еңбектегі жанқиярлық ерлігі. Бүкіл еліміздегідей Қазақстан еңбекшілері де жетіжылдық жоспарды орындау жолында социалистік жарысты, оның жаңа да жоғары түрі коммунистік еңбек коллективтерін ұйымдастыруды өрістетіп отыр.

Тұңғыш коммунистік жетіжылдықты толық орындау жолындағы бүкілхалықтық күресті заманымыздың ақыл-ойы, ар-намысы Коммунистік партия, оның лениндік Орталық Комитеті басқарып отыр. Біздің жеңімпаз партия бастаған әрбір ұлы істің бұған дейін де табысты болғаны сияқты жетіжылдық жоспар да солай табысты болады.

В. И. Ленин данышпандықпен негіздеген Коммунистік партияның біздің елімізде, сондай-ақ халықтық демократиялық мемлекеттерде іске асырылып отырған ұлт мәселесі жөніндегі интернационалдық саясатының маңызы өте зор. Социалистік елдердегі ұлт мәселесінің шешілу тәжірибесі, Коммунистік партияның ұлт жөніндегі маркстік-лениндік

программасы мен теориясы — буржуазия идеологтары мен кәзіргі заманғы ревизионизм жақтап отырған «ұлттық коммунизм» идеясын түбірімен талқандаудың ең өткір құралы. «Ұлттық коммунизмді» жақтаушылар, соның ішінде югославия ревизионистері социалистік революция мен социалистік және коммунистік құрылыстың басты-басты негізгі заңдылықтарын мойындауымен қатар, ұлтшылдық пен ұлттық ерекшеліктерді асыра дәріптеп, пролетарлық интернационализм принциптеріне қарсы күресуде. Коммунистік және жұмысшы партиялары кәзіргі заманғы ревизионизмге елтіре соққы беріп, өздерінің берік бейбітшілік пен халықтар бостандығы, демократия мен социализм жолындағы күресінде лениндік ұлт саясатының принциптерін табандылықпен іске асыруда.

Дүниежүзілік социалистік системаның құрылуы мен лениндік ұлт саясатының басты принциптері, социалистік мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарының негізіне айналды.

Совет Одағы және басқа социалистік мемлекеттер Азия мен Африканың бостандық пен бейбітшілікке ие болған көп елдерімен тең праволылық негізінде қарым-қатынас орнатып, отар және тәуелді елдердің империализм тепкісінен құтылуға бағытталған ұлт-азаттық қозғалысын батыл қуаттап отыр. Совет Одағы бастап отырған бейбітшілік, демократия және социализм лагері қуатының өсіп, ныраюы — лениндік ұлт саясаты принциптерінің сөзсіз жеңіп шығатындығының берік кепілі, бүкіл дүние жүзінде коммунизмнің сөзсіз орнайтындығының кепілі.

Қазақстан өнеркәсібінің жетіжылдықта онан әрі үздік өркендеуі

Л. МЕЛЬНИКОВ,

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председатели

Партияның ХХІ съезі бекіткен елімізде коммунизм орнату жоспары көлемі мен мақсаты жағынан ешбір теңдесі жоқ ұлы программа. Ол Совет Одағының экономикасы мен мәдениетін онан әрі үздік өркендетуді көздейді. Бұл программаның орындалуы коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау бағытындағы шешуші кадам болмақ. Ол капиталистік елдермен бейбіт экономикалық жарыста СССР-дің жеңіп шығуын қамтамасыз етеді. Коммунизм құрылысын кеңінен жүргізу программасы жүзеге асқанда Совет Одағы мен барлық социалистік елдер тағы бір биік белеске шығады, социализмнің бүкіл дүниежүзілік тарихқа ықпалы арта түседі. Жетіжылдықтың маңызды бір нысанасы бейбіт экономикалық жарыста уақытты неғұрлым көбірек ұту екенін ескеріп, партия съезі СССР халық шаруашылығын зор қарқынмен және шаруашылықтың барлық саласын өзара дұрыс сәйкестіре өркендетуді белгіледі.

Коммунистік партия жетіжылдық жоспарды қарап бекіткенде лениндік ұлт саясатын басшылыққа алды, өндіргіш күштерді еліміздің барлық көлеміне дұрыс орналастыруды ескерді, барлық советтік социалистік республикалардың халық шаруашылығы мен мәдениетін көркейте беруді көздеді. Жетіжылдық жоспар сонымен бірге социалистік еңбек бөлісін дамытуды көздейді, ал мұның өзі республикалар арасындағы экономикалық байланысты нығайтады, әрбір социалистік республикада өндірістің зор қарқынмен дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан өнеркәсібінің жалпы өнімі 1913 жылға қарағанда 1958 жылы 44 есе өсті. Өткен жылда көмір шығару 1913 жылға қарағанда 352 есе, 1940 жылға қарағанда 4,5 есе артты, бұл уақыттарда мұнай 12,8 есе және 2,1 есе артық шығарылды. Кәзір республикамызда бір сағаттың ішінде өндірілетін электр қуаты революцияға дейін бүкіл Қазақстанда бір жыл бойы өндірілген электр қуатына барабар. Советтік Қазақстан қорғасын, мырш, қара мыс өндіру жағынан елімізде жетекші орынға ие болып отыр. Қазақстанда өнеркәсіптің химия, машина жасау, құрылыс материалдарын шығару, құрылыс индустриясы сияқты бірсыпыра салалары жаңадан құрылды.

Советтік Қазақ республикасы әсіресе соңғы жылдары тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты ауыл шаруашылығы саласында да ерекше табысты болды. Сондай-ақ күллі еліміздегі сияқты Қазақстанда адамзаттың даму тарихында болмаған мәдени-революция жасалды. Республика халқының мәдени және жалпы білім дәрежесі жыл сайын үздіксіз өсумен келеді. Республикада халық шаруашылығының түрлі саласына жоғары мамандығы бар кадр даярлайтын жоғары дәрежелі оқу орындары бар, Ғылым академиясы, Архитектура және құрылыс академиясының бөлімшесі, Ауылшаруашылық академиясы және солардың толып жатқан ғылыми-зерттеу мекемелері қызмет атқарады. Совет өкіметі жылдарында халықтың ден саулығын сақтау қызметін атқаратын жүйелі емдеу орындары қалыптасты.

Советтік Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендетудегі зор табыс—лениндік ұлт саясатын дұрыс жүзеге асырудың жемісі, Коммунист партиясы мен Совет үкіметінің бұрын артта қалған ұлт республикаларына үнемі жасап келген қамқоршылығының, көп ұлтты мемлекетіміздің барша халықтарының туысқандық көмегінің нәтижесі.

Табиғат байлығы ұшан-теңіз мол Қазақстанның жетіжылдықтағы болашағы ерекше зор. Совет Одағы халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған жетіжылдық жоспарының негізгі мақсаты ауыр индустрияны оздыра дамыту негізінде экономиканың барлық саласын барынша өркендету, еліміздің экономикалық қуатын анағұрлым арттыру, сөйтіп халықтың әл-ауқат дәрежесін үздіксіз көтере беру екені мәлім. Осыған сәйкес Қазақстан халық шаруашылығын өркендетудегі 1959—1965 жылдарға арналған бақылау цифрларында мынадай басты-басты міндеттер қойылып отыр.

Өнеркәсіп саласында—түсті металлургия мен отын өнеркәсібін оған әрі өркендету, қара металлургия үшін аса ірі база жасау, химия, энергетика және машина жасау өнеркәсібін күшті қарқынмен дамыту, құрылыс материалдарын және халық тұтынатын заттарды неғұрлым мол өндіру. Осы мақсатқа сай бұрынғы және жаңа салынып жатқан кәсіпорындарға жеткілікті материалдық-шикізат қорын жасау керек болады, сонымен бірге аса маңызды қазба байлықтарының зерттелген кендерін неғұрлым көбейту. Транспорт пен байланыс құралдарының барлық түрі де көбейе беруге тиіс.

Ауыл шаруашылығы саласында—егіншілік мәдениетін арттыру, астық пен техникалық дақылдардан тұрақты мол өнім алуға жету, қоғамдық мал шаруашылығын, әсіресе қой шаруашылығын мықтап өркендету. Осы міндеттерді орындау үшін қоғамдық еңбектің өнімділігін техникалық прогресс негізінде, алдыңғы қатарлы ғылым мен техниканың жаңалықтарын тез игеріп, кен қолдану, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің мамандығын, мәдениет дәрежесін көтере беру негізінде бұрынғыдан анағұрлым арттыра түсу керек болады.

Тұрғын үй құрылысы кең көлемде жүргізілмек. Осының негізінде Коммунист партиясы мен Совет үкіметінің белгілі шешіміне орай таяудағы 10—12 жыл ішінде еңбекшілердің тұрғын үйге мұқтажы толық өтелмек.

Халыққа білім беру, мәдениет пен ғылым саласында да көп жұмыстар жасалмақ. Жоғары және орта дәрежелі білімі бар мамандар көп даярланады, халыққа медициналық қызмет көрсету ісі жақсара береді. Осы міндеттерге сәйкес халық шаруашылығының жеке тараулары бойынша жоспарлы нақты тапсырмалар төмендегіше.

Республика өнеркәсібінің жалпы өнімі жеті жылда шамамен 2,7 есе өсуге тиіс. Соның өзінде партияның нұсқауына сайма-сай ауыр индустрияның түрлі саласы оза дамиды. Жетіжылдықтың аяғында 1958 жылға қарағанда өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру—2,8 есе, халық тұтынатын заттар—2,4 есе ұлғаймақ.

Қазақстанның қара металлургияны дамытуға зор мүмкіншілігі бар. Жетіжылдық жоспарда белгіленген жаңа кәсіпорындары салынып болғанда Қазақстан еліміздің шығысындағы аса қуатты металлургия базасына айналады. Жетіжылдықтың аяқ шенінде республикамызда болат 1958 жылмен салыстырғанда 16,8 есе, прокат—11,9 есе артық өндіріледі.

1964 жылы Қарағанды металлургия заводы толық қуатымен іске кіріскенде республикамыз табақша темір прокатының көптеген түрлерінен өз мұқтажын толық өтейтін болады. Осы завод Одақ көлемінде ақ қанылтыр өндірудегі кемшіліктің орнын толтырып, еліміздің мұқтажын толық өтеуге көмектеседі. Республикада темір рудасын ұқсататын

аса қуатты жаңа өнеркәсіп салынады, солардың ішіндегі ең көрнектілері Соколов-Сарыбай, Лисаков, Қошар кен байыту комбинаттары.

Республика өнеркәсібінің жетекші саласы — түсті металлургия онан әрі өркендей түседі. Мұның үшін руда қорын жедел молайтып қана қоймай, сонымен бірге рудниктер мен байыту фабрикаларының, металлургия заводтарының қуаттылығы арасындағы алшақтық толық жойылады. Өнеркәсіптің бұл саласын өркендетудегі кәзіргі кезенге тән бір жағдай рудаларды толық жан-жақты айыру, рудаларды фабрика мен заводтарда ұқсатқанда металды неғұрлым көбірек айырып алу, сирек кездесетін және шашыранды элементтерді өнеркәсіптің өндірістік талабына сай мөлшерде мол және бірден айыру ісіне ерекше көңіл бөлу.

Түсті металлургияның жалпы өнімі 1965 жылы 1958 жылға қарағанда 2 еседен астам өседі. Алюминий шығару ісі жаңадан ұйымдас-тырылады.

КПСС Орталық Комитетінің май Пленумының (1958 жыл) қаулысы бойынша республикамызда химия өнеркәсібі тез қарқынмен өседі. Қазақстанда өте көп кездесетін алуан түрлі химиялық шикізат қорлары 1965 жылы химия өнеркәсібі өнімін 1958 жылға қарағанда 4 есе арттыруға мүмкіншілік береді. Жеті жылда химия өнеркәсібінің өсу қарқынын осы мөлшерде қамтамасыз ету мақсатымен жаңадан ірі-ірі ондаған кәсіпорны салынады, республикада өнімнің жаңа түрлері, жасанды каучук, полиэтилен, жасанды торқа, минерал тыңайтқыштары, резина-техникалық бұйымдар т. б. шығарыла бастайды.

Жетіжылдық жоспарда республиканың отын өнеркәсібін онан әрі өсіру көзделген. Қазақстанда шамамен 50 миллион тоннаға дейін көмір, соның ішінде 20 миллион тоннадай кокстелінетін көмір шығарылмақ. Көмір өнімінің бұл мөлшері жетіжылдықтың аяғында республикамыздың және РСФСР-дің бізбен іргелес отырған аудандарының отынға қажетін, ал республиканың металлургия, химия өнеркәсібінің шикізатқа мұқтажын толық өтеуге мүмкіншілік береді.

Кәзір Қазақстанда көмір байыту ісі кенже қалып отыр, байытылған көмірдің үлесі 22,9 процент. Бақылау цифрларында ірі-ірі 4 жаңа байыту фабрикасы салынып, кәзіргі бар фабрикаларды қайта құрып кеңейту белгіленген, сөйтіп олардың жалпы көмір байыту қуаты 28 миллион тоннаға жетуге тиіс. Мұның өзі 1958 жылға қарағанда 1965 жылы байытылған көмірдің мөлшерін 3 еседей арттыруға жағдай жасайды.

Қазақстанның мұнай өнеркәсібі 2 миллион тоннаға жуық мұнай шығаруға тиіс. Мұнда қаржыны неғұрлым аз жұмсап, мұнайды көп шығаруға мүмкіншілік беретін озат әдістер кең қолданылмақ. Жалпы көлемі 2 миллион метрлік мұнай, газ шығатын терең скважина, соның ішінде газ шығатын 700 мың метрлік скважина бұрғыланбақ. Бұл жұмыстың көлемі зор екенін аңғару үшін мынадай мысал келтірейік: 1908 жылдан күні бүгінге дейін, яғни 50 жыл ішінде, Қазақстанда небәрі бір жарым миллион метрлік скважина бұрғыланған.

Жетіжылдықта республиканың мұнай айыратын кәсіпорындарында мұнай айыру көлемі 3,5 есе өседі, бұл республикамызға басқа жақтан тасылып келген мұнай өнімдерін азайтуға мүмкіншілік туғызады.

Коммунист партиясы В. И. Лениннің халық шаруашылығын барынша электрлендіру туралы нұсқауын мүлтіксіз орындап келеді. Республикамызда энергетиканы дамыту жұмысы үлкен табысқа жетті. Кәзір бір ғана Қазақстан революцияға дейінгі бүкіл Россияның берген электр қуатынан 4 есе артық электр қуатын береді. Алайда айта кету керек, Қазақстанның энергетика шаруашылығында бүгін таңда жеке-жеке ұсақ электр қондырғылары басым болып отыр. Жетіжылдық жоспарда көптеген жаңа электр станцияларын салу және бұрынғы станцияларды ұлғайту жөнінде күрделі көп жұмыс белгіленді. Жеті жылда ірі-ірі

жаңа бу- электр станциясы, ауыл-селолық 9 су электр станциясы жұмысқа қосылуға тиіс. Сонымен бірге кәзір-бар электр станциясы және Өскемен су электр станциясы кеңейтілмек. Мұның үстіне Бұқтарма, Шардара су электр станциялары салынып болып, іске қосылады.

Осының бәрі республикамызда 1965 жылы 26 миллиард киловатт-сағат электр қуатын өндіруге, яғни 1958 жылға қарағанда 3 еседен астам, 1940 жылға қарағанда 43 есе артық электр қуатын өндіруге жағдай жасайды.

Жеті жылда республиканың жеке-жеке энергетикалық желілерін біріктіріп, еліміздің энергетика жүйесіне жалғастыру бағытында көп жұмыстар жүргізілмек. Осы мақсатпен мыңдаған километр жоғары вольтті электр қуатын өткізетін линия салу белгіленіп отыр.

Қазақстанда машина жасау өндірісі зор көлемде өркендейді. Жеті жылда машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібінің жалпы өнімі 4 есеге жуық артуға тиіс. Республиканың өнеркәсіп өндірісінің жалпы мөлшерінде машина жасау өнеркәсібінің үлесі 1958 жылы 7,8 процент болса, 1965 жылы—10,4 процентке жеткізілмек. Жетіжылдықта 21 жаңа кәсіпорны салынады, сонымен бірге кәзір бар машина жасайтын заводтар қайта құрылып, едәуір ұлғайтылуға тиіс. Қазақстанда машина жасау өндірісінің бір саласы—аспап-сайман, электр-техника өнеркәсібі жаңадан құрыла бастайды. Республиканың машина жасайтын кәсіпорындары рентген аппараттарын, таразы бақылайтын және электр-вакуум аспаптарын, жылылық процестерін бақылап, тәртіптеп тұратын орындаушы механизмдер, әртүрлі кабель, тазалық-техникасының жабдықтарын, кір жуатын машиналар, үй шаруасына қажетті тоназытқыштар т. т. жасап шығаратын болады.

Жетіжылдықта автомобильдер мен тракторларға, ауылшаруашылық машиналарына қажетті запас бөлшектер көп өндіріле бастайды. 1958 жылы осындай запас бөлшектер республиканың заводтарында 50 миллион сом мөлшерінде ғана өндірілген болса, бір миллиард сомдық запас бөлшектер республикаға басқа жақтан әкелінген болса, 1965 жылы запас бөлшек шығаратын кәсіпорындары 1 миллиард сомнан асатын өнім беруге тиісті.

Жетіжылдықта құрылыс материалдары өнеркәсібінің өнімі 4,1 есе артады. Республикамызда құрастырмалы темір-бетон бөлшектерін, прокат әдісімен жасалатын түрлі қабырға панельдерін тағы осы сияқты құрылыс материалдарының жаңа түрлерін өндіруге ерекше назар аударылады. Бірнеше цемент заводы, құрастырмалы темір-бетон бөлшектерін құйып шығаратын 100 завод, қабырға материалдарын жасайтын 80 завод, 4 шифер заводы, гипс шығаратын 9 кәсіпорны, Павлодарда әйнек заводы, Жітіқарада асбест заводы тағы сондай кәсіпорындары салынады.

Ауыр өнеркәсіпті оздыра дамыту негізінде халық тұтынатын товарларды көп өндіру белгіленіп отыр. Жеті жылда Қазақстанда мақта мата 2,7 есе, жүн матасы—6,5 есе, іш киім трикотажи—5 есеге жуық, сырт киім трикотажи—3,5 еседен астам, былғары аяқ киім—2,5 есе, ет—2,8 есе, түрлі шұжық—2,2 есе, консервілер—1,5 есе, қант—2,8 есе артық өндірілуге тиіс. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің алдына өнімді көп беру міндетімен қатар әсіресе өнімнің түр-түрін молайтып, сапасын жақсартып беру міндеті қойылып отыр.

Республиканың өнеркәсібін онан әрі өркендету су шаруашылығы мәселесін шешуге тығыз байланысты. Осыған сәйкес жетіжылда суармалы егістің, суландыратын жерлердің көлемін арттыру, кәсіпорындарын, колхоздар мен совхоздарды, қалалар мен поселкелерді ауыз сумен және өндіріске қажетті сумен толық қамтамасыз ету жөнінде көп жұмыс жүргізіледі. Экономикалық аудандарда су қорын пайдалану-

дың бірыңғай жалпы жүйесінің болмауы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісін дұрыс орналастыруға мүмкіншілік бермей келеді. Қазір республика үкіметі жоспарлау комиссиясының ұсынысы бойынша республиканың халық шаруашылығын сумен жабдықтау жөніндегі 25 жылға арналған біртұтас жүйе жасау ісін жоспарлау туралы шешім қабылдады.

Әсіресе Ертіс—Қарағанды каналының құрылысы туралы ерекше айту керек. Партияның XXI съезінде айтылғандай, бұл каналдың халық шаруашылық маңызы өте зор. Орталық Қазақстан табиғи пайдалы қазбаларға ерекше бай, соның негізінде ауыр өнеркәсіп, халық шаруашылығының басқа да салалары зор қарқынмен өсіп келеді.

Орталық Қазақстанды индустрияландырудың кәзіргі көлемі каншама зор болғанымен ол осы аса бай өңірді жан-жақты индустрияландыру жұмысының бір кезені ғана.

Қарағанды экономикалық ауданын өркендетудің жетіжылдық жоспары өнеркәсіп өнімін 3 есе арттыруды көздейді. Осы уақыттың ішінде өнеркәсіптің өсуіне байланысты қалалар мен жұмысшы поселкелерінің халқы 2 есе өсуге тиіс. Ал Қарағанды экономикалық ауданының жер бетіндегі және жер астындағы су қоры өте тапшы. Сондықтан Ертіс—Қарағанды каналы Орталық Қазақстанды сумен жабдықтау мәселесін тиімді шешеді.

Жетіжылдық жоспар транспорт пен байланыс құралдарының барлық түрін зор қарқынмен өркендетуді көздейді. Темір жол транспортының жүк айналымы 1958 жылғы 93 миллиард тонна-километрден 1965 жылы 205 миллиард тонна-километрге жетеді. Жетіжылдықтың аяғында Қазақ темір жолы 1932 жылы еліміздің барлық темір жолы тасыған жүктен 20 процент артық жүк таситын болады.

Республикамызда темір жолдардың жалпы ұзындығы жеті жылдың соңында 11 мың километрден артады. Соның 1000 километрі электрлендіріледі, қалғаны түгелімен тепловоз күшімен қызмет етуге көшірілмек. Автомобиль, өзен және әуе транспорты да өркендей түседі. Транспорттың бұл түрлерімен тасылатын жүктің көлемі 1959—1965 жылдары 2—3 есе артуға тиіс.

Республикада байланыс құралдарын көбейтуге көп көңіл бөлінеді. 1961—1963 жылдарда барлық колхоздар мен совхоздар толық радиоланып және телефонданып болмақ. Телевидение орталықтарын, радиореле линияларын салуға, почта байланысы мен радиохабар тарататын орындарды жақсартуға көп күрделі қаражат жұмсалғалы отыр.

Қазақстанның халық шаруашылығына жетіжылдықта жұмсалатын күрделі қаражаттың жалпы мөлшері 116—119 миллиард сом болып белгіленді. Оның өсу қарқыны жалпы СССР көлеміндегіден едәуір жоғары. Сонымен өткен жетіжылмен салыстырғанда жұмсалатын күрделі қаражаттың көлемі 67,35 миллиард сом немесе шамамен 2,3 есе артық. Республиканың халық шаруашылығына мұнша көп күрделі қаражаттың жұмсалуы туысқан партиямыздың Қазақстандағы табиғи байлықтарды Отанымыздың шаруашылығына толығырақ пайдалану туралы қойған міндеттеріне толық сай келеді.

Республиканың халық шаруашылығына жұмсалатын күрделі қаражаттың жалпы көлемінің 80 проценті өндіріс орындарын салуға, 14,9 проценті тұрғын үйлер құрылысына, 5,1 проценті мектеп, денсаулық сақтау және мәдениет мекемелерін, қала шаруашылығы орындарын салуға жұмсалады. Жетіжылда Қазақстанда 240-тан астам ірі-ірі өнеркәсіп орындары салынады, өнеркәсіпке жұмсалатын күрделі қаражаттың 90 проценті ауыр өнеркәсіп орындарын салуға жұмсалады.

Жеті жылда Қазақстанның өндіргіш күштерін дұрыс та тиімді орналастыруда әсіресе Қарағанды, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе экономикалық аудандарында ауыр өнеркәсіп салаларын тезірек өркен-

дету көзделінеді. Жетіжылдықта Қазақстанның экономикасында болатын зор өзгерістерді Қостанай, Павлодар, Жамбыл және Қызылорда облыстарынан айқын көруге болады.

Қостанай облысында аса көп тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты ауылшаруашылық өндірісі мықтап өркендеумен қатар аса бай және алуан түрлі табиғи байлықтарды пайдалану негізінде өнеркәсіпті де ерекше күшті қарқынмен өркендету көзделіп отыр. Бұл облыста өте бай темір, көмір, марганец, боксит, асбест, отқа төзімді топырақ шығатын аса бай кендер бар екені мәлім. Қошар, Соколов және Сарыбай кендерінің зерттелген темір запасы рудаға бай Криворожье бассейнінің кен байлығына таялып қалды. Аят және Лисаков кендерінде миллиардтаған тонна темір, фосфор бар. Бұл кендердің байлығы Батыс Европадағы ең бай кендердің бірі және Францияның, Бельгияның, Батыс Германияның барлық қара металлургиясына база болып отырған дүние жүзіне аты шыққан Лотарингия кендерінен кем емес.

Жеті жылда Қостанай облысында темір рудасын байытатын қуатты кен байыту комбинаттары, боксит шығаратын және асбест өндіретін кәсіпорындар, автомобиль-трактор бөлшектерін жасайтын завод, бірсыпыра жеңіл және тамақ өнеркәсіп орындары салынашақ. Осылардың нәтижесінде жеті жылда облыстың барлық өнеркәсібінің өнімі 5 есе артады.

Сол сияқты Павлодар облысында да 1965 жылы өнеркәсіптің жалпы өнімі 1958 жылмен салыстырғанда шамамен 6,3 есе өседі. Жетіжылдықта Павлодар облысында қара және түсті металлургия, көмір өнеркәсібі, энергетика, машина жасау өндірісі, құрылыс материалдары өндірісі, жеңіл және тамақ өнеркәсібі едәуір өседі. Павлодар облысының халық шаруашылығына жеті жыл ішінде 15,4 миллиард сом қаражат жұмсалады. Облыста ірі-ірі 40 өнеркәсіп орны салынып, іске қосылады. Ермак ферросплав заводы, Павлодар алюминий заводы, Бозшакөл кен байыту комбинаты, Павлодар комбайн заводы сияқты ірі кәсіпорындары салынады. Осының бәрі облыстың экономикасын түбірінен өзгертеді.

Жеті жылда Жамбыл облысының беретін жалпы өнімі 1958 жылмен салыстырғанда 3,3 есе артуға тиіс. Мұнда әсіресе Қаратаудың жоғары сапалы фосфориттерін пайдалану негізінде химия өнеркәсібі онан әрі өркендей түседі. Жеті жыл ішінде жалпы қуаты 70 мың киловатт-сағаттан асатын бірсыпыра жаңа электр станциялары салынады. Құрылыс материалдарын өндіру жұмысы кең көлемде жүргізілмек. Облыста бірқатар жеңіл және тамақ өнеркәсіп орындары, соның ішінде ірі былғары аяқ киім комбинаты, жасанды былғары товарларын шығаратын завод, тігін фабрикасы, жүн ұқсататын фабрика, екі қант заводы, ет комбинаты, қалалық сүт комбинаты салынуға тиіс. Облыстың ауыл шаруашылығы етті-сүтті мал шаруашылығын, биязы жүнді және қаракөл қой шаруашылығын, қант қызылшасын, сары темекі, кенеп, овощь өсіруге маманданады.

Қызылорда облысының халық шаруашылығын өркендетуге жұмсалатын күрделі қаражаттың көлемі жеті жылға 2 150,4 миллион сом болып белгіленіп отыр. Бұл облыста машина жасау, химия, тамақ, жеңіл, қараз, құрылыс материалдары өнеркәсібі өркендемек. Сонымен қабат «Аралсульфат» комбинаты ұлғайтылады. Қызылорда қаласында бу электр станциясы салынады. Облыстың халық шаруашылығы беретін өнім жеті жылда 3 есе өсетін болады.

Н. С. Хрущев жолдас КПСС XXI съезінде жасаған баяндамасында былай деді: «Жетіжылдық жоспардың міндеттерін жаңа техниканы кенінен қолдану, өндіріс жұмыстарын толық механикаландыру және ав-

томаттандыру, халық шаруашылығының барлық салаларын мамандандыру және кооперативтендіру негізінде ғана ойдағыдай орындауға болады».

Партияның Орталық Комитеті өзінің июнь Пленумында өндіріс жұмыстарын жаппай толық механикаландыру және автоматтандыру, үздіксіз өндіріс желілерін енгізу, ескірген машина жабдықтарды жаңғырту жөнінде КПСС XXI съезінің шешімдерін онан әрі айқындап, кең қаулы алды. Пленумда сонымен бірге химия өнеркәсібін өркендетудің, әсіресе жасанды материалдар өндіруді және халықтың керектері мен халық шаруашылығының мұқтаждарын қанағаттандыру үшін бұл материалдардан бұйымдар шығаруды ұлғайтудың жаңа міндеттері белгіленді.

Республика өнеркәсіп орындарында техникалық прогресті онан әрі қамтамасыз ету, еңбек өнімділігін арттыра түсу, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында, құрылыс пен транспортта ауыр жұмыстарды машиналандыру мақсатымен жетіжылдықта механикаландыру қарқыны күшейе түседі, Қазақстан өнеркәсібінің барлық саласында негізгі және көмекші жұмыстарды жаппай толық механикаландыру ісі кең көлемде жүргізіле береді. Жеке жұмыс түрлерін автоматтандырудан цехтарды, бөлімдерді, технологиялық процестерді автоматтандыруға көшу, жұмысы толық автоматтанған кәсіпорындар ұйымдастыру, сондай-ақ машиналар жұмысын алыстан басқарып отыру ісін қамтамасыз ету, энергетика жүйесінде, мұнай кәсіпшіліктерінде, өнеркәсіптің басқа да салаларында жұмысты телемеханика жолымен бақылап, басқару шараларын жүзеге асыру көзделіп отыр. Ескірген жабдықтар көптеп ауыстырылып, жаңартыла түсетін болады.

Еліміздің халық шаруашылығын өркендете беруде партияның тың және тыңайған жерлерді игеру туралы тарихи шешімдерінің маңызы ерекше болды. Қазақстанда 23 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді игеру ісі үстіміздегі жетіжылдықта ауыр өнеркәсіпті және халық шаруашылығының басқа да салаларын бұрынғыдан гөрі жоғары қарқынмен дамыта беруді белгілеуге, басқа да туысқан одақтас республикалармен экономикалық байланысты бұрынғыдан да нығайта беруге мүмкіншілік берді.

Коммунистік партияның, оның лениндік Орталық Комитетінің төңірегіне, Совет үкіметінің төңірегіне берік топтасқан Қазақстан еңбекшілері барша совет халықтары сияқты, жеті жылда туысқан партиямыз алға қойған міндеттерді абыроймен орындап шығады.

Республиканың көмір, мұнай кәсіпорындарында өндіріс жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру

М. ЕСЕНОВ,

Қазақстан КП Орталық Комитетінің өнеркәсіп бөлімі
меңгерушісінің орынбасары

Біздің даңқты Коммунистік партия халық шаруашылығының барлық саласында техникалық прогресті дамыта беру ісіне әрдайым қамқорлық жасап келеді. Соның арқасында Совет Одағы, оның ішінде Қазақстан өнеркәсібінде өндірістің техникалық дәрежесі артты. Республика түсті металлургия кәсіпорындарының негізгі цехтарында руданы, флюстер мен көмірді ұсақтау, тасып жеткізу жұмыстары, шихта жасау, оны қорыту агрегаттарына жеткізу, басқа да бірқатар жұмыстар машина күшімен істеледі. Сондай-ақ мырш концентраттарын пештегі қайнап тұрған қабатта күйдіру, шахталы пештерде агломераттарды, отражатель пештерінде концентраттарды қорыту, металлургия шлактарын өңдеу жұмыстарын басқару ісі автоматтандырылды.

Кәзіргі уақытта түсті металл рудасын шығару жөніндегі негізгі жұмыстарды механикаландыру дәрежесі: бұрғылау жөнінде — 100 процент, проходкалау кезінде кен жынысын жинау — 91,9, руданы тасымалдау — 97,7, кен жынысын тасымалдау — 98 процент болып отыр. Лаваларда көмір шабу, қопару, тасу ісі толық механикаландырылды. Қарағанды комбинатында басқа көмір бассейндерімен салыстырғанда көмір тиеу жұмысын механикаландыру дәрежесі өте жоғары.

Республиканың мұнай өнеркәсібінде де негізгі жұмыстар механикаландырылды. Тек өткен жылы өнеркәсіптің бұл саласында насос трубалары мен штангаларды түсіру, көтеру жұмыстарындағы қол еңбегін механикаландыру жөнінде 55 комплексті қосымша тетік енгізілді, сол сияқты мұнай скважиналарын бұрғылаудың кейбір қосалқы ауыр жұмыстары механикаландырыла бастады. Мұнымен бірге былтыр кен өнеркәсібінде 130 түрлі қондырғы автоматпен басқаруға және алыстан басқаруға көшірілді.

Ірі электр станцияларында жеке жұмыстарды автоматтандыру дәрежесі кәзір 80 — 90 процентке жетіп қалды. Су электр станцияларында жұмыстарды түгел механикаландыру және автоматтандыру жөнінде едәуір табысқа қол жетті. Кейбір ірі-ірі электр жүйелерінде көмекші станциялар мен станция тармақтарын басқаруды телемеханикаландыру және автоматтандыру ісі қолға алынды.

Оңтүстік Қазақстанның мақта заводтары мен мақта дайындау орындарында да ауыр жұмыстардың көпшілігі дерлік механикаландырылды. Тоқыма өнеркәсібінде технологиялық процестерді механикаландыру негізінен аяқталды. Сондай-ақ ет, май, балық өнеркәсібінде жұмысты түгел механикаландыру жөнінде қол жеткен бірқыдыру табысымыз бар. Мәселен, ет өнеркәсібінде сиыр мен құсты сою ісіне үдемелі әдіс енгізілуде.

Дегенмен өндіріс жұмыстарын механикаландырудың кәзіргі дәрежесі республикада халық шаруашылығын жедел өркендетіп, еңбек өнімділігін барынша арттырудың бүгінгі талабына сай емес. Мұны ең алдымен көмір өнеркәсібінен айқын көруге болады. Көмір шығару әлі де ауыр еңбек жұмсауды көп керек етіп отыр. Көмір өнеркәсібін алда-

ғы уақытта экономикалық көрсеткіші, еңбек өнімділігі жоғары өнеркәсіпке айналдыру — басты мақсаттың бірі. Ол үшін өндіріс жұмыстарын толық механикаландырып, автоматтандыру керек. Әйткенмен, Қарағанды көмір комбинатында істің жайы мәз емес. Комбинатта тек 10 тұрақты ленталы конвейер линиясы, лавалар мен штректерде 14 конвейер линиясы, кейбір ауа айдау, скип, көтеру қондырғылары, су тартатын насостар ғана автоматтандырылды және алыстан басқаруға көшірілді.

Кәзіргі уақытта еңбек өнімділігін арттыруға едәуір тұсау болып отырған себептің бірі — кәсіпорындарда өндіріс қуатының, қолда бар механизмдер мен жабдықтардың қанағаттанғысыз пайдаланылуы. Мысалы, Қарағанды комбинатының шахталарында негізінен алғанда ұйымдастыру жұмысының нашарлығынан көмір комбайндары норма бойынша 70 проценттің орнына 56 процентке жуық, ал көмір тиейтін машиналар 42 процент қана пайдаланылады. Соның салдарынан өткен жылы Қарағанды шахталарының 25-сі еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі жоспарды орындамады.

Жаңа шахталар салумен қатар, қаржыны аз жұмсап көмірді көп шығарудың, еңбек өнімділігін арттырудың тағы бір қайнар көзі — қатардағы шахталардың жобалық қуатын игеруді жеделдету және қайта құру, кеңейту жолымен олардың қуатын арттыру. Бірақ бұл жөнінен де комбинат мәз таптырып отырған жоқ. Кәзір барлық шахтаның 40 проценті ғана жобалық қуатты игерді және едәуір арттырды. Ал көптеген шахталар, оның ішінде 20-бис, 107, 6/7, 31-бис, 86/87 шахталары жобалық қуатты пайдалануда едәуір артта қалып отыр. Міне мұның бәрі көптеген шахталардың еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі қолда бар мүмкіндіктерді сарқа пайдаланбай отырғанын көрсетеді. Еңбек өнімділігінің төмен дәрежеде қалуы көбіне-көп шахталарда техникалық пайдалану тәртібін бұзғандықтан, еңбек тәртібінің нашарлығынан болады. Мәселен, № 20, 33/34, 101 шахталарында, Қостенко атындағы шахтада жағдай дәл осындай.

Мұнай кәсіпшіліктерінде де мұнайды насоспен шығаратын, жинастырып, қотаратын жабдықтарды автоматпен басқару, алыстан басқару жөніндегі шаралар баяу жүзеге асырылуда. Мұнайды резервуарға құйған кезде оның мөлшерін автоматтық жолмен реттеу әлі күнге өндіріске енгізілген жоқ.

Қашауды забойға жеткізу, бұрғылау кезінде қашау жұмысын автоматпен реттеу және басқалары сияқты аса маңызды жұмыстарды механикаландыру ісі баяу шешілуде.

Өндірісті механикаландырудағы және автоматтандырудағы елеулі кемшілік қосалқы жұмыстарды қамту арқылы өндіріс жұмыстарын жаппай толық механикаландыру ісіне жеткілікті көңіл бөлінбегендігінен болып отыр. Сондықтан әсіресе қосалқы жұмыстарда қолмен істейтін жұмысшылардың саны әлі өте көп. Мәселен, республиканың көмір өнеркәсібінде шахтадағы көмірі алынған жерлерді бекіту, конвейерлерді ауыстырып қою және басқа кейбір жұмыстар негізінен қолмен істеледі. Кәзіргі уақытта көмір шахталарындағы барлық жұмысшының 30 — 40 процентке жуығы осы жұмыстарда жүр.

Мұнай өнеркәсібі көмір өнеркәсібімен салыстырғанда экономикалық жағынан неғұрлым тиімді болғанымен өнеркәсіптің бұл саласында өндіріс жұмыстардың көптеген түрлері әлі күнге қолмен істеледі. Мұның өзі қолда бар негізгі өндіріс қуаттарын пайдалануға кедергі келтіруде. Мысалы, скважиналарды жер астында жөндеуге және бұрғылауға керекті жабдықтарды түсіріп, шығару, топырақ, цемент ертінділерін әзірлеу, қашауды ауыстыру, басқа да жұмыстар осы уақытқа дейін толық механикаланған жоқ. Қосалқы жұмыстарды механикаландыру дәрежесінің төмен, ұйымдастыру ісінің нашар болуы салдарынан бұрғылау жұмысында да, сондай-ақ скважиналар мен бөлшектерді жер ас-

тында жөндеу ісінде де негізгі агрегаттар өте нашар пайдаланылып келеді. Мұнай өнеркәсібінде мұнай шығару жөніндегі өндіріс жұмыстарын автоматтандыру енді-енді ғана қолға алына бастады. Кен орындарын ашу әдісі де жетілдірілген жоқ, соның салдарынан бұған қаржы шамадан тыс көп жұмсалады, мұнайдың әуелгі табылған қорының 65 — 70 проценттен астамы шығарылмай қалады.

Өнеркәсіптің барлық саласында дерлік шикізат, материал, бұйым әдетте қолмен тиіп, түсіріледі. Мұндай жұмыстармен көп адам шұғылданады. Бұл еңбек өнімділігін арттыруға едәуір кедергі болып отыр. Сондықтан қосалқы жұмыстарды кеңінен механикаландыру, онан кейін барлық жұмыстарды түгел механикаландыру мәселелері — еңбек өнімділігін арттырудың аса маңызды мәселелері.

«Съезд, — делінген партияның ХХІ съезінің қарарында, — жетіжылдық жоспарды ойдағыдай орындаудың және коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың шешуші шарты — жаңа техниканы өндіріске кеңінен енгізу, өндіріс жұмыстарын жаппай толық механикаландыру және автоматтандыру; халық шаруашылығының барлық саласын мамандандыру мен кооперативтендіру, деп есептейді. Жетіжылдықтың ішінде өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығындағы, құрылыстағы, транспорттағы өндіріс жұмыстарын толық механикаландыру негізінде қолмен істелетін ауыр еңбекті жою міндеті алға қойылады».

СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарында республикада өнеркәсіп өндірісін бұрынғыдан күшті қарқынмен өркендету шаралары көзделген. 1965 жылы өнеркәсіп өнімі Одақ бойынша 1958 жылға қарағанда 80% процент, ал Қазақстан бойынша 2,7 есе өсуге тиіс.

Сонымен қатар жетіжылдық жоспарда өнеркәсіп өнімі өсімінің едәуір бөлегі кәзіргі қолда бар кәсіпорындарды қайта құрып, техникалық жағынан қайта жабдықтау есебінен алынады. КПСС ХХІ съезінің Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасы бойынша қабылдаған қарарында бұл мәселеге ерекше көңіл бөлінді. «Күрделі қаржыны неғұрлым тиімді пайдалану үшін, — делінген қарарда, — көптеген қаржы кәзіргі бар кәсіпорындарды қайта құруға, кеңейтуге және техникалық жағынан қайта жабдықтауға, жабдыктарды жаңартуға және жаңғыртуға бағытталуға тиіс, бұл аз шығынмен, жаңа кәсіпорындар салуға қарағанда, өнім шығаруды ұлғайту және еңбек өнімділігін арттыру міндетін тез шешуге мүмкіндік береді».

Съезд шешімдеріне сәйкес көмір өнеркәсібіндегі негізгі міндет — көмір кен орнын ашуды онан әрі жетілдіру, көмір шығару жұмыстарын түгел механикаландыру, шахталарда ауа тазартқыштардың жақсы, толық жұмыс істеп, еңбек қауіпсіздігінің үлгілі ұйымдастырылуын қамтамасыз ету. Сонымен бірге қатардағы шахталардың өндіріс қуатын толық пайдалану, шахталарды қайта құрып, жабдыктарды бұрынғыдан жетілдіре түсу, жер астындағы көмірді су күшімен шығару, істеріне ерекше назар аудару қажет. Байыту фабрикаларындағы, шахта үстіндегі жұмыстарды жетілдіре беру, көмірдің сапасын жақсарту жөнінде де күрделі шараларды жүзеге асыру белгіленді. Бұл сырттағы ауыр еңбекті көп керек ететін жұмыстарды күрт азайтуға мүмкіндік береді.

Жетіжылдықта өндірісті автоматтандыру саласында көп жұмыс істеледі. Бұл салада ең алдымен жер астындағы транспорттың барлық жұмысы түгел автоматтандырылады; салынып жатқан және қайта құрылып жатқан шахталардың, байыту фабрикаларының бәрінде тұрақты қондырғылар автоматтандырылады; қатардағы шахталарда конвейер линиялары, су тартатын, ауа айдайтын қондырғылар, көтерме машиналар, жер астындағы станциялар, тағы басқалары алыстан бас-

қаруға және автоматпен басқаруға көшіріледі; шахтадағы зиянды газдың мөлшерін автоматтық жолмен бақылап, өлшеп отыру әдісі енгізіледі.

Жеті жыл ішінде Қарағанды көмір кеніндегі шахталардың бейнесі көп өзгереді. Әсіресе жаңадан салынатын ірі, толық автоматтандырылған шахталарда забойдан темір жол вагонына дейінгі бірде-бір жұмысқа қол еңбегі жұмсалмайды.

Шахталарда проходкалау жұмысының көлемі жылдан-жылға ұлғайып келеді. Демек оған жетілген, үздік машиналар керек. Міне осындай техниканың бірі—«Қарағанды—131» проходка комбайны болмақ. Бұл жаңа комбайнның жобасын Қарағандының ғылыми-зерттеу көмір институты жасады. Алдағы уақытта бұл комбайнды сыннан өткізіп, өндірісте кең пайдалану міндеті тұр. Жаңа машинаның жұмыс өнімділігі бұрынғы машиналардан екі есе жоғары болмақ. Сондай-ақ комбинатта қолда бар машиналар, оның кейбір бөлшектері онан әрі жетілдіріле түседі.

Көмір өнеркәсібінде өндірісті дұрыс ұйымдастыру, еңбек ету жағдайын жақсарту ісінде циклдік жұмысты жетілдіре түсіп, жаппай қолданудың, жаңа техника негізінде көмір шығарудың үдемелі әдісін өндіріске кеңінен енгізудің маңызы зор. Бірақ еңбек өнімділігін арттырудың осы сыналған әдістері барлық жерде бірдей кең қолданылып отырған жоқ. Қарағанды шахталарында циклдік графикпен, үдемелі әдіспен жұмыс істейтін бригадалар, сменалар өте аз. Кейде тіпті оларға, мысалы, Саран көмір тресінің шахталарында, жеткілікті көмек те көрсетілмейді. Алдағы жетіжылдықта міне осындай кемшілікке жол бермеуге тиіспіз. Ол үшін шахталардың көпшілігін циклдік графикпен, үдемелі әдіспен жұмыс істеуге көшіру керек.

Еңбекті дұрыс ұйымдастыру мәселесін сөз қылғанда көмір шығару және кен-азірлік забойларында сменалық немесе тәуліктік комплексті бригадалар құру мәселесіне тоқтамай кетуге болмайды. Өйткені мұның циклдік график бойынша жұмыс істеу үшін де маңызы күшті. Мұндай бригаданың тағы бір артықшылығы сол — оның әрбір мүшесі өндіріс циклінің кез келген жұмысын істей алады. Бұған жету үшін жұмысшылардың техникалық білімін көтеріп, бірнеше мамандықты меңгеруіне жетуіміз қажет.

Мұнай өнеркәсібінде бұрғылау мен мұнай шығарудың техникасы мен технологиясын дамыта түсудегі негізгі бағыт мынау болуға тиіс:

бұрғылау ісінде — диаметрі кішірейтілген скважиналарды бұрғылауға жаппай көшу; бұл бұрғылау қарқынын жылдамдатып, еңбек өнімділігін арттырумен қатар, материал мен қаржыны көп үнемдеуге жағдай жасайды; бұрғылау жүйесін жаңа, жұмыс өнімділігі жоғары, алып жүруге қолайлы, жеңіл, механикаланған бұрғылау қондырғыларымен қайта жабдықтау; бұрғылау кезінде түсіріп, көтеру жұмыстарын механикаландыруға арналған қосымша бөлшектердің комплексін кеңінен қолдану; саз-топырақ ертіндісін әзірлеу, тазалау, регенерациялау ісін механикаландыру;

мұнай шығару ісінде — жер қабатына қолдан ықпал жасау, әсіресе шығынды барынша аз жұмсап, мұнай қорын табуды, мұнай шығарудың белгіленген дәрежесіне жетуді қамтамасыз ететін жер қабатына қысым жасау әдістерін өндіріске кеңінен енгізу; жер қыртысында қалып қойған мұнайды алудың жаңа әдістерін жасап, қолдану; өте тиімді штангасыз электр қуатымен жүретін төменде, скважина ішінде тұратын және гидравлика-поршенді насостарды қолдану; скважиналарды жер астында жөндеуге арналған жаппай механикаланған және автоматтанған агрегатты, трубаларды бұрап кіргізуге, бұрап шығаруға

арналған автоматтарды, автоматты штангалық кілттерді, тағы басқаларын өндіріске жаппай енгізу.

Орал—Ембі ауданының нақты жағдайын, мұнай кенінің ерекшеліктерін ескере отырып, мұнай кәсіпшілігінде мұнай шығару жұмыстарын жаппай механикаландырып, автоматтандырудың ерекше зор маңызы бар. Мұны іске асырар кезде оның ұйымдастыру құрылымын да лайықты өзгерту керек. Бұл өз тарапынан мұнайдың өзіндік құнын күрт кемітуге, мұнай кен орнын ашуға жұмсалатын шығынды едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

Мұнайды, газды халық игілігіне тезірек жарату үшін геологиялық-барлау жұмыстарының әдісін жетілдіре беру, барлаушыларды кәзіргі заманғы барынша жетілген өнімді техникамен түгел қайта қаруландыру, геологиялық-іздеу, геофизикалық барлау жұмыстарының технологиясын жақсартып беру қажет.

Техникалық прогресті мықтап дамыту жөнінде өнеркәсіптің алдында тұрған орасан зор міндеттер ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық жұмыстарын жақсартып түсуді талап етеді. Сондықтан барлық өнеркәсіп орындарында бұл мекемелер кеңейтілуіне тиіс, бірқатары жаңадан ашылуға тиіс.

Халық шаруашылығы советтері қызметкерлерінің, партия қызметкерлерінің абыройлы міндеті — КПСС ХХІ съезінің шешімдерін бұлжытпай орындау үшін Владимир Халық шаруашылығы советінің ұлтісі бойынша жаңадан прогрестік әдістер мен резервтерді, мүмкіндіктерді таба білу, сөйтіп жетіжылдық жоспардың өнеркәсіп саласындағы тапсырмаларын ойдағыдай орындап шығу.

Бұл күндері республика өнеркәсібінің қызметкерлері жетіжылдықтың бірінші жылының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа қосылып, жоғары міндеттемелер қабылдауда. Олар КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумына лайықты тартумен келді. Республика өнеркәсібі бес айлық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Қарағанды шахтерлері, кенді Алтайдың, Оңтүстік Қазақстанның, Жезқазған мен Балқаштың кеншілері мен металлургртері, Ембі мұнайшылары жарысушылардың алдыңғы сапында келеді. Қарағанды кеншілері көмір шығару қарқынын айдан-айға еселеп арттыруда. Үстіміздегі жылы жоспарларын орындамайтын шахталардың саны екі есе азайды, ал циклдік график бойынша жұмыс істейтін лава-лардың саны бұрынғыдан көбейе түсті.

Республика өнеркәсібінің қызметкерлері коммунистік жарыс туын жоғары ұстап, жетіжылдық жоспарды жүзеге асыруға лайықты үлес қосады, туысқан Коммунистік партияның зор сенімін абыроймен ақтайды.

Ауыл шаруашылық өнімдерін дайындаудың жаңа тәртібінің тиімділігі

Р. КАСМАСОВ

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1953 ж.) Пленумы ауыл шаруашылығының қауырт алға басуы үшін өмірлік маңызы зор мәселерді шешті. Пленум шешімі — ауыл шаруашылығының дамуындағы жаңа беталыстың, жаңа белестің бастамасы болды.

Сентябрь Пленумынан кейінгі дәуір — Коммунистік партия мен күллі халқымыз болып коммунистік қоғам құрылысының, лениндік жоспарын онан әрі жүзеге асыру үшін, еңбекшілердің әл-ауқатын арттырып, тұрмысын жақсарту үшін, Совет мемлекетінің қуатын нығайтып, қорғаныс қабілетін күшейту үшін, партияның лениндік ұлт саясатының салтанаты үшін қажырлы күрес жүргізген уақыт болды. Міне, осы уақыт ішінде еліміздің ауыл шаруашылығы шұғыл өрге басты.

«КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумынан бергі өткен бесжылдықтың маңызы, — деді Н. С. Хрущев жолдас декабрь (1958 жылғы) Пленумында жасаған баяндамасында, — партия қолданған шаралар нәтижесінде колхоз құрылысы кемеліне келіп, оның резервтерінің іске қосылғанындай, ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жақсау және еліміздің ауыл шаруашылығында анағұрлым жоғары еңбек өнімділігіне жету міндетінің нақты негізге қойылғанында болды. Мұның коммунистік құрылыс ісі үшін, халықтың әл-ауқатын жақсартуға беру үшін ерекше маңызы бар».

Партия мен үкіметіміздің сентябрь Пленумынан бергі өткен уақытта ауыл шаруашылығын күрт ілгері бастыру үшін көптеген маңызды шараларды іске асырғаны мәлім. Соның ішінде машина-трактор станцияларын қайта құру, колхоз, совхоздарды мамандармен нығайту, ауыл шаруашылығының өндірістік-техникалық базасын күшейту, жоспарлаудың жаңа тәртібін қолдану, колхозшыларды материалдық жағынан ынталандырып, еңбекке белсене қатысуын қамтамасыз етудің маңызы ерекше болды.

Орталық Комитеттің сентябрь Пленумынан кейін бүкіл еліміздегі колхоздар мен колхозшылардың табысы ауыл шаруашылық өнімдерін мемлекетке сатып алу бағасын арттыру есебінен көбейді. Колхозшылардың тұрмыс-күйі жақсарып, әл-ауқат дәрежесі көтерілді. Мұны Қазақстан мысалынан да айқын көруге болады. Егер 1945 жылы әрбір колхозда 724 гектар егістік жер, 97 колхозшы үйі болса, ал 1957 жылы әр колхозда 6 094 гектар егістік жер, 240 колхозшы үйі болды. Мұның өзі аз уақыттың ішінде колхоздар экономикасының нығайып, ірі шаруашылыққа айнала бастағанын көрсетті. Сонымен қатар колхоздардың ақшалай қаржысы да бірнеше есе өсті. Колхоз дәулетінің молаюының қоғамдық шаруашылықтың ілгері баса беруінің негізгі тірегі — бөлінбейтін қордың мөлшері 1956 жылғы 4,2 миллиард сомнан 1958 жылы 6,1 миллиард сомға дейін жетті.

Колхоздарды сентябрь Пленумынан кейінгі мерзімде техникамен жабдықтау ісі жақсарды. Олар жұмыстың жөнін білетін, техника тегігін жақсы игерген, шаруашылыққа іскер басшылық ете алатын мамандармен толықтырылды. Мұның бәрі еңбекшілер әл-ауқатының жақса-

ра түсуіне, ауыл шаруашылығы экономикасының нығая беруіне мүмкіндік туғызды.

МТС-терді қайта құру, колхоздарға өндірістік-техникалық қызмет етуді дұрыс жолға қою ауыл шаруашылығының өрге басуына соны жағдай жасады. Қазақстанда 325 МТС қайта құрылды. Осыған орай республика колхоздары МТС-терден 1 558 миллион сомның техникасын сатып алды. Бұл қаржының үштен бірі қолма-қол төленді. Колхоздардың МТС-терден сатып алған құрал-жабдықтарын өз қолына жинақтауы нәтижелі болуда, машиналарды пайдалану жақсарды, еңбек өнімділігі арта түсті. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру қарқыны күшейе бастады.

МТС-терді қайта құруға, техниканы колхоздың өз иелігіне беруге, МТС жұмысы үшін заттай ақы төлеуді жоюға байланысты мемлекет пен колхоздың экономикалық қарым-қатынасында елеулі өзгерістер жасалды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы арасындағы өндірістік байланыс қолайлы товарлы түрге айнала бастады.

Міне осыған орай ауыл шаруашылығын онан әрі шұғыл өрге бастыру үшін өнім дайындаудың бұрын қалыптасқан тым қиын да сан сатылы жүйесі орнына бүгінгі талапқа сай, оның жаңа тәртібі мен бағаларын белгілеудің маңызы зор болып отыр.

КПСС Орталық Комитетінің 1958 жылғы июнь Пленумы «Міндетті түрде өнімдер тапсыруды және МТС-тің жұмысы үшін заттай ақы төлеуді жою туралы, ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың жаңа тәртібі, бағасы және шарттары туралы» қаулы алды.

Коммунистік партия социалистік мемлекетті дамытудың барлық кезеңдерінде ауылшаруашылық өнімдерін дайындау мәселесіне ерекше назар аударып келді. Ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың жаңа тәртібі мен бағасын белгілеген июнь (1958 ж.) Пленумының қаулысы да елімізде өнімді мол алуға, колхоз экономикасын нығайтуға кең жол ашты. Ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың жаңа жүйесіне көшу колхоздардың еңбектегі шабытын арттырды. Жаңа жүйенің икемділігі колхоздардан сатып алынатын бір тектес өнімдерге бір-ыңғай бағаның қойылып, ал еліміздің жеке аймақтарында табиғи-экономикалық жағдай жан-жақты есепке алынып, олар үшін бағаның сараланып белгіленуінен айқын көрінді. Бұл жағдай колхоздар мен колхозшыларды қоғамдық өндірісті ұлғайта беруге ынталандырмай қойған жоқ. Еңбек өнімділігінің артуына, өнімнің өзіндік құнының кему беруіне, өнім өлшемін өндіруге жұмсалатын шығынды азайтуға басты себеп болды.

Еңбек өнімділігін арттырудың бір жолы — ауыл шаруашылығын мамандандыру, яғни белгілі бір кәсіпке бейімдеп өркендету. Партияның июнь (1958 ж.) Пленумына дейінгі ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаудың қалыптасқан түрі еліміздің әртүрлі аймақтары мен аудандарындағы ерекшеліктерді ескермеді. Содан барып кейбір колхоздарға өз жағдайында орындау мүмкіншілігі қиын, өндіру шығыны көп, пайдасы шамалы өнімдерді тапсырып отыру міндеті жүктелді.

Қазақстанда өнім дайындаудың жаңа тәртібі енгізілгенге дейін бірсыпыра аудандар ауылшаруашылық өнімдерінің жеке түрлерін өндіру бағытында мамандандырылған болатын. Осыған байланысты 1954 жылы мал шаруашылықты және мақта егетін 50 аудан мемлекетке астық, 154 аудан овощь, 121 аудан картоп тапсырудан босатылды. Ал, 1957 жылы мал шаруашылықты 47 аудан мемлекетке тек ет өткізуге көшіріліп, олар сүт тапсырудан босатылды.

Өнім дайындаудың жаңа тәртібіне көшуге байланысты облыстық атқару комитеттеріне қайсыбір аудандарда ауылшаруашылық өнімдерінің экономикалық жағынан тиімсіз түрлерін өндіруді бұдан былай жоспарламау жағы ескертілді. Онан да табысы көп пайдалы дақылды

егу тиімділігі көрсетілді. Егер кейбір аудан колхоздары картоп пен овощь салуға неғұрлым шұрайлы жерді тандап алып, шаршы-ұялы әдіспен ексе, агротехникалық ережелерді дәл қолданса, күтіп-баптауды механикаландырса, өндірілетін өнімнің өзіндік құны төмендеп, шаруашылықтарға көп пайда келтіретіні айтылды.

Дәл осындай озат әдістерді қолданған Павлодар ауданының Тельман атындағы колхозы овощьтан жыл сайын жоғары өнім жинап келеді. Колхоз капустаның әр гектарынан 400 центнер, сәбізден 200 центнер, жуадан 100 центнер, қиярдан 120 центнерден өнім алған. Осы шаруашылықта овощьтың әр центнерінің өзіндік құны 62 сом 69 тиын, картоптың құны — 22 сом 94 тиыннан айналған. Артель бұл өнімдерден жыл сайын жарты миллионнан аса сомның табысын келтіруде.

Бірақ картоп-овощь шаруашылығын неғұрлым тиімді негізде ұйымдастыра алмай, бұл дақылдарды болмашы мөлшерде ғана өндіру ісінен қол үзбей отырған шаруашылықтар да бар. Қайсыбір облыстарда картоп-овощь, тіпті техникалық дақылдардың көбісі, облыс орталығынан, сондай-ақ темір жолдан қашық, оларды егу үшін арнайы бейімделмеген жерлерге, аз көлемде егілуде. Ал мұның өзі шаруашылыққа мүлде тиімсіз. Мысалы, республикамыздың түрлі облыстарында картоп дайындау жоспары 72 ауданға, овощь дайындау 103 ауданға белгіленген-ді. Алыста тұратындықтан бұл аудандар картоп, овощь тапсырудан босатылған. Мынадай фактіге келісуге болмайды. Былтыр Солтүстік Қазақстан облысының Полуден ауданындағы колхоздар екен картоптың әр центнерінің өзіндік құны осы облыстың Преснов ауданында өндірілген картоптың өзіндік құнынан 2,5 есе, овощьтан төрт есе кем болды. Ал соған қарамастан биыл осы екі ауданға картоп дайындау жоспары бірдей мөлшерде белгілене салған. Мұнда Преснов ауданының облыс орталығынан 150 километр қашық тұратыны, ал Полуден ауданының қала іргесінде екені ескерілмеген.

Көкшетау ауданында егілген картоп пен овощьтың өзіндік құны алыстағы Еңбекшілдер ауданындағыдан екі есе төмен. Осыған қарамастан Еңбекшілдер ауданына биыл тағыда картоп егу ұсынылған. Бұдан әрине, алыс аудандарда картоп-овощь сықылды ауыл шаруашылығының басқа да өнімдері өндірілмесін деген ұғым ешбір тумақшы емес, қайта бұл дақылдар сол ауданның тұрғын халқын қамтамасыз ететін мөлшерде дайындау жоспарының белгіленген, белгіленбегеніне қарамай, егілсе тиімді болар еді.

Республикамызда егілетін темекі, махорка сияқты техникалық дақылдардың, күнбағыстың егіс көлемі шашыранды болып жүр. Соның салдарынан бұл дақылдардың өнімін дайындау жоспары жылма-жыл орындалмай келеді. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында өткен жылы, 9 ауданның 46 колхозында егілгеніне қарамастан, махорканың өнімі жоспарда белгіленгеннің 3-ақ процентіндей болды. Бұл да келешекте көңіл аударатын жәй.

КПСС Орталық Комитетінің июнь (1958 ж.) Пленумы мемлекетке міндетті түрде тапсырылатын ауылшаруашылық өнімдерін (оның ішінде астық, картоп, ет, сүт, жұмыртқа, жүн) есептеудің сол өнімдер егілетін жер жағдайын, ауа райын еске ала отырып, гектарлық принципін бұрынғыша сақтауды қажет деп тапқан болатын. Өнім тапсырудың гектарлық принципі колхоздардың мемлекетке өткізуге тиісті ауылшаруашылық өнімдерінің нақты мөлшерін анықтауға, сондай-ақ өздеріндегі егістік жерді жақсы пайдалануға мүмкіндік берді.

Биыл ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаудың жоспарын белгілегенде Талдықорған облысының колхоздары бойынша, өнім қабылдаудың гектарлық принципін негізделіп, астық дайындаудың бұрынғы қолданылып келген үш кестелі мөлшері орнына жаңадан алты кестелі мөлшері (нормасы), картоптың бұрынғы бір кестелі мөлшеріне, жаңа-

дан төрт, ет өткізудің бұрынғы төрт кестелі мөлшеріне, жаңадан сегіз кестелі мөлшер көлемін қолдану белгіленді. Болмаса, Жамбыл облысының Қордай ауданындағы колхоздардың ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың бұрынғы тұрақты бір кестелі мөлшері орнына жаңадан үш кестелі өлшем мөлшері қолданылып отыр.

Ауылшаруашылық өнімдерін дайындау ісін ұйымдастырудың ең маңызды шарты — сол өнімдерге өзін-өзі ақтайтын, экономикалық жағынан тиімді бағаны белгілей білуде. Ауылшаруашылық өнімдеріне дұрыс баға қою колхоздың ұлғаймалы ұдайы өндірісін қамтамасыз етіп қана тынбайды, сондай-ақ оның экономикасын нығайтып, колхозшыларды еңбек өнімділігін арттыруға ынталандырады. Демек, Коммунистік партияның ауылшаруашылық өнімдеріне жаңа баға белгілеудегі саясаты мемлекет пен колхозды нығайта беру, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті дамыта түсу мүддесінен келіп туып отыр.

Колхоздарда қоғамдық еңбектің өнімділігі мемлекеттік кәсіпорындармен салыстырғанда төмен болуы, колхоз өндірісінің кәсіпорындармен салыстырғанда халық шаруашылығы жоспарында аз қамтылуы, колхоз өндірісінде баға құнының экономикалық әсерін, мемлекеттік кәсіпорынға қарағанда, күшейте түседі. Сондықтан ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың жаңа бағасын белгілеуде, өнімді өндірушілерді материалдық жағынан әруақыт ынталандырып отыру қажет деген лениндік қағида берік негізге алынды.

Қазақстанның түрлі аймақтарында табиғи-экономикалық, тапырақ-ауа райының жағдайы сан алуан. Бұлар еңбек өнімділігіне, өнімнің өзіндік құнына үлкен әсер етеді. Өнім дайындаудың бұрынғы жүйесіндегі мұндай жағдайлар МТС-тер жұмысы үшін төленетін заттай ақының көлемінде білінбей кететін. Қазір ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаудың жаңа тәртібі арқасында еліміздің табиғи-экономикалық жағдайлары еске алынып, жаңа аймақтарға бөлініп отыр.

Мысалы, Қазақстанда астық пен сүтті мемлекетке сатып алу бағасы 4 аймақ бойынша, ірі қара мен қой етіне баға 3 аймақ бойынша саралап белгіленген. Мұның өзінде әрбір аймақ белгілі бір облыстарды ғана қамтиды, ал жеке облыстар ішіндегі ерекшеліктер, сол облысқа тән табиғи-экономикалық жағдайлар, әлі де ескерілмей отыр. Сондықтан да бұдан былай қарай ауылшаруашылық өнімдеріне тағайындалған бағалар, аймақтардың ерекшеліктеріне сәйкес әлі де тиянақты, анықтала беруі шарт. Ал, барлық аймақтар үшін жүн мен шөпке бір бағаның белгілене салуы, бұл мәселеге сөзсіз қайта оралуды керек етеді.

Сондай-ақ кәзіргі кезде кейбір өнімдердің сатып алыну бағасы мен совхоздардың өткізу бағалары арасындағы алшақтық та көңіл аударарлық мәселе. Біздіңше, колхоз өндірісінің дами түсуімен байланысты, өнім дайындаудың совхоз бен колхоз арасындағы айырмашылығы анау айтқандай болмауға тиісті.

Өнім дайындаудың жаңа бағасын колхоздар өткізетін өнімнің сапасына қарай қолдану көзделген. Мысалы, мемлекетке қатты да төзімді бидай өткізгені үшін колхоздарға баға, жұмсақ бидайға қарағанда, 40 процент жоғары төленеді. Сол сықылды етке тапсырылатын малдың арығынан гөрі семіз, қондысы қымбатырақ бағаланады.

Өнім дайындаудың жаңа шарттары мен ауылшаруашылық өнімдерінің бірыңғай бағалары әрі тұрақты, әрі икемді. Ол егіннің шығымдылығы бірқалыпты болған жылдары өзгермейді де, ал кейде қуаншылыққа т. б. жағдайларға байланысты егін шықпай қалған жылдары өзгеріліп тұрады. Мұнда сондай-ақ мемлекетке өткізілетін ауылшаруашылық өнімдерінің маусымды сипаты да ескерілген. Ауылшаруашылық өнімдерін сатып алудың жаңа бағаларын қолдану колхоздардың ұлғаймалы ұдайы өндірісін қамтамасыз етті, сондай-ақ шаруашылық

есептің жақсаруына, еңбек шығынының азаюына, өнім өлшемі үшін жұмсалатын қаржыны кемітуге мүмкіндік берді.

Өткен жылы республика колхоздары ауылшаруашылық өнімдерін тапсырудың мемлекеттік жоспарын артығымен орындады. 1957 жылмен салыстырғанда ет — 26, жұмыртқа — 34, жүн — 28, сүт — 2 процент артық тапсырылды. Колхоздардың ақшалай табысы былтыр 1957 жылмен салыстырғанда екі есе өсіп 6,9 миллиард сомға жетті. Олардың бөлінбейтін қорлары 1,7 миллиард сом болды.

Жамбыл облысының Қордай ауданындағы колхоздардың ақшалай табысы 1957 жылғы 59 миллионның орнына 1958 жылы 102 миллион сомға дейін өсті. Ал «Трудовик» колхозының табысы — 15, «Путь Ленина» колхозының табысы — 14, Калинин атындағы колхоздың табысы — 10, «Ақтерек» колхозының табысы — 8 миллион сом болды. Соның нәтижесінде аудан колхоздары өздерінің бөлінбейтін қорын молайтып, колхозшылардың еңбегіне төлейтін астық пен ақшаның мөлшерін көбейтті.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындауға бірінғай бағамен жаңа шарттар қолдана бастағаннан бері колхоз экономикасының нығайғанын, шаруашылықтың шалқығанын Қордай ауданының «Ақтерек» колхозы мысалынан көруге болады.

Егер 1957 жылы колхоздың барлық ақшалай табысы 4 061 мың, бөлінбейтін қоры 4 272 мың сом болып, әрбір еңбеккүнге 0,5 килограмм астық, 7 сомнан ақша төленген болса, ал 1958 жылы колхоздың ақшалай қаржысы 8 130 мың, бөлінбейтін қоры 6 600 мың сомға жеткен. Сөйтіп әрбір еңбеккүнге 1,5 килограмнан астық, 10 сомнан ақша төленген. Осы мысалдан айқын көрініп отырғанындай артельдің ақшалай табысы екі еседей артып, бөлінбейтін қоры 2,4 миллион сом болған.

Немесе Жамбыл ауданындағы Сталин атындағы колхозды алайық. Колхоз өткен жылы ауылшаруашылық өнімін өндіруді бірнеше есе көбейтіп, егістік жердің көлемін ұлғайтты. Колхоз әр гектар қызылшадан 520 центнерден өнім алды. Ал биыл бұл дақылдың көлемін 600 гектарға жеткізіп, әр гектарынан 550 центнерден өнім алу үшін күресуде.

Өткен жылы колхозда әрбір сауын сиырдан 3 150 килограмнан сүт сауылды, әр қойдан 4,5 килограмнан жүн қыркылды. Колхоз 1957 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығының осы өнімдерін мемлекетке бірнеше есе артық тапсырды: астық 4 есе, қант қызылшасы 70 процент, ет 4, сүт 33, жұмыртқа 22 процент артық өндірілді. Мемлекетке ет үшін өткізілген ірі қара малдың салмағы 325 килограмға, шошқаның салмағы 127 килограмға, қойдың салмағы — 58 килограмға жетті. Шаруашылықтың ақшалай табысы 8 870 мың сом болды да, бөлінбейтін қорға 2 миллион сом үлес қосылды. Артель өз қаражатына 1,4 миллион сомның техникасын сатып алды.

Сөйтіп өнім дайындаудағы жаңа бағаны қолданудан колхоздың қоғамдық шаруашылығы өсті, экономикасы нығая түсті, колхозшылардың әл-ауқаты жақсарды. Колхоздың өткен жылы қоғамдық шаруашылықтан түскен нақты табысы 1957 жылға қарағанда біраз өсіп, 5 650 мың сомға жетті, яғни жұмыс істеуге жарайтын әр адамға 8,7 мың сомнан келді. Бұл 1957 жылмен салыстырғанда 2,5 есе көп.

Қоғамдық шаруашылықтың өсуіне байланысты колхозшылардың еңбеккүнге алатын ақысы да молайды. Мысалы, осы колхоздың қызылшашысы И. Яковлева жолдастың өткен жылы тапқан 541 еңбеккүні ақшаға шаққанда 10 мың сом болды, яғни бір еңбеккүнге 55 сомнан келді.

Сауыншы В. Щербань жолдас өткен жылы өзіне бекітіліп берілген 14 сиырдан орта есеппен 3 502 килограмнан сүт сауып, 1 304 еңбеккүн тапқан еді. Щербань жолдасқа еңбегі үшін 2 тонна астық, 6 520 сом

ақша төленсе, жыл аяғында тағы да қосымша 6 240 сом ақша берілді. Сауыншының қоғамдық шаруашылықтан түсірген барлық табысы 15 мың сом болды.

Колхоз биыл еңбеккүнге тек ақшалай ақы төлеуге көшпекші.

Елімізде ауыл шаруашылығы өндірісінің бұдан былай да дами түсуіне байланысты мемлекет өзіне қажетті өнімдерді өзіндік құнының арзандығы мен сапалылығына қарай қалаған жерден тандап алатын болады. Мұның өзі ауыл шаруашылығы өндірісінің мамандана беруіне, колхоздарда еңбек өнімділігінің арта түсуіне оңтайлы әсер етеді. Ауа райының бірқалыпты болуы жағдайында белгілі өнімді шығаруға аз еңбек жұмсаған колхоздар қосымша пайда, табыс табатын болады.

Бұған мысал ретінде Солтүстік Қазақстан облысының «Победа» және «Мир» колхоздарын алуға болады. Бұл екі колхоз бір жағдайда болса да екі түрлі нәтижеге ие болып отыр. Өткен жылы «Победа» ауылшаруашылық артелінде «Мир» колхозымен салыстырғанда бидайдың шығымдылығы жоғары, ет үшін өткізген мал қонды болды. Бұл колхозда әр центнер астық өндіру үшін 1,7 еңбеккүн жұмсалса, «Мир» колхозында оған 3 еңбеккүн жұмсалды. «Победа» ауылшаруашылық артелінде товарлы өнімнің өзіндік құны оны өндіру үшін жұмсалған жалпы қаржыдан асып түсіп, 962 мың сомға тең болғанда, «Мир» колхозындағы жағдай бұдан өзгеше болды. Мұндағы товарлы өнімді өндіру үшін жұмсалған қаржының 75 мың сомы өтелмей қалды. «Победа» колхозының жалпы ақшалай табысы 2 922 мың сом болғанда, «Мир» колхозының табысы — 962 мың сом болды. Біреуінің бөлінбейтін қоры 90 процент көбейсе, біреуінікі — 60-ақ процент көбейді. Сөйтіп біркелкі жағдайдағы екі колхоздың бірі өз шаруашылығына пайда түсірді де, екіншісі зиян шекті.

Жаңа бағаны қолдануда шаруашылығы әлсіз колхоз бен озық колхоздар арасында теңгермешілік жасауға ешбір болмайды. Олай болған күнде экономикасы неғұрлым дамыған колхоздар мол табыс келтірер еді де, ал шаруашылығы шағындар зиян шегер еді. Сол себепті ең қолайлысы — өнім өндіруші аймақтардың орта дәрежесін негізге алған дұрыс.

Өнім дайындаудың бірыңғай бағаларына көшудің маңызы колхоз құрылысын дамытуға, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп арасындағы байланысты жақсартуға, қала мен деревня арасындағы байланысты онан әрі күшейтуге, жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар одағын бұрынғыдан да нығайта түсуде болып отыр.

Ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың жаңа тәртібі мен бағасы және шарттары туралы қаулының қабылданғанына бір жыл өтті. Міне осы аз уақыттың ішінде-ақ өнім дайындауды ұйымдастыру жұмысында түбірлі өзгерістер жасалды. Республика көлемінде дайындау аппаратының кейбір керексіз буындары қысқартылды, аудандық мал дайындау және бордақылау мекемелерінің тең жартысы малды бордақылап, семіртетін совхоздарға айналды. Бұл совхоздар биыл малды жайып-семірту және бордақылау есебінен 45 мың тонна қосымша ет өндіремекші. Қаймақ айыратын, сүт қабылдайтын пункттердің, май шайқайтын кәсіпорындардың көбі совхоздар қарамағына берілді немесе колхоздарға сатылды.

Осыған қарамастан, дайындау аппараттарының жұмысын әлі де ықшамдай, арзандата түсу керек. Олардың жергілікті жерлердегі жұмысына партия, совет ұйымдары тарапынан бақылауды күшейте беру қажет. Сонда ғана ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың жаңа бағасы мен тәртібін бұдан былай да дұрыс қолдану елімізге астық, ет, сүт, май, жүн тапсыру жөніндегі міндеттемелердің абыроймен орындалуына көмектеседі.

Азамат соғысының даңқты батыры

(Ә. Жанкелдиннің туғанына 75 жыл толуына)

Т. ШОЙЫНБАЕВ,

тарих ғылымының кандидаты

Жалынды революционер, азамат соғысының батыр комиссары, қазақ халқының адал ұлы, Қазақстанда совет өкіметін орнату және нығайту жолындағы күрестің аса көрнекті ұйымдастырушысы Әліби Тоқжанұлы Жанкелдиннің туғанына 75 жыл толды.

Әліби Тоқжанұлы Жанкелдин 1884 жылы июнь айында кәзіргі Қостанай облысы Аманкелді ауданының (бұрынғы Торғай уезінің Қайдауыл болысы) «Қайдауыл» деген жерінде туды. Оның әкесі байларда жалшы болды.

Байлар мен шонжарлардың малайлығында жүріп, көк иық болған жалшының баласы Әліби жас күнінен-ақ сол кездегі таптық езгінің барлық сұмдықтарын өз көзімен көріп өсті.

1902 жылы Ә. Жанкелдин Қостанайда орыс-қазақ мектебін бітіріп, Орынбор қаласындағы училищеге оқуға түсті, біраз мұнда оқығаннан кейін ол Қазан қаласындағы семинарияға ауысты. Қазанға келгеннен кейін Ә. Жанкелдин Қазан университетінің студенттерімен тығыз байланыс жасап, маркстік жасырын үйірмелерге қызу араласа бастайды. 1905 жылғы революция Әліби Жанкелдиннің дүниеге көзқарасының қалыптасуына үлкен әсер етті. 1905 жылы Қазан қаласындағы студенттер демонстрациясына қатынасқаны үшін ол семинариядан қуылды.

Ә. Жанкелдин бұдан кейін Москвадағы Діни академияға түседі. Жанкелдин үшін академияда оқу күн сайын қиындай берді. Өйткені бұл кезде оған құдайға шек келтіруші — құдайсыз деген атак тағылғанды. Оның үстіне Әліби патша жандармдарының бақылауындағы студенттер үйірмесімен байланыс жасай бастады. Сол үшін Жанкелдинге стипендия да, жәрдем де бергізілмей қойды. Ақырында мынадай қаулы алынады:

«Москваның Діни академиясының студенті Н. Степнов жын-шайтанға үйір болып кетті. Ол құдайға сенбей, жын-шайтанға қызмет еткендіктен және христиан дінін ұстаушы деген жақсы атақты алып жүруге лайықсыз болғандықтан академиядан шығарылсын».

Ә. Жанкелдин енді өзінің бүкіл өмірін халқымыздың бақытты болашағы жолындағы күреске арнады, оның революциялық қызметі 1905 жылдан басталды.

Қазақ халқының сүйікті перзентінің революциядан бұрынғы бір фотосуретінің сыртында орыс және ағылшын тілінде мынадай жазу бар: «Николай Степнов, Москва Діни академиясының студенті, әртүрлі елдерді, олардың құрылысы мен әдет-ғұрпын зерттеу мақсатымен жаяу жүріп жер жүзін айнала саяхат жасамақ болды. Ол 1910 жылы 9 июльде ешбір қаржысыз Москвадан шықты, өз сапарын тоқтатпай жүргізе беруіне ізгі ниетті адамдар көмектесер деп сенді. Ол Европаны, Африканы, Персияны, Индияны, Цейлон аралын, Малакка түбегін, Сиамды және басқа жерлерді басып өтті. Ол барлығы 45 000 шақырым жер жүрмек. Ол өзінің фотографиялық карточкаларын сатып қаржы тауып келеді. Оның ендігі баратын жері—Токио мен Сан-Франциско».

Жанкелдин «Николай Степнов» деген бүркеншік атпен жаяу жүріп, көп елді кезіп шықты: Австро-Венгрия, Швейцария, Сербия, Болгария, Түркия, Сирия, Палестина, Египет, Абиссиния, Оңтүстік Африка, Мадагаскар, Иран, Индия, Қытай, Жапония және басқа елдердің бірсыпыра жерін аралады.

Әліби шетелдерді аралағанда Европадағы жұмысшы қозғалысының тарихи тәжірибесімен танысты, империалистердің отаршылдық тепкісінде езілген Шығыс елдерінің ұлт-азаттық күресін көрді. Әсіресе ол кезде ағылшын империалистерінің күлдығында болған Индияның, араб елдерінің аянышты халі оны қатты ашындырды. Мұның бәрі Әлібиге революциялық күрес жолында шындалып шығудың мектебі болды.

Шетелдерді аралап жүрген кезінде Жанкелдин ерекше зор оқиғаға кездесті. 1911 жылы орыс революционерлерінің қеменгер көсемі В. И. Ленинмен Женева қаласында тұңғыш рет дидарласты. В. И. Ленинді көруі туралы соңғы бір мақаласында Әліби былай деп жазды:

«Менің қазақстандық екенімді білгеннен кейін Ленин менің өміржайымды сұрастыра бастады. Мен патшалық Россияда қандай азап көргенімді, әртүрлі елді аралағанда қандай әсер алғанымды айттым. Владимир Ильич менің әңгімемді ықыласпен тыңдады. Әңгімелесе келе ол патша өкіметі езіп-жаншып отырған халықтардың хал-жағдайына тоқтады. Отар елдердің еңбекшілерін қандай жолдармен азат етуге болатынын тәптіштеп айтты. Қоштасарда Ильич туған еліме сау-сәламат қайтуыма тілектестігін білдірді.

Лениннің сөздері маған қатты ұнады. Патша өкіметіне қарсы жана күшпен күресу үшін мен Россияға қайтуға ұйғардым».

1913 жылы Ә. Жанкелдин Қызыр Шығыс арқылы Қазақстанға қайтып келді. Ол келісімен Аманкелді Имановпен кездесіп, шетелде жүргенде В. И. Ленинге жолыққанын, орыс революционерлерінің не істеп жатқанын, сырт мемлекеттерде не көргенін айтып берді.

Жанкелдин туған аулында біраз уақыт болғаннан кейін Петроградқа барды, онда большевиктік ұйымдармен тығыз байланыс жасап, 1915 жылы Коммунистік партияның қатарына өтті.

1916 жылы большевик Жанкелдин партияның тапсырмасымен Қырымда жұмыс істеп жүрген жерінен Торғайға келіп, Аманкелді Имановпен бірге халық көтерілісіне басшылық етті.

1917 жылдың февралінде Россияда буржуазиялық-демократиялық революция жеңді. Революцияшыл Петроградтың ізінше елдің барлық ауданында, оның ішінде Қазақстанда да патшаның өкімет органдары құлатылды.

Февраль революциясы жеңісімен Жанкелдин Петроградқа жүріп кетті. Ол Петроград Советінің большевиктік фракциясының мәжілісінде Қазақстандағы жағдай туралы, қазақ елін қайыршылыққа ұшыратып, қазақ халқын тонап жатқан жазалаушы отрядтардың жүгенсіздігі туралы хабарлады.

Екі күннен кейін Жанкелдин Смольныйдағы Мемлекеттік Дума мүшелері мен жұмысшы-солдат депутаттары Советтерінің біріккен мәжілісіне шақырылды. «Біз қырғыз-қазақтар, — деді Жанкелдин біріккен мәжілісте, — орыс халқымен бірге елімізді патшаның қанауынан құтқарған жеңіске қуанышымызды білдіреміз. Бірақ біздің сарғая күткен бостандығымыз қайда? Жақында тағынан құлаған Екінші Николайдың генералы Лаврентьев бастаған жазалаушы экспедиция қазақ даласында мыңдаран жанды қырғынға ұшыратып, қылмысты әрекетін әлі де жүргізіп жатыр».

Оның бұл сөзі большевиктердің «Бұл — біздер үшін масқара, масқара!» деген дауыстарымен ұласып, отырғандарды тебіrentіп жіберді.

Жанкелдиннің сөзінен кейін большевиктер жазалаушы экспедицияны қайтарып алуды талап етті. Бұл ұсыныс қабылданды.

Россиядағы саяси оқиғалардың жай-жапсарын жете түсінген табанды большевик Қазақстанға Петроград Советінің уәкілі болып қайтты.

Көптеген митингілерде сөз сөйлеп, Коммунистік партия мен оның ұлы көсемі В. И. Лениннің нұсқауларын Жанкелдин еңбекші халыққа кеңінен түсіндіріп отырды.

Октябрь революциясының алғашқы күндерінің бірінде Я. М. Свердлов Жанкелдинді Петроградқа шақырып алып, оның Торғай облысының Төтенше соғыс комиссары болып тағайындалғаны туралы В. И. Ленин қол қойған РСФСР Халық Комиссарлары Советінің мандатын тапсырды. Жүрер алдында Жанкелдинді Владимир Ильич қабылдады. Әңгіме үстінде В. И. Ленин жағдайды қысқаша түсіндіре келіп, Октябрь революциясының сипаты мен совет өкіметінің болашағы туралы айтып берді.

1918 жылдың январь айында қызыл гвардияшылар шабуыл жасай отырып, Орынборға жақындап келді. Бұл кезде жұмысшылар қаланы өзінде көтеріліс жасаған еді. Іштен де, сырттан да шабуылдың қыспағында қалған Дутов бандалары талқандалды. Әскерінің қалған-құтқанын жинап алып, Дутов қашып кетті. Онымен бірге алашордашылар да, олардың «үкіметі» де тайып тұрды.

Орынбор азат етіліп, контрреволюция талқандалғаннан кейін Жанкелдин ауылдарда совет өкіметін орнатуға белсене кірісіп, Советтердің уездік съездерін өткізді. Бұл күндері ол халық арасында үлкен беделге ие болып, талантты ұйымдастырушы екенін танытты.

Қазақстанда совет өкіметін нығайту тарихынан Советтердің Торғай облыстық бірінші съезі үлкен орын алады. Съезд облыстық атқару комитетінің председателі етіп Әліби Жанкелдинді сайлады.

1918 жылдың көктемі келді. Отанымыздың басқа халықтары сияқты, қазақ еңбекшілерінің де бейбіт еңбегінің шырқын шетел интервенциясы мен азамат соғысы бұзды.

Большевиктік партияның шақыруымен Қазақстанның жұмысшы табы мен шаруалары пролетарлық революцияның жеңісін қорғауға аттанып, интервенттер мен ақгвардияшыларға қарсы зор шайқасқа шықты. Мың-мыңдаған қазақтар өз еркімен Қызыл Армия қатарына келіп қосылды.

Совет үкіметінен Торғай облыстық Советі жәрдем сұрады. Көмек сұрап Москваға жіберілген делегацияны Ә. Жанкелдин бастап барды.

— Москвада болған кезімде, — деп жазды ол өзінің есте қалғандарында, — мені Владимир Ильич Ленин қабылдады. Ол тезден әскери көмек, азық-түлік және басқа қажетті көмек берілетінін айтып, совет өкіметін қорғау жөніндегі міндеттерді айқындап түсіндірді.

В. И. Ленин және оның серіктері Жанкелдиннің әскери қызметте тәжірибесі бар, табанды большевик, қабілетті ұйымдастырушы екенін жақсы білетін. Сондықтан ол бүкіл дала өлкесінің Төтенше комиссары болып тағайындалды.

Жанкелдин өзінің шағын отрядын нығайтып алып, ақ чехтардың тылы арқылы Қостанайға қарай өтпекші болды. Бірақ жеткілікті күшпен қаржы болмағандықтан Жанкелдин атқару комитетінің мүшелерін Симбирскіге қалдырды да, өзі көмек алу үшін Москваға қайтып келді.

Ол Москвада В. И. Ленинге және Я. М. Свердловқа тағы да жолығып, Лениннің көрсеткен маршруты бойынша отрядты Астрахань—Красноводск—Ашхабад арқылы Түркстан майданына алып өтуді ұйғарды.

«Сапар өте ауыр, аса қиын еді, — дейтін Жанкелдин, — осы жағдайды білгеннен кейін дәл жүрер алдында кейбір командирлер қобалжып қалды. Амалсыздан экспедицияның міндеті мен мақсатын түсіндіруге тура келді. Қиыншылықтарды жасырып, бүккенім жоқ. Жаудың

тылына өту үшін сусыз шөл далада қару-жарақ, оқ-дәрі мен үш мың километрдей жол жүру керек, мүмкін қиян-кескі ұрыстарға да килігіп қалуымыз ықтимал. Ал көпшілік экспедицияның маңызына түсініп, отрядта қалды».

Еділ бойымен Царицыннан Астраханьға дейінгі жол өте қауіпті еді, өйткені отряд мінген кемеңі ақгвардияшылар атып, суға батыруы мүмкін еді. Сол себепті отряд көбіне жарықты сөндіріп, түнде жүрді.

Жанкелдиннің отряды Астраханьға келген кезде қалада контрреволюциялық бүлік болып жатыр екен. Отряд келген бойда бүлікті басуға кірісті.

23 августа экспедициялық отряд «Абассия» және «Махли» кемелеріне қару-жарақ пен жабдықтарын тиеді де, Александровск фортына бет алып, ашық теңізге шықты. Бұл кезде Александровск форты меншевиктік-эсер өкіметін құрған ағылшын басқыншыларының қолында еді. Жағаға келіп түскен Жанкелдин отрядын ақгвардияшылар тұтқындамақ болды. Бірақ ақгвардияшылар революция солдаттарының темірдей тегеуірініне төтеп бере алмай, кескілескен ұрыста тас-талқаны шықты. Александровск фортында совет өкіметі қайта орнады.

Адай уезінің еңбекшілері совет өкіметі жағына шығып, Жанкелдин отрядының тез ілгерілеуіне не жағдайдың бәрін жасады. Отрядтың қарауына олар алты жүз түйе мен сонша ат берді.

Август айының екінші жартысында керуен Үстірт деген жерден шықты. Жол-жөнекей ақ казактардың шабуылын тойтара отырып, үлкен қиыншылықтарды басынан кешірді. Арада екі жарым ай өткеннен кейін отряд Шалқар станциясына жетіп, Ақтөбе майданына (Шығыс Түркстан майданы) қару-жарақ жеткізді.

В. И. Лениннің тапсырмасы абыроймен орындалды. Жанкелдин жорығы Қазақстандағы азамат соғысының тарихына алтын әріппен жазылды.

Азамат соғысы жылдарында ол партия ісіне өзінің шын берілген, қажырлы күрескер екенін көрсетті. Қазақстанның көптеген аудандарында оның белсене қатысуымен Қызыл Армияға көмектесетін ұлттық әскер бөлімдері құрылды. Торғай, Орал және Бөкей облыстарында ғана 4 атты полк, 11 жеке атты эскадрон, 3 атқыштар полкі және басқа бөлімдер құрылды. Партияның тапсыруымен Ә. Жанкелдин жауынгерлер арасында саяси-тәрбие жұмысын жүргізіп, командирлер даярлауға үлкен еңбек сіңірді. В. В. Куйбышев пен М. В. Фрунзе Жанкелдиннің әскери қызметін жоғары бағалады.

1919 жылдың сұрапыл күндерінде казактың жауынгер командирі контрреволюцияға қарсы ұрыстарға басшылық етумен бірге, жаудан босатылған қалалар мен селоларда еңбекшілер арасында саяси жұмыс жүргізді. Ол 5-ші армияның 32-ші дивизиясын басқарып, Челябинск, Орск, Қостанай қалаларын ақтардан босатуға қатысты.

Жанкелдин октябрь айының аяқ шенінде жаудан азат етілген Қостанайда Советтердің қостанайлық бірінші съезін өткізіп, съез атынан М. И. Калининге «Советтердің қостанайлық Бірінші съезі Сіз арқылы совет өкіметіне сәлем жолдайды. Қолчакка қарсы қарулы отряд ұйымдастырып жатырмыз» деп телеграмма жіберді.

Декабрь айының басында Ә. Жанкелдин В. И. Ленинге жіберген телеграммасында: «Қостанайда құрған ерікті отрядым жиырма күндей жол жүріп, 5 декабрьде Торғай қаласын алды. Бұдан былай істейтін жұмыстарым туралы телеграмма арқылы хабарлап отырамын» деген.

Сөйтіп, 1919 жыл Ә. Жанкелдиннің өмірінен ерекше орын алады. Осы кезде ол саяси және мемлекет қайраткері ретінде ерекше көзге түсті. В. И. Лениннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, ол ұлт интеллигенциясына дұрыс жол нұсқап, оларды буржуазияшыл ұлтшылдық пиғылға берілмеуге үгіттеді. Жанкелдин тұңғыш рет құрылып

жатқан Қазақ мемлекеті органдарының төңірегіне қазақтың демократияшыл интеллигенциясының таңдаулы күштерін топтастыра білді.

Жанкелдин қазақтың тұңғыш Совет үкіметін — Қырғыз Революциялық комитетін құруға белсене қатысты. 1919 жылы 10 июльде В. И. Ленин қол қойған РСФСР Халық Комиссарлары Советінің Декреті бойынша Қырғыз өлкесін басқаратын Революциялық комитет — Кирревком құрылды (ол кезде Қазақстан Қырғыз өлкесі деп аталатын). Совет үкіметінің бұл тарихи Декреті Қазақ Совет мемлекетін құрудың негізі болды.

Ақтөбеде «белсенді қызметкерлердің — советтік және советтік емес қызметкерлердің» конференциясын шақыру туралы Қырғыз революциялық комитеті қаулы алды. Бұл конференция 1920 жылғы январь айында өткізілді. Конференцияға Торғай, Ақтөбе, Орал, Сырдария, Ферғана және Закаспий облыстарынан 250 делегат келді. Конференция совет өкіметін жақтау, Қызыл Армия қатарын қазақ жастарымен толықтыру, қазақ облыстарының бәрін бір республикаға біріктіру туралы шешім қабылдады.

Осы конференцияның большевиктік фракциясы бүкіл Қазақстан бойынша РКП(б)-ның бірыңғай партия орталығын құру туралы қарар шығарды. Төрт ай өткеннен кейін партияның Орталық Комитетінің шешімі бойынша Қазақстанда РКП(б)-ның облыстық бюросы құрылды. Бюро мүшесі болып Әліби Жанкелдин сайланды.

1920 жылғы 26 августа Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Председателі М. И. Калинин мен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің Председателі В. И. Ленин Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Советтік Социалистік Республикасын құру туралы декретке қол қойды.¹

Қазақ АССР-ның Құрылтай съезі 1920 жылдың 4 октябрінде Орынбор қаласында ашылды. Құрылтай съезі жер, соғыс, азық-түлік және басқа мәселелерді жан-жақты талқылап, тиісті шешімдер қабылдады. Сондай-ақ Қазақстан үкіметін сайлады. Әліби Жанкелдин үкіметтің құрамына енді. Съезд Ә. Жанкелдинді Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті председателінің орынбасары, сонымен қатар Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссары етіп сайлады.

Құрылтай съезінен кейін Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің Президиумы өзінің 22 октябрьдегі мәжілісінде Ә. Жанкелдинді Шығыс халықтарының насихат және қимыл Советіндегі қазақ халқының өкілі етіп белгіледі.

Ә. Жанкелдин қазақ халқының бұл сенімін абыроймен ақтады. Ол қазақтың ұлттық мемлекетін дамытуға өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін аяған жоқ.

Әліби Жанкелдинді жақсы білетін адамдардың, әсіресе оның бір кездегі жауынгер досы, әрі секретары Елена Афанасьеваның айтуынан оның парасатты, мейірман адам болғанын білеміз. Ол кішіпейіл, әдепті, өзіне де, басқаға да талап қойғыш, жоқшылық пен қиындыққа мойымайтын, ізгі жанды адам еді.

Біздің республикамыздың Халық Комиссарлары Советінің тұңғыш председателі, 1897 жылдан партия мүшесі қарт большевик В. А. Радус-Зенкович Ә. Жанкелдин туралы былай дейді:

«Қазақстанда совет өкіметін орнату жолындағы қиян-кескі күрес дәуірінде Жанкелдин жолдас ынталы жауынгер және шебер ұйымдастырушы болып көзге түсті. Жанкелдин жолдас өте кішіпейіл адам еді, сондықтан ол басынан кешкендерінің бәрін бізге айта бермейтін. Ал Жанкелдинмен бірге жұмыс істескен кезімді есіме алсам, ол Коммунистік партияның ісіне берілген, адал, тапсырылған іске жауапкерші-

¹ 1925 жылға дейін Қазақ республикасы Қырғыз республикасы деп аталып келді.

лікпен қарайтын адам еді. Біз Жанкелдин жолдасты Шығыс халықтары еңбекшілерінің Бакудегі съезіне жіберіп, осы съезд құрған комитетпен байланыс жасап тұруды тапсырдық. Жанкелдин жолдас саяси көзқарасы жағынан ұлы державалық шовинизммен де, қазақтың буржуазияшыл ұлтшылдарымен де күресте өз позициясын қорғай білген нағыз интернационалист еді... Жас Қазақ республикасын ұйымдастыру жөніндегі қиын-қыстау жұмыста Жанкелдин жолдас құрметті коммунист болды».

Қарт большевик, 1897 жылдан КПСС мүшесі Григорий Иванович Петровский де Ә. Жанкелдинді сүйіспеншілікпен еске түсіреді.

«Жанкелдин жолдас, — деп жазады Г. И. Петровский, — Қазақстанда совет өкіметін және Коммунистік партияны тұңғыш ұйымдастырушылардың бірі... Оның қазақтар атынан Халық Комиссарлары Советінің Председателі В. И. Лениннен, Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі Я. М. Свердловтан, Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И. В. Сталиннен, Ішкі істер халық комиссары болған менен, Е. Стасова жолдастан әртүрлі көмек беруді өтініп жіберген телеграммалары әлі есімде... Ол Совет құрылысының түрлі мәселелері жөнінде ұсыныстар қойып отыратын. Жанкелдин жолдас екеуміз Совет үкіметін, советтік тәртіпті тезірек қалай нығайтып, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын қалай жолға қоюды жиі-жиі талқылап, әңгімелесетін едік».

Совет Одағы Коммунистік партиясы тарихының жаңа оқулығының VIII тарауында былай делінген:

«Россияның ұлт аудандарындағы еңбекшілердің күресіне большевиктік ұйымдар басшылық етті. Большевиктер партиясы Россияны мекендеген барлық ұлттардың еңбекші таптарының озат адамдарын өз қатарына алды, олардан социализм мен интернационализм ісіне берілген пролетарлық революционерлерді тәрбиелеп шығарды, бұлар: Ф. А. Сергеев (Артем), Г. И. Петровский — Украинадан, М. Азизбеков — Азербайжаннан, А. Ф. Мясников (Мясникян), С. Г. Шаумян — Армениядан, П. А. Джапаридзе, Ф. И. Махарадзе, Г. К. Орджоникидзе, М. Г. Цхакая — Грузиядан, П. И. Стучка — Латвиядан, В. С. Мицкевич-Капсукас — Литвадан, Ә. Т. Жанкелдин — Қазақстаннан, В. Э. Кингисепп — Эстониядан және көптеген басқалары. Бұлар күресте шыныққан, еңбекшілер барынша сенетін партия қайраткерлері еді».

Ә. Жанкелдин 1920 жылдан Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің, ал 1938 жылдан бері республика Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі болып келді. Ол Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы председателінің орынбасары қызметінде жүріп, ұзаққа созылған наукастан кейін 1953 жылы 14 августа 69 жасында, Алматы қаласында қайтыс болды.

Совет үкіметі Ә. Жанкелдиннің революциялық қызметін жоғары бағалады. Азамат соғысы жылдарындағы жауынгерлік ерлігі, Қазақстанда совет өкіметін орнатып, нығайтуда сіңірген зор еңбегі үшін оны Ленин орденімен және Еңбек Кызыл Ту орденімен наградтады.

Әліби Жанкелдиннің есімі совет халқына қандай ардақты екенін Г. И. Петровский былайша баяндады:

«СССР Революция музейінде Әліби Тоқжанұлы Жанкелдиннің суреті ілулі тұр. Бұл сурет өмірінің соңғы минутына дейін жұмысшылар мен шаруалардың ісін, социализм ісін қорғаған даңқты лениншілді Совет Одағы халықтары мәңгі есінде сақтайтынын көрсетеді».

Қазақ халқы революция ісіне шексіз берілген, азамат соғысының даңқты батыры, өзінің сүйікті ұлы Әліби Тоқжанұлы Жанкелдинді мәңгі есте ұстайды, әрқашан үлгі етіп, мақтан етеді.

Дін—халықты уландыратын апиын

З. БЛАҚБАЕВ

КПСС XXI съезі бүкіл адамзат тарихына даңқты кезең болып кіреді. Ол Совет Одағының ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзінің де тарихи дамуындағы маңызды белес болып отыр. Ол елімізде коммунизм орнатудың тек теориялық мәселелерін ғана негіздеп берген жоқ, сонымен қатар жасампаз совет халқын елімізде коммунистік құрылысты кең өрістете жүргізудің ұлы программасымен қаруландырды.

Партияның XXI съезі қабылдаған ұлы программаны ойдағыдай жүзеге асыру жолындағы күрес қолда бар барлық материалдық және рухани күштерді, партия мен халықтың қарамағындағы барлық құралдар мен мүмкіншіліктерді барынша сарқа пайдалануды талап етеді.

Партияның қолындағы күрес құралының бірі — атеистік насихат. Атеистік насихат — партияның идеологиялық жұмысының маңызды саласының бірі.

Тарихи материализм қоғамдық сана — қоғамның материалдық тұрмыс жағдайының, қоғамдық болмыстың бейнесі деп үйретеді. Қоғамдық санаға ғылыми, философиялық, әлеуметтік-қоғамдық көзқарастар мен бірге діни наным да қосылады. Қоғамдық сананың барлық түрінің таптық сипаты болса, діни көзқарастың да таптық сипаты бар. Дін қоғамдық сананың бір түрі ретінде дүние, қоғамдық өмірге идеалистік көзқараспен бірдей. Дін мен идеализмнің шыққан әлеуметтік тегі мен атқаратын міндеті де бір. Ол — қанаушы таптар қоғамының мәңгі бақи өмір сүруінің заңдылығын дәлелдеуге тырысу. Егер діни көзқарас ашықтан ашық дүниені жаратушы құдай десе, ал идеализм оны бүркеншектеп дүниені жаратушы «абсолюттік идея», «рух» деп түсіндіреді. Олар сананы (демек құдайды) алғашқы жаратушы күш деп, ал материяны, табиғатты осы санадан жаратынды нәрсе деп топшылайды.

Діни кітаптарда тарихи шындық осылай бүрмаланып, ғылымға қарама-қарсы жазылған. Бұл кітаптарда құдай туралы, оның уәкілі пайғамбарлар, періштелер, дүниенің, адамзаттың жаралуы туралы аңыз-ертегілер көп. Оларда діни ережелер, әдет-ғұрыптар барынша мадақталады. Мұсылмандар тұтынатын ислам дінінің қасиетті кітабы құранда да осы жәйттер сөз болады.

Ислам дінінің таратуынша құранды жазған кәдімгі адам емес, құдайдың өзі болып шығады. Оны Мұхамбет пайғамбар жеткізді-міс, ал оған періштелер жеткізді-міс. Бұл — ислам дінінің пайда болуы мен құранның шығуы жөніндегі тарихи шындықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қисынсыз ертегі. Ғылым діни кітаптардың шығу сырын алдеқашан ашып, әшкереледі. Шынында құран бұдан 1300 жыл шама-сы бұрын, ислам мемлекеттік көлемдегі дін болып қалыптаса бастаған кезде жазылған. Оны Арабияда өкімет билеп тұрған шынжыр балақ, шұбар төс ақсүйектердің жарлы-жақыбайды дегеніне көндіру үшін, сендіру үшін, алдау үшін жазған.

Марксизм діни сенімге қарсы идеологиялық күрес жүргізгенде дүниедегі бірден бір прогресшіл, ғылыми көзқарас — диалектикалық материализмге сүйенеді. Марксизм діннің шығу себебі мен қанаушылық мә-

нің ғылыми тұрғыдан түсіндіріп берді. Марксизм сонымен қатар қанаушылықты, оның негізі болған жеке меншікті жою арқылы діни көзқарасты жөнудің де ғылыми жолын көрсетіп берді. Диалектикалық материализмнің бұл қағидасының дұрыстығын елімізде социализмнің толықта түпкілікті жөнудің бай тәжірибесі толығымен дәлелдеді.

Ф. Энгельстің адамзат тарихында кәзіргі белгілі діндерге дейін мындаған жылдар басқаша дәуір болғанын, ол кездегі адам баласы діннің не екенін, құдайдың не екенін білмегенін дәлелдегені жұртқа мәлім. Дін тек адамзат қоғамы дамуының белгілі бір сатысында туғанын, оған қоғамның әлеуметтік жағдайлары негіз болғанын Энгельс жан-жақты көрсетті. Діни сенімге негіз болған жағдайлар жойылғанда дін де жойылмақшы. Дінге негіз болған жағдайлардың бәрі де адамзаттың коммунизмге қарай дамуы барысында жойыла береді.

Дін алғашында ертедегі адамдардың табиғат құбылыстары сырын ашып білмеуінен, олар жөнінде дұрыс ғылыми түсініктері болмауынан туған. Оларға таңның атып, күннің батуы, қыстың өтіп, жаздың болуы, найзағайдың шатырлап, жасылдың түсуі, дауыл-боранның болуы, суың тасуы, жердің сілкінуі, күн мен айдың тұтылуы сияқты табиғаттың қаһарлы құбылыстары түсініксіз болды. Мұның бәрі бір керемет күштің (құдайдың) әмірімен болады деп теріс түсінді. Сөйтіп адамдар өзінің дүние тану дәрежесінің өте төмен кезінде нешәтүрлі керемет күштерді — құдайларды ойлап шығарды. Адамзаттың алғашқы ірі қауымдары мен қоғамдары болған жерлерде әртүрлі құдайдың болуының өзі де осыдан. Сөйтіп дін атаулының бәрі алғашқы адамдардың табиғатпен күресте, оның даму заңдылығын білуде әлсіз болуының салдарынан келіп шықты.

Бұл жөнінде В. И. Ленин: «алғашқы адамдардың жаратылыспен күрестегі әлсіздігі құдайға, жын-шайтандарға, кереметке, т. с. нануды туғызатын сияқты, қаналушы таптардың қанаушылармен күрестегі әлсіздігі де ол дүниедегі жақсы тұрмысқа нануды сөзсіз туғызады» (Шығармалар, 10-том, 71-бет) деп жазды.

Дін бертін келе құлдық қоғамнан басталған қанаушы қоғамдарда үстемдік етіп отырған таптың бұқараны езіп, қанау жолындағы құралына айналды. К. Маркс дін атаулының мәнін сипаттай келіп, «адамды дін жасамайды, дінді адам жасайды... Дін халықтың басын айналдыратын апиын» деген болатын. Маркстің бұл қағидасы марксизмнің дін жөніндегі бүкіл көзқарасының ірге тасы болып алды.

В. И. Ленин Маркстің материалистік ғылымын дамыта келіп, дін атаулының барлығы адамдардың табиғат күштері алдында дәрменсіз болуынан туып, таптық қоғамдар кезінде күшейе түсіп, әлеуметтік езгінің нәтижесінде оның кең өріс алғанын көрсетті. Діннің нақ осындай құбылыс екенін ислам дінінің пайда болуынан анық көруге болады.

Ислам дінінің туын тіккен араб елдерінің өзінде де исламға дейін көптеген көшпелі араб руларының әрқайсысының өз алдына табынатын құдайлары болған. Бертін келе адамзат қоғамы дамып, жеке меншікке негізделген шаруашылықтар пайда болғанда, адамдар тапқа бөлінгенде халық арасында әлеуметтік жіктелушілік, қанау күшейді. Бұған байланысты және бір адам — хан билік ететін монархиялық құрылыстың шығуына байланысты бұрынғыдай көп құдайға емес, бір құдайға жалбарыну пайда болды. Жерде хан біреу болса, көкте құдай да біреу деген ұғым туды. К. Маркстің айтқанындай, «бір өзі билеуші патша болмаса, бір өзі билейтін құдай да ешуақытта болмаған болар еді...». Осы негізде пайда болған жаңа діннің бірі ислам діні еді.

Ислам діні де басқа барлық дін сияқты кертартпа діннің бірі. Ол да ғылымға, оның табыстарына барынша қарсы шығады. Ол адамның сеніміне, бір құдайға сеніп, сыйынуына көп мән береді. Кім құдай бар деп сенсе, соның құдайы бар деп үйретеді. Ол басқа діндер сияқты су-

ретке, құдайдың қолдан жасалған суретіне, мүсініне сенуден аулақ. Оның әсерлі болуы да, кертартпалық жағының күштірек болуы да осыдан.

Діни кітаптарда жазылғандардың бәрі де ғылымға қайшы келіп жатады. Мысалы, құранның айтуынша, алланың әмірімен аспан мен жер пайда болып, дүние алты күннің ішінде жаралды-мыс. Ал інжілдің айтуынша: құдай дүниені, өсімдіктерді, жануарларды және адамды алты күннің ішінде жаратыпты-мыс. Ал шындығында мұның бәрі бос сөз. Бұл мысалдар діни кітаптарды жазушылардың, табиғаттың даму заңдарымен ешбір хабары болмағанын, жердің құрылысы, аспан әлемі, өсімдіктер мен хайуанаттардың өніп, өсуі, адамның хайуанаттар дүниесінен бөлініп шығуы туралы ақиқатты білмегенін, діни кітаптардың қарапайым халықты алдап арбауға, қанауда ұстауға, үстем таптың мүддесін қорғауға жағдай жасағанын көрсетеді.

Кәзір әлем кеңістігін зерттеп, оны игеру, айға ұшу жайын шешіп жатқан ғылым діни қағидаларды барған сайын әшкерелей түсуде. Бізде кейбір жеке адамдар құдайға, оның кереметтеріне сенеді, діни әдет-ғұрыптарды қадірлейді. Ал кейбіреулер дінге сенбегенімен, ғасырлар бойы әдет болған діни парыздардың шырмауында жүр. Міне бұл жағдайлар бізден әруақытта, барлық жерде атеистік насихатты күшейте беруді талап етеді. Маркстік-лениндік материалистік ғылым табиғаттың мәңгі өмір сүретінін, оның ешбір керемет күшпен, құдаймен жасалмағанын дәлелдеп берді. Табиғат, материя бұрын да болған, кәзір де бар және әрқашан мәңгі өмір сүрмек.

Ғылым адамның табиғи шыққан тегі жануарлар дүниесі екенін дәлелдеді. Егер діни наным жазмыштан озмыш болмайды, аллатағала бәрін өзі жазып, ұйғарып қойған, өмірде өзгеріс болмайды десе, ғылым табиғат пен қоғамда үнемі өзгеріс болып тұрады, оның барысында бір құбылыстар ескіріп, екінші бір құбылыстар туып, өсіп отырады деп дәлелдейді.

Қай діннің болса да ең зиянды әрекеті кейбір адамды құдай бар дегенге сендіріп, ғылымнан алыс ұстауында болып отыр. Дін табиғат пен қоғамның заңды құбылыстарын мойындамайды, адамды ойдан шығарылған кереметтерге, күдіреттерге табындырады. Діннің еңбекші бұқараға өте зиянды қағидасының бірі екі дүние — жер бетіндегі бұл дүние мен ол дүниедегі ұжмақ пен тозақ туралы аңыз ертегі. Езіліп, қанауда жүрген, өмірдің қиыншылығын көп көрген еңбекшілерді «бұл дүниеде азап көрсең, ол дүниеде рахат көресің» деп жұбатуға тырысады дін. Ол дүниеде «жаратқан алла» пенде біткенді қылдан жіңішке, қылыштан өткір, жанған от үстіндегі қыл көпірден өткізеді екен-міс. Сол кезде құдай алдындағы күнәлілер отқа құлайды екен де, тірі кезінде құрбандық шалғандар, барлық қиыншылыққа көнгендер қыл көпірден пырақпен ұшып өтіп жұмаққа барады-мыс. Болмаса құрбандықтың терісін молдара бермеген адам қызыл шокқа күйеді екен деп айтылады ол аңыздарда. Әрине мұндай аңыздар қанаушыларға, молдаларға көп пайда түсіріп, олардың еңбексіз күн көруіне жағдай жасап келген. «Не істеймін десе де жаратушының жалғыз өзі біледі» деген қағиданы бетке ұстап дінді уағыздаушы молда, қажы, халфе, сопылар қарапайым халықты үнемі езгіде ұстап келген. Олар адам, құдайдың күдіретімен болғанды өзгерте алмайды, егер өзгертем деп талаптанса, ол оның қарағына ұшырап, дозаққа барады деп қорқытқан.

Ғылым жер бетіндегі өмірден басқа ешқандай өмір жоқ деп үйретеді. Ендеше, ол дүниедегі «рахатты» емес, осы дүниедегі еңбек зейнетін ойлау керек. Діннің әлеуметтік тамырлары мен мәнін аша келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Құдай дегеніміз (тарихи және тұрмыс-

тық жағынан), бәрінен бұрын, адамның сыртқы табиғаттан да, таптық езгіден де, топастанып жаншылуынан туған идеялардың, осы жаншылуды нығайта түсетін, таптық күресті бәсеңдететін идеялардың жиынтығы» (Шығармалар, 35-том, 101-бет).

Ғылым — адамзаттың өз тұрмыс-жағдайын жақсарту жолындағы ғасырларға созылған күресінде олардың ең бірінші сенімді кеңесшісі де, көмекшісі болды. Адам баласы ғылымның жәрдемімен аспанда құстай ұшып, суда балықтай жүзіп жүр. Электр қуатын, атом қуатын игеру адамша сөйлейтін, әндететін, есеп шығаратын «ақылды» машиналарды жасауға мүмкіншілік берді. Адам енді ғылымның көмегімен аспан әлемін де, ай мен күнді, жұлдыздарды зерттеп игеруге де кірісті. Жерге ғана емес, күнге де жасанды серік ұшырды. Мұның бәрі құдайдың күдіретімен емес, ғылым мен техниканың үздік өсу арқасында, яғни табиғат заңдарын білу, оларды адам мүддесіне бағындыра білу арқасында жүзеге асырылды.

Біздің елдің еңбекшілері кереметтің барлығы ғылым мен білімде, табиғат күштерін меңгеруде екенін көре бастады. Ғылым мен техника өндіріс жұмыстарына жаңа өнімді құралдарды қолдануға жәрдемдеседі, табиғат күштерін игеруге үйретеді. Мұның нәтижесінде еңбекшілердің діннің, құдай күдіретінің жалғандығына көздері жетеді; онан безе бастайды, ғылыммен қаруланған, жарқын болашағымыз — коммунизм үшін саналы күрескерлердің саны арта түседі.

Марксизм-ленинизм материалдық және рухани игіліктерді молайтудың қайнар бұлағы, адамзаттың бақытты өмірінің негізі — еңбек деп біледі. Діни сенімнің шылауында жүрген «таңдағы ас тәңірден» деуші жатып ішер жалқауларды, бойкүйез енжарларды барған сайын батыл ашкерелей беруге тиістіміз.

Коммунистік партия совет адамдарын еңбекке ақ көңіл, адал ниетпен қарау, коммунизм ісіне ақырына дейін берілу рухында тәрбиелеп келеді. Бұл тәрбие өзінің жемісті нәтижесін беруде.

Дін атаулы жеке меншікті ашық қорғайды. Мұның қалдығы бізде де кездесіп қалады. Ескі жеке меншікшіл психологиядан, ескі діни сенімдерден, капитализмнің салт-санадағы қалдығынан құтыла алмаған кейбір жалқаулар мен мансапқорлардың, еңбек тәртібін бұзушылардың азда болса әлі де бар екені баспасөзде жазылып жүр. Міне бұл жағдайдың бәрі капитализмнің қалдықтарына, соның ішінде діни сенімге қарсы күресті күшейтудің қажеттігін көрсетеді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының тарихи табыстарының бірі — әйелдерді толық азат етіп, оларды мемлекеттік, шаруашылық, мәдени және қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласына белсенді қатыстыру. Бұл жөнінде барлық ұлт республикаларының өмірінен жан сүйсінерлік фактілерді көптеп келтіруге болады.

Бірақ ғасырлар бойы адам баласының бойына дарып келген діни әдет-ғұрыптың, оның ішінде әйелдерге феодалдық-байшылдық көзқарастың қалдықтары әлі де болса тұрмысымызда бар. Мұндай қалдықтар әсіресе діншілдер арасында көбірек кездеседі.

Дін ұлт араздығын қоздыруға тырысады. Діни бөлек адамдардың бір-біріне сенімсіздігін тудырады. Мысалы, мұсылмандар басқа діндегі адамдарды «кәпір», «жау» деп бөледі де, «кәпірмен дос болсаң, айбалтан жаныңда болсын» деп уағыздайды. Ұлт еңбекшілерін дін ғасырлар бойына бір-біріне жау етіп тәрбиелеп келді. Барлық езуші таптың өкілдері өз үстемдігін сақтап қалу үшін еңбекшілердің сана-сезімін діни сенімдермен уландырып бақты. Кәзіргі дәуірде империалистер, әсіресе американдық империалистері, дінді өздерінің дүние жүзіне үстемдік орнату мақсаттарына пайдалануға тырысуда. Мысалы, кәзір Ватиканның америка империалистерінің жалдамалы қолшоқпары екені дүние жүзіне мәлім. Ватикан капиталистік елдердің еңбекшілерін бостандық, бей-

бітшілік үшін күрес жолынан тайдыру мақсатында жұмыс жүргізеді. Осы мақсатпен діни ұйымдар таптық күрестің өрістеуіне қарсы «әлеуметтік келісімді» насихаттауда.

Кәзіргі кезде империализмнің отарлық жүйесі күйреуде. Империалистік елдер отарлық жүйені қалпына келтіру үшін және өздерінің басып алу саясатын жүзеге асыру үшін дінді, ұлт араздығын пайдалануға тырысуда. Кәзір американы, ағылшын империалистері Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі еврейлер мен арабтардың арасында ұлт және дін араздығын тудырып, оларды өзара жауластыру арқылы өз мақсаттарын жүзеге асыруға жанталасуда. Олар «исламға коммунизмнің хауіп төніп келеді» деген сылтаумен араб халықтарын үрейлендіріп СССР-ге қарсы қоюға да тырысуда. Бірақ ислам дінін қамқорлыққа алудың түпкі мақсаты империалистік мемлекеттердің отаршыл саясатын бүркемелеу екеніне Таяу және Орта Шығыс елдері еңбекшілерінің көзі жете бастады.

Н. С. Хрущев жолдас АҚШ-тың баспасөз өкілі В. Р. Хэрстпен әңгімесінде империалистердің біздің заманымызда жүргізіп отырған екіжүзді саясатын әшкерелей келіп былай деді: «Дінге сенушілердің сезімдерін пайдаланып, адамдарды алдау үшін құдайдың атын жамылатындар бар. Ал бұл нағыз жүзіқаралық емес пе» («Правда», 29 ноябрь, 1957 жыл).

Кәзір американы-ағылшын империалистері «дін жолындағы қасиетті соғысты» ислам-дініндегі халықтардың арасында араздық туғызу үшін пайдалануға ұмтылуда.

Құдайға сиыну, оның «өзі жазған» құранын білу, жоғары білімділіктің белгісі дейтін заман өтіп, келмеске кетті. Бұл тек жеңген социализм елдерінің азаматтарына ғана тән. Кәзір империалистердің діни сенімді пайдаланып, Шығыс халықтарын алдаудың өзі күн санап қиындап бара жатқаны жұртқа мәлім. Өйткені, ислам діні көп тараған Шығыс, Таяу және Орта Шығыс елдерінде, әсіресе олардың саяси тәуелсіздік алып, бейбітшілік пен прогресс үшін күрескен, теңсіздіктен, қайыршылық өмірден, артта қалушылықтан құтылуға ұмтылған күштер өсіп, нығайып келеді. Олар бақытты болашақтың ғылымда екенін, өмір қызығы еңбекте екенін түсініп келеді.

Ислам дініндегілердің «әулиелерге» табынып ораза ұстау, құрбан шалу, балаларды сүндетке отырғызу сияқты көптеген кәделерінде халыққа келер зияннан басқа түк пайда жоқ екеніне түсінушілердің саны барған сайын көбейіп келеді. Құранның қағидаларына қарсы пікір айтуға батылдық істеген қатардағы мұсылмандардың саны артуда. Арабтық шығыста болып, халық пікірін аңғарған саяхатшылар былай деп жазды: «Бізге құранды жатқа оқуды білетін кәриялар керек емес, — деді бізге, он сегіз жасар Салим Шатани, — бізге дәрігерлер, инженерлер, агрономдар, құрылысшылар жетпей жатыр. Біз автомобильдерге отырып жүруді білеміз, ал оны жасап шығаруды білмейміз. Біз электр шамын сөндіретін түймені бұрауды білеміз, ал электр шамының қалайша жанатынын білмейміз. Бізге құранның орнына демократиялық конституциялар туралы, яки түсті фильмдер жасауды оқытатын мұғалімдер керек...» (И. Ганзелка және М. Зикмунд. «Ой мен шындық өмірдің Африкасы», I том, 83-бет. Шетел әдебиетінің баспасы. Москва, 1956 жыл).

Барлық халықтардың бейбітшілік пен азаттық, демократия мен социализм үшін күресіне жетекші болып отырған коммунистік және жұмысшы партиялары бейбітшілік, демократия және ұлттық тәуелсіздікті сақтау үшін, еңбекшілердің әл-ауқатын жақсарту үшін күресуде, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерін, олардың саяси, діни және таптық көзқарастарына қарамастан империалистерге қарсы күреске біріктіруде.

Идеализмге, діни сенімге қарсы, адамзаттың болашағы — коммунизмнің салтанат құруы жолындағы күресті басқарып, ұйымдастырып және рухтандырып отырған Коммунистік партия өзінің туына: «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұлы интернационалдық ұран жазды. Осы ұранмен жер жүзінің пролетариаты міне жүз жылдан бері әділетсіз, қанаушы қоғамдық құрылысқа — капитализмге қарсы күресті ойдағыдай жүргізіп келеді. Олар құдайдың құдіретімен емес, марксизм ғылымына негізделген қағидаларға сүйену арқылы тарихи табыстарға жетті, әлі де жете бермек. Қазіргі халықаралық жағдайда алып күшке айналып отырған бұл ұранды қостаушылар үні ерекше күшті есітіліп, барлық елдердің еңбекшілерін әділетті, бақытты өмір орнату жолындағы күреске жұмылдырып отыр. Осыған орай бізде бүгінгі таңда діни сенімді уағыздаушыларға қарсы атеистік үгіт пен насихатты барынша жандандыра түсуге тиістіміз.

Коммунистік партия еңбекшілер арасында ғылыми-атеистік насихатты кеңінен өрістетуді, еңбекшілер арасында ғылыми-атеистік көзқарасты толық түсіндіре түсуді талап етіп отыр. Партия ұйымдары, насихатшылар дін туралы марксизм-ленинизм ілімінің қағидаларын еңбекшілерге кеңінен жеткізе түсіндіру, атеистік-насихатты күшейте беру жұмыстарын осы талапқа сай жүргізуі керек.

Лекция және консультация

Социализм мен капитализмнің бейбіт экономикалық жарысының шешуші кезеңі

Ғ. БОРАНБАЕВ

Совет халқы жетіжылдық жоспарды іске асыруға жұмыла кірісті. Жетіжылдықтың ұлы міндеттері елімізде тасқынды еңбек өрлеуін тудырып, совет адамдарының ынта-жігерін тасыта түсті, шабытына шабыт қосты.

Жетіжылдық жоспардан біз Коммунист партиясының лениндік саясатының салтанатын көреміз. Ал бұл дана саясаттың өзі халықтардың көкейтесті мүддесі мен ой-арманын білдіреді.

Коммунистік қоғам құрылысын өрістете жүргізу дәуірінің басты міндеттерін белгілей отырып, партиямыздың ХХІ съезі өзінің тарихи шешімдерінде мынаны атап көрсетті: «Жетіжылдық жоспар социализмнің капитализммен экономикалық жарыстағы жаңа кезеңін ашып береді. Лениндік жолмен алға басқан совет халқының алып еңбегі елімізді биік шынға көтергені соншалық, ол кәзір АҚШ-пен экономикалық жағынан ойдағыдай жарысқа түсіп, бұл жарыста озып шығып, жетекші капиталистік ірі мемлекетті артта қалдырғалы отыр».

Бұрын біздің ел алдыңғы қатарлы капиталистік мемлекеттерден экономикалық жағынан көп артта қалған еді. Экономикалық даму дәрежесі, халық шаруашылығының техникамен жабдыкталуы жағынан патшалық Россия озық капиталистік елдерден 50 — 100 жыл кейін қалды. Табиғат байлығы, жерінің көлемі, халқының саны жағынан көптеген мемлекеттерден алда бола тұрса да, Россия өнеркәсіп өнімінің көлемі жөнінде дүние жүзінде бесінші, ал Европада төртінші орында болды. 1913 жылы дүниежүзілік өнеркәсіп өнімінде Россияның үлесі небәрі 2,6 процент болса, Американың үлесі 15,3 процент, Англияның үлесі 12,1 процент, Францияның үлесі 6,6 процент болды.

Россияда сол кезде әрбір адамға жылына 75 сомның өнеркәсіп товарлары өндірілді. Ал Америка Құрама Штаттарында бұдан 21,4 есе көп, Англияда 14 есе, Германияда 13 есе, Францияда 8 есе көп өндірілді.

Патша өкіметі шетел капиталының шамадан тыс көп енуіне кең мүмкіндік берді. Елдің табиғат байлығы талан-таражға салынды. Бұл да елдің мешеулеп қалуына себепкер болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс Россияны экономикалық жағынан дамыған капиталистік мемлекеттерден тағы да күрт кейін ысырып тастады. Россияны мұндай халден тек социалистік революция ғана шығара алатын еді. Осыған байланысты В. И. Ленин былай деп көрсетті: «Соғыс мейірімсіз, ол мәселені аяусыз қаталдықпен қойып отыр: не қуру керек, не алдыңғы қатарлы елдерді қуып жетіп, оларды экономика жағынан да басып озу керек» (Шығармалар, 25-том, 374-бет).

В. И. Ленин еліміздің негізгі экономикалық міндетін тұңғыш рет осылай анықтады.

Неғұрлым дамыған капиталистік елдерді экономика жағынан қуып жетіп, басып озу міндеті оларды өндірістің жалпы көлемі жөнінен ғана емес, сонымен бірге халықтың жан басына өнім өндіру мөлшері жөнінен де басып озуды қамтиды.

Еліміздің негізгі экономикалық міндетін негіздей келіп, В. И. Ленин дүние жүзінде алғаш пролетарлық революция жасаған

еңбекші халықтың жасампаз күшіне мейлінше сенетінін сан рет атап көрсетті. Совет өкіметі өмірінің ең ауыр кезеңдерінің бірі — 1918 жылдың басында-ақ ұлы көсем былай деп мәлімдеді: «Шын мәнісінде әрі мықты, әрі берекелі Русь жасау үшін, — бізде жаратылыс байлықтары да, адам күші қоры да, ұлы революция халық творчествосына берген тамаша екінің де бар» (Шығармалар, 27-том, 148-бет).

Еліміздің негізгі экономикалық міндетін шешу жолындағы күресте партиямыздың 1925 жылы болған XIV съезінің тарихи маңызы зор болды. Съезд ауыр өнеркәсіпті жан-жақты оздыра дамыту міндетін алға қойды. Съездің шешімдерін орындай отырып, еліміздің еңбекшілері СССР халық шаруашылығын өркендетудің бірінші бесжылдық жоспарын жақсы орындап шықты. Соның арқасында елімізде социалистік экономиканың ірге тасы қаланды. Ал, одан кейінгі екінші бесжылдық жоспардың табысты орындалуы Совет мемлекетінің халық шаруашылығын техникалық жағынан негізінен қайта құруына, сөйтіп социалистік қоғам орнатуды аяқтауына мүмкіндік берді. Еліміздің өнеркәсібі соғысқа дейінгі дәрежесінен сегіз еседен аса өсті. Аз уақыттың ішінде СССР өнеркәсібі Англия үшін екі ғасырдан астам, ал Америка үшін кемінде жүз жылдай уақыт қажет болған дәрежеде дамыды.

Совет Одағы Коммунист партиясының XVIII съезі совет халқының социалистік қоғам орнату жолындағы күресте қол жеткен аса мол табыстарына қорытынды шығарып, бұдан былайғы программасын белгілей берді. Съезд жан басына өнім өндіру жөнінен басты-басты капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озу міндетін қойды. Бірақ дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетке гитлершіл Германияның тұтқиылдан шабуыл жасауы салдарынан XVIII съездің шешімдерін жүзеге асыру уақытша тоқтап қалды. Неміс-фашист басқыншыларға қарсы кескілескен ұрыстарда совет халқы өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалумен бірге, бүкіл әлем халықтарын фашистік құлдық қатерінен сақтап қалды.

Коммунистік партия соғыстан кейін белгілеген алғашқы бесжылдық жоспар ең алдымен өндірістің соғысқа дейінгі дәрежесіне жету, одан біраз асып түсу мақсатына бағытталды. Бұл үлкен міндет те көңілдегідей орындалды. СССР-де өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1950 жылы 1940 жылмен салыстырғанда 73 процент артты.

Сонан кейін елімізде бесінші бесжылдық жоспар мерзімінен бұрын орындалды. Мұның өзі партия мен совет халқының ең ірі жеңісі болды. 1955 жылы Совет Одағында өнеркәсіп өнімі 1940 жылдағыдан 3,5 есе көп өндірілді, сөйтіп, Отанымыз өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі жөнінен Батыс Еуропаның неғұрлым дамыған елдерінен асып түсіп, дүние жүзінде екінші орынға шықты.

КПСС XX съезінің тарихи шешімдері Коммунист партиясы мен бүкіл совет халқының негізгі экономикалық міндетті шешу жолындағы күресінің тарихында үлкен бет бұрыс болды. Съездің және КПСС Орталық Комитетінің одан кейінгі Пленумдарының шешімдерін жүзеге асыра отырып, совет халқы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын, ғылым мен мәдениетті дамыту ісінде аса үздік табыстарға жетті. Еңбекшілердің тұрмыс дәрежесі едәуір жақсарды.

XX съезден кейін партия ішкі және сыртқы саясат саласында бір қатар ірі-ірі шараларды іске асырды; мұның өзі совет мемлекетінің қуаты мен беделін өлшеусіз арттырып, біздің алға басуымызды тездетті.

Коллективтік басшылық пен партиялық тұрмыс нормаларының лениндік принциптерін қалпына келтіру нәтижесінде партияның беделі бұрын-соңды болмаған дәрежеде өсіп, оның коммунизм құрылысындағы басшылық және ұйымдастырушылық ролі бұрынғыдан да күшейді. Елімізде өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісі негізінен қайта құрылды. Бұл өндірісті ұлғайтып, одан әрі жетілдіру ісінде игілікті нәтиже

берді. Өнеркәсіп өнімді бұрынғыдан едәуір көп шығаратын болды. Өнеркәсіптің жалпы өнімі былтыр бұрнағы жылмен салыстырғанда 36 есе артты. Ал, өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру 83 есе, машина жасау, металл өңдеу 240 есе ұлғайды.

Еліміз соңғы бес жыл ішінде ауыл шаруашылығы саласында да аса зор табыстарға жетті. Қысқа мерзім ішінде 36 миллион гектар тың, тыңайған жер игерілді. Жаңа жер игеру күресіне Қазақстан зор үлес қосып, 23 миллион гектардан астам тың жер жырты. Былтыр елімізде астықтың жалпы түсімі 3,5 миллиард пұт болды.

Негізгі экономикалық міндетті шешу жолында Коммунист партиясының басшылығымен еліміз басып өткен үлкен белестер міне осындай. Партияның кезектен тыс XXI съезі — коммунизм құрылысшыларының съезі, совет қоғамының өмірінде жаңа кезенді — коммунистік құрылысты өрістете жүргізу кезеңін бастап берген съезд болды. Съезд партияның, бүкіл совет халқының коммунистік құрылыстың кәзіргі сатысындағы нақты міндетін белгілеп берді. Съезде СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған бақылау цифрлары туралы Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасын талқылау маркстік-лениндік идеялар салтанатының, Совет Одағы Коммунист партиясы қатарының мызғымас беріктігі мен бірлігінің, оның халықпен тығыз байланыстылығының жарқын көрінісі болды.

Партияның XXI съезі қабылдаған СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары — социализмнің капитализммен бейбіт экономикалық жарысындағы шешуші кезең болмақ.

Съездің шешімдері совет қоғамының өндіргіш күштерін онан әрі мейлінше дамыта түсу, елімізді экономикалық жағынан дүние жүзіндегі ең қуатты мемлекетке айналдыру, совет халқының хал-тұрмысын барынша жақсарту мақсатын көздейді.

XXI съезде айқын тұжырымдалған халық шаруашылығын шапшаң өркендету, капитализммен бейбіт экономикалық жарыста уақытты ұту мәселелері социализмнің дүниежүзілік системасының даму заңдарына негізделіп шешілген.

Н. С. Хрущев жолдас капитализммен экономикалық жарыста уақытты ұтудың маңызы зор екенін атап көрсетті. Өйткені өткізіп алған уақыттың орнын ешқандай да қаржы жұмсаумен толтыруға болмайды. Біз капитализм елдерімен бейбіт жарыста кемінде 10—15 жыл уақыт ұтуымыз керек. Екі системаның экономикалық жарысында уақытты ұту дегеніміз — социалистік қоғам құрылысының артықшылығын тірек ете отырып, өндірісті капиталистік системаның қол жеткен қарқынынан анағұрлым шапшаң өрістете жүргізу. Бұл үшін өндіріс техникасын онан әрі шапшаң дамытып, жетілдіре беру керек. Кімде-кімнің әбден жетілген техникасы, жақсы машинасы, ұйымшылдығы, тәртібі болса, сол үстем болады, — деп үйретеді В. И. Ленин. Партияның XXI съезі жеті жыл ішінде халық шаруашылығының барлық саласын техникалық жағынан қайта қаруландыру программасын белгіледі. Алдағы жетіжылдық өндіріс жұмыстарының барлық түрін жаппай механикаландыру және барынша автоматтандыру жетіжылдығы болмақ.

Алдағы жетіжылдықта өнеркәсіптің уақыт ұтуға мүмкіндік беретін аса тиімді салаларын оздыра, шапшаң өркендетуге баса көңіл бөлінеді. Мәселен, отын өнеркәсібі саласында мұнай мен газ өндіруге көбірек күш-қаражат жұмсалады. Мұнай өндіру үшін күрделі қаражат бұдан бұрынғы жетіжылдыктан 2,3—2,4 есе, газ өндіру үшін 4,2 есе артық жұмсалады. Мұның нәтижесінде еліміздің отын қорындағы мұнай мен газдың үлес салмағы кәзіргі 31 проценттен 51 процентке дейін ұлғаяды. Көмір орнына мұнай мен газ пайдалану нәтижесінде жеті жыл ішінде 125 миллиард сомнан астам қаражат үнемделетін болады.

Капитализммен экономикалық жарыста уақыт ұту жолындағы күресте бу электр станцияларының құрылысын неғұрлым кен өрістетудің де маңызы зор. Су электр станцияларын салуға қарағанда бу электр станцияларын салуға уақыт та, күш-қаражат та аз жұмсалады. Мәселен, 1 миллион киловаттық қуаты бар бу электр станциясын салу үшін бір миллиард сом қаражат, үш жылдай уақыт керек болады, ал осындай қуаттағы су электр станциясын салу үшін 5 миллиард сомдай қаражат, 4 — 7 жылдай уақыт керек. Бу электр станцияларын көбірек салу есебінен жеті жыл ішінде қосымша 10 миллион киловатт электр қуатын іске қосуға болады.

Уақытты неғұрлым көп ұтуға қара және түсті металлургияны, химия өнеркәсібін шапшаң өркендету көп мүмкіндік береді. Еліміздің ұшан-теңіз кен байлықтарын, әсіресе Қазақстан мен Сібірдің аса бай металл кендерін тиімді пайдалану негізінде жетіжылдықта металлургия өнеркәсібі онан әрі шапшаң дамиды.

Партияның ХХІ съезі кәзір дүниежүзілік өндірісте социализм системасының қалай да басым болуына жету, қоғамдық еңбек өнімділігі, жан басына өнім өндіру жөнінен неғұрлым ілгері кеткен капиталистік елдердің дәрежесінен асып түсу міндеттерін қойды. Совет елінің бұл міндеттерді орындауы нәтижесінде империализмнің экономикалық күш-қуаты нашарлай түседі.

Кәзіргі уақытта бірде-бір капиталистік ел Америкамен экономикалық бәсекеге түсе алмақ емес. Социалистік қоғам құрылысының күшіне кәміл сенген тек совет халқы ғана бірінші болып Америка Құрама Штаттарын бейбіт экономикалық жарысқа батыл шақырып, бұл жарыста өзінің жеңіп шыға алатынын нақты іспен дәлелдеуге бел байлап отыр.

Жетіжылдық жоспарды орындау нәтижесінде Совет Одағы өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі жағынан Американың кәзіргі дәрежесіне жетеді. Ал жан басына өнім өндіруде Европаның кәзіргі неғұрлым дамыған капиталистік елдерінен озып шығады. 1965 жылдан кейін, шамамен бес жылдың ішінде, Совет Одағы жан басына өнім өндіру жөнінде Американы да қуып жетіп, одан асып түседі. Халық шаруашылығының барлық саласының үздік шапшаң даму қарқыны бұған кепіл бола алады. Совет Одағында өнеркәсіп өнімі Америкадағымен салыстырғанда едәуір артық қарқынмен өсіп келеді. Мұны төмендегі салыстыру кестесінен көруге болады (кестедегі қосу белгісі өткен жылғыға қарағанда өндірістің өсуін, ал алу белгісі төмендеуін көрсетеді).

	1918 1957	1947 1957	1949	1950	1951	1952	1953	1954	1955	1956	1957	1958
СССР	+10	+15,9	+30	+23	+16	+11	+12	+13	+13	+11	+10	+10
АҚШ	+3,2	+4,7	-7	+15	+7	+3	+8	-7	+11	+3	0	-7

Міне бұл кестеден Совет Одағы өнеркәсібінің ешбір дағдарыссыз өрқашан үдемелі жоғары қарқынмен дамып отырғанын, ал Америка өнеркәсібінің ілгері-кейінді кетіп, қаңбақша «секіріп» отырғанын және даму қарқыны Совет Одағы өнеркәсібінің даму қарқынынан әлдеқайда төмен жатқанын көреміз.

Совет елі Америкадан, басқа да капиталистік елдерден тек өнеркәсіптің өсу қарқыны жағынан ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіп өнімінің бірсыпыра аса маңызды түрлерін өндірудің жыл сайынғы өсу мөлшері жағынан да басым болып отыр. Бізде 1953 — 1957 жылдар аралығында өнеркәсіп өнімін өндірудің орташа жылдық өсуі Америкадағыдан шамамен 2,5 еседей артық болды. Темір рудасын, шойын бо-

лат, көмір, мұнай, цемент, машина, басқа да аса маңызды бірсыпыра өнім түрлерін өндіру қарқынының жылдық өсу мөлшері жағынан да Совет Одағы Америкадан озық. Еліміз жетіжылдықта онан әрі шапшаң қарқынмен өрлей түспек.

Америка өнеркәсібінің даму қарқыны орташа есеппен 2 процент болып отырғанын еске алсақ, таяудағы жылдарда оның өнеркәсіп өндірісі де шамамен жылына 2 процент өседі деуге болады. Олай болса Совет Одағы 4 есе жедел қарқынмен алға басып, жылма жыл өнімді мейлінше молайта түседі.

Кәзір Совет Одағы мен Америкада өнеркәсіп өнімі көлемінің ара салмағы шамамен 1—1,8 есе болып отыр. Жетіжылдық жоспар бойынша өнім өндіру жыл сайын бізде шамамен 8,6 процент артады. Осыған байланысты Совет Одағы өнеркәсіп өнімінің көлемі 1965 жылы шамамен 180 процентке, яғни Америка өнеркәсібі өндірісінің кәзіргі дәрежесіне жетеді. Ал 1965 жылдан кейінгі екі-үш жылдан соң совет елі өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі жағынан Американы басып озуға тиіс. Мұның нәтижесінде шамамен 1970 жылдары немесе тіпті одан бұрынырақ жан басына өнім өндіру жөнінен Америка Құрама Штаттарын артта қалдыру үшін нақты жағдай жасалады.

Жан басына өнім өндіру жөнінде 1970 жылдар шамасында Американы қуып жетіп, басып озуымызға өнеркәсіптің құрылымындағы сапалық өзгерістер де көмекші болады.

Атап айтқанда жетіжылдықта металлургия саласында үлкен өзгеріс болмақ. Қара металл шамамен екі-үш есе көп шығарылады, болат 31 — 36 миллион тонна артық қорытылады.

Еліміздің отын қорының балансы негізінен өзгереді. Жеті жыл ішінде отынның неғұрлым үнемді түрі — табиғи газ бес есе, мұнай — екі есе артық шығарылады.

Елімізде химия өнеркәсібі өте-мөте жедел қарқынмен дамып келеді. Совет өкіметі тұсында химия және резина-асбест өнеркәсібі өнімі 1913 жылғыдан 120 есе артты. Алайда біз кәзір пластикалық заттар өндіруде дүние жүзінде бесінші орында, жасанды талшық өндіруде алтыншы орында келеміз. Жетіжылдықта 270-тен аса ірі завод жанадан салынады, қайта құрылады. Соның арқасында химия өнеркәсібі өнімінің жалпы көлемі үш есе дерлік, пластикалық заттар мен қара май жеті еседен аса, жасанды талшық 12 — 14 есе артады. Азот тыңайтқыштары мен жасанды каучук жасап шығарған кезде газды химиялық шикізат орнына пайдалану нәтижесінде ғана еліміз 5 миллиард сомнан аса күрделі қаржы үнемдейді.

Үстіміздегі жетіжылдық елімізді жаппай электрлендіру жолында шешуші белес болмақ. Ленин елді жаппай электрлендіру коммунизмге лайықты материалдық-техникалық база жасаудың маңызды шарттарының бірі деп есептеген болатын. Көсемнің бұл дана пікірі іске асып келеді. Совет халқы жеті жылда Англия, Франция, Батыс Германия сияқты елдердің бәрі жиылып, өздерінің бүкіл даму тарихында іске қосқан электр қуатындай мөлшерде жаңа электр қуатын пайдалануға береді.

Жетіжылдықта өндірістің кең көлемде дамуы, машина жасау өнеркәсібін онан әрі ілгері бастырады. Бұл өз тарапынан халық шаруашылығының барлық саласында техникалық прогресті қамтамасыз етіп, өндіріс жұмыстарын жаппай-механикаландыруға және автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Еліміздің халық шаруашылығын өркендетуде Қазақстан маңызды орын алады. Жетіжылдықта республикамызда 240 жаңа ірі завод, фабрика, рудник, шахта, электр станция салынады. Жетіжылдықтың аяғында Қазақстан өнеркәсібінің жалпы өнімі былтырғы дәрежеден 2,7 есе асып түседі.

Республикамызда жалпы одақтық маңызы зор өнеркәсіп пайда болады. Олардың ішінде Павлодарда салынатын металлургия, комбайн заводтарын, Екібастұз көмір кенін, жылына 19 миллион тонна темір рудасын беретін Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатын, «Қазақстан магниткасын», Бұхтарма су электр станциясын, Петропавл прокат жабдығы заводын атауға болады.

Республикада қара металлургияның даму қарқыны елімізді тұтасынан алғандағыдан басым болып отырғандығы сүйсінерлік іс. Мысалы, жетіжылдықта темір рудасын өндіру 6,3 есе, болат балқыту 17 еседей өседі.

Елімізде түсті металдар өндіру ісінде Қазақстанның маңызы ерекше зор. Жеті жылдың ішінде өндірістің бұл саласы тағы да көп ілгері басады. Республиканың түсті металл өндірісіне соғысқа дейінгі 16 жыл ішінде қанша қаржы жұмсалған болса, алдағы жеті жылда сонша қаржы жұмсалады.

Жетіжылдықта Қазақстан машиналар жасайтын қуатты жаңа өнеркәсібі бар өлкеге де айналады. Республикамызда жеңіл, тамақ өнеркәсібі де, ауыл шаруашылығы да онан әрі үздік дамиды. Сөйтіп Қазақстан еліміздің негізгі экономикалық міндетін шешу күресіне едәуір үлес қосады.

Жетіжылдықта еліміздің халық шаруашылығының барлық саласының қарыштап өсуі күрделі құрылыс жұмыстарын кең көлемде жүргізу, есебінен қамтамасыз етіледі. Жеті жылдың ішінде тек мемлекет қаржысының өзінен ғана халық шаруашылығына екі триллион сомдай жұмсалады. Мұның өзі өткен қырық жыл ішінде жұмсалған күрделі қаржыдан көп.

Жаңа құрылыстарға жұмсалатын қаржының едәуір бөлегі және барлық күрделі қаржының 40 проценттен астамы еліміздің шығыс аудандарының экономикасын дамытуға пайдаланылады. Оның ішінде Қазақстанның халық шаруашылығына жеті жылда 119 миллиард сом күрделі қаржы жұмсалады.

Совет адамдары Коммунистік партия мен Совет үкіметінің еңбекшілердің әл-ауқатын жақсарту түсуге әрдайым қамқорлық жасап отырғанын жақсы біледі.

Жетіжылдықта халықтың мата, киім, аяқ киім жөніндегі керегі жеткілікті қамтамасыз етіліп, халық тұтынатын товарларды өндіру 62—65 процент артады. Тұтасынан алғанда мата тоқу, киім тігудің жалпы көлемі жағынан да, сондай-ақ жан басына өнім өндіру жөнінен де Совет Одағы жетіжылдықтың аяғында Американың кәзіргі дәрежесіне едәуір жақындайды.

Тұрғын үй мәселесі кәзіргі өте маңызды мәселенің бірі. Совет өкіметі тұсында елімізде тұрғын үй ересен көп салынып, бұрнағы жылдың аяғында тек қалаларда ғана 721 миллион шаршы метрге жетті, яғни 1913 жылмен салыстырғанда төрт есе өсті. Бірақ бізде халықтың өте жылдам өсуіне және оның әл-ауқаты артуына байланысты үй әлі де жетіспейді. Партия мен үкімет таяудағы он, он екі жыл ішінде елімізде үй тапшылығын жою мақсатын көздеп, тұрғын үй құрылысын өрістету туралы қаулы алды. Бұл міндет негізінен жетіжылдықта орындалады. Жеті жылда өткен жеті жыл ішіндегіден 2,3 есе көп салынады. Колхозшылардың және село интеллигенциясының күшімен ауылдық жерде жеті миллионға жуық үй салынбақшы. Сонымен жеті жылда халықтың шамамен 40 проценті жаңа үй мен пәтерге кіреді.

Еңбекшілердің әл-ауқатын жақсарту жөнінде белгіленіп отырған бұл шараның бәрі ұлттық табыстың молаюына негізделген. Жетіжылдықта Совет Одағының ұлттық табысы 62—65 процент өседі.

Коммунизмді біз неғұрлым дамыған капиталистік елдердің өндіріс дәрежесінен асып түсіп, капитализм тұсындағыдан әлдеқайда жоғары,

жаңа еңбек өнімділігін қамтамасыз еткен күнде ғана орната аламыз, дейді Н. С. Хрущев жолдас.

Экономикамыздың барлық саласында еңбек өнімділігін жедел арттыру нәтижесінде өнімді үдемелі қарқынмен мол өндіру — жетіжылдық жоспардың ерекшелігі міне осы. Өнеркәсіп өнімінің бүкіл өсімінің төрттен үш бөлігі 1965 жылы еңбек өнімділігін арттыру есебінен алынады. Ал ауылшаруашылық өнімінің жеті жыл ішіндегі өсуінің 70 процентін онда істейтін қызметкерлердің санын ешбір көбейтпестен, қайта бір бөлегін халық шаруашылығының басқа салаларына ауыстырып, азайта отырып, орындауымыз керек.

Совет Одағында жұмысшылардың орташа жылдық еңбек өнімділігі, жұмыс күнінің ұзақтығы қысқартылғанның өзінде, 1913 жылғымен салыстырғанда он есе дерлік өсті. Кәзір біздің ел еңбек өнімділігінің өсу қарқыны жөнінен дүние жүзінде бірінші орынға шықты.

Орталық санақ басқармасының мәліметі бойынша, Совет Одағы өнеркәсібінде еңбек өнімділігінің жылдық өсу қарқыны орта есеппен алғанда 6 — 8 процент. Ал Америкада буржуазия экономистерінің есебі бойынша жылына 1,5—2 процент аралығында ауытқып отырады. Совет Одағы еңбек өнімділігін арттыру дәрежесі жөнінен Америка Құрама Штаттарын тез арада қуып жетеді. Бұған елімізде қарыштап өсіп келе жатқан техникалық прогресс, еңбекшілердің өндірістік-техникалық білім дәрежесінің шапшаң көтерілуі кепіл.

Совет Одағының негізгі экономикалық міндетін шешу ауыл шаруашылығы өндірісінің де одан әрі өркендей беруін талап етеді. Еліміздің ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1958 жылы Америкадағы жалпы өнімнің 75 — 80 проценті, ал жан басына есептегенде 60 проценті болып отыр.

Совет Одағы кәзіргі уақытта бидайды Америкадан екі жарым есе, картопты 4,8 есе, қант қызылшасын 2 есе артық өндіреді.

Жетіжылдық жоспар бойынша 1965 жылдың аяғында бізде 170—176 миллион тонна, ал АҚШ-та 150 — 160 миллион тонна астық алынбақ.

Жан басына ет, сүт, және май өндіру жөнінде де Американың кәзіргі дәрежесіне жету — Совет Одағының ауыл шаруашылығы еңбеккерлері үшін сөзсіз орындалатын міндет.

Мұнымен қатар малдың барлық түлігі мен құс мейлінше көбейеді. Жеті жыл ішінде 1952 — 1958 жылдардағымен салыстырғанда ірі қара мал екі есе, қой-ешкі екі еседей артпақ.

Жан басына ет, сүт, май өндіру жөнінен таяудағы жылдарда Американы қуып жету міндетіне Қазақстан еңбекшілері де зор үлес қоспақ.

Қазақ ССР-інде жылына үнемі бір миллиард пұт астық алу міндеті қойылып отыр. Сонымен бірге біздің солтүстік аудандарымыз етті, сүтті мал шаруашылығын, биязы және биязылау жүнді қой шаруашылығын өркендетуге мамандандырылады. Республикада қойдың саны 1965 жылы 75 миллионға жетеді. Малдың басқа түліктері де шұғыл көбейеді.

Социализм мен капитализмнің бейбіт экономикалық жарысында социализмнің жеңіп шығатыны күмәнсіз. Бұған социализмнің капитализмнен үздік артықшылықтары кепіл, барлық социалистік елдердің күшті қарқынмен дамуы, олардың арасында өзара туыскандық ынтымақ пен көмектің күшейе түсуі кепіл.

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы

XII ТАРАУ

Партия социализмнің бүкіл майданда шабуыл жасау дәуірінде. Колхоз құрылысының ұйымдастырылуы

(1929—1932 жылдар)

1. Капиталистік дүниедегі экономикалық дағдарыс. Социализмнің кеңінен шабуыл жасау жылдарында СССР-дің халықаралық жағдайы

Халықаралық жағдайда 1929 жылдың аяғында елеулі өзгерістер болды. Өзінің күштілігі мен ұзақтығы жағынан ерекше болған экономикалық дағдарыс бүкіл капиталистік дүниені тітіретті. Дағдарыс капиталистік елдердің шаруашылығын қатты күйзелтті. Өндірістің құлдырауы үш жылға таяу уақытқа созылды. Өнеркәсіп өнімінің 1932 жылғы мөлшері ең төменгі мөлшер болды. 1929 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің мөлшері бұл кезге қарсы Америка Құрама Штаттарында екі есе дерлік, ал Германияда 40 процент қысқарды.

1929 жылғы дағдарыс бұрын болып көрмеген дәрежеде жұмыссыздық туғызды. Дағдарыстың ең қатты шиеленіскен кезінде жұмыссыздардың саны тек Америка Құрама Штаттарында ғана 15—17 миллионға жетті. Германияда кәсіподақтар мүшелерінің 44 процентіне таяуы 1932 жылы толығынан жұмыссыз болды. Жаппай жұмыссыздық ұзаққа созылды. Барлық буржуазиялық елдердегі жұмысшы табының едәуір бөлегін ол нағыз қайыршылыққа ұшыратты.

Дағдарыс капитализмнің уақытша тұрақтауын аяқтады, жұмысшы бұқарасын революцияшыл етті. Көптеген елдерде коммунистік партиялардың ықпалы өсті. Мәселен, Германияда Коммунистік партия 1932 жылы ноябрьде болған рейхстаг сайлауында 6 миллионға таяу дауыс алды.

Дағдарыс капиталистік құрылыстың шіріктігін қалың бұқараға айқын көрсетті. Ол капитализмнің еңбекшілерге келтіретін бейнетін барлық қалың бұқараға ерекше қатты танытты. Дағдарыс пролетариат пен буржуазияның таптық мүдделерін бітістіруге болады дейтін және капиталистік шаруашылық дағдарыссыз дами алады дейтін реформистік теориялардың, капитализмнің уақытша тұрақтау жылдарында едәуір таратылған теориялардың тигізетін әсерін әлсіретті. Мұндай жалған үміттерді бұқара арасында II Интернационалдың партиялары таратып келген болатын.

СССР-дегі социализм құрылысының табыстары халықаралық жағдайға барған сайын көп әсер ете берді. Бүкіл дүние жүзі еңбекшілері арасында социалистік құрылыстың капиталистік құрылыстан артықшылығын түсінушілік бірден-бірге кең тарады.

Социализм табыстарының әсерімен реакцияшыл капиталистік топтардың интервенцияшылдық талаптары қайта жанданды. СССР-дегі социалистік құрылысқа бөгет жасауға, бірінші бесжылдық жоспарды орындатпауға тырысушылық күшейді. Совет Одағына қарсы соғыс ашуға батылы бармай, империалистер социализм құрылысына бөгет

жасау жолында бірсыпыра басқа қадамдар жасады. Олар СССР халық шаруашылығына зиянкестік жасауды ұйымдастыруға көмектесті, баспасөз жүзінде антисоветтік өсек тарату науқанын күшейтті. Контрреволюцияшыл шіркеушілерді қолдау жөніндегі Рим папасы басқарған науқаннан кейін іле-шала Совет Одағы демпинг қолданып отыр деген жалған лақаппен қаскүнемдік насихат жүргізіле бастады. Соған кейін СССР-де еріксіз еңбек, т. с. қолданылады, дейтін өтірік-өсек таратылды. Совет еліне жабылған жаланың ұшы-қиыры болмады. Көптеген капиталистік елдердің билеуші топтары антисоветтік насихатты совет экспортына қысым жасау үшін (Америка Құрама Штаттары, Франция, Польша, Бельгия), сонымен қатар Совет Одағына кредит беруден бас тарту үшін пайдаланды. Советтер Еліне қарсы нағыз экономикалық соғыс жүргізілді.

Бірақ та дағдарыс жылдарында капиталистік мемлекеттердің СССР-мен арақатынасындағы саясатында бұған қарама-қарсы тенденциялар да болды. Бұл жылдары капиталистік елдердің өнеркәсіп өнімдерін өткізу үшін совет рыногының маңызы ерекше өсті. Мәселен, өнеркәсіптің машина жасау сияқты маңызды салалары үшін социалистік елдің рыногы шешуші маңыз алды. Мұның себебі ол дағдарысқа ұшырамайтын, басқа рыноктардың барлығы суала бастаған кезде тез кеңейіп отырған дүние жүзінде бірден-бір рынок болды. Іс басындағы ықпалды топтардың совет заказдарына мүдделі болуы реакцияшыл империалистік күштердің антисоветтік арам пиғылын біршама қиындатты. Совет елін барынша жақсы көретін жұмысшы бұқарасы Совет Одағы жөнінде қастық саясат жүргізуге қарсы шықты.

Халықаралық жағдай экономикалық дағдарыс жылдары үнемі шиеленіскен күйінде қала берді. Дағдарыс империалистердің рыноктар үшін және ықпал жүргізу саласы үшін жүргізетін күресін мейлінше шиеленістірді, империалистік мемлекеттердің арасындағы қайшылықтарды күшейте түсті. Капиталистік елдердің реакцияшыл басшы топтарының көптеген өкілдері дағдарыстан шығу үшін соғыс ашуды және өзге елдердің жерін басып алуды көздеді.

Агрессия жолына басқалардың бәрінен бұрын Жапония түсті. 1931 жылы жапон империалистері ресми түрде соғыс жарияламастан Қытайдың солтүстік-шығыс провинцияларын (Маньчжурияны) басып алды. Жапон агрессиясының салдарынан Қиыр Шығыста соғыс ошағы пайда болды. Жапон агрессиясы басталғаннан кейін көп ұзамай-ақ Совет үкіметі СССР еңбекшілерінің Қытай халқына тілектес екендігі туралы ашық мәлімдеді.

Батыстың империалистік державаларының позициясы басқаша болды. Жапонияның Қытайдағы экспансиясы империалистік державалардың мүдделеріне нұқсан келтіре тұрса да, олар, шынында, жапон агрессиясын көтермелеп отырды. Мұнымен бірге Батыс державалары Жапония мен Совет Одағын өзара соқтығыстыру ниетін көздеді.

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің сыртқы саясаты бейбіт саясат болып қала берді. Партия бұл дәуірде де бейбітшілік сақтап, жаулардың Совет елін халықаралық жанжалға тартуына жол бермейді. Бірақ Қытайға қарсы жапон агрессиясы басталғаннан кейін халықаралық жағдай ерекше қатты шиеленісті. Совет Одағына өзінің Қиыр Шығыстағы шекара қорғанысын нығайту жолында шаралар қолдануға тура келді. Интервенцияшылдардың арам ниеттері, олардың СССР-де зиянкестік пен диверсиялар ұйымдастыруы, дүниежүзілік капиталдың Совет еліне экономикалық қысым көрсетуі, Советтік Қиыр Шығысқа таяу жерде соғыс ошағының пайда болуы — міне осындай сыртқы факторлардың бәрі партияның шаруашылық және мәдениет майданындағы орасан зор міндеттерді шешу жөніндегі жұмысын қиындатпай қоймады.

2. Ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендірудің өрістеуі.

Кулактарды тап ретінде жою саясатына көшу.

Партияның XVI съезі

Капиталистік дүние экономикалық дағдарысқа душар болып отырған кезде ССР Одағында социалистік құрылыс үздіксіз көтеріліп отырды. Өнеркәсіп өнімінің жылдық өсімі орта есеппен алғанда 20 процентке жуық болды.

Өнеркәсіптің қарыштап өсуімен қатар елімізде жаппай колхоз қозғалысы өрістеді. 1930 жылдың бас кезіне таман колхоз құрылысының бесжылдық программасы негізінен орындалды. Еліміздің бірсыпыра аудандарында колхоз қозғалысы жаппай коллективтендіруге ұласты. Шаруалар колхозға бүтін село, аудан, округ болып кіріп жатты. 124 ауданда шаруа шаруашылықтарының 70 проценттен астамы коллективтендірілді. Жаппай коллективтендіру аудандары өте-мөте Еділ бойында, Солтүстік Кавказда және Украинаның қыр бөлегінде көп болды. Жаппай коллективтендіруге көшу дегеніміз шаруалардың негізгі көпшілігінің социализмге қарай ұлы бетбұрысы болды. Жаппай колхоз қозғалысы басталғанға дейін СССР-де 24,5 миллион жеке меншікті шаруа шаруашылығы бар еді, оның ішінде 8,5 миллион кедей, 15 миллион орташа және 1 миллионнан астам кулак шаруашылығы болды. Шаруалар — кедейлер мен орташалар — СССР-дегі ең көп еңбекші тап еді. Ұсақ шаруашылық, товар шаруашылығы капиталистік шаруашылық болмағанымен өзінің негізі жағынан осыған ұқсас шаруашылық еді, өйткені ол өндіріс құрал-жабдықтарын жеке меншіктенуге сүйенді және өз арасынан кулак-капиталистерді шығарып отырды. Шаруалар колхозға кірумен бірге өндірістің негізгі құрал-жабдықтарын қоғамдастырды. Еңбекші шаруалар дамудың ескі жолынан, стихиялық түрде капитализмге бастайтын, кедейлер мен орташаларды кулактарға кіріптар ететін жолдан жаңа, социалистік жолға, кулакқа кіріптар болудан және капиталистік қанаудан құтқаратын жолға көшті. Деревняда социалистік колхоз құрылысы орнады.

Жаппай коллективтендіруге көшу дегеніміз, мұнан соң, совет егіншілігінің дамуындағы ұлы өзгеріс болды. Колхоздар құрылғанға дейін шаруалар өздерінің ұсақ шаруашылықтарында жеке-жеке жұмыс істеді. Шаруалардың көпшілігі еңбектің ескі құралдарын пайдаланды: жерді көбінесе соқамен және тіс ағашпен ұқсатты, егінді орақпен және шалғымен орды, қолмен соғып бастырды. Күш көлігі жылқы мен өгіз болды. Шаруашылықтардың өте ұсақ болуы тракторлар мен басқа да жаңа машиналарды пайдалануға мүмкіншілік бермеді. Шаруалар еңбегінің өнімі мардымсыз болды. Шаруалардың негізгі көпшілігінің колхозға қарай бет бұруы артта қалған ұсақ жеке шаруашылықтан алдыңғы қатарлы коллективтік машиналы ірі егіншілікке көшу болды. Алғашқы колхоздардың тәжірибесі көрсеткеніндей, шаруалардың құрал-сайманын жай қосып пайдаланудың өзінен-ақ еңбек өнімділігі едәуір көтеріліп отырды. Колхоздардың ұсақ жеке шаруашылықтан артықшылығы олар ауылшаруашылық жаңа техниканы — тракторлар мен басқа да машиналарды пайдаланған кезде бұрынғыдан да толық байқалды. Жаңа техниканы қолданатын коллективтік еңбек шаруалардың егіс көлемін көбейтуге, егіншілік мәдениетін көтеруге, өзінің материалдық және мәдени жағдайын ұдайы арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен, кедей-орташа бұқараларының жаппай коллективтесуге көшуі СССР-дің ауыл шаруашылығында аса терең революциялық төңкеріс болды. Бұл төңкерістің негізі еңбекші шаруалардың өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншігін қоғамдық меншік етіп қайта құру, ұсақ жеке өндірістен ірі коллективтік социалистік өндіріске көшу болды. Колхоздастыру негізінде ауыл шаруашылығын қайта құру капитализм-

нің егіншіліктегі тамырына балта шабу болды, халық шаруашылығының аса маңызды саласында — ауыл шаруашылығында социалистік системаның орнауы болды. Колхоздарда өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болмағандықтан және колхозшы шаруаның өмір сүруінің түпкі негізі артель шаруашылығы және бұл шаруашылықта оның өз басының еңбек етуі бола бастағандықтан капиталистік элементтердің қайта туу негізі жойылды.

Деревнядағы аса зор революциялық төңкеріс Коммунистік партия мен Совет өкіметінің жетекшілігі мен басшылығы арқасында, еңбекші шаруалардың қалың бұқарасының белсене қатысуы арқасында жасалды.

ВКП(б) Орталық Комитеті 1930 жылы 5 январьда «Коллективтендірудің қарқыны және колхоз құрылысына мемлекеттік көмек беру шаралары туралы» тарихи қаулы қабылдады. Орталық Комитет партияны ауыл шаруашылығын коллективтендіруді негізінен бірінші бесжылдықтың аяғына қарсы бітіруге бейімдеді. Мұнымен бірге түрлі өлкелерде, облыстарда және ұлт республикаларында жағдайдың әрқилылығы және шаруалардың коллективтенуге дайындығының түрліше болуы мұқият есепке алынды.

ВКП(б) Орталық Комитеті коллективтендірудің қарқыны жағынан бүкіл елді үш топқа бөлді. Бірінші топқа аса маңызды астықты аудандар: Солтүстік Кавказ, Төменгі Еділ мен Орта Еділ кірді, мұнда коллективтендіруді негізінен 1931 жылдың көктеміне қарсы аяқтау ұйғарылған еді. Бұл аудандардың жаппай коллективтендіруге дайындығы басқалардан жақсы еді. Совет мемлекеті бұл аудандарға тракторларды және басқа ауылшаруашылық машиналарын ең алдымен және көптеп жіберіп отырды. Мұнда шаруалардың жіктелуі тереңірек еді, тап күресі неғұрлым күшті еді, кедейлер жақсы ұйымдастырылғанды, осызаманғы техникамен жабдыкталған ірі совхоздар мен колхоздар көбірек болды, ауылшаруашылық кооперациясы күштірек дамыған еді. Бұл аудандардың партия, совет ұйымдарының коллективтендіруді жүргізуде алған тәжірибесі едәуір көп болды. Екінші топқа еліміздің басқа барлық астықты аудандары кірді: Украина, Орталық қара топырақты облыс (ЦЧО), Сібір, Орал, Қазақстан кірді, мұнда коллективтендіруді негізінен 1932 жылдың көктеміне қарсы аяқтау ұйғарылды. Басқа өлкелерде, облыстарда және ұлт республикаларында коллективтендіру негізінен бесжылдықтың аяқ кезінде, яғни 1933 жылы аяқталмақ еді.

Жаппай коллективтендіру аудандарының тәжірибесін есепке ала отырып, партияның Орталық Комитеті колхоз құрылысының негізгі ұйымдық формасы ауылшаруашылық артели болуға тиіс деп белгіледі, мұнда жер пайдалану және өндірістің негізгі құрал-жабдықтары: күш көлігі, ауылшаруашылық машиналары мен құралдары, шаруашылық құрылыстары, товарлы өнім беретін мал қоғамдастырылатын болды. Ауылшаруашылық артелінің жерді бірігіп ұқсататын серіктіктер мен коммуналардан өзгешелігі — мұнда колхозшылардың жеке басының мүдделері қоғамдық мүдделермен неғұрлым дұрыс үйлестірілді, сөйтіп кешегі жекешелерді коллективизм рухында тәрбиелеу ісі жеңілдеді.

Коллективтендіру қарқынының өсуіне сәйкес партияның Орталық Комитеті тракторлар, комбайндар, трактор саймандарын және күрделі ауылшаруашылық машиналарын өндіретін заводтар салуды тездету жөнінде шаралар қолданды. Колхоз қозғалысының бұл дәуірінде трактор күші мен ат күшін қоса пайдаланудың маңыздылығы баса көрсетілді. Жаппай коллективтендіру аудандарында машина-трактор станциялары бүтіндей колхоздарға қызмет етуге көшірілді. 1929/30 шаруашылық жылы колхоздарға 500 миллион сом қарыз бөлінді. Колхоздарды жерге орналастыру жөніндегі шығындарды мемлекет өз мойнына ал-

ды. Колхоз кадрларын дайындау үшін қысқа мерзімді көптеген курстар ұйымдастырылды.

Орталық Комитет барлық партия ұйымдарын төменнен өсіп келе жатқан колхоз қозғалысына басшылық етуге шақырды. Сонымен бірге Орталық Комитет колхоз қозғалысының дамуын тежеуге тырысудан да сақтандырды, сондай-ақ әсіресе «колхоздар ұйымдастыру жөніндегі шын социалистік жарысты коллективтендірудегі атүстілікке айналдырып жіберу қаупін туғызатын, коллективтік қозғалысты жоғарыдан «декреттеудің» қандайынан болсын» («Қ П С С... қ а р а р л а р ы», II бөлім, 713-бет) мейлінше сақтандырды.

Орталық Комитеттің қаулысында кулак жөніндегі жаңа саясат — жаппай коллективтендіру негізінде кулактарды тап ретінде жою саясаты баянды етілді.

СССР-дегі қанаушы ең көп тап кулактар болды. Жаппай коллективтендірудің басталар кезінде кулак шаруашылықтары шаруа шаруашылықтарының 5 процентіне жуық еді. Кулактар ауылшаруашылық өндірісінде елеулі орын алды. 1927 жылы дәнді дақылдар егісінің (жалпы 94,7 миллион гектар егіс көлемінің) 10 миллион гектарына таяуы кулактардың қолында болды және бүкіл товарлы астықтың бес-тен бір бөлегін (130 миллион пұтқа жуық) солар берді.

Кулактар социализмнің қас дұшпаны еді. Помещиктер мен капиталистерді жойғаннан кейін кулактар ел ішінде капитализмді қайта орнатудың соңғы тірегі болды. Олар Совет өкіметінің жүргізген шараларына саботаж жасады, антисоветтік көтерілістер ұйымдастырды, деревня белсенділеріне қарсы террор жүргізді, кедейлер мен орташаларды кіріптар етіп, өз ықпалына бағындыруға барынша тырысты. Совет мемлекетін астықсыз қалдыруға, сөйтіп оның жүргізіп отырған социалистік шараларын болғызбай тастауға кулактар екі рет 1918 жылы және 1927/28 шаруашылық жылы жанталаса әрекет жасады. Кулактар НЭП-тің кезінде өз жағдайын нығайтуға және СССР-де бұрынғы, капиталистік тәртіптерді қайта орнатуға болады деп есептеді. СССР-де капитализмді қайта орнатуды көксеген барлық елдердің капиталистері кулактарға сүйенді.

РКП(б) VIII съезінен бастап партия кулактардың қанаушылық ниеттерін тежеу саясатын, капиталистік элементтерді ығыстыру саясатын жүргізіп келді. Совет өкіметі жерді арендау туралы және жеке шаруа шаруашылығында жалдама еңбек қолдану туралы өзінің заңдары арқылы кулак өндірісінің мөлшерін және кулактардың еңбекші шаруаларды қанау мүмкіншілігін тежеді. Ол кулак шаруашылықтарына өсіпкі салық салды, кулактардың астықты тұрақты баға бойынша мемлекетке сатуын талап етті. Тежеу саясаты кулактардың өсуін бөгеді, бірақ бұл оны жою болған жоқ.

Ленин кулактармен бітім болуы мүмкін емес және жұмысшы табы кулактарға өлтіре соққы беру үшін, оларды тап ретінде жою үшін күш жинау жөнінде табанды түрде дайындық жұмыс жүргізуге тиіс деп көрсеткен болатын. «...Біз, — дейді Ленин, — кулактарға қарсы тікелей азамат соғысын жүргізуді жақтадық, жақтап отырмыз және бұдан былай да жақтаймыз» (Шығармалар, 29-том, 139-бет). РКП(б)-нің XI съезінде Ленин партияға таяу уақыттың ішінде «орыс капитализмімен, ұсақ шаруа шаруашылығынан туатын капитализммен, соның қолдауына сүйенетін капитализммен ақырғы және шешуші ұрыс болғалы тұр» (Шығармалар, 33-том, 275-бет) деп ескерткен болатын.

Кулактарға қарсы ақырғы және шешуші ұрыс жүргізе отырып, Коммунистік партия мен Совет өкіметі социалистік құрылыстағы 1930 жылға дейін қол жеткен ірі табыстарға сүйенді.

Халық шаруашылығының барлық салаларында социалистік сектор өсіп, нығайды: социалистік өнеркәсіп тез қарқынмен дамыды; деревняда ондаған мың жаңа колхоздар пайда болды. Партия мен Совет өкіметінің енді қалада ғана емес, сонымен қатар деревняда да берік социалистік базасы болды; олар ел ішіндегі капиталистік элементтерді сол базаға сүйене отырып, жоюға мүмкіндік алды.

Ел ішінде таптық күштер социализмнің пайдасына қайта орналас-ты. Социалистік индустрияландырумен қатар жұмысшы табының саны өсті және оның деревняны социалистік жолмен қайта құрудағы, шаруалардың еңбекші бұқараларының кулактарға қарсы күресіндегі басшылық ролі артты. Кулактарды — ел ішіндегі қанаушы соңғы тапты жоюға жұмысшы табы барынша мүдделі болды. Етек алып жайылған бұқаралық колхоз қозғалысы миллиондаған шаруалар шаруашылығын қамтыды. Колхозға орташалар кіре бастады. Олар кедейлермен бірігіп кулактарға қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізді. Кулактарды біржолата жою үшін партия мен Совет өкіметі енді жұмысшы табы мен деревня кедейлеріне ғана емес, сонымен қатар колхозға кірген орташа шаруаға да берік сүйене алатын болды.

Сонымен қатар, 1930 жылға қарсы кулактың астық өндірісінің орнын толтыруға Совет өкіметінің материалдық базасы да болды. 1929 жылы колхоздар мен совхоздар 400 миллион пұт астық жинады және мемлекетке 130 миллион пұттан астам товарлы астық берді. Колхоздардың қауырт өсуі колхоздар мен совхоздар 1930 жылы кем дегенде 400 миллион пұт товарлы астық береді, яғни 1927 жылы кулак шаруашылықтары берген астықтан бірнеше рет көп береді деген толық сенім туғызды.

Халық шаруашылығындағы социалистік сектордың өсуі, ел ішінде таптық күштердің жаңадан орналасуы және астық өндірісі жөнінде Совет мемлекетінің колхоздар мен совхоздар сияқты базасының болуы 1929 жылдың аяғында партияға кулактарды тежеп, ығыстыру саясатынан жаппай коллективтендіру негізінде оларды тап ретінде жою саясатына көшуге мүмкіншілік берді. Бұл саясаттың мәні — кулактарды өмір сүріп, дамитын өндірістік негіздерінен айыру: жерді, өндіріс құралдарын еркін пайдаланудан, жерді арендаудан, жұмыс күшін жалдау правосынан айыру еді. Бұл саясат Совет мемлекетінің жоғарғы органдарының қаулыларында заң жүзінде баянды етілді. Жаппай коллективтендіру аудандарында жерді арендау туралы және жеке шаруа шаруашылықтарында жалдама еңбек қолдану туралы заңдардың күші жойылды.

Жаппай коллективтендіру нәтижесінде село немесе деревня маңындағы барлық жер колхоздардың қарамағына берілді. Бұл жердегі кулактардың учаскелері колхоздарға көшті. Сонымен, кулактар жерді арендау правосынан айрылып қана қоймай, сонымен қатар өздері пайдаланып келген жерден де айрылды. Октябрь революциясының жерді национализациялауы жерге орналастыру жұмысын колхоздарға тиімді етіп жүргізуді қамтамасыз етті. Жердің национализациялануы «пролетарлық мемлекеттің егіншілікте социализмге көшуіне неғұрлым көп мүмкіншіліктер берді» (Шығармалар, 28-том, 316-бет) деп көрсетті Ленин. Колхоздар шаруалардың жер учаскелерін сатып алмады, коллективтік пайдалануға көшкен жер үшін шаруаларға ақы төлемеді. СССР-де жерге жеке меншіктің болмауы деревняны социалистік жолмен қайта құруды, кулактарға қарсы күресті жеңілдетті.

Ауыл шаруашылығын коллективтендіруде кулактарға қарсы аяусыз тап күресін жүргізуге тура келді, мұның өзі өшпенді капиталистік қоршау жағдайларында жүргізілді. Кулактар колхозға қарсы өршеле-

не үгіт жүргізді, әртүрлі қаскүнемдік өтірік-өсек таратты, колхоздардың шаруашылық құрылыстарын өртеді, малды уландырды, тракторлар мен машиналарды бүлдірді, село коммунистерін, колхоз бастықтарын, село тілшілері мен деревня белсенділерін тасадан өлтірумен болды. Шаруалардың колхоздарға көшуіне бөгет жасау үшін, коллективтендіруді болғызбау үшін олар қолдарынан келгенін істеп бақты. Сондықтан шаруа бұқараларының жаппай коллективтенуге көшуімен қатар кулактарға қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізілді. Шаруалар кулактарды толық экспроприациялау туралы және оларды өз селолары мен деревняларының жерінен қуу туралы мәселе қойды.

Кедейлер мен орташалардың кулактарға қарсы күресін барынша қолдай отырып, Совет мемлекеті кулактардың мал-мүлкін тартып алу жөніндегі тыйымды жойды. Жаппай коллективтендіру аудандарында Совет өкіметінің жергілікті органдарына неғұрлым зиянкес кулактарды олардың негізгі тұратын жерінен алыс аудандарға жер аударуға, олардың барлық өндіріс құрал-жабдықтарын, малын, машиналарын және басқа саймандарын конфискациялауға және бұларды колхоздардың меншігіне тапсыруға право берілді. Кулактар толық экспроприацияланды. Кулактарға қолданылған бұл шаралар бірден-бір дұрыс шара болды. Бұл шаралар социализм орнату мүдделеріне сай келді, колхоз қозғалысының жеңіп шығуын, колхоздардың нығайуын қамтамасыз етті.

Сөйтіп, жаппай колхоз құрылысының ең басынан-ақ Орталық Комитет Лениннің кооперация туралы іліміне сүйене отырып, партияны жұмысшы табын және еңбекші шаруаларды колхоз құрылысының жеңісі жолындағы күрестің нақты жоспарымен қаруландырды.

ВКП(б) Орталық Комитеті 1930 жылы 5 январьдағы қаулыны қабылдағаннан кейін барлық партия ұйымдары және ең алдымен округтік, аудандық және селолық партия ұйымдары коллективтендіру жөніндегі жұмысты күшейте түсті. Деревня коммунистері, өздерінің соңынан кедейлер мен орташаларды ерте отырып, колхозға бірінші болып кірді. 1930 жылдың көктеміне қарсы ауыл шаруашылығымен айналысатын деревня коммунистерінің төрттен үшіне жуығы колхоздарда болды.

«Советтер — колхоздарға қарай бет бұрындар» деген ұран тастап, партия, совет органдарының көңілін колхоз құрылысына аударды. Советтер партияның деревнядағы жаңа саясатын жүргізуші болды. Коллективтендіруді жүргізуде селолық Советтер маңызды роль атқарды, мұндай Советтер 70 мыңнан астам болды. Олар 4 миллионға жуық кедей-орташа белсенділерді біріктірді. Село белсенділері колхоз қозғалысының бастаушысы болды.

Колхоз құрылысына белсене қатысуға партия кәсіподақтарды тартты. Ол қала жұмысшыларының коллективтендіру ісіне қатысу жөніндегі өсіп келе жатқан ынталарын қолдады. Колхоз ұйымдастыру және машина жөндеу үшін кәсіподақтар 1930 жылы деревняға 180 мың жұмысшы бригадасын жіберді. 1930 жылдың басында партияның шақыруы бойынша колхозға жұмысқа келген алдыңғы қатарлы жұмысшылар — жиырма бес мыңшылар колхоз қозғалысын кенінен өрістету жөнінде ерекше маңызды роль атқарды. Бұлар фабрика-завод, партия және кәсіподақ ұйымдары, завод пен фабрикалардың коллективтері жіберген ерікшілер болатын. Бұл жиырма бес мыңшылардың 70 процентіне таяуы коммунистер еді.

Коллективтендіру ісін жүзеге асыру жөнінде партияның белсенді көмекшісі комсомол болды. 1930 жылдың көктеміне қарсы деревня комсомолдерінің жартысына таяуы (550 мың) колхозға кірді. Деревнядағы комсомол колхоз жастарының ұйымына айналды.

1930 жылдың январы мен февраль айлары колхоздардың ең күшті қарқынмен өскен айлары болды. Жаппай коллективтендіру жолындағы қозғалыс еліміздің жаңа аудандарын барған сайын көп қамтыды. Осы уақыттың ішінде шаруа шаруашылықтарының 10 миллионға жуығы колхозға тартылды.

Бірақ коллективтендіру ісін жүргізуде шын табыстармен бірге нашар жағдайлар да байқалды. Біраз жағдайларда колхоз қозғалысындағы партия саясатын бұрмалаушылық болды, мұның өзі орташалардың бір бөлегінде наразылық туғызды.

Ең алдымен, колхоз құрылысында еріктілік болсын дейтін лениндік принцип бұзылды. Шаруалар арасында қажымай ұйымдастыру-түсінік жұмысын жүргізудің орнына көбіне орташалар жөнінде дөрекі әкімшілік және зорлық жасалды. Колхозға түсу еріктілігі орнына «кулак қатарына қосамыз», сайлау правонды жоямыз деген сияқты қорқыту, күштеу әдісі қолданылды. Кейбір аудандарда «кулак қатарына қосылғандардың» саны 15 процентке дейін жетті, сайлау правосынан айрылғандардың саны 15 — 20 процентке жетті.

Колхоз қозғалысының негізгі формасы ауылшаруашылық артелі деп көрсеткен партияның нұсқауы бұзылды. Артельдік формадан коммунаға аттап өтіп, барлық ұсақ малды, үй құстарын және басқаларды күштеп қоғамдастырушылық аз болған жоқ. Бұл практика әсіресе Орал мен Сібірде көп тарады. СССР егіншілік министрлігі мен Орталық колхоз басқармасы қабылдаған, 1930 жылы 6 февральда жарияланған ауылшаруашылық артелінің шалағай үлгі уставы колхоздарда өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдастыру ісін едәуір шатастырды. Бұл уставта колхозшылардың үй іргесіндегі учаскелер туралы ешнәрсе айтылмады, малды қоғамдастыруда бір сиыры бар, ұсақ малы мен құсы бар шаруашылық жөнінде қалай ету керек екендігі түсіндірілмеді.

Коллективтендірудің алғашқы табыстарына елігіп, кейбір партия ұйымдары ВКП(б) Орталық Комитетінің коллективтендіру қарқыны туралы 1930 жылы 5 январьдағы қаулысын бұзды. Мәселен, партия Орталық Комитетінің қаулысы бойынша Орталық қара топырақты облыстың қарамағында кемінде екі жыл, Москва облысының қарамағында кемінде үш жыл болғанына қарамастан, Орталық қара топырақты облыстың және Москва облысының облыстық партия комитеттері, коллективтендіруді жоғары процентке жеткізуді қуалап, өз қызметкерлеріне коллективтендіруді 1930 жылдың көктемінде бітіру керек деп жөн сілтеді.

Солтүстік-Кавказдың ұлт аудандарында, Закавказьеде, Орта Азия мен Қазақстанда партия саясатының бұзылуына жол берілді. Ұзақ уақыт дайындық жұмысын жүргізудің орнына және ұлт аудандарының кедейлері мен орташаларына Орталық Комитет ұсынғанындай партия саясатын төзімділікпен түсіндірудің орнына бұл аудандардың партия ұйымдары коллективтендіруді «қысқа мерзім ішінде» аяқтауға бет алды.

Партия ұйымдарының колхоз қозғалысындағы қателерін және асыра сілтеушіліктерін Совет өкіметінің жаулары, ең алдымен кулактар пайдалануға тырысты. Бұрынғы ақгвардияшылар, эсерлер және жасырынып жүрген басқа да антисоветтік элементтер белсене қимылдады. Жау зұлымдықпен, айлакерлікпен әрекет жасады. Олар арандатудан бастап коммунистерді, деревня белсенділерін айуандықпен өлтіруге дейін барлық амалдарды қолданды. Тал жаулары колхозда малдың барлығын бәрібір тартып алады деген лақап таратып, шаруаларды колхозға кірудің алдында малды қыруға итермеледі. Кулактардың арандатуына берілген көптеген шаруалар сиырларын, шошқаларын, қойларын, үй құстарын сойып қыра бастады. 1929/30 шаруашылық жылы елімізде ірі қара малдың саны 14,6 миллион кеміді, шошқаның

үштен бір бөлегі кеміді, қой мен ешкінің төрттен бір бөлегі кеміді. Осы малдың бәрі дерлік көбінесе 1930 жылдың февраль, март айларында қырылды. Қулактардың және олардың қол шоқпарларының қаскүнемдік әрекеттерінің нәтижесінде мал шаруашылығы қатты ойсырап қалды да, бұл халден ол көпке дейін айыға алмай келді.

Совет өкіметінің жаулары колхоз құрылысындағы асыра сілтеушіліктер мен қателер шаруаларды өшіктіреді және оларды жаппай анти-советтік бүлік жасауға итермелейді деп сенді. Олар орташалардың бір бөлегінің уақытша наразылығын пайдаланып, бұл орташаларды өз соңымыздан ертіп әкетеміз деп үміттенді. Кейбір жағдайларда олар анти-советтік аттаныстар ұйымдастыра алды.

Колхоз қозғалысының қиыншылықтарын және орташаларға қарсы жасалған асыра сілтеушіліктерді оңшыл оппортунистер де пайдалануға тырысты. Партияның коллективтендіру ісіндегі бүкіл жұмысын іске алғысыз ету мақсатын көздеп, олар бірсыпыра жана әрекеттер жасады.

Колхоз құрылысындағы қателер колхоз қозғалысын кері кетіруге, бүкіл социалистік құрылыс ісін әлсіретуге әкеп соқты. Бұл қателер партияны шаруалардың негізгі бұқараларымен одақ жасау жолынан және пролетариат диктатурасын нығайту жолынан тайдырарлық, сөйтіп, сол бұқаралардан қол үздірерлік және пролетариат диктатурасын әлсіретерлік қауіп бар қателер еді.

Колхоз құрылысындағы партия жолын бұрмалау туралы және шаруалар бұқарасының қатерлі наразылық белгілері туралы қауіпті хабарлар алғаннан кейін, партияның Орталық Комитеті коллективтендіруді жүргізуде жіберілген асыра сілтеушіліктер мен қателерді түзету үшін шаралар қолданды. Орталық Комитет Закавказьеінің ұлт республикаларында, Орта Азияда және РСФСР-дің ұлт аудандарында коллективтендіруді жүргізу тәртібі туралы қаулы алды. Коллективтендіруге неғұрлым жақсы дайындалған алдыңғы қатарлы аудандарда коллективтендіру жөнінде қолданылатын жұмыс түрлері мен әдістерін ұлт аудандарына қолданудың теріс екендігі партия ұйымдарына ескертілді. Өз аудандарының ұлттық және экономикалық өзгешеліктерін есепке ала отырып, коллективтендіруге дайындық жұмысын жүргізу ісіне басты көңіл бөлу керек делінді.

1930 жылғы февральдің аяғында партияның Орталық Комитеті ауылшаруашылық артелінің үлгі уставына анықтамалар мен түзетулер енгізді. 2-мартта бұл устав баспасөзде жарияланды. Сол күні-Орталық Комитеттің қаулысы бойынша Сталиннің «Табысқа мастану» деген мақаласы жарияланды, бұл мақала партияның колхоз құрылысындағы саясатын түсіндірді және партия кадрларына колхоз қозғалысындағы қателерді жоюға, коллективтендірудің табыстарын баянды етуге жөн сілтеді.

Партияның Орталық Комитеті «Колхоз қозғалысында партия жолын бұрмалаушылықтарға қарсы күресу туралы» 1930 жылы 14 мартта қаулы алды. Бұл қаулыда партия жолын осылай бұрмалаушылықтардың бәрі «колхоз қозғалысының мұнан былайғы өсуіне негізгі кедергі және біздің тап жауларымызға тура көмек бергендік болып табылады» деп көрсетілді («КПСС... қарарлары», ІІ бөлім, 716-б. е т). Орталық Комитет партия ұйымдарын коллективтендіруде күштеу әдістерін тоқтатуға, сонымен қатар қолхозға шаруаларды ерікті түрде тарту жөнінде қажырлы жұмыс жүргізе беруге міндеттеді; колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан қалыптастырып, нығайтуға қатты көңіл бөлуге міндеттеді. Колхоз қозғалысындағы солшылдық асыра сілтеушілікті үзілді-кесілді теріс деп тауып, Орталық Комитет партия ұйымдарынан партия жолын бұрмалаушылықтарға қарсы күрес жүргізе алмайтын немесе күрес жүргізгісі келмейтін қызметкерлерді орындарынан алуды талап етті.

Орталық Комитет партия ұйымдарына деревнядағы болып отырған жағдайды дұрыстап түсіне білуге және партияның колхоз қозғалысындағы жолын бұрмалаушылықтарды жоюға кірісуге көмектесті. Колхоз құрылысындағы қателерді түзету жөнінде партияның қабылдаған жедел шаралары шаруа бұқарасын тыныштандырды. Орташаға дұрыс, лениндік көзқарас, бірсыпыра аудандарда бұрмаланған көзқарас қайтадан қалпына келтірілді. Кулактардың орташаның наразылығын Совет өкіметіне қарсы күреске пайдалану ниеті іске аспай қалды.

Қателерді түзету барысында беталды жасалған, «қағаз» колхоздар тарап кетті, шаруалардың толқымалы бөлегі колхоздардан шығып кетті. Коллективтендіру проценті төмендеп, колхоздар азайды. Колхоздардың қажет екендігіне берік сенетін ең тұрақты еңбекші шаруа элементтері колхоздарда қалды; олар, партия мен Совет өкіметінің түсіндіргеніндей, колхоздардың шаруаларды кулактың қанауы мен кіріптарлығынан азат жаңа өмірге бастайтындығына сенді.

Коллективтендірудің табыстарын баянды ету үшін партия бірсыпыра қосымша шаралар белгіледі. Партияның Орталық Комитеті 1930 жылы 2 апрельде «Колхоздар үшін берілетін жеңілдіктер туралы» қаулы қабылдады. Колхоздар мен колхозшылар екі жыл бойына малға салық салудан босатылды. Көктемгі егіс қарсаңында колхоздарға мемлекеттік қордан 61 миллион пұт тұқымдық астық өсімсіз қарыз берілді. Социалистік ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы жедел қарқынмен жасала берді. Сталинград трактор заводы мен Ростов ауылшаруашылық машиналар заводы 1930 жылғы июньде қатарға қосылды. Запорожьенің егін оратын машиналар заводы қайта жабдықталып, комбайндар шығаруға кірісті. Ауылшаруашылық машиналарын жасайтын басқа да көптеген заводтар салынып, қайта құрылды. Совет мемлекеті 1930 жылдың көктеміне қарсы 158 машина-трактор станциясын құрды, жылдың аяғында бұлардың саны 961-ге дейін көбейді. Бұл станцияларда 30 мыңнан аса трактор бар еді. Оның үстіне колхоздарда 13 мыңнан аса трактор болды.

Орталық Комитеттің дер кезінде және батыл қолданған шаралары арқасында партия колхоз құрылысында жіберілген қателер мен партия жолын бұрмалаушылықтарды жойып, коллективтендіру табыстарын баянды етті. 1930 жылы 1 июльге қарсы елімізде алты миллион шаруа шаруашылығын біріктірген 86 мыңға жуық колхоз болды. Барлық кедейлер мен орташалардың төрттен бір бөлегіне жуығы (23,6 проценті) колхоздық даму жолына берік түсті. Жаулардың көктемгі егісті бөгемек болған ниеті іске аспай қалды. Бірінші колхоз көктемі ұйымшылдықпен өткізілді. Колхозшылар зор ынтамен жұмыс істеді.

Колхоз қозғалысын жаппай өрістетіп отырып, партия сонымен қатар елімізді индустрияландыру ісін үдете берді. Ірі өнеркәсіптің өнімі бесжылдықтың алғашқы екі жылының ішінде 63 проценттей көбейді, ал өнеркәсіптің өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін салалары бойынша — 86 процент өсті. 1930 жылы еліміздің тарихында бірінші рет халық шаруашылығындағы өнеркәсіптің үлес салмағы ауыл шаруашылығының үлес салмағынан артып шықты.

Социалистік өнеркәсіптің және деревнядағы шаруашылықтың социалистік формаларының тез өсуі капиталистік элементтерге қарсы шабуыл жасау майданын кеңітті. 1929 жылға дейін капиталистік элементтерге қарсы елеулі шабуыл ең алдымен қалада — өнеркәсіп пен сауда саласында жүргізілді. Ауыл шаруашылығы қоғамдастырылмаған дерлік қалыпта еді. Шаруалардың негізгі бұқараларының колхозға мықтап бет бұруына байланысты, капиталистік элементтерге қарсы шабуыл жаппай сипат алды, бұл шабуыл бүкіл майданда, қалада да, деревняда да жүргізілді.

Осындай жағдайда 1930 жылы 26 июньнен 13 июльге дейін ВКП(б)-ның XVI съезі болды, ол тарихқа социализмнің бүкіл майданында кеңінен шабуыл жасау съезі болып енді. Съезд делегаттары партияның 1 260 874 мүшесі мен 711 609 кандидатының өкілі еді. XV және XVI съездердің арасындағы дәуірде партияға 600 мыңнан астам жұмысшы кірді. Бүкіл партияның жартысына таяуы станокта істейтін жұмысшылар еді. XVI съезд Орталық Комитеттің саяси және ұйымдық есептерін тыңдап талқылады. Орталық Бақылау Комиссиясының және Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитетіндегі ВКП(б) делегациясының есептерін тыңдады, сонымен қатар: өнеркәсіптің бесжылдық жоспарының орындалуы туралы, колхоз қозғалысы және ауыл шаруашылығын көтеру туралы, кәсіподақтарының қайта құру дәуіріндегі міндеттері туралы мәселелер қаралды.

Съезде Орталық Комитеттің саяси есебін Сталин жасады. Баяндамада партияның XV съезінен кейінгі өткен жылдар шаруашылықтың қарама-қарсы екі системасына — советтік және капиталистік система-сына дүниежүзілік салада елеулі сын дәуірі болды деп көрсетілді. Шаруашылықтың советтік системасы өзінің орасан артықшылығын көрсете отырып, бұл сыннан ойдағыдай өтті. СССР дүниежүзілік экономикалық дағдарысқа шарпылмаған бірден-бір ел еді.

Шаруашылықтың советтік системасының капиталистік системадан артық екендігі ең алдымен СССР-де социалистік өнеркәсіптің даму қарқынының жоғарылығынан байқалды. Бірақ СССР, өнеркәсіптің даму қарқыны жағынан барлық басты-басты капиталистік елдерді басып оза да, өнеркәсіптің даму дәрежесі жағынан олардан әлі де көп артта еді. СССР болат өндіру жөнінде 1929 жылы дүние жүзінде бесінші орында болды, оның алдында Америка Құрама Штаттары, Англия, Германия және Франция болды, шойын қорыту және көмір өндіру жөнінде — алтыншы орында, электр қуатын өндіру жөнінде тоғызыншы орында болды.

Әсіресе СССР-дің қара металлургияда артта қалуы төзгісіз еді. 1929 жылы СССР-де 4 миллион тонна шойын өндірілді, ал Америка Құрама Штаттарында — 43 миллиондай тонна, Германияда — 13,2 миллион тонна, Францияда — 10,3 миллион тонна, Англияда — 7,7 миллион тонна шойын қорытылды. Тек 1930 жылы ғана СССР-де шойын өндірудің дәрежесі соғыстан бұрынғы дәрежеге жетіп, онан біраз артты. Қара металлургияның артта қалуы өнеркәсіптің басқа салаларының және бүкіл халық шаруашылығының дамуын бөгеді, шойынды шетелден сатып алуға мәжбүр етті. 1930 жылы СССР-ге шеттен әкелінетін қара металдың саны 0,7 миллион тонна, 1931 жылы — 1,6 миллион тонна болды. Социализм орнату мүдделері, СССР-дің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету және еліміздің техникалық-экономикалық артта қалуын жою мүдделері металлургияны барынша тез дамытуды қатты талап етті.

Партияның XVI съезі Орталық Комитеттің есебі бойынша қабылданған қарарда социалистік өнеркәсіптің, әсіресе металлургияның даму қарқынын тездетуге нұсқау берді. Съезд Орталық Комитетке СССР-ді индустрияландыру жөніндегі жұмыста күштің көбін социалистік құрылыстың негізі болып отырған ауыр индустрияны барынша дамытуға жұмсауды ұсынды, таяу уақыттың ішінде еліміздің шығысында екінші көмір-металлургия базасын — Орал-Кузбасс комбинатын құруға қаулы алды.

Съезд партияның назарын халық шаруашылығында өте бір әлсіз орын бола бастаған транспортты дамытып, қайта құруға аударды. Партияның күші жеңіл өнеркәсіптің дамуын күшейтуге, ауыл шаруашылығын барынша машиналандырып, тракторландыруға, мал шаруашылығын қалпына келтіріп, дамытуға бағытталды. Басшы шаруашы-

лық және техникалық кадрлар дайындаудың шешуші маңызы баса көрсетілді.

Елімізді социалистік жолмен индустрияландыруды тез қарқынмен жүргізуге мүмкін болған себебі, ең алдымен, партия социалистік жарысты кеңінен ұйымдастыра білді, жұмысшы табының миллиондаған бұқарасының еңбектегі жігерін тасыта білді. XVI съездің қарсаңында екі миллионнан аса жұмысшы социалистік жарысқа қатысты, бір миллионнан аса жұмысшы екпінді бригадалар қатарында болды. Жұмысшы табы социалистік индустрияландырудың қарқынын тездету жолында күресті. Социалистік жарыс «Бесжылдықты төрт жылда орындайық!» деген ұранмен жүргізілді. Съезд Орталық Комитетке «бұдан былай да социалистік құрылыстың жауынгер большевиктік қарқынын қамтамасыз етуді, бесжылдықты шынында да төрт жылда орындауды қамтамасыз етуді...» тапсырды («КПСС... қарарлары», III бөлім, 22-бет).

Съезд кәсіподақтардың қайта құру дәуіріндегі міндеттерін белгіледі. Кәсіподақтардың шаруашылық құрылыстағы ролі күшейді. Олардың басты міндеті социалистік жарысты онан әрі дамыту болды. Съезд кәсіподақтарды кәсіпорындарда өндірістік кеңестердің жұмысын жақсартуға, маман жұмысшыларды дайындауға көңілді көп бөлуге, алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен мамандарды шаруашылық жұмысына жоғарылатуға жәрдемдесуге, жұмысшы бұқарасының ынтасы мен талабын өршітуге бөгет жасайтын кертартпалық пен бюрократизмге қарсы күрес жүргізуге шақырды.

Партияның XVI съезі СССР-де социализмнің жеңуі үшін жаппай колхоз қозғалысының зор маңызы бар екендігін атап көрсетті. Съездің «Колхоз қозғалысы және ауыл шаруашылығын көтеру туралы» қарарында былай делінген:

«Егер помещиктердің жерлерін конфискациялау Октябрь революциясының деревнядағы бірінші қадамы болған болса, онда колхоздарға көшу екінші және оның үстіне шешуші қадам болып табылады, бұл қадам СССР-де социалистік қоғамның негізін орнату ісіндегі ең маңызды кезенді көрсетеді» («КПСС... қарарлары», III бөлім, 65-бет).

1930 жылы жазға таман өндіруші облыстардың негізгі астықты аудандарында коллективтендірілген шаруа шаруашылықтары 40—50 процент болды. Колхоздардың егіс көлемі 36 миллион гектарға жетті. 1930 жылы мемлекетке ел ішіндегі астықтың бүкіл товарлы өнімінің жартысынан астамын колхоздар берді. Мұның мәнісі СССР ауыл шаруашылығының тағдырын жеке шаруа шаруашылықтары шешпей, колхоздар мен совхоздар шешетін болды деген сөз еді.

СССР халық шаруашылығындағы әртүрлі экономикалық укладтардың арасалмағы өзгерді. Осы уақытқа дейін бірыңғай дерлік социалистік өнеркәсіпке сүйеніп келген социалистік өндіріс қатынастары енді ауыл шаруашылығындағы тез өсіп келе жатқан социалистік секторға да сүйене бастады. Совет өкіметінің деревнядағы әлеуметтік тірегі туралы мәселе жанаша қойылды. Жаппай коллективтендіру басталғанға дейін Совет өкіметі деревняда кедей шаруаларға сүйенді; орташа кулактарға қарсы, социализмнің жеңісі жолындағы күресте жұмысшы табының одақтасы болды. Енді жаппай коллективтендіру аудандарында, XVI съездің көрсеткеніндей, барлық колхозшы шаруалар «Совет өкіметінің шын және берік тірегі болды» (бұл да сонда, 56-бет).

Партияның XVI съезінің қарсаңында мәдени революция жасауда бірқыдыру табыстарға қол жетті. Бірақ та съезд мәдени құрылыстың даму қарқынын жеткіліксіз деп танып, таяудағы дәуірде жалпыға бір-

дей міндетті бастауыш білім алу және сауатсыздықты жою міндетін қойды.

Сонан соң съезд социалистік құрылыста партияның орасан зор табыстарға жеткен себебі — ол өзінің сара жолын берік ұстап, троцкизм мен оңшыл уклонға қарсы батыл күресті деп көрсетті. Съезд троцкизм біржолата меньшевизмнің позициясына ауды, антисоветтік, контрреволюциялық топқа айналды деп қорытынды жасады. Социализм бүкіл майданда кеңінен шабуыл жасап отырған жағдайда партиядағы ең басты қауіп оңшыл уклон болды, өйткені ол кулактардың партия ішіндегі объективтік агентурасы еді. Съезд оңшыл уклонға қарсы партияның жүргізген күресіне қорытынды жасады да, оңшыл оппозицияның көзқарастары ВКП(б)-де болумен сыйыспайды деп жариялады.

Совет Одағы халықтарының туысқандық ынтымағы нығайғандығын қанағаттана көрсете отырып, съезд партияның назарын ұлт мәселесіндегі уклондарға қарсы күреске — ең басты қауіп ретіндегі ұлыдержавалық шовинизмге және жергілікті ұлтшылдыққа қарсы күреске аударды. Съезд барлық коммунистерді партия қатарының бірлігін сақтауға шақырып, Орталық Комитетке бұдан былайғы жерде де «болаттай берік партия тәртібі мен лениндік партияның бірлігін шайқалту, әлсірету жөніндегі әрекеттердің бәріне аяусыз тойтарыс беріп отыруды» тапсырды («К П С С... қ а р а р л а р ы», III бөлім, 24-бет).

Партияның XVI съезі осызаманғы жаңа техника негізінде халық шаруашылығының барлық саласын қайта құруға нұсқау берді. Қайта құру ісі еліміздің ғасырлар бойы артта қалғандығын жоюды, СССР-дің экономикалық тәуелсіздігін нығайтуды және оның қорғаныс қабілетін көтеруді қамтамасыз етті. Ол тарихи қысқа мерзімнің ішінде алдыңғы қатардағы капиталистік елдерді техникалық-экономикалық жағынан қуып жетіп, басып озуға Совет еліне мүмкіншілік берді.

Техникалық қайта құру социализмнің бүкіл майданда ойдағыдай шабуыл жасауына қажетті шарт болды. Ол ауыл шаруашылығындағы ескі әлеуметтік-экономикалық укладты қайта құруды жеңілдетті, ұсақ жеке шаруа шаруашылықтарының ірі коллективтік шаруашылықтарға бірлесу процесін тездетті және СССР экономикасындағы капитализм тамырларына балта шабуды тездетті.

Өндірісті социалистік жолмен ұйымдастыру кезінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының техникалық базасын қайта құру еліміздің өндіргіш күштерін бұрынғыдан да тез дамыту үшін, еңбек өнімділігін арттыру үшін, өнім шығаруды көбейту үшін және еңбекшілердің әлауқатын көтеру үшін жағдайлар жасады.

3. Социализмнің бүкіл майданда кеңінен шабуыл жасау жағдайларында партияның ұйымдық және саяси жұмысы

XVI съездің шешімдерімен қаруланған партия социализмнің бүкіл майдандағы шабуылын онан әрі үдете түсті. Ең басты шарт социалистік құрылыстың қарқынын тездету болды.

«Біз алдыңғы қатарлы елдерден 50 — 100 жыл кейін қалдық, — деді Сталин. — Біз осы екі араны он жылдың ішінде басып өтуге тиіспіз» (Шығармалар, 13-том, 45-бет).

Бірінші бесжылдық жаңа құрылыстың бесжылдығы болды. Совет Одағының кең байтақ жерінде жүздеген заводтар, шахталар, рудниктер, электр станциялары салынды. Жаңа қалалар мен жұмысшы поселкелері пайда болды. Темір жол тораптары салынды. Мындаған колхоз, совхоз және машина-трактор станциясы құрылды. Барлық жерлерде мектептер, клубтар, ауруханалар салынып жатты. Бірінші бесжылдық ішінде орта есеппен алғанда күніне 1 өнеркәсіп орны іске қосылып,

2 совхоз, 1 — 2 МТС, шамамен алғанда 115 колхоз құрылып отырды. Мұның өзі бұрын болып көрмеген құрылыс еді. Салынып, орнатылып жатқандар жай заводтар мен егіншілік шаруашылықтары ғана емес, социалистік типтегі кәсіпорындар еді. Әрбір жаңа завод, колхоз, машина-трактор станциясы социализмнің жаңа қамалы болды.

Өнеркәсіптік жаңа құрылыстың қарыштап алға басуы, ауыл шаруашылығының социалистік жолмен қайта құрылуы партияның ұйымдық жұмыс дәрежесін онан әрі көтеруді талап етті. Ондаған миллион адамның, бүкіл ел көлемінде және әрбір құрылыста, әрбір заводта, әрбір колхозда игілікті қызмет істеуін партия практика жүзінде ұйымдастыруға тиіс болды. Социалистік құрылысты практика жүзінде басқарудың жаңа формалары мен тәсілдерін ойлап шығару, пролетариат диктатурасының барлық саласын бұқараға, өндіріске жақындату қажет болды. Кеңінен социалистік шабуыл жасау жағдайларында ұйымдық жұмыстың қиыншылықтарының өскендігін партия көріп біліп, СССР-де социализм жеңісі үшін оның қандай маңызы бар екендігін түсінді. Әңгіме елдің бүкіл шаруашылық өмірін социализм негізінде түбірінен қайта құру және ондаған миллион адамның өмір-тұрмысының ең терең негіздерін ұйымдастыру туралы болып отырғанда ұйымдық міндеттер социалистік революцияның ең қиын міндеттері болып табылады деген Лениннің нұсқауы партияның есінде болды.

Бүкіл майданда социалистік шабуыл жасау міндеттеріне сәйкестіре партия өз катарын қайта құрды.

Партия өз жұмысының денін цех пен бригадаға көшіру туралы XVI съездің директивасын орындай отырып, партияның Орталық Комитеті 1930 — 1932 жылдары завод партия ұяларын ұйымдық жағынан қайта құрды. Партияның қаулап өсуінің нәтижесінде қалалық партия ұяларының едәуір бөлегі көптеген мың адамы бар коллективтерге айналды. Осыны еске ала келіп, Орталық Комитет кем дегенде 500 коммунисті бар барлық кәсіпорындарында партия комитеттерін, цехтық ұялар және бригадаларда партия топтарын құруды ұсынды. Қайта құру заводтарда партия жұмысын жақсартуға және жұмысшы бұқарасының арасында партияның ықпалын күшейтуге себеп болды. Завод партия ұйымдары өндіріс мәселелеріне көп көңіл бөле бастады. 50 мыңнан аса халқы бар қалаларда партия ұйымдарына басшылық етуді жақсарту үшін партияның қалалық комитеттері ұйымдастырылды.

Деревня партия ұйымдары да қайта құрыла бастады. Деревнядағы партия ұяларының көпшілігі территориялық ұялар еді. 1930 жылдың июнь айына қарсы деревняда 404 мың коммунисті біріктірген 30 мыңға таяу партия ұялары бар-ды. Мұның ішінде 263 мың коммунист территориялық партия ұяларында, 115 мың коммунист колхоздарда және 26 мың коммунист совхоздар мен МТС партия ұяларында болатын. Жаппай коллективтендіру аудандарында колхозшы коммунистер селолық территориялық ұялардан колхоз ұяларына көшірілді, ірі колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда жаңа партия ұялары құрылып, бұрынғы партия ұялары нығайтылды. Олар деревняда партия жұмысының сүйеніш негізі болды. Съезден кейін көп ұзамай округтер жойылып, деревняда социалистік құрылыстың негізгі саласы ретінде аудандар нығайтылды. Партия органдары партия ұйымдарына, колхоздар мен шаруа бұқараларына жақындай түсті. Қайта құру ісі партия органдарын неғұрлым икемді және жедел қимылдайтын етті.

Партия совет органдарының ұйымдастырушылық ролін күшейтуді көздеді. Социалистік құрылыс қарқындарының жоғарылығы мемлекеттік аппараттың барлық салаларының нақты және қолма-қол жұмыс істеуін талап етті. Оның бержағында совет аппаратында бюрократқа айналған қызметкерлер, өмірден қол үзген, жаңа міндеттерді түсінгісі келмейтін адамдар аз болған жоқ. Партия совет мекемелерінің жұмы-

сындағы кемшіліктерді кеңінен сын мен өзара сынға салып, мемлекеттік аппаратқа тазалау жүргізді. Совет аппаратындағы басшылық орындарына мындаған алдыңғы қатарлы жұмысшылар өндірістен жоғарылатылды. Мемлекеттік аппаратты жақсарту жөнінде Орталық Бақылау Комиссиясы Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы (ЦКК-РКИ) және оның жергілікті органдары көп жұмыс жүргізді. Партияның XVI съезінен кейін ЦКК-ның председателі және СССР РКИ халық комиссары болып А. А. Андреев бекітілді.

Шаруашылық басшылығын кәсіпорындарға жақындату және халық шаруашылығының шешуші салаларын дамытуға мықтап көңіл бөлу мақсатымен халық комиссариаттарын бөлу ісі жүргізілді. Халық шаруашылығының Жоғарғы Советі (ВСНХ) үш халық комиссариатына — ауыр, жеңіл және ағаш өнеркәсіптері халық комиссариаттарына бөлініп, қайта құрылды. Шаруашылық құрылысының шешуші орындарына партия аса көрнекті қайраткерлерді қойды: В. В. Куйбышевті — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі, Г. К. Орджоникидзені — СССР ауыр өнеркәсібінің халық комиссары, А. И. Микоянды — СССР жабдықтау халық комиссары етіп қойды.

Партияның XVI съезінің қарсаңында 11,5 миллион мүшесі болған кәсіподақтар қайта құрылды. Партия кәсіподақтардың өндіріске бет бұруын, олардың социалистік құрылысқа белсене қатысуын талап етті. Кәсіподақтар өзінің басшы органдарын оншыл капитулянт элементтерден тазартты. Партияның Орталық Комитеті ВЦСПС басшылығын нығайтты. Оның бірінші секретары болып Н. М. Шверник сайланды. Партия Орталық Комитетінің бастауы бойынша кәсіподақтар ұсақталды. Кәсіподақтар өнеркәсіптің жеке салаларын терең зерттей бастады, төменгі кәсіподақ ұйымдарына нақты басшылық ете бастады, жұмысшы бұқарасына қызмет етуді жақсартты.

Партияның ұйымдастырушылық жұмысы ең алдымен жаңа өнеркәсіп құрылысының қарқынын күшейтуге бағытталды. Партия өзінің таңдаулы кадрлары мен жұмысшы табының күштерін индустриялық алыптарды: Днепрогэс, Магнитогорск және Кузнецк металлургия комбинаттарын, Березники және Нева химия комбинаттарын, Орал ауыр машина жасау заводу, Ново-Краматорск машина жасау заводу, Челябинск мен Харьков трактор заводтарын, Москва мен Горький автомобиль заводтарын, Саратов комбайн жасау заводу және басқаларды салуға жұмылдырды. Партияның Орталық Комитеті ірі кәсіпорындар құрылысының барысына күнделікті басшылық етті. Ол әрбір жаңа заводтың, электр станциясының белгіленген мерзімде қатарға қосылуын талап етті.

Бесжылдықтың жаңа құрылыстарына жергілікті партия ұйымдары, әсіресе Москва, Орал, Батыс Сібір, Украина, Қазақстан, Горький, Саратов партия ұйымдары аса зор көңіл бөлді. Қалалық және фабрика-завод партия ұйымдары жіберген коммунистер ұйтқы болған партия ұялары жаңа құрылыстарда аса зор жұмыс жүргізді. Олар еліміздің әртүрлі түпкірлерінен, ең алдымен деревнядан келген құрылысшыларды ұйымдастырды, жас еңбекші коллективтерді топтастырды, олардың тынғылықты жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

Бұқара арасындағы партияның саяси жұмысы социалистік құрылыс қарқындарының жоғары болуын қамтамасыз етуге бағындырылды. Партия социалистік индустрияландырудың қарқындарын тездету қажет екендігін түсіндірді және қиыншылықтарды халықтан жасырмады. Ол жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің саяси саналылығын көтерді, олардың белсенділігін арттырды, оларды социалистік құрылыстың қиыншылықтарын жеңуге және өнеркәсіп бесжылдығын төрт жылда орындауға жұмылдырды.

Бірінші бесжылдықтың ішіндегі орасан зор құрылыс жағдайларында көптеген тапшылықтар мен қолайсыздықтарға кенуге тура келді. Ел әлі де кедей болатын. Киім, аяқ киім және басқа да көптеген ең қажетті нәрселер жетпеді. Құрылыстарда істейтін жұмысшылар шатырларда және уақытша барактарда тұрды. Азық-түлік пен көптеген өнеркәсіп товарлары карточка бойынша бөлінді. Бұл қиыншылықтардың салмағы ең алдымен жұмысшы табына түсті. Бірақ өз елін қуаты күшті индустриялы державаға айналдыру үшін өшпенді капиталистік қоршау тұрған жағдайларда мұнан басқа жол жоқ екендігін жұмысшылар түсінді. Индустрия жасау үшін құрбандықтар мен қатаң үнемдеу керек екендігін олар түсінді. Өздерін барлық жағынан тежеп, ішін тарта байлай отырып, жұмысшылар бұрын болып көрмеген еңбек ерлігін көрсетті. СССР-де социализмнің женетіндігіне, партия саясатының дұрыс екендігіне жұмысшы табы, еңбекші бұқара кәміл сенді. Олар өз мақсаттарына жетуге үздіксіз ұмтыла берді. Жұмысшы табының ынтымағы, ұйымшылдығы мен жанқиярлығы колхоз құрылысын кеңінен жүргізген кедей-орташа шаруалар бұқарасына орасан зор моральдық әсер етті. Әсіресе жастардың арасында жігер күшті болды. Он мыңдаған жас өспірімдер партияның шақыруы бойынша комсомолдың жолдамаларын алып ел тұрмаған жерлерге Оралдың, Кузбастың, Донбастың, Қиыр Шығыстың және Орта Азияның жаңа құрылыстарына барды.

Жұмысшы табының творчестволық белсенділігін бесжылдықты төрт жылда орындау жолындағы күреске жұмылдыра отырып, партияның Орталық Комитеті 1930 жылы сентябрьде бесжылдықтың үшінші жылының жоспарын ойдағыдай орындап шығу үшін жұмысшыларды социалистік жарыс ұйымдастыруға шақырды. Партияның шақыруына үн қоспаған жұмысшылары бар кәсіпорын болған жоқ. Социалистік жарыс ел ішінде жаңадан күшейе өрледі. Заводтардың бейнесі өзгерді және олардың әдеттегі өмір сарыны өзгерді. Жаңа құрылыстардың, заводтар мен фабрикалардың коллективтерінде еңбек үндесулері жүргізілді, кәсіпорындарда өндірістік көрмелер ашылды, жақсы цехтарға, бригадаларға бәйге берілетін болды. Кәсіпорындар мен жаңа құрылыстардың құрмет тақталарына алдыңғы қатардағы бригадалардың, екпінділердің жаңа көрсеткіштері үстін-үстін жазылып отырды. Еңбек ерлерінің саны өсе түсті.

Социалистік жарыстың жаңа түрлері шығып, оларды партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары тез іле көтерді де, бүкіл ел ішіне таратты. 1930 жылдың басында Ленинградтың К. Маркс атындағы заводының жұмысшылары өз кәсіпорынының 1930/31 шаруашылық жылға арналған бақылау цифрларын талқылай келіп, бұдан да төрі көтеріңкі өндіріс-финанс жоспарын ұсынды және барлық кәсіпорындарды өздерінің бұл үлгісін жақтауға шақырды. Көп ұзамай-ақ көтеріңкі өндіріс-финанс жоспары жолындағы қозғалыс завод пен фабрикалардың көпшілігіне тарап, жарыстың коллективтік түрлеріне жол салды. Ильич атындағы (Жданов қаласы) Мариуполь заводының жұмысшылары сменалық-көтеріңкі жоспар алуды бастады. 1931 жылдың басында Ленинградта шаруашылық есеп бригадалары шықты. Келесі жылдың апрелінде елімізде олардың саны 155 мыңға жетті.

Бірінші бесжылдықта социалистік жарыстың негізгі түрі екпінді бригадалар қозғалысы болды. Екпінділік коммунистік сенбіліктердің тамаша жақсы дәстүрлерінің жалғасы және дамуы болды. Партиялық-саяси жұмыстың дені бригадаларда жүргізілді. Бригадаларды неғұрлым беделді және жігерлі жұмысшылар, көбінесе коммунистер мен комсомолецтер басқарды. Олардың көбі жұмыс істеп жүріп, жұмысшы факультеттері мен техникумдарда оқып мамандық алды, сонан соң цехтардың бастықтары, заводтардың директорлары болды.

Партия ұйымдары, коммунистер мен комсомолецтер социалистік жарыстың бастаушысы және ұйымдастырушысы болды. Бірінші бесжылдық дәуірінде әрбір алтыншы жұмысшы коммунист болды. 1932 жылдың күзіне қарсы ірі кәсіпорындардың партия ұйымдары партияның XVI съезінің директивасын орындап шықты — коммунистер мен комсомолецтерді толығымен дерлік социалистік жарыспен қамтыды. Жетекші цехтарда және шешуші учаскелерде партия қатары көбейді. Коммунистер забойларда, мартендерде, станоктарда, құрылыс басында жұмыс істей бастады. Олар өздерінің еңбектегі ерлігі арқылы бүкіл жұмысшы бұқарасын жігерлендіріп отырды.

Бірінші бесжылдықтың ішінде социалистік құрылыстағы ерекше сіңірген еңбектері үшін 600-ден астам екпінді жұмысшылар, инженерлер, техниктер және шаруашылық қызметкерлері 1930 жылы апрельде Совет үкіметі тағайындаған Ленин орденімен наградталды; социалистік жарыстың 400-ге таяу алдыңғы қатардағылары Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Еңбек Ерлері бүкіл елге белгілі болды. Оларды халық даңққа бөлеп, құрмет тұтты.

Моральдық жағынан көтермелеу шараларымен бірге партия мен Совет мемлекеті еңбек өнімін арттыруға жұмысшылардың материалдық ынталылығын қамтамасыз етіп отырды. Жұмысшылардың еңбегіне төленетін ақының жаңа нарық системасы, жай еңбекке қарағанда маман еңбекті, жеңіл еңбекке қарағанда ауыр еңбекті неғұрлым жоғары бағалайтын нарық системасы жақсартылып, қолданыла бастады.

Социалистік жарыс жыл сайын бірден бірге көпшілікке жайылды. 1932 жылдың аяғына қарсы оған барлық жұмысшылардың төрттен үш бөлегі дерлігі қатысты. Жарысқа совет интеллигенциясы белсене қатысты. Социалистік құрылыстың табыстары мен жаппай еңбек өрлеуі ескі техникалық интеллигенцияның мінез-құлқына жақсы әсер етті. Оның басым көпшілігі социалистік құрылысқа белсене кірісті. Жарыс деревняға да тарады. Заводтар мен фабрикалардың жұмысшыларынан үлгі ала отырып, колхозшылар, совхоздар мен МТС-тердің қызметкерлері колхоз бен совхоз өндірісін нығайту жолында, егіншілікте еңбек өнімін арттыру жолында кенінен күрес жүргізді. Социалистік жарыспен екпінділік жалпы халық қозғалысына айналды. Совет адамдары революция мен азамат соғысы күндерінде Совет өкіметі үшін қалай соғысқан болса, социалистік бейбіт құрылыс майданында нақ сондай жігермен және батырлықпен еңбек етті.

Қалың бұқараның игілікті әрекетінің мұндай өрлеуі тарихта бұл уақытқа дейін болған емес. Миллиондаған жұмысшылар жаңа құрылыстың тасқын ағынымен шабыттанды. Жұмысшылардың еңбек өнімділігін арттыру жолындағы жаппай қозғалысы құрылыстың мерзімін қысқартты, бесжылдықтың мерзімінен бұрын орындалуын қамтамасыз етті. Днепрострой мен Магнитостройдың алдыңғы қатардағы бригадалары бетон құюда дүниежүзілік рекорд жасады. Днепрогэстегі бірінші турбинаны құрастыру жоспар бойынша белгіленген 90 күннің орнына 36 күн ішінде орындалды. Москва автомобиль заводында механикалық жинау цехының 200 станогы бір айдың ішінде құрастырылды.

Индустриялық жаңа алыптар бірінен соң бірі жұмыс істеуші кәсіпорындардың қатарына қосылып жатты. 1931 жылы Харьков трактор заводы, Москва автомобиль заводы, Орал мыс қорыту заводы және Орал ауыр машина жасау заводының бірінші кезегі жұмысқа қосылды. 1932 жылдың басында Горькийдің автомобиль заводы, Саратов комбайн заводы қатарға қосылды. 1932 жылдың февралінде Магнитогорскінің бірінші домнасы, апрельде — Кузнецкінің бірінші домнасы шойын берді. Бесжылдық ішінде Кузбастағы көмір өндірісі екі есе дерлік өсті. Кузнецк көмір кенінің дамуымен қатар Магнитогорск мен Кузнецк металлургия комбинаттарының бірінші домналарының іске қосылуы

арқылы СССР шығысында қуатты жаңа көмір металлургия базасының берік негізі салына бастады.

Индустриялық орталықтардың төңірегінде ірі қалалар өсті. Әсіресе Магнитогорск мен Сталинск сияқты жаңа қалалар тез өсті. 1929 жылдың аяғында, алыс жатқан Сібірде Кузнецк металлургия комбинаты салына бастаған кезде жаңа құрылысқа Владимир Маяковский келді. Кузнецк құрылысы адамдарына арналған өлеңінде ол былай деп жазды:

Біздің	Білемін
Совет	қала
елінде	боларын
Ерен ерлер	Білемін —
бар тұрғанда	бақтың
	гүлдерін!

Құрылыс салына бастағаннан кейін екі жарым жылдан соң бұрын бос жатқан жерде 100 мыңнан астам халқы бар үлкен қала өсіп шықты, ал Кузнецк металлургия комбинаты шойын бере бастады. Завод пен қаланы совет адамдары салды. Олар құрылыста істей жүріп оқу оқыды. Кешегі жер қазушылар, бетоншылар мен монтажшылар домнашылар мен болат куюшыға айналды, ал құрылыс бастығы И. П. Бардин — Октябрь революциясынан кейін халыққа аянбай қызмет еткен, совет металлургиясын құруда еңбек сіңірген алғашқы көрнекті инженерлердің бірі — академик болды.

Талкандалған қанаушы таптың қалдықтары мен олардың итаршылары СССР-де социализмнің жеңіспен алға басуына жанталаса қарсылық көрсетті. Капиталистік қоршаудың жау күштері оларды Совет өкіметіне қарсы күресте қолдады, бесжылдықты, СССР-дегі социалистік құрылысты болғызбауға тырысты. 1930 — 1931 жылдары үш ірі контрреволюциялық ұйым: «Өнеркәсіптік партия», «Шаруалардың еңбек партиясы» және «РСДРП одақтық бюросы» дейтін ұйымдар әшкереленді. «Өнеркәсіп партиясы» бұрынғы буржуазиялық техникалық интеллигенцияның өнеркәсіпте зиянкестік жасаған жоғарғы тобын біріктірді. Орталығы Екіншілік халық комиссариатында болған «Шаруалардың еңбек партиясы» дейтін партия кулактардың мүдделерін жақтап, коллективтендіруді болғызбауға тырысты. «РСДРП одақтық бюросы» дейтін меньшевиктік контрреволюциялық топ Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында, Халық шаруашылығы Жоғарғы Советінде, Мемлекеттік банкте, Тұтынушылар одағы Орталық басқармасында және басқа ұйымдарда болды.

Бұл контрреволюциялық ұйымдарға қатысушылар ашық сотқа берілді. Олардың халыққа және жұмысшы-шаруа мемлекетіне қарсы қылмысы сот процестерінде ашылды. Зиянкестер шетелге қашып кеткен орыс капиталистерімен және акгвардияшылармен байланысты болды. Буржуазиялық мемлекеттерден көмек ала отырып, олар зиянкестік және шпиондық жұмыс жүргізді. Совет өкіметін құлатуға, СССР-де капитализмді қайта орнатуға тырысты.

Контрреволюцияшыл топтардың қылмысты әрекеті халықтың зығырданын қайнатты. Жаңа қоғам, қанау мен езгіге орын болмайтын қоғам құрылысына жанталаса қарсыласқан жаулар жөнінде аса зор қырағылықпен қатал болудың қажет екендігіне совет адамдарының көзі жетті. Заводтар мен колхоздарда толып жатқан жиналыстар мен митингтер өткізілді, оларға қатысушылар сатқындарды аяусыз жазалауды талап етті. Совет соты әшкереленген халық жауларын аяусыз және әділ жазалады. Жұмысшылар, колхозшылар және интеллигенция ішкі контрреволюцияның қалдықтары мен халықаралық империализмнің астыртын әрекеттеріне жауап ретінде Коммунистік партияның төңіре-

гіне бұрынғыдан да берік топтасты, өздерінің еңбектегі және саяси белсенділігін бұрынғыдан да көтере түсті.

Зиянкестерге жүргізілген сот процестері жаулардың партия ішінде оңшыл оппозицияның жеңіп шығуын тілегендігін, ВКП(б) ыдырайды деп үміттенгенін көрсетті. Орталық Комитет пен Орталық бақылау комиссиясы партияның бірлігін барынша қатты сақтады, оппортунистердің партия тәртібін әлсіретуге, жұмысшылар мен шаруалардың қатарына ірткі салуға, социалистік құрылысты болғызбауға бағытталған әрекеттерінің барлығын үзілді-кесілді жойып отырды. ВКП(б) Орталық Комитеті мен Орталық бақылау комиссиясы 1930 жылғы декабрьде оңшыл оппозиция басшыларының бірі болған Рыковты Саяси бюро құрамынан шығарды. Сонымен қатар ол Халық Комиссарлары Советі председателінің міндетін атқарудан босатылды. СССР Халық Комиссарлары Советінің Председателі болып В. М. Молотов сайланды.

4. Партияның халық шаруашылығын техникамен қайта жабдықтау жолындағы күресі. Колхоз қозғалысының өсуі. Колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту. Бірінші бесжылдықтың қорытындылары

Осы заманғы техника негізінде халық шаруашылығын қайта жабдықтау СССР-де социализм жеңісінің аса маңызды шарты және социалистік құрылысты тездетудің құралы болды. Ленин былай деп көрсетті:

«Еліміз электрленген кезде ғана, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және транспорт кәзіргі заманның өнеркәсіптік техникалық базасымен құралданған кезде ғана, тек сол кезде ғана біз түпкілікті жеңіп шығамыз» (Шығармалар, 31-том, 534-бет).

Халық шаруашылығының барлық салаларын жаңа, жоғары техника негізінде түбірінен қайта құру міндетін қойған партияның XVI съезі Лениннің нұсқауларына сүйенді. Бұл үшін техника саласындағы жөкшылықты жою керек болды. Қайта құру дәуірінде техника шешуші маңыз алды. Халық шаруашылығын қайтадан жабдықтау жоғарғы дәрежеде дамыған машина жасайтын өнеркәсіпке сүйенгенде ғана жүзеге асыруға болатын болды. Отанымыздың машина жасау өнеркәсібін дамытып қана қоймай, сонымен қатар мұны барынша қысқа тарихи мерзімнің ішінде істеу керек болды.

Советтік машина жасау өнеркәсібін құру жолында партия табанды жұмыс жүргізді, өнеркәсіптің басқа салаларына қарағанда оның даму қарқынының басым болуын қамтамасыз етті. Әсіресе машина жасайтын өнеркәсіптің негізгі болған станок жасау өнеркәсібінің дамуы, аспаптар және өнеркәсіптік құралдардың басқа түрлерін жасаудың дамуы тездетілді. Ескі заводтарды қайта құру және станок жасайтын жаңа заводтар салу (Москваның револьвер заводы, Горькийдің фрезерлік заводы және басқалар) екпінді қарқынмен жүргізілді. Өнеркәсіп станоктарының саны тез өсті. Бірінші бесжылдықтың ішінде металл кесетін 50 мыңнан астам жаңа станоктар жасалды. Бұлардың мөлшері 1928 жылы 2 мың болса, 1932 жылы 19,7 мыңға дейін жетті. Станок жасаудағы және өнеркәсіптің жаңа жабдыктарын өндірудегі табыстар бүкіл машина жасау өнеркәсібінде түбірінен техника жағынан қайта құруға және оның жаңа салаларын: ауыр машина жасау, трактор жасау, комбайн жасау, авиация салаларын құруға мүмкіншілік берді. Өнеркәсіпті техникамен қайта жабдықтау үшін капиталистік елдердің алдыңғы қатарлы техникасы да пайдаланылды.

Партия мен жұмысшы табының күш жұмсауының арқасында бесжылдықтың машина жасау жөніндегі тапсырмалары үш жылда орындалды. 1931 жылдан бастап машина жасау өнеркәсіпте жетекші орын

алды. Машина жасау мен металл өңдеудің жалпы өнімі бесжылдықтың аяғында 1928 жылғымен салыстырғанда төрт есе, ал 1913 жылғымен салыстырғанда жеті есе өсті. СССР техника жағынан ең алдыңғы елдердің қатарына қосылды, дүниежүзілік машина жасау өнеркәсібінде Америка Құрама Штаттарынан соң екінші орын алды. Партияның XVI съезі қойған міндет, — СССР-де машинаны сырттан әкелетін елден машиналар мен жабдықтарды өзі өндіретін елге айналдыру міндеті, — негізінен орындалды. Мұның өзі елімізді социалистік жолмен индустрияландыру майданында партияның қолы жеткен аса ірі табысы болды.

СССР халық шаруашылығының қуатты техникалық базасы, осы заманғы жаңа техника негізінде шаруашылықтың барлық салаларын қайта құруды қамтамасыз ететін базасы жасалды.

Ең алдымен өнеркәсіптің өзі берік негізге қойылды. Оның барлық салалары ең жаңа жабдықтар ала бастады. Өнеркәсіпті техникамен қайта жабдықтау үшін ауыр машина жасау өнеркәсібін құрудың өте зор маңызы болды. 1931 жылы электрлендіру үшін (50 мың киловаттық қуаты бар бірінші турбина жасалды), кара металлургия үшін (бірінші совет блюмингісі орнатылды), көмір өнеркәсібі үшін қуатты машиналар мен ірі жабдықтар өндірісі өркендей бастады.

Темір жол транспорты қайта құрыла бастады, ал мұның материалдық-техникалық базасының артта қалуы социалистік құрылысты өркендетуге бөгет жасап келген-ді. Темір жол транспорты туралы мәселе 1931 жылы партия Орталық Комитетінің пленумдарында екі рет (июнь мен октябрьде) талқыланды. Транспортты қайта құрудың жетекші буыны — темір жолды электрлендіру деп танылды. 1931 жылы тепловоздар, 1932 жылы электровоздар шығарыла бастады. Оралдың, Донбастың және Кузбастың темір жолдарын электрлендіру, темір жолдарды қайта құру, жүк тиеу мен жүк түсіруді механикаландыру басталды. Паровоздар мен вагондар жасап шығару бесжылдық ішінде екі есе дерлік көбейді.

Құрылыс өнеркәсібін жаңа техникамен жабдықтау ескі қалаларды түбірінен қайта құруға кірісуге және жаңа қалалар салуды тездетуге мүмкіншілік берді. 1931 жылы июньде ВКП(б) Орталық Комитетінің пленумы «Москваның қала шаруашылығы және ССР Одағының қалалық шаруашылығын дамыту туралы» мәселе талқылады. Қала шаруашылығы туралы мәселені мұндай кең жоспарда партия бірінші рет көтерді. Пленум Москва партия комитетіне және Москва Советіне Москваны қайта құрудың, қаланы дұрыстап салудың, жаңа тұрғын үйлер мен коммуналдық құрылысты өркендететін, қуаты күшті теплоцентралдар, метрополитен, Москва-Еділ каналын салуды қамтамасыз ететін ғылымға негізделген жоспарын жасауды тапсырды. Ленинградты, Харьковты, Бакуды, Горькийді, Днепропетровскіні, Дондағы Ростовты және басқа қалаларды қайта құру жөнінде, Оралда, Донбаста, Кузбаста, Москва түбіндегі кенде жоспар бойынша жаңа қалалар салу жөнінде үлкен-үлкен жұмыстар белгіленді.

Екіншілік техника жағынан негізінен қайта құрылды. Бесжылдықтың ішінде ауыл шаруашылығы 1 900 мың аттық жалпы күші бар 120 мың трактор және 1 600 миллион сом тұратын ауылшаруашылық машиналарын алды. Ауыл шаруашылығын техникамен қайта жабдықтаудың негізгі тұтқасы машина-трактор станциялары мен совхоздар болды. 1932 жылдың аяғына таман 2 446 МТС құрылды, оларда 75 мыңнан аса трактор болды. МТС-тердің құрылуы ауыл шаруашылығында аса терең техникалық революция бола отырып, оның ғасырлар бойы артта қалуын жойды.

Енді халық шаруашылығының барлық салаларына жаңа техника ағылып келе бастаған кезде жаңа қиыншылық туды: жаңа өндірістер-

ді ұйымдастырып, күрделі техниканы меңгеруге қабілеті бар адамдардың тым жеткіліксіз екендігі байқалды. Осы заманғы техника мен жабдығы бар жаңа заводтарға техникалық сауатты әкімшілік шаруашылық кадрлар, кәзіргі ғылым мен техниканың дәрежесінде тұрған инженер-техник қызметкерлер, жаңа техниканы білетін маман жұмысшылар керек болды. Партия бұл қиыншылықтарға ең алдымен Сталинград трактор заводында кездесті. Бұл завод ерекше қысқа мерзімнің ішінде — II айда салынды, ал оны меңгеруге бір жылдан аса уақыт кетті. Заводтың көптеген инженерлері, техниктері мен жұмысшылары жаңа техниканың тілін білмеді, үздіксіз өндіріс жағдайында дұрыстап жұмыс істей алмады.

Жаңа өндірістер мен жаңа техниканы меңгеруде артта қалушылықтың социалистік құрылысқа бөгет жасауы мүмкін еді. Қауіп ең алдымен мынада еді: шаруашылық қызметіндегі кейбір коммунистер техниканың ролін жете бағаламады және өздерінің техникалық білімін көтерудің өте қажет екендігін ұғынбады. Өнеркәсіп басшыларының арасында жоғары қызметке қойылған, бірақ арнаулы техникалық дайындығы жоқ жұмысшылар, жақсы ұйымдастырушылар аз болған жоқ. Олардың көбі қалпына келтіру дәуіріндегі ескі түсініктер бойынша өмір сүріп, жаңа жағдайларда, бүкіл халық шаруашылығын техникалық қайта құру дәуірінде, жеткілікті техникалық дайындығы болмайынша ірі өнеркәсіп орындарына басшылық етуге болмайтындығын түсінбеді. Мұндай шаруашылық қызметкерлері кәсіпорындарды техникалық жағынан басқаруды «мамандарға» сеніп беріп, өз қолдарында «жалпы» басшылықты ғана қалдырып отырды. Ол кезде жоғары дәрежелі білімі бар мамандардың арасында партиядағы адамдар өте аз еді. Техникалық кадрлардың құрамында әлі де болса ескі мамандар көп еді; олардың ішінде саяси жағынан тұрақсыз, кейде Совет өкіметіне қастандық ойлайтын адамдар да болды.

Партияның Орталық Комитеті жаңа өндірістер мен жаңа техниканы меңгерудегі артта қалушылықтың қауіпті екенін дер кезінде көре білді. Партияның, кәсіподақтардың, шаруашылық қызметкерлерінің және жұмысшы табының жаңа техниканы меңгеруге көңіл бөлуін де партияның Орталық Комитетінің бастауы бойынша 1931 жылы январьдың аяғында шақырылған социалистік өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық I конференциясы маңызды роль атқарды.

Партия «Большевиктер техниканы меңгеруге тиіс!» деген ұран тастады. Бұл ұранды жүзеге асыру жолындағы күрес барлық партия, кәсіподақ, шаруашылық және комсомол ұйымдарының басты міндеті болды.

1931 жылдың июнінде партия Орталық Комитеті шаруашылық қызметкерлерінің кеңесін шақырды. Кеңес өнеркәсіп дамуының жаңа жағдайларын және оны басқару тәсілдерін қарады. Ол жаңа жағдайда өнеркәсіпті социалистік жолмен басқарып, пайдаланудың ең маңызды талаптарын белгіледі: жұмысшы күшін ұйымдасқан жолмен жинау, жалақы системасын жолға қою, еңбек ұйымдастыруды жақсарту, шаруашылық есепті нығайту, бұрынғы өндірістік-техникалық интеллигенцияны социалистік құрылысқа белсене қатысуға тарту, жұмысшы табының жаңа өндірістік-техникалық интеллигенциясын құру міндеттерін белгіледі.

Партия шаруашылық қызметкерлерінің техникалық білімін көтеру, инженерлер мен техниктер дайындау жөнінде бірсыпыра шаралар қолданды. Социалистік өнеркәсіптің басшы кадрларын дайындап шығаратын өнеркәсіптік академиялар кеңейтілді. Индустриялық жоғары оқу орындарының саны бесжылдық ішінде 10 есе дерлік, ал техникумдар төрт есе көбейді. Техникалық жоғары оқу орындарының жанында дайындық жұмысшы факультеттері істеді. Техникалық жоғары оқу

орындары мен техникумдардың студенттерінің төрттен үш бөлегіне таяу жұмысшылар болды. Әрбір төртінші студент коммунист болды. Ірі өнеркәсіп бесжылдық ішінде 100 мыңға таяу инженерлер мен техниктер алды. Мұның өзі социализм орнату жөніндегі орасан зор жұмыста партия мен Совет өкіметі батыл сүйене алатын жаңа, өндірістік-техникалық совет интеллигенциясы еді.

Партия жаңа техниканы меңгеру жолында жұмысшы табының кең қозғалысын ұйымдастырды. Сталинград трактор заводын меңгеру тәжірибесін ескере келіп, партия Орталық Комитеті барлық жаңа құрылыстың партия ұйымдарына жұмысшыларды жаңа мамандыққа үйрету ісін кеңінен жүргізуді тапсырды. Кәсіподактар мен комсомол бұл жұмысқа белсене кірісті. Заводтар мен жаңа құрылыстарда жұмысшы оқуының комбинаттары, техникалық үйірмелер, мектептер, курстар құрылды, техникалық оқу күндері өткізілді. Жаңа құрылыс жұмысшылары жаңа мамандық үйрену үшін орнықты заводтарға барды. Фабрика-завод оқу мектептерінің саны өсті. Партия қоғамдық-техникалық емтихан жүргізу жөнінде комсомолдың маңызды бастамасын қолдады. Техникалық емтихан тапсыру жөнінде 1931 жылы шыққан қозғалыс барлық заводтарға, фабрикаларға және жаңа құрылыстарға тарайды. Техникалық білім алу өз істеріне жұмысшылардың маман болуына көмектесті. Жүздеген мың кешегі қара жұмысшылар мен құрылысшылар жаңа мамандық алды, маман токарь мен темір ұстасына, домнашы мен болатшыға, бұрғылау машиналарының машинистеріне және сондайларға айналды. Ауыл шаруашылығында 1931 жылдың көктемінде 200 мыңнан аса колхозшылар тракторшы мен механизатор болды, коллективтік шаруашылықтарда МТС машиналарында жұмыс істеді.

Халық шаруашылығын қайта құрумен қатар мәдени революция жүргізілді. 1930 жылы Совет мемлекеті жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуды енгізді. Ел ішінде ересек адамдардың сауатсыздығы мен шала сауаттылығын жою жолында жалпыхалықтық қозғалыс басталды. 1930 — 1932 жылдары сауатсыздық жою мектептерінде 30 миллионнан аса адам оқыды.

Техникалық қайта құру және жұмысшылардың жаңа техниканы меңгеру жолындағы жаппай қозғалысы социалистік индустрия қарқынын тездетуге себеп болды. Өнеркәсіптегі 1931 жылғы өндірістік табыстар өнеркәсіптің бес жылдығын төрт жылда орындауды қамтамасыз етті. Партияның алдына екінші бесжылдық жоспарын жасау міндеті қойылды. Бұл мәселені 1932 жылы январь мен февральда ВКП(б) XVII конференциясы қарады.

Партияның XVII конференциясы «СССР халық шаруашылығының екінші бесжылдық жоспарын (1933 — 1937 жылдар) жасау жөніндегі директиваларды» қабылдады. Екінші бесжылдықтың негізгі саяси міндеті ретінде капиталистік элементтерді біржолата жою, адамды адамның қанауын туғызатын және қоғамды қанаушылар мен қаналушылар етіп бөлушілікті туғызатын себептерді толық жою мәселесі қойылды. Бесжылдықтың негізгі шаруашылық міндеті — бүкіл халық шаруашылығын техникалық қайта құруды аяқтау болды. Директиваларда техникалық қайта құрудың кадрлар дайындау және техниканы меңгеру мәселесімен, совет ғылымы мен техниканы дамыту мәселесімен тығыз байланысты екендігі баса көрсетілді. Жұмысшылар мен шаруалардың әл-ауқатын көтеру саласында халық тұтыну заттарын екі-үш есе көбейту белгіленді.

Деревняның социалистік жолмен дамуына партия жоспарлы басшылық етті. Коллективтендірудің бірінші табыстары баянды етілді. 1930 жылы сентябрьде Орталық Комитет партия ұйымдарына кедей-
6. «Қазақстан коммунисті», № 6.

орташа бұқараны бұдан былай да колхозға тарту жөніндегі жұмысты күшейтуді тапсырды. Орталық Комитеттің декабрьдегі (1930 жыл) пленумы — 1931 жылы ел ішінде орта есеппен алғанда шаруа шаруашылықтарының кем дегенде жартысын коллективтендіруді қамтамасыз ету міндетін қойды; Украинаның далалы өңірін, Солтүстік Кавказды, Төменгі Еділ мен Орта Еділді (Заволжье) негізінен коллективтендіруді аяқтау міндетін қойды; қалған астықты аудандарда, сонымен қатар мақта мен қант қызылшасын егетін аудандарда шаруа шаруашылықтарының кемінде жартысын коллективтендіру міндеті қойылды; тұтынушы аймақта, — төрттен бір бөлегіне жуығын коллективтендіру міндетін қойды.

Жергілікті партия ұйымдары жекеше шаруалардың арасында қажырлы түсінік жұмысын жүргізді, оған колхоз белсенділерін тартты.

Колхоз қозғалысы қайтадан үдеп өрлей бастады. Партияның XVI съезінен кейінгі өткен бір жылдың ішінде колхоздарға 7 миллионнан аса шаруа шаруашылықтары енді. Солтүстік Кавказда, Төменгі және Орта Еділде, Украинада (далалы өңір мен сол жақ бөлегі), Қырымда және Оралдың астықты аудандары мен Молдавияда шаруа шаруашылықтарының 68 проценттен 90 процентке дейінгі коллективтендірілді. Бұл аудандарда коллективтендіру негізінен аяқталды. Басқа астықты, мақталы және қант қызылшасын егетін аудандарда шаруа шаруашылықтарының жартысынан көбі коллективтендірілді.

Жаппай коллективтендіру аудандарында кулактар жойылды. Коллективтендіруге қарсы шыққан кулактар негізгі тұрғын жерлерінен көшірілді. 1930 жылдың басынан 1932 жылдың күзіне дейін жаппай коллективтендіру аудандарында 240 757 кулак семьялары көшірілді, яғни шаруа шаруашылықтарының жалпы санының бір процентіне жуығы көшірілді. Совет өкіметі бұрынғы кулактарды жаңа тұрған жерлерінде еңбекке орналастыру жөнінде қажетті нәрселердің бәрін істеді, оларға қалыпты өмір сүру жағдайларын туғызды. Басқа жаққа көшірілген кулактардың негізгі көпшілігі ағаш, құрылыс және тау-кен өнеркәсібінде, сонымен қатар Батыс Сібір мен Қазақстанның совхоздарында жұмыс істеді. Партия мен Совет өкіметі кулактарды қайта тәрбиеледі, олардың толық праволы азамат болуына және социалистік қоғамның белсенді еңбекшісі болуына көмектесті.

Жаппай коллективтендіруді жүргізуде, колхоз құрылысын жасап, нығайтуда машина-трактор станциялары аса маңызды роль атқарды. Елімізде бірінші машина-трактор станциясын Одесса облысының Шевченко атындағы совхоз жұмысшы коллективі 1928 жылы құрған болатын. Бұл МТС-тің қызмет еткен ауданында шаруалар жерді қоғамдасып ұқсатуға көшті. Шевченко МТС-інің тиімді тәжірибесіне сүйене отырып, партияның Орталық Комитеті машина-трактор станцияларын ұйымдастырып, басқаратын бүкілодақтық орталық басқарма құруды тиімді деп тапты. 1929 жылдың июнь айында «Тракторцентр» құрылды. Сонымен қатар 1929 жылы трактор колонналары кеңінен шыға бастады, оларды ауылшаруашылық кооперация органдары және колхоздардың біріккен топтары құрды. Олар колхоз қозғалысын кеңейтуге көмектесті. Бірақ трактор колонналарының елеулі кемшіліктері де болды: оларда ұйымдастырушы тұрақты орталықтар және қажетті материалдық-техникалық база болмады, жаңа техника нашар пайдаланылды.

Өнеркәсіп тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жылдан жылға көп шығарды. Партияның алдына жаппай колхоз құрылысының жағдайында оларды қалайша жақсы пайдалану керек екендігі жөнінде мәселе қойылды. Колхоздарға өндірістік-техникалық қызмет етудің жаңа техниканы неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін тиісті формасын табу қажет болды. Совет мемлекеті алғашқы кез-

де МТС-тер кұрумен бірге тракторлардың бір бөлегін колхоздарға сатты. Бірақ колхоз кұрылысының бастапқы дәуірінде тракторларды бұлай пайдалануға болмайтындығын тәжірибе көрсетті. Жас, экономика жағынан әлсіз колхоздардың тракторларды және басқа машиналарды сатып алу үшін жеткілікті қаржылары болмады, олардың техникалық кадрлары да болмады. Оның үстіне өнеркәсіптің өзі де ол кезде колхоздардың бәрін бірдей тракторлармен жабдықтай алмады. Колхоз кұрылысының тәжірибесі тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық техникасын түгелдей мемлекет қолында сақтаудың қажетті және тиімді екендігін көрсетті. Бұл мәселенің саяси жағынан да зор маңызы болды. МТС-тер ауыл шаруашылығының социалистік жолмен дамуына және жұмысшы табы мен шаруалар одағын нығайтуға Совет мемлекетінің басшылық әсерін күшейтетін мықты тірек болды. Олар колхозшылардың миллиондаған бұқарасын коллективизм рухында тәрбиелеу жөнінде мемлекеттің қолындағы құралы болды.

Осы жағдайлардың бәрін есепке ала келіп, партия бүкіл ауылшаруашылық техникасын мемлекеттік машина-трактор станцияларында шоғырландыру қажет деп білді. Партияның XVI съезінен кейін кооперативтік трактор колонналары мен МТС-тер «Тракторцентрға» берілді, оған машина-трактор станцияларын кұрып, басшылық ету жүктелді. Колхоздарға техникалық қызмет ету жөніндегі, механика кадрларын дайындау жөніндегі бар қамқорлықты Совет мемлекеті өз мойнына алды. Машина-трактор станцияларының кұрылуы мемлекет үшін де, колхоздар үшін де тиімді болды. МТС жаңа ауылшаруашылық техникасының өте өнімді пайдаланылуын қамтамасыз етті, мемлекет үшін колхоздардан астық алудың және өнеркәсіп үшін техникалық шикізат алудың қосымша негізі болды, колхоздардың ұйымдық-шаруашылық жағынан нығаюына көмектесті.

1931 жылдың жазына қарсы колхоздарға 13 миллион (52,7 процент) шаруа шаруашылықтары бірікті. Олар астықтың, мақтаның, қант қызылшасының, күнбағыстың және басқа ауылшаруашылық өнімдерінің негізгі өндірушісі болды. Колхоздар совхоздармен бірге жазғы егіс көлемінің үштен екі бөлегінен астамын септі. Колхозшы шаруалар егіншілікте басты тұлғаға айналды.

Партия ауыл шаруашылығын коллективтендіру жолындағы күресте шешуші табысқа жетті. 1931 жылы елімізде 211,1 мың колхоз болды. Енді бірінші орынға жаңа колхоздар ұйымдастыру міндеті қойылмай, кұрылып болған колхоздарды нығайту міндеті және жекеше шаруалардың қалған бөлегін колхоздарға тарту міндеті қойылды.

Жекеше шаруаларды колхозға тарту жөніндегі жұмысты бәсеңдетпестен партия колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуға баса көңіл бөлді.

Ірі социалистік шаруашылық ретіндегі колхоз өңбек өнімділігін және колхозшы шаруалардың әл-ауқатын көтеру үшін орасан зор мүмкіншіліктер туғызды. Бірақ та колхоз кұрылысының бұл мүмкіншіліктерін пайдалану күрделі және қиын іс еді. Коллективтендіру деревня өмірінің мыңдаған жыл бойы қалыптасқан дәстүрін кенет сындыру болды. Ғасырлар бойы жеке меншікті шаруашылықта «әркім өз бетінше» өмір сүріп, жұмыс істеуге дағдыланған шаруа колхозға түскеннен кейін жаңа, өзі үйренбеген жағдайға бірден икемделіп кете алған жоқ-ты. Колхозшы шаруа жеке-дара, жеке меншікті шаруашылық ұстау әдеттері мен өнегесінен бірден кұтыла алмайтын еді. Колхоздарда шаруаның кешегі жекешенің мінез-кұлқын социализм рухында қайта қалыптастыру, қоғамдық жаңа тәртіп орнату ісі енді-енді ғана басталған болатын.

Колхоз жұмысында ірі коллективтік шаруашылықтың артықшылығын пайдалануға бөгет жасайтын көп кемшіліктер болды. Колхоз бұ-

қарасы мен колхоздардың басшы кадрларында ірі өндірісті жүргізу тәжірибесі әлі бола қоймады. Көптеген колхоздарда еңбек нашар ұйымдастырылды. Жұрт көбінесе топтанып жұмыс істеді. Есеп жолға қойылмады. Табыс еңбекке қарай бөлінбей, көбіне жан басына қарай бөлініп жүрді. Осының салдарынан жұмысқа ынталы болу және еңбек тәртібі төмендеді, көптеген колхозшылар жұмысқа шықпай қойды. Көп жағдайда егін жинау мерзімі ұзаққа созылып, астық көп ысырап болды. Мал басын, машина және басқа мүліктерді сақтау жөнінде колхозшылардың жеке басының жауапсыз болуы, немқұрайды қараушылық колхоз мүлкіне үлкен зиян келтірді. Колхоздарға еніп кеткен бұрынғы кулактар және басқа жау элементтер мүлікті талан-таражға салып, машинаны бүлдірді, жылқы мен өнім беретін малды қырғынға ұшыратты, жұмыста көптеген брак жасады және адал колхозшылардың колхоз өмірін жөнге қою жолындағы күресіне қарсы қолынан келгенінің бәрін істеді.

Колхоздарда жаңа қоғамдық еңбек тәртібін орнату белгілі уақыт пен көп күш керек етті. Ең басты қиыншылық — қоғамдық шаруашылықты дұрыс ұйымдастыруда және оны дамыту үшін колхозшылардың материалдық ынтасын арттыру әдістері мен тәсілдерін табуда еді. Бұл жөнінде партияның жеткілікті тәжірибесі жоқ еді. Колхозшылардың өз творчествосы ғана еңбекті ұйымдастырудың, еңбек тәртібін дұрыстаудың және колхоз табыстарын еңбекке қарай социалистік принциппен бөлудің жаңа формаларын шығара алатын еді. Бұл формалар табылды да.

Колхоз құрылысының тәжірибесі колхоздардағы қоғамдық еңбекті есепке алудың мүлде жаңа формасын — өнімдік ақы төлеуді қолданатын еңбеккүн формасын шығарды.

Жақсы-жақсы ауылшаруашылық артельдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, ВКП(б) Орталық Комитетінің 1931 жылғы июнь Пленумы колхоздарға барлық жұмысты өнімдік ақы төлеу арқылы ұйымдастыруды, еңбекті еңбеккүндер арқылы бағалауды және табыстарды (заттай және ақшалай) еңбеккүндерге қарай бөлуді ұсынды.

Партия мен комсомол ұйымдары аудандық партия белсенділерінің көмегімен колхоздарда өнімдік жұмысты енгізу және еңбекті есепке алу күресін басқарды. Колхозшы шаруалардың алдығы қатарлы бөлегі еңбекті дұрыстау және колхоздарда тәртіпті нығайту жолындағы партия шараларын қанағаттанып қарсы алып, оларды белсене қолдады. 1931 жылдың ішінде барлық колхоздар өнімдік жұмысқа және еңбеккүнге көшті.

Колхоздарда еңбекті ұйымдастырудың келесі бір адымы, ең жақсы ауылшаруашылық артельдерінің тәжірибесіне сәйкес, колхозшылардың тұрақты адамдары бар өндірістік бригадалар құру болды. Әрбір бригадаға жердің нақтылы учаскелері, күш көлігі, машиналар мен түрлі саймандар бекітіліп берілді. Мал шаруашылығының бригадаларында әрбір сауыншы мен шошқа өсірушіге малды бекітіп беру және мал өсірушілердің еңбегіне, олардың жұмысының нәтижелеріне қарай ақы төлеу ұсынылды.

Колхоз құрылысының орнауымен бірге Совет мемлекетінің ауыл шаруашылығында жоспарлау-реттеу ролі өсті. Совет мемлекеті колхоз өндірісінің дамуына әсер етуге, оны нығайтуға мүмкіндік алды.

1932 жылы майда партия мен үкімет колхоз саудасын өркендету туралы қаулы алды, мұның өзі колхоз өндірісінің дамуына көмектесті. Колхоздардың мемлекетке міндетті түрде тапсыратын астық мөлшері азайтылды және колхоздар астық дайындау жоспарын орындап, тұқым қорларын күйғаннан кейін артық астықты колхоз базарларында сатуға рұқсат берілді.

1933 жылдың басында дәнді дақылдар дайындаудың договорлық (контрактациялық) системасы жойылды. Колхоздар мен жекеше шаруа шаруашылықтары үшін мемлекетке тұрақты баға бойынша астық тапсыру міндеттемелері белгіленді. Астық тапсыру нормалары егіс жоспарында белгіленген әрбір гектардың есебі бойынша анықталды. Гектар бойынша белгіленген астық тапсыру жоспарынан асып түсетін көтерінкі жоспардың қандайына болса да тыйым салынды. Мемлекетке астық тапсыру жөніндегі міндеттемені орындағаннан кейінгі артық астықтың бәрі колхоздар мен колхозшылардың толық қарамағында қалды. Астық дайындаудың гектар бойынша белгіленген принципі және колхоз саудасының өрістеуі колхоздар мен колхозшыларды егіс көлемін кеңейтуге, астық шаруашылығының товарлылығын көтеруге ынталы етті.

Колхоз құрылысы негіздерінің нығаюына Совет өкіметінің социалистік меншікті қорғау туралы 1932 жылы 7 августа шығарған заңы себепші болды. Бұл заң бойынша колхоздардың мүлкі өзінің маңызы жағынан мемлекеттік мүлікке теңестірілді. Колхоз меншігі мемлекеттік меншік сияқты, қасиетті және ешкімнің қол сұғуына болмайтын нәрсе деп жарияланды.

Колхоз өмірін жасауда колхозшылардың белсенділігін көтеру үшін екпінді колхозшылардың 1933 жылы февральда жиналған I Бүкілодақтық съезінің зор маңызы болды, бұл съездің жұмысына партия мен үкімет басшылары қатысты. Партия колхоздардың бәрін большевиктік етейік, ал колхозшыларды ауқатты етейік деп ұран көтерді.

1933 жылдың басында ел ішінде бірінші бесжылдық мерзімінен бұрын — төрт жыл үш айда орындалды деген қуанышты хабар тарады. Бірінші бесжылдықтың қорытындысын партия Орталық Комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының 1933 жылы январьда жиналған біріккен пленумы жасады. Пленум халық шаруашылығының бірінші бесжылдық жоспарының орындалуында мынадай нәтижелерді атап көрсетті:

СССР аграрлық елден индустриялы елге айналды. Өнеркәсіптегі социалистік система капиталистік элементтерді біржолата ығыстырып шығарып, бірден-бір система болды. 1932 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі сорысқа дейінгі мөлшерден үш есе және 1928 жылғы дәрежеден екі есе артты. Бүкіл халық шаруашылығының жалпы өніміндегі өнеркәсіптің үлес салмағы 70 процентке дейін өсті. СССР-де халық шаруашылығының барлық салаларының қайта құрылуын қамтамасыз ететін өзінің меншікті алдыңғы қатарлы техникалық базасы құрылды. Бесжылдық ішінде 1500 жаңа өнеркәсіп орындары қатарға қосылды. Осы заманғы қара металлургия, трактор, автомобиль, химия және авиация өнеркәсібі жаңадан жасалды. Еліміздің шығысында жаңа көмір-металлургия базасы — Орал-Кузбасс жасалды. Электр қуатының өндірісі бесжылдық ішінде СССР-де екі жарым есе көбейді. Еліміздің экономикалық тәуелсіздігі нығайды. Қажетті өнеркәсіптік құрал-жабдықтардың көпшілігін өз кәсіпорындарында СССР-дің өзі шығара бастады. Совет Одағының қорғаныс қуаты күшейді.

Кедей-орташа бұқараның социализмге қарай үзілді-кесілді бетбұруының нәтижесінде ауыл шаруашылығында колхоздар мен совхоздар үстемдік алды. Деревняда колхоз құрылысы, социалистік ірі егіншілік орнады. СССР ұсақ шаруашылық елден дүние жүзіндегі ең ірі ауыл шаруашылығы бар елге айналды. Ауыл шаруашылығы ескі сапалық қалыптан жаңа сапалық қалыпқа секіріп өтті. Кулактар табы жаппай коллективтендіру негізінде жойылды. Тракторлармен және ең жаңа ауылшаруашылық машиналарымен жабдыкталған машина-трактор станциялары ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құ-

рудың маңызды құралы болды. Колхоз құрылысының негізгі формасы ретінде ауылшаруашылық артелі қалыптасты.

Халық шаруашылығының барлық салаларында социализм жеңістері еңбекшілердің материалдық жағдайының негізінен жақсаруын қамтамасыз етті. Қалаларда капиталистік елдерде жұмысшылардың сору болған жұмыссыздық жойылды. Колхоз құрылысы кулакқа кіріп-тар болуды және шаруалардың еңбекші бұқарасының жокшылығын жойды. Деревня кедейлері мен әлсіз орташалар колхоздарда ауқатты адамдарға айналды. Халық табысының өсуімен және еңбекшілердің әл-ауқатының көтерілуімен қатар олардың мәдени дәрежесі едәуір көтерілді және советтік жаңа интеллигенция кадрлары қаулап өсе берді.

Совет Одағында социализмнің іргесі қаланды. Шаруашылықтың социалистік уклады қаладан кейін іле-шала деревняда орнады. Ленин қойған «кімді кім?» деген мәселе социализмнің пайдасына шешілді. Совет қоғамының таптық құрамында түбірлі өзгерістер болды. Ел ішінде капиталистік элементтер негізінен жойылды. Пролетариат диктатурасының әлеуметтік негізі кеңейіп, нығайды. Колхозшы шаруалар Совет өкіметінің берік сүйенішіне айналды. Олар енді өз өмірін өндіріс құрал-жабдықтарының коллективтік меншікте болуына негіздейтін жаңа тап болды. Жұмысшы табының шаруалармен одағының түрі өзгеріп, жаңа мазмұнмен толықтандырылды. Жұмысшы табы мен деревня кедейлерін орташалармен одақтастырған лениндік дана саясат шаруалардың негізгі бұқарасын социалистік құрылыс арнасына тартуды және капиталистік элементтерді жеңіп шығуымызды қамтамасыз етті. Жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың одағы жаңа негізде — олардың құрылыстағы мүдделерінің, қала мен деревняда социализмді нығайтып, дамыту мүдделерінің ортақтығы негізінде құрылған еді.

Мұның өзі СССР жұмысшы табының, еңбекші шаруалардың және совет интеллигенциясының Коммунист партиясының басшылығы арқасында қолы жеткен бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңісі болды.

Бірінші бесжылдық қорытындыларының орасан зор халықаралық маңызы болды.

Совет Одағы бүкіл дүние жүзі алдында шаруашылықтың жоспарлы социалистік системасының капиталистік системадан артық екендігін айқын көрсетті, өзінің экономикалық қуаты мен тәуелсіздігін нығайтты, халықаралық өмірдің күрделі күшіне айналды.

Бесжылдықтың орындалуы капиталистік елдердің еңбекші бұқараларына революциялық әсер етті. Таптық күштердің ара салмағында социализмнің пайдасына ірі өзгеріс болды. Бесжылдықтың қорытындылары бүкіл дүние жүзінде жұмысшы табының революциялық рухын көтерді, оның өз күшіне, өз жеңісіне сенімін нығайтты.

Бесжылдықтың табыстарын Совет Одағының жаулары да мойындауға мәжбүр болды. Дүниежүзілік буржуазияның және оның агенттерінің — бесжылдық сөзсіз апатқа ұшырайды деген сәуегейлігі іске аспай қалды. СССР-дің жұмысшы табы мен еңбекші шаруалары өздерінің помещиктерсіз, капиталистерсіз және кулактарсыз өмір сүре алатындығын, дағдарыстар мен жұмыссыздықты білмейтін, еңбекшілердің әл-ауқатын үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ететін жаңа, ең оңды социалистік құрылыс орната алатындығын дәлелдеді.

ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАР

1929 — 1932 жылдары СССР-де социализмнің бүкіл майданда кең шабуылы басталды.

Орындалған міндеттердің маңыздылығы мен күрделілігі жағынан әлеуметтік-экономикалық процестердің жаңалығы мен тереңдігі жағы-

нан, социалистік құрылыстың қарқыны мен көлемі жағынан мұның өзі партияның жұмысындағы ең қиын дәуірлердің бірі болды. Ойының ба-тылдығы жағынан және социалистік құрылыстың практикалық мәселе-лерін творчестволықпен шешу жағынан, партияның саяси және ұйым-дық жұмысының орасан зор өріс алуы жағынан, оның жұмысының формалары мен әдістерінің байлығы жағынан, социализм орнатуда еңбекші бұқараның белсенділігінің жоғарылығы және ерекше жан-киярлығы жағынан мұның өзі партия мен совет халқының тарихында нағыз ерлік дәуір болды.

Өзінің игілікті жұмысында Коммунистік партия социализм орна-тудың лениндік жоспарын басшылыққа алды. Партия троцкизмнің қал-дықтарын біржолата талқандады, оңшыл капитулянттарды әшкерелеп, оқшау қалдырды, сөйтіп өз қатарларының бірлігін нығайтты. Қайта құру дәуірінің қажеттеріне сәйкес партия өзін өзі қайта құрып, еңбек-шілердің барлық бұқаралық ұйымдарын да қайта құрды, оларда бел-сенді де жігерлі қызметкерлердің берік ұйтқысын жасады, партия, со-вет, шаруашылық және кәсіподақ аппаратының барлық буындарын бұқараға, өндіріске жақындатты. Ол еңбекшілер бұқарасының жігерін тасытып, бүкілхалықтық социалистік жарыс ұйымдастырды.

Бұқараның еңбектегі тасқын жігеріне сүйене отырып, партия то-лып жатқан қиыншылықтарды ойдағыдай жеңді, социалистік құры-лыстың қарқындарын тездетті, бірінші бесжылдық жоспардың мерзімі-нен бұрын орындалуын қамтамасыз етті.

Адам айтқысыз қысқа уақыттың ішінде СССР артта қалған аграр-лы елден алдыңғы қатарлы индустриялық державаға айналды. Ойда-ғыдай дамыған машина жасайтын саласы бар ауыр өнеркәсіп құрыл-ды. Халық шаруашылығының қуатты материалдық-техникалық база-сы, оның барлық салаларын осы заманғы жаңа техника негізінде то-лық қайта құруды қамтамасыз ететін базасы жасалды.

Партия Лениннің кооперативтік дана жоспарын жүзеге асырды. Социалистік революцияның жұмысшы табы өкімет билігін жеңіп ал-ғаннан кейінгі ең қиын тарихи міндеті — миллиондаған ұсақ меншікті шаруалар шаруашылығын колхоз жолына, социализм жолына көшіру міндеті ойдағыдай орындалды. Мұның өзі ауылшаруашылық өндірісін-де қоғамдық-экономикалық қатынастардың өзгеруі маңнасында нағыз революция болды. Коллективтендіру Совет өкіметіне ауыл шаруашы-лығында берік социалистік негіз туғызды, социалистік халық шаруа-шылығын құру үшін шешуші жағдайлар жасады, Совет өкіметін де-ревняда біржолата нығайтуға мүмкіндік берді, жұмысшы табы мен шаруалар одағын нығайтып, жаңа сатыға көтерді.

Социализмнің кеңінен шабуыл жасауы толық жеңді. Капиталистік элементтер өнеркәсіптен толық ығыстырылды, ал өндірістің социалис-тік формасы бірден-бір үстем форма болды. Жаппай коллективтендіру негізінде ел ішіндегі ең соңғы қанаушы тап — капитализмді қайта ор-натудың тірегі болған кулактар талқандалып, негізінен жойылды. Бүкіл товар айналымы мемлекеттің, кооперация мен колхоздардың қолында болды.

Қалада жұмыссыздық және деревняда қайыршылық жойылды. Ел ішінде нағыз мәдени революция жасалды. Жаңа, совет интеллигенция-сының көптеген кадрлары өсіп жетілді.

СССР-де социалистік құрылыстың табыстары оның ішкі және ха-лықаралық жағдайын нығайтты, оның қорғаныс қабілетін күшейтті.

Социалистік құрылыстың қиыншылықтарына қарсы күресте Ком-мунистік партия идея жағынан шындалып, ұйымдық жағынан нығай-ды, жаңа тәжірибеге байыды.

Тағы да мол өнім алу үшін күресте

Х. ТАШМАҒАМБЕТОВ,

ККП Еркіншілік аудандық комитетінің секретары

Біздің аудан Ақмола облысының солтүстік-шығысын ала қайынды-қарағайлы қат-қабат Ереймен тауының сырт жағына орналасқан. Атақты Ерейменнің кең қойнаулары мен жазық бауыры малдың қай түлігін өсіруге де қолайлы. Сондықтан біздің аудан негізінен мал өсіруші аудан болып келді. Біздің жер таулы, орманды, көлді, өзенді, мөлдір бұлақты көркем аймақтың бірі. Осыған орай жері де шұрайлы, егіншілікпен шұғылдануға да мүмкіндік зор.

Бірақ бұл мүмкіндік 1954 жылға дейін пайдаланылмай келді. Ол кезде аудан колхоздары 35 — 40 мың гектардай ғана егін салып, гектарынан мықты деген жылы 6 — 7 центнерден ғана өнім алатын. Егіншіліктің шағын болуы шаруашылықтың басқа саласының өсуін де тежеп келген еді. Партия мен үкіметтің еліміздің ауыл шаруашылығын жан-жақты өркендету жөніндегі тарихи шешімдерінен кейін Еркіншілік даласында да жаңа дүбір, тың жерлерді игеру басталды. Бұл күреске қатынасу үшін ауданымызға көптеген мамандар, мындаған механизаторлар келді, үкімет біздің егіншілерге сан алуан қуатты техника берді.

Егіс көлемі жылдан-жылға ұлғая түсті. Өткен 5 жылдың ішінде ауданымызда 200 мың гектардан астам тың және тыңайған жер игерілді. Міне бұл күресте партия ұйымдарының ролі, олардың істеген ісі атап айтарлық болды. Сілеті өзенінің жағасынан жаңадан бір астық совхозы, ал бұрынғы шағын колхоздар негізінде 4 совхоз ұйымдастырылды. Қазір ауданымызда 5 совхоз, 6 ауылшаруашылық артелі, жақсы жабдықталған 2 РТС бар. Міне бұл коллективтердің бәрінде де партия ұйымдары бұқараны өнегелі, табысты еңбекке жұмылдырушы басшы ұйтқы болып отыр.

КПСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің күнбе-күнгі басшылығына сүйене отырып, партия ұйымдары колхозшылар мен совхоз жұмысшыларын қажырлы еңбекке жұмылдыра білді. Игерілген тың олардың қажырлы еңбегін талай қуанышқа бөледі. Мысалы, өткен жылы біздің дихандар егінді бітік өсіріп, мемлекет қоймасына 12 миллион пұт астық өткізді. Бұл 1953 жылғы тапсырылған астықтан 17 — 18 есе көп. Барлығы 200 мың гектардай дәнді дақылдың гектарынан орта есеппен 13 центнерден өнім алынды, озат шаруашылықтарда гектарынан 18 — 25 центнерге дейін өнім жиналды. Егіншілердің бұл қажырлы еңбегі жоғары бағаланды, ауданға Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесі комитетінің «Құрмет дипломы» берілді, жүзге жуық озаттарға алтын және күміс медальдар, бағалы сыйлықтар берілді.

Егін шаруашылығының қауырт өркендеуі шаруашылықтың басқа саласын да, әсіресе мал шаруашылығын өркендетуге, оның өнімділігін арттыруға жағдай жасады. Бұл саладан да еңбегімен танылған жүздеген ерлер шықты. Міне сондықтан да халық «біз тынды көтердік, тың елді көркейтті, ерді танытты» деп өте дұрыс айтады.

Біздің колхозшылар, механизаторлар, совхоз жұмысшылары өткен жылғы қол жеткен жоғарыдағы табыстарын баянды ете отырып, жетіжылдықтың алғашқы жылының көктемгі егісіне күн ілгері жан-жақты даярланды. Осының арқасында біз дәнді дақылдар егу жоспарын 12 —

13 жұмыс күнінің ішінде облыста алдыңғы қатарлылардың бірі болып аяқтадық. Колхоздар мен совхоздарда 144 мың гектар бидай, 63 мың гектар арпа, 6,4 мың гектар сұлы егілді, біздің өңірде бітік шығатын бағалы азық-түліктік дақыл — тары егісінің көлемін өткен жылдан біржарым есе ұлғайтып, 35 мың гектарға жеткіздік. Осымен бірге шаршы-ұялы тәсілді қатаң сақтай отырып, 8,6 мың гектар жүгері, 3,6 мың гектар техникалық дақылдар, 15 мың гектар біржылдық және көпжылдық шөптер ектік. Сонда біздің ауданның биылғы жалпы егіс көлемі 1953 жылғыдан 6 — 7 есе артық.

Егіс жұмыстарын қысқа мерзімде, сапалы аяқтау ісінде партия ұйымдары зор ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыс жүргізді. Бұл табыстар ең алдымен сол жұмыстардың жемісі. Колхозшылар мен совхоз жұмысшылары арасында партия ұйымдарының 9 жүзден астам үгітшілері КПСС XXI съезінің қарарларын, съезд алға қойған міндеттерді түсіндіру, социалистік жарысты ұйымдастыру ісімен қажымайталмай шұғылданды. Олар бұл жұмысты кәзіргі күндерде де үздіксіз жүргізуде. Съезд материалдарын насихаттап, жұртшылықтың сана-сезіміне жеткізу мақсатымен егіс қостарында екі жүзге жуық лекция оқылып, баяндама жасалды.

Егіншілерге қызмет ету үшін бригадаларда 32 үгіт пункті ұйымдастырылды. Олардың меңгерушілігіне үгіт жұмысын жүргізуде тәжірибесі бар коммунистер бекітілді. Үгіт пункттерінде қабырға газеттері мен «жауынгерлік листоктар», сықақ газеттері шығарылып тұрады. Бригада қостарында көрнекі үгіт те ұйымдастырылған. Барлық жерде де көрнекті орынға «Қазақстанда бір жарым миллиард пұт астық өндіру үшін қажырлы еңбек етейік!», «Жетіжылдықтың алғашқы жылында Отанымызға 8 миллион пұт астық берейік!» деген ұрандар ілінген. Бұл ұрандар аудан еңбекшілерінің биылғы негізгі міндеті.

Аудан партия ұйымдары көктемгі егіс жұмыстарына кіріспес бұрын-ақ социалистік жарыс шарттарын бекітті. Бұл шарттарды аудандық комитеттің бюро мәжілісі қарап, мақұлдады, ол аудандық «Еңбек туы» газетінде жарияланды. Көптеген шаруашылықтар көктемгі егісте осы шарттарды үздік орындаған бригадаларға әр бескүн сайын ауыспалы қызыл ту, қызыл жалау, сыйлық тапсырып отырды, жақсы табыстарға жетті. Бұл—социалистік жарыстың механизаторлар арасында кеңінен өрістеуіне әсер етті. Мысалы, Калинин атындағы артельде нормадан артық жыртылған немесе себілген әрбір гектар үшін механизаторларға 1,5 — 2 сомнан қосымша ақы төленіп отырды. Сонымен бірге трактор бригадалары үшін екі бәйге (I-дәрежелі 1 500 сом, II-дәрежелі 1 200 сом) белгіленді. Бірінші сыйлық 4 мың гектар егінді 12 жұмыс күні ішінде егіп болған Иван Рейнер басқаратын № 1 бригадала, екінші сыйлық Бухман жолдас басқарған № 3 бригадала берілді. Сыйлық берілерде бригада жүргізген егіс жұмыстарының сапасына да ерекше көңіл бөлінді. Бұл артель (председателі Ликунов жолдас) осылайша озаттарды көтермелеу әдісін кеңінен қолдана отырып, көктемгі егісті қысқа мерзімде жоғары агротехникалық сапада аяқтады.

Егіннен мол өнім алу жолындағы социалистік жарыс шарттарын түсіндіруде, бұл жарысты ұйымдастыруда көптеген үгітшілер, үгіт коллективі жақсы жұмыс жүргізіп келеді. Мысалы, Торғай совхозы партия ұйымының үгіт коллективі (жетекшісі Бабаева), Ворошилов атындағы колхозда үгітші Анна Задарожнюк, Фрунзе совхозында үгітшілер Сильченко, Есжанов жолдастар, Ерейментау совхозының 2-бөлімшесінде үгітші Кәкпан Олжабаев, «Изобильный» совхозында үгітші Бубенко, «Авангард» колхозында үгітші Громов тағы басқа көптеген жолдастар өнегелі жұмыс істеп жүр.

Биылғы көктемде 180 мың гектар жер жыртылып, егіске дайындалды, бұл өткен жылғымен салыстырғанда әлдеқайда көп. Міне осыны

күні бұрын ескеріп, аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары колхоздар мен совхоздарда тракторларды, басқа да тіркеу құралдарының сапалы жөнделуіне ерекше көңіл бөлген болатын, бұл жұмыс өз нәтижесін берді.

Мол өнімнің негізін салуда істің тағдырын кадрлар, адамдар шешеді. Сондықтан аудандық партия комитеті колхоздарды, РТС-терді басшы, маман кадрлармен толықтыру ісіне ерекше мән берді. Бірсыпыра колхоздардың басшылығын өзгертіп, оған істе сыналған шебер ұйымдастырушылар жібердік. Мысалы, Калинин атындағы артельге бұрынғы Еркіншілік МТС-інің директоры болып істеген коммунист Ликунов жолдасты, «Авангард» колхозының басшылығына бұрынғы Невзетаев МТС-і партия ұйымының секретары Камышный жолдасты жібердік. Бұл шараның да жетіжылдықтың бірінші көктемін табыспен өткізуде маңызы кем болған жоқ. Бұл артельдер көктемгі егісті ұйымшылдықпен қысқа мерзімде өткізді.

Біздің ауданның ауа райы құрғақтау болып келеді, сондықтан егіннен мол өнім алу үшін агротехникалық шараларды берік сақтау керек. Соңғы жылғы тәжірибе мен зерттеу жұмыстары біздің ауданның колхоздары мен совхоздарының көпшілігінде егісті майдың 25 қалдырмай аяқтаудың тиімді екенін аңғартты. Биыл біз бұл талаптарды біршама тәуір орындадық деп айта аламыз.

Біздің диқандар биыл көршілес, ежелден астықты аудан деп саналатын Вишнез ауданының егіншілерімен жарысқа түсіп, кемінде 10 миллион пұт астық өндіріп, қазақстандық 1,5 миллиардқа лайықты үлес қосуға бел байлады. Бұл сертті абыроймен орындауға мүмкіншілік бар. Бұған дәнді дақылдардың жерде ылғалдың мол кезінде жоғары агротехникалық сапада егілуі негіз бола алады. Кәзір егін жаппай көктеп шығып, жайқалып өсіп келеді, колхоздар мен совхоздар егінді баптауға кірісті.

Колхоздар мен совхоздар әлі де пайдаланылмай жатқан тың жерлерді игеріп, егіс көлемін арттыра бермекші. Олар биыл 20 мың гектар тың көтеріп, келесі жылдың егініне 30 мың гектар пар әзірлемекші.

Біз өткен жылдан бастап ауыспалы егіс тәртібіне көше бастадық. Жердің құнарлылығын сақтау үшін біржылдық және көпжылдық шөптер егу аудан шаруашылықтарының берік дәстүріне айналды. Біздің ауданның колхоздары мен совхоздары осындай шараларды табандылықпен жүзеге асыра отырып, 1960 жылы астықтың жылма-жылғы жалпы түсімін 12—13 миллион пұтқа жеткізбекші.

Аудан еңбекшілері кәзір көктемгі егіс жұмыстарын ойдағыдай аяқтап, егінді баптау, пар жырту, шөп шабу жұмыстарын жүргізумен қатар егін орағына да әзірлікті қолға алды.

Егінді шашпай-төкпей жинаудың жолы — оны бөлектеп жинау, өткен жылы колхоздар, совхоздар егіннің 80 процентін бөлектеп жинады. Бөлектеп жинау жөнінде механизаторларымыздың бай тәжірибесі бар. Кәзір комбайндарды, жаткалар мен астық жинағыштарды жөндеу жұмыстары қызу жүргізілуде, көптеген колхоздар жабық және ашық қырмандарды әзірлеп қойды. Аудандағы астық қабылдау пункттері де жаңа егіннің өнімін жылдағыдан гөрі ұйымшылдықпен қабылдап, оны бүлдірмей сақтауға қызу әзірлік жүргізуде.

Жақында аудандық партия комитеті партия ұйымдары секретарларының кеңесін өткізіп, ұйымдастыру, саяси-көпшілік жұмыстарын еңбекшілердің биыл астықтан мол өнім алуға берген уәдесін орындауға бағыттаудың жолдары мен міндеттерін талқылады. Партия ұйымдары бар күш-жігерін аудан еңбекшілерінің алған міндеттемелерін асыра орындауын ұйымдастыруға жұмсайды.

Кәсіподақ ұйымдарына партиялық басшылық жақсартылсын

Н. ТАГАРИН

Бүкіл совет халқымен бірге Ақмола облысының еңбекшілері де елімізде коммунизм құруға бағытталған жетіжылдық жоспардың алғашқы жылының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолында қажырлы күрес жүргізіп жатыр. Бұл күндері әрбір еңбекші ерекше қуанышқа бөленген, өйткені олар бүгінгі еңбегінен, күресінен коммунизмнің жарқын болашағының бейнесін көреді.

Еңбекшілер бұқарасын жетіжылдық жоспарды жүзеге асыру жолындағы қажырлы, өнерлі еңбекке жұмылдыруда кәсіподақ ұйымдарының атқаратын ролі зор. Кәсіподақ ұйымдары Коммунистік партияның коммунизм үшін күрестегі сенімді тірегі.

Сондықтан әсіресе кәзір партия ұйымдарының кәсіподақ ұйымдарымен тығыз байланыс жасап, оларға басшылық жасап отыруы аса қажет. Кәсіподақ ұйымдары партияны еңбекшілер бұқарасының қалың көпшілігімен тығыз байланыстырып отырады. КПСС Орталық Комитеті әруақытта да кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жандандыруға баса көңіл бөліп келеді. Партияның ХХ және ХХІ съездерінің шешімдерінде кәсіподақ ұйымдарын миллиондаған еңбекшілер бұқарасын мемлекетті басқаруға, шаруашылықты жүргізуге, коммунизм мектебіне айналдыру жөніндегі міндеттер айқын көрсетіліп берілді.

КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының «СССР Кәсіподағының жұмысы туралы» қаулысында партиямыздың совет кәсіподақтарының жұмысын жақсарту беруге, олардың шаруашылық құрылысындағы, коммунизм құру жолындағы ролін арттыра беруге деген қамқорлығы айқын көрінген. Орталық Комитет партия ұйымдарының тарапынан күнделікті жанды басшылық болған жағдайда ғана кәсіподақтардың өз міндеттерін табысты орындай алатынын ерекше атап көрсетті.

КПСС Орталық Комитетінің СССР кәсіподақтары ХІІ съезіне жолдаған құттықтау хатында да совет кәсіподақтарының алдына үлкен міндеттер қойды. Бұл маңызды документте былай деп көрсетілген: «Совет кәсіподақтарының ең басты, ең маңызды міндеті кәзір партияның ХХІ съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыру жолындағы, жетіжылдық жоспарды және 1959 жылдың — жетіжылдықтың бірінші жылының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күреске еңбекшілердің қалың бұқарасының күш-жігерін жұмылдыруда болып отыр».

Ақмола облысының партия ұйымдары Орталық Комитеттің осы нұсқауларын орындай отырып, кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жақсарту беру жолында бірсыпыра жұмыстар істеді. Кәсіподақтардың облыстық советі мен комитеттері кадрлармен нығайтылды, бастауыш кәсіподақ ұйымдарына елеулі көмек көрсетілді. Қәзір облыста мыңнан астам озат жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер, өндіріс жанапшылар және активтер кәсіподақтың басшы қызметіне жоғарылатылды. Олардың көпшілігі коммунистер. Кәсіподақтардың басшы органдарына қазақ кадрлары, сонымен бірге әйелдер көп жоғарылатылды. Көптеген кәсіподақ қызметкерлерінің жоғары және орта білімдері бар. Қалалық және аудандық партия комитеттері кәсіподақ қызметкерлері мен активтерінің семинарларын, кеңестерін өткізіп тұрады, кәсіподақ қызметкерлері партия оқуының жүйесіне кеңінен тартылған.

Облыс партия ұйымдары жүргізген осы жұмыстардың нәтижесінде көптеген кәсіпорындарда, совхоздарда кәсіподақ ұйымдары жұмыста-

рын жақсартта түсті, олар өндірісті ұйымдастыруға батыл араласатын болды, еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күресті күшейтті, жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек және тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған ұйымдастыру жұмыстарын жақсартты.

Кәсіподақ ұйымдары көп жерлерде партия ұйымдарымен тығыз бірлесе отырып, коммунистік құрылыстың өтімді әдісі — социалистік жарысқа басшылығын жақсартты. Қазір облыстағы жұмысшылар мен қызметшілердің 90 проценттен астамы жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарысқа қосылған. Коммунизм құру жолындағы жарыстың жаңа түрі — коммунистік еңбек жарысы кең жайылуда. Қазір облыста 248 коллектив коммунистік еңбек жарысына қосылған, онда 2355 адам жұмыс істейді. Қазірдің өзінде 12 коллективке «коммунистік еңбек бригадасы» деген құрметті атақ берілді.

Міне осының бәрі кәсіпорындардың жұмысына игілікті ықпалын тигізіп отыр. Облыстың өнеркәсібі биылғы жылдың бірінші тоқсанының тапсырмасын жалпы өнім шығару жөнінен 111,4 процент орындады. Өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі 32,3 процент артты. Сонымен бірге еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырма да асыра орындалды. Әсіресе кәсіподақ ұйымдары социалистік жарысты жақсы ұйымдастырып, бұқараның ынта-жігерін өндірістік жоспарды асыра орындау күресіне бағыттай білген жерде кәсіпорындар жақсы табыстарға жетіп отыр. Мысалы, Қазақ темір жолының Ақмола бөлімшесі, Ақмола және Атбасар автотрестерінің коллективтері өндірістік тапсырманы барлық көрсеткіштері жөнінен асыра орындады. Вагон жөндеу зауытының партия және кәсіподақ ұйымдары (партбюроның секретары Чусов жолдас, кәсіподақ комитеті председателі Перебоев жолдас) социалистік жарысты шебер ұйымдастырған. Завод коллективі жетіжылдық жоспарды және биылғы жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындау ісіне елеулі үлес қосты. Завод айдан-айға өндірістік жоспарды артығымен орындайды, бірінші тоқсанның өндірістік жоспарын 135 процент орындады. Мұнда өндіріс жаңашылдарының қатары күннен күнге өсіп келеді.

Ал, партия ұйымдары кәсіподақ активтеріне сүйенбей, барлық жұмысты өз мойнына алуға тырысқан жерде өндірістік жоспарды орындауда елеулі кемшіліктер бар. Мысалы, кірпіш зауытында, Ақмола құрылыс тресінде және қаланың басқа да бірсыпыра кәсіпорындарында жағдай осындай болып отыр. Ал, Ақмола қалалық партия комитеті кәсіподақ ұйымдарына партия басшылығын жақсарту жөнінде өтімді ешнәрсе істемей келеді.

Облыстың кейбір партия ұйымдары кәсіподақ ұйымдарына басшылық ету ісінде елеулі кателерге жол береді. Осының салдарынан ондай кәсіпорындарда кәсіподақтардың ролі төмендеген, олардың коллективтің өндірістік жұмысына әсері нашар. Мысалы, Жолымбет руднигінде кәсіподақтардың ролі сезілмейді. Мұнда көптеген цехтық ұйымдар жұмыс істемейді. Көмір шахтасы цехы партия ұйымының секретары Плешанов жолдас кәсіподақ ұйымына басшылық етуді былай қойғанда партия ұйымының жұмысын да әбден ақсатып болған. Мұнда саяси-бұқаралық жұмыс нашар, социалистік жарыс ұйымдастырылмаған, партия және кәсіподақ ұйымдарының жиналысы өте сирек болады, шахтада еңбек тәртібі, жұмысшылардың еңбек және тұрмыс жағдайларына қамқорлық нашар. Осының салдарынан шахта өткен жылы өндірістік жоспарды орындай алмады, биыл да олқылықтан шыға алмай келеді. Өткен жылы көмірдің өзіндік құны жоспардағы 76 сомның орнына 107 сомға дейін жетті. Бұл рудниктің басқа цехтарында да кәсіподақ комитеттері жұмысты нашар істейді.

Рудник басшыларының да кемшіліктерге бойы әбден үйреніп алған. Рудниктің әкімшілік орындары кейде жұмысшыларды кәсіподақ

ұйымымен келіспей жұмыстан шығарады, олардың заңды талап-тілектерін орындаудан бас тартады. Мұның бәрі бұқараның наразылығын тудырып, оларды жоғары орындарға шағым жазуға мәжбүр етеді.

Міне осы кемшіліктердің бәрін рудник партия ұйымының секретары Пилипчак жолдас біле тұрса да кәсіподақ комитетінің председателі Сорокин жолдастың және рудник басшыларының жұмыстарындағы кемшіліктер мен қателіктерді ашып, түзетудің орнына өз басының тыныштығын ойлап, «сен тимесең мен тимен» деп жүр.

Бұл рудниктегі жағдайды Шортанды аудандық партия комитеті біле ме? Әрине біледі. Аудандық партия комитеті жақында рудник партия бюросының секретары Пилипчак жолдастың «партбюроның цех партия ұйымдарына басшылығы туралы» баяндамасын тыңдады. Бірақ аудандық комитеттің бюро мәжілісінде рудникте еңбек тәртібінің нашар екені, өндірістік жоспардың орындалмайтыны туралы көп сөз болғанмен кәсіподақ ұйымы, оған басшылықты жақсарту туралы бір ауыз сөз болған жоқ. Сонда Шортанды аудандық комитеті рудниктің жұмысын кәсіподақ ұйымынсыз, ондағы жүздеген кәсіподақ мүшелерінсіз қалай жақсартса алмақ.

Облыстың басқа да кейбір кәсіпорындарында, совхоздарында кәсіподақтардың ролі төмен, олар әкімшіліктің жұмысына әсер етіп, жұмысшыларға өндірістік және тұрмыстық жағдай жасау туралы талап қойып отырмайды. Осының салдарынан кейбір шаруашылық басшылары өзінің әкімшілік праволарын асыра пайдаланады. Мысалы, құрылыс комбинатының директоры коммунист Макаренко жолдас қарамағындағы адамдармен жылы сөйлеспейді, олардың талап-тілектерін жүре тындайды, соңғы үш айдың ішінде ол кәсіподақ комитетімен келіспей-ақ 13 адамды жұмыстан шығарған. Макаренконың коллективтің арасында ешқандай беделі жоқ.

Кәсіподақтардың облыстық советі комбинаттағы жағдайды тексергеннен кейін Макаренко жолдасты бұл қызметте қалдыруға болмайды деп дұрыс шешім қабылдады. Бірақ Ақмола қалалық партия комитеті бұл асқақтаған төресымақтың барлық жағымсыз қылықтарын біле тұрса да, оған сөгіс жариялап, бұрынғы қызметінде қалдырды. Партия комитетінің кәсіподақ советінің пікірімен санасуы керек еді. Өйткені қандай басшыға да қойылатын ең басты талап — оның еңбекшілер бұқарасының алдында беделі болуы, оған бұқара сенетін болуы керек. Ал, Макаренко мұндай сенімнен, беделден жұрдай болған. Біздің пікірімізше, қалалық партия комитетінің бұл шешімінің кәсіподақ ұйымдарының беделін, ролін көтеруге жәрдемі тимейді.

Кәсіподақтардың фабрика-заводтық және жергілікті комитеттерінің праволары туралы ереже бойынша кәсіподақ ұйымдарына өндірістік жоспардың орындалуы туралы кәсіпорындар мен мекемелер басшыларының баяндамасын тыңдауға, олардан өндірісті, жұмысшылардың еңбегін ұйымдастырудағы кемшіліктерді жоюды талап етуге, жоғарғы органдардың алдына кәсіпорынның немесе мекеменің жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныс жасауға право берілген. Сонымен бірге кәсіподақ ұйымдары мен комитеттері жұмыста бюрократизмге салынған, еңбек заңдарын бұзатын кәсіпорын, мекеме басшыларын, олардың жауапты қызметкерлерін орнынан алу, немесе оларға тиісті шара қолдану туралы жоғарғы орындардың алдына мәселе қоя алады.

Кәсіподақ ұйымдарының бұл праволарын толық жүзеге асырып отыруы олардың еңбекшілер бұқарасын коммунистік құрылыстың тапсырмаларын орындауға жұмылдыру жөніндегі жұмыстарын жақсартып түседі.

Еңбекшілер бұқарасын өндірісті басқаруға кеңінен тарту ісіне өндірістік мәжілістер мол мүмкіндік беріп отыр. Қазір облыста тұрақты жұмыс істейтін 268 өндірістік кеңес құрылған. Олардың 10 мыңға

тарта мүшесі бар. Өндірістік кеңестің мүшелері жұмысшылардың жалпы жиналысында сайланған.

Ақмола станциясының паровоз депосында құрылған өндірістік кеңестің (председателі Шипарев жолдас) едәуір пайдалы тәжірибесі бар. Мұнда мынандай мәселелер талқыланды: «Локомотивтерді жөндеу мерзімдерін қысқарту туралы», «Отынды үнемдеу туралы», «Қауіпсіздік техникасы туралы» және т. б. Өндірістік кеңестерде 63 жанашылдық ұсыныс қаралып, өндіріске енгізуге ұсынылды, оның 49 кәзірдің өзінде өндіріске пайдаланылған. Осы ұсыныстарды жүзеге асырудың нәтижесінде өткен жылы жалпы құны 1 800 мың сомдық отын үнемделген. Мұның үстіне 7 205 салмақты поезд жүргізілген, биыл екі айдың ішінде 1 228 салмақты поезд жүргізілді.

Бірақ өндірістік кеңестердің жұмысы барлық жерде бірдей жақсы жолға қойылмаған. Кейбір кәсіпорындарында олардың құрамында жұмысшылар аз. Мысалы, Сталин атындағы рудникте өндірістік кеңестің 74 мүшесінің 21 ғана жұмысшы. Ал, ауылшаруашылық машиналар жасайтын заводындағы өндірістік кеңестің құрамында 6 ғана жұмысшы бар. Өндірістік кеңестің құрамына жұмысшыларды аз тарту, олардың белсенділігін төмендетеді, еңбекшілер бұқарасын өндірісті басқару ісіне қатынастыруға бөгет жасайды.

Жақында болып өткен кәсіподақтардың XII съезі тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестің кәсіпорындардың жұмысын жақсартуға берудегі ролі мен маңызына ерекше назар аударды. Кәсіподақ ұйымдары өндірістік кеңестердің жұмысын жандандыру үшін оған озат жұмысшыларды, жанашылдарды, инженер-техник қызметкерлерді кеңінен тартып, оның жұмысына басшылық жасап отыруға тиіс. Міне сонда ғана өндірістік кеңес өндірістің ішкі мүмкіндіктерін ашып, пайдалануда, жаңа техниканы тиімді пайдалануда, еңбек өнімділігін арттыруда, өнімдердің түсер құнын кемітуде, кәсіпорындарға, құрылыстарға, совхоздарға басшылық етудің әдістерін жетілдіре беруде шаруашылық басшыларына елеулі көмек көрсете алады. Жұмысшылар бұқарасының өндірістік кеңес арқылы өндірісті басқаруға барған сайын кеңінен қатынастырылуы жеке басшылық принципін бұзбайды, қайта оны толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені мұндай жағдайда ол өндірісті басқаруға өзінің жеке басының тәжірибесімен бірге бұқараның тәжірибесін де пайдаланады.

Осылай бола тұрса да, облыстың көптеген кәсіпорындарында, совхоздарында өндірістік кеңестердің жұмысы нашар ұйымдастырылған. Тіпті кей жерлерде ол дұрыс құрылмаған да. Мысалы, Ақмоланың №2 автобазасы мен Шолақсандық совхозында өндірістік кеңес президиумының председалі болып шаруашылық басшыларының өздері сайланған. Бұл өндірістік кеңестің ролін төмендетеді. Сол сияқты Атбасар жөндеу заводында, Ақмола насос заводында, өндірістік кеңестер қағаз жүзінде ғана ұйымдастырылған. Бірақ ол кеңестердің осы уақытқа дейін бірде-бір мәжілістері болған жоқ, олар өндіріс жұмыстарын жақсарту жөнінде бірде-бір ұсыныс енгізген жоқ.

Кәсіподақ ұйымдарының, кәсіподақ комитеттерінің жұмысындағы жоғарыда айтылған кемшіліктер әлі де болса оларға партиялық басшылықтың дәрежесі төмен екенін көрсетеді. Облыстың экономикасы мен мәдениетін өркендетудің жетіжылдық жоспарда көрсетілген міндеттерін толық жүзеге асыру үшін еңбекшілер бұқарасын коммунизм рухында тәрбиелеудің, оларға шаруашылықты жүргізудің әдістерін үйретудің мектебі — кәсіподақ ұйымдарына партиялық басшылықты жетілдіре беру керек. Міне сонда ғана кәсіподақ ұйымдары облыс еңбекшілерін алда тұрған міндеттерді орындауға жұмылдыра алады.

Колхозшылар бұқарасының белсенділігі— табысқа жетудің кепілі

Е. НАМЫСБАЕВ,

*Талдықорған ауданы Сталин атындағы колхоз
партия ұйымының секретары*

Біздің артельдің данқы Қазақстанға ғана емес, бүкіл елімізге жайылды. Артельдің данқын колхозшылардың қажырлы еңбегі мен өнегелі ісі шығарды. Мал фермасында, егіс бригадасында, механизаторлар арасында, мал жайылымдарында болсын қай колхозшымен сөйлесіп, пікірлесе қалсаңыз олардың коллективтік еңбекке деген көзқарасынан жоғары саналылықты байқайсыз. Әр колхозшы коллективтің ісін бәрінен де жанына жақын, қымбат санайды. Сондықтан олар артель өмірін бұдан да жақсы, қызықты ете беру жөнінде үзбей қамқорлық жасап отырады. Көпшілік ойласып пішкен тонда мін болмайды деп халық бекер айтпаған. Біздің артельдің шаруашылықты өркендетуде де, мәдениет өмірінде де елеулі табыстарға жетіп отырғанының ең басты себебі артель ісіне, өміріне бүкіл колхозшылардың белсене араласып, қамқорлық жасап отыратыны.

Шалқыған дәулет

Колхозшы шаруалар өткен жылды жаңа табыстармен аяқтап, КПСС XXI съезі белгілеп берген елімізде коммунизм құру жетіжылдығының алғашқы көктемін ерекше ынта-жігермен қарсы алды. Өткен жылы біздің шаруалар дәнді және техникалық дақылдардың шығымдылығын арттыру, мал басын, оның өнімділігін арттыру жолындағы жарыста көрнекті табыстарға жетті. 2 мың гектардан астам дәнді дақылдан 20 центнерден астық алып, мемлекетке әр гектарға шаққанда 12 центнерден астық сатты. Жүгерінің гектарынан 56 центнерден дән, 470 центнерден сүрлем көгі алынды. 470 гектар қант қызылшасынан 556 центнерден өнім жиналды. Ал Социалистік Еңбек Ері Ақық Нұрманбетов, Саумал Ноғайбаева, Тәшенбала Айдарбекова жолдастар бастаған звенолар бұл дақылдың гектарынан 590—630 центнерден өнім жинады.

Мал өсірушілеріміз де елеулі табыстарға жетті. Мал басын өсірудің жоспары барлық түліктен де артығымен орындалды. Мемлекетке шошқа еті бұрнағы жылғыдан төрт есе артық тапсырылды, бір койдан 4 килограмнан жүн қырқылды, әрбір 100 саулықтан 122 қозы өсірілді, әрбір мегежіннен 17 торай алынды, әрбір сиырдан орта есеппен 3508 литрден сүт сауылды.

Міне осындай тамаша адамдардың арқасында біздің артель шаруашылықтың барлық саласы жөнінде де, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысып келеді, үш рет көрменің бірінші дәрежелі дипломымен наградталды. Біздің шаруашылығымыздың барлық саласы да жоғары табыс береді. Өткен жылы колхоздың жалпы табысы 14,2 миллион сом болды.

Біздің артельдің қолы жеткен бұл табыстарында коммунистердің, партия ұйымының үлесі зор. Артельде 17 ұлттың өкілдері жұмыс істейді. Оларды тату-тәтті, коллектившіл, еңбек сүйгіш үлкен бір семьяға біріктіру коммунистер мен комсомолецтерге оңай болған жоқ. Партия ұйымы өзінің басты назарын адамдарды тәрбиелеуге, еңбек тәртібін нығайтуға, еңбек өнімділігін арттыруға аударып отырды.

Колхозшылар бұқарасының еңбек өнімділігін арттырудың, оларды еңбекке белсенді жұмылдырудың сенімді жолының бірі—социалис-

тік жарысты өрістету. Жыл басында әрбір бригада, ферма, звено міндеттеме қабылдайды. Мұның үстіне әрбір колхозшы жеке міндеттеме қабылдайды. Бұл міндеттемелер колхозшылардың өз коллективтерінде терең талқыланады. Осыдан кейін барып, колхозшылардың жалпы жиналысында артель бойынша міндеттеме қабылданады. Міндеттеме қабылданғаннан кейін партия ұйымы, колхоз активтері олардың орындалуын ұйымдастырады. Бізде барлық жұмыс бригадалар, звенолар, фермалар және жеке колхозшылар арасында кеңінен өрістеген жарыс негізінде жүргізіледі.

Партия ұйымы ай сайын алған міндеттемелердің орындалу қорытындысын шығарып отырады. Жарыста озған бригада мен фермаға ауыспалы Қызыл ту беріледі. Озат сауыншыларға, шопандарға, механизаторларға «социалистік жарыстын озатына», «озат сауыншыға» деген сияқты жазулары бар жалау беріледі. Мұнымен бірге олар құрмет тақтасына жазылады, олардың қол жеткен табыстары қабырға газеттерінде жазылып, колхоз радиоторабы бойынша хабарланады. Озаттардың қол жеткен табыстарын, тәжірибелерін үгітшілер де кеңінен насихаттайды.

Артель шаруашылығын өрге бастыру бұқаралық-саяси, мәдени-ағарту жұмыстарын кеңінен жүргізбейінше мүмкін емес. Партия ұйымының жанынан үгіт коллективі құрылған. Онда 42 үгітші бар. Олардың 19 коммунист, 13 комсомолец. Үгітшілер колхозшылар бұқарасымен күнделікті тығыз байланыс жасап, олардың талап-тілектерін мұқият орындап отырады. Үгітшілер кейде радио торабы арқылы да сөйлейді. Олар бұл сөздерінде көбінше озат тәжірибені таратады.

Партия ұйымы артель шаруашылығының барлық саласындағы жағдайға да назар аударып отырады. Ұйымдағы 61 коммунистің 52-сі тікелей өндірістің түрлі буындарында жұмыс істейді. Өндірістің шешуші буындарына коммунистермен бірге комсомолецтер де іріктеп жіберіліп отырады. Міне осылайша партия ұйымының күшін дұрыс бөліп жұмсай білуі нәтижесінде ауылшаруашылық жұмыстарының барлық түрі де мерзімінде, сапалы орындауға, колхозшылар бұқарасына коммунистік тәрбие беруге қолайлы жағдай туып отыр.

Партия ұйымы артель өмірінің шешуші мәселелерін үнемі жиналыста талқылап, оны іске асырудың жолдарын белгілеп отырады. Бізде өндірістің барлық саласында да жастар белсенді роль атқарады. Партия ұйымы олардың өміріне үнемі назар аударып, басшылық жасап отырады. Жакында орта мектептің жоғарғы класс оқушыларымен механизатор комсомолецтердің, мал өсірушілердің, егіншілердің кездесуін өткіздік. Бұл кездесуде жастар мамандық тандау туралы пікір алысты. Мектеп комсомолецтері фермалардағы жас төлді қамқорлығына алды. Жастардың күшімен қоян фермасы ұйымдастырылды. Комсомолецтер мен жастар балалар бақшасын, нан пісіретін үй салуға көмектесіп жатыр.

Кәзір біз жарысқа түскен коллективтердің өзара тексеру жұмысын ұйымдастырдық. Жарысқа түскен бригадалардың, звенолардың, фермалардың мүшелері көктемгі егістің сапасын, егінді баптаудың сапасын, төл алу науқанын өткізудің қорытындысын тексереді. Осы өзара тексерудің қорытындысы бойынша озып шыққан бригадаларға звеноларға, фермаларға ауыспалы Қызыл ту және сыйлық беріледі.

Социалистік жарыста алған міндеттемелерді толық орындау үшін бұқараның материалдық ынталылығы да үлкен роль атқарады. Бізде жоспарлы тапсырманы, өз міндеттемесін асыра орындаған колхозшыларға қосымша ақы беріледі. Мысалы, өткен жылдың қорытындысы бойынша шопандар Емберген Қапашев, Құрманбек Карабаев, Алмаш Жетпісбаев, Жаманкүл Байымбетов, Тәшен Казанқалпов және басқа шопандар жүн үшін 3 — 4 мың сомнан қосымша ақы алды. Ал сауын-

шылар Шайбала Тергеуова, Елена Савинская, Сәруар Әбдіханова, Жаныл Сердалинова және басқалар қосымша ақыға 2,5—3 мың сомнан ақша алды. Мұның үстіне бізде озат колхозшыларға әр тоқсан сайын ақшалай және заттай сыйлық беріліп тұрады. Міне мұның бәрі еңбек өнімділігін арттырып, шаруашылықтың барлық саласында да жақсы табыстарға жетуге жағдай жасап отыр.

Жақында колхозшылардың жалпы жиналысы артель шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған жоспарын бекітті. Кәзір партия ұйымы, барлық коммунистер осы жетіжылдық жоспарды орындау жолында колхозшылар бұқарасы арасындағы жарысты бұрынғыдан да өрістете түсті. Әсіресе біз жаңа бастамаларды, озат тәжірибені кең таратуға көңіл бөліп отырмыз.

Бізде мал шаруашылығын әлі де игерілмей жатқан тың деп санайды. Өйткені шаруашылықтың осы саласында әлі де толық ашылып пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктер көп. Алдағы жетіжылдықта біз қолда бар мүмкіндіктерді пайдалануға ерекше көңіл бөлеміз. Міне соның бірі ет өндіру. Өткен жылы біздің артель мемлекетке 2300 центнер ет сатты. Бірақ мүмкіндік бұдан әлдеқайда мол еді. Коммунистер мал өсірушілерге партияның ХХІ съезі шешімдерін кең түсіндіре отырып, оларды мал өнімдерін өткен жылғыдан едәуір көбейтуге жұмылдырды. Биыл біздің артель мемлекетке етті өткен жылғыдан үш есе, сүт пен жүнді біржарым есе артық сатуға міндеттеніп отыр. Бұрын біз мемлекетке негізінен қой етін сатып келгеміз, ал биыл сиыр етін, шошқа етін, құс және қоян етін де едәуір тапсырмақшымыз. Мал өсірушілеріміз мал басын да едәуір арттырмақшы. Сондықтан ет өндіру негізінен мемлекетке семіз мал өткізу есебінен арттырылады.

Н. С. Хрущев жолдас колхоздар мен совхоздардың қол жеткен табыстарын өндірген өнімдерінің санымен ғана емес, сонымен бірге түсер құнымен де бағалау керек деп үйретеді. Бұл жөнінде біздің артель кейбір табыстарға жетті. Мысалы, өткен жылы 1 центнер астықтың түсер құны 29 сом 14 тиын болып, 1957 жылғыдан 79 процент арзандады, 1 центнер ет 900 сомға (34 процент арзандады), бір центнер қант қызылшасы 11 сом 60 тиын (18 процент арзандады), бір центнер жүн 1202 сомға (16 процент арзандады) түсті.

Біздің диқандарымыз бен мал өсірушілеріміз жетіжылдықтың алғашқы жылында бұрынғыдан да көрнекті табысқа жету үшін қажырлы еңбек етуде. Кәзір бұған берік негіз жасалды. Егістің барлық түрі де мерзімінде, сапалы егілді. Енді оны жақсы күтіп, 1600 гектар дәнді дақылдың гектарынан 25 центнерден, 560 гектар қант қызылшасының гектарынан 550—600 центнерден, дәнге егілген 100 гектар жүгерінің гектарынан 65 центнерден, сүрлемдік жүгерінің гектарынан 470 центнерден өнім алмақшы.

Мал өсірушілеріміз жетіжылдықтың бірінші жылында 100 саулықтан 122-ден қозы, әр қойдан 4 килограмнан жүн қырқуға сөз берген еді. Шопандардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде қабылданған міндеттеме артығымен орындалуда. Мал төлдету науқаны жақсы нәтижелермен аяқталды, орта есеппен әр 100 саулықтан 124-тен қозы алынды. Алдыңғы қатарлы шопандарымыз Имағанбетов Әбу, Отарбаев Қумарбек отарындағы әрбір 100 саулықтан 150-ден қозы алып өсіруде.

Өскелең мәдениет

Артельдің көп салалы шаруашылығының жан-жақты өркендей беруі колхозшылардың мәдени-тұрмыстық қажетін өтеу ісін жақсартуға да негіз қалады. Кәзір колхозды аулымыз сәнді қалашыққа айналып ке-

леді. Онда жаңа салынған зәулім үйлер, саялы көшелер, мәдени-тұрмыстық орындар көбейді. Қысқы және жазғы клуб бар, онда күн сайын кинофильмдер көрсетіліп тұрады. Орта мектеп бар. Аулымыз толық электрлендіріліп, радиоландырылған. Қуатты радио торабы, телефон коммутаторы, аурухана, рентген аппараты, тұрмыстық комбинат, аптека, ұн тартатын электр диірмен, монша, шаштараз, азық-түлік, шаруашылық магазиндері жұмыс істейді.

Бригадалар мен фермаларда жақсы жабдықталған қызыл мүйіс бар. Қысқы мал жайылымы «Ортаөзекте» көрікті ауыл орнады. Малшылардың барлығы дерлік асты-үсті тақтайлы кең, жарық үйлерде тұрады. Әр үйде радиоқабылдағыш бар. Мал отарында мәдени-тұрмыс орындары: клуб, аурухана, рация, магазин, монша бар.

Бірақ мұның бәрі колхозшылардың күн сайын өсіп отырған мәдени талап-тілектерін толық қанағаттандыра алмайды. Сондықтан біздің әртельдің мүшелері де Жамбыл облысы, Қордай ауданы колхозшыларының, жұмысшыларының, интеллигенттерінің үндеуін қуаттай отырып, колхоз аулын көркейте беру, мәдени-тұрмыс орындарының санын көбейте беру жөнінде жаңа міндеттеме қабылдады. Мәдени-тұрмыстық құрылыстарға 9 миллион сом қаржы бөлінді.

1959 — 1961 жылдары колхоздың мәдениет сарайын, музей үйін, мейманханасын, тұрмыстық комбинатын, үлкен стадионын салып, іске қосамыз. Қазір 570 колхозшы семьясы жаңа үйде тұрады. Ал 1962 жылы колхозшылар жаңа пәтер үйімен толық қамтамасыз етіледі. Ленин атындағы, «Комсомолдың 40 жылдығы», «Бейбітшілік», Күләш Байсейтова атындағы орталық көшелерге асфальт төселеді. Көшелер гүл бағына, жасыл желекке орнады. Колхоз ауруханасындағы орын саны елуге жеткізіледі. Табиғаты сұлу, көркем Көксу өзені бойында демалыс үйін саламыз. Міне осылайша біз ауыл мәдениетін колхоздың дәулетіне сай өркендетпекшіміз.

Қазір үш қабатты жаңа орта мектеп үйінің құрылысы аяқталып келеді. Жаңа оқу жылын балалар осында қарсы алады. Сонымен бірге екі қабатты үлкен, сәулетті балалар бақшасының үйі, универмаг және № 1 өндіріс бригадасында салынып жатқан жаңа клуб биыл іске қосылады. Колхоз орталығындағы мәдени-тұрмыстық орындардың барлығы және 30 тұрғын үй кәзір бұмен жылытылады, ал алдағы үш жылда орталық көшедегі колхозшылардың барлық үйлері де бұмен жылытылатын болады. Колхоз орталығынан «Достық» бақшасын салып, оны қош иісті гүл алаңына, саялы, сәнді ағашқа бөлейміз. Оның ортасынан көл жасалады. Жақын күндерде колхоз музейі ашылады. Музейге колхоздың тұрмысы мен өсуі тарихына байланысты экспонаттар қойылады.

Біздің колхозшылар қажырлы еңбекпен қатар өнерпаздықты да дамыта түсуде. Халық театры құрылып, ол алғашқы адымын жасады, оның жұмысын жақсарту береміз. Халық театрын біз көркем өнерпаздар коллективінің негізінде құрдық. Олар кәзірдің өзінде Қасым Аманжоловтың «Досымның үйленуі», Шахмет Құсайыновтың «Көктем желі» пьесаларын, «Ертарғын» атты музыкалық драманы жұртшылыққа көрсетіп жүр. Сонымен бірге домбыра оркестрі бар, оның құрамына 12 өнерпаз қатысады. Күн санап әншілеріміздің, бишілеріміздің қатары өсіп келеді. Көркемөнерпаздар коллективіне кәзір 37 колхозшы қатынасады. Олардың бәрі де колхоз өндірісінде белсене жұмыс істейтін маңдайалды адамдар — механизаторлар, сушылар, қызылша өсірушілер, шоферлер, агрономдар.

Партия ұйымы партиялық-ұйымдастыру, бұқаралық-саяси жұмыстарын мәдени-көпшілік жұмыстарымен тығыз ұштастыра жүргізе отырып, колхозшылар бұқарасын қажырлы еңбекке жұмылдыра береді.

Колхоз коммунистері—шаруашылықты ұйымдастырудың ұйтқысы

Қордай ауданындағы «Трудовик» колхозы үстіміздегі жетіжылдықта колхоз шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде нақты міндеттеме қабылдады. Артель биылдың өзінде егіс көлемін 7 000 гектарға жеткізіп, дәнді дақылдың әр гектарынан 15,1 центнерден өнім алуды мақсат етіп отыр. Колхоз өткен жылы тұңғыш рет қант қызылшасын егіп, оның әр гектарынан 450 центнерден өнім жинаған болатын. Бұл бағалы дақылдың көлемін үстіміздегі жылы да ұлғайтып, жыл аяғына дейін онан түсетін табысты 6 миллион 270 мың сомға жеткізуді жоспарлап отыр. Мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру жөнінде де көтеріңкі міндеттеме алынды. Биыл колхозда 40 мың қой, 470 сауын сиыр бар болса, ал жетіжылдықта қойдың санын 50 мыңға, сауын сиырды 950-ге жеткізу көзделді.

Елімізде ет, сүт молшылығын жасауға лайықты үлес қосуға ұмтылған колхозшылар биылдың өзінде мемлекетке 7 800 центнер ет (яғни өткен жылғыдан 3 есе көп) өткізуге, әр сиырдан 2 500 килограмнан сүт саууға, әр қойдан 3,3 килограмнан жүн қырқуға міндеттеме қабылдады. Бұл жоғары міндеттемені ойдағыдай орындап шығу күресіне колхозшы бұқараны қызу еңбекке жұмылдыруда, олардың арасында партиялық-саяси жұмысты барынша пәрменді жүргізуде колхоз бастауыш партия ұйымының атқарар жұмысы көп. Қазір бастауыш партия ұйымы КПСС ХХІ съезінің шешімдерін басшылыққа ала отырып, өзінің жұмысын жаңаша істей бастады. Мұнда партиялық-ұйымдастыру, партиялық-саяси жұмыстары колхоздың шаруашылық міндеттерімен тығыз ұштастырыла, колхозшылардың еңбекке деген ынтасы мен белсенділігін арттыра беру бағытында жүргізіліп отыр. Коммунистердің көпшілігі шаруашылықтың шешуші буындарына орналастырылған. Мұның өзі олардың өз жұмысына асқан жауапкершілікпен қарауына әсер еткен.

Партия ұйымының есебінде тұрушы 50 коммунистің басым көпшілігі мал шаруашылығы мен егіншілік саласындағы жұмыстарға тікелей араласып, өзгелерге үлгі көрсетуде. Партиялық тапсырма атқармайтын бірде-бір коммунист жоқ. Партия ұйымы өз қатарын алдыңғы қатарлы колхозшылармен, механизаторлармен толықтырып отыруға ерекше көңіл аударып келеді. Жаңа жылдан бергі уақыттың ішінде партбюро партия мүшелігіне озат колхозшы Зайцев пен үлгілі бригадир Фогель жолдастарды алды. Қазір 5 колхозшы партия мүшесінің кандидаттығына өтуге әзірленіп жүр.

Партия ұйымы коммунистерге жүктелген тапсырмалардың дер кезінде орындалуына бақылау жасап, басқарманың, ферма менгерушілері мен бригадирлердің өз жұмысы жайлы есебін партия жиналысында ауық-ауық тындап отырады. Жиналыста қабылданған қаулылардың орындалуы үнемі тексеріліп тұрады. Мысалы, осы жылдың басында көктемгі егіске даярлықтың барысы жөнінде партия жиналысында арнаулы мәселе қаралды. Онда колхоз председателі хабарлама жасады. Жиналыста көктемгі егіске даярлық жұмыстарында елеулі кемшіліктер барлығы анықталды. Жиналыста сол кемшіліктерді түзету шаралары белгіленді. Партия ұйымы бұл мәселені дер кезінде ескеріп, нақты шараларды жүзеге асырудың, колхозшылар арасындағы партиялық-саяси жұмысты жандандырудың арқасында колхоз көктемгі егіске жақсы

эзірлікпен кірісіп, оны агротехникалық ережелерге сай жүргізіп, 7 жұмыс күні ішінде толық аяқтады. Кәзір колхозда қызылша баптау жұмысы қызу жүргізілуде.

Партия ұйымы колхозшылар арасында КПСС ХХІ съезінің тарихи шешімдерін артельдің шаруашылық міндеттерімен байланыстыра түсіндіру мәселесіне көп көңіл бөлуде. Өткен партия жиналысының бірінде КПСС ХХІ съезінің шешімдерін колхозшылар арасында түсіндіру туралы арнаулы мәселе қаралып, нақтылы қаулы қабылданды. Бастауыш партия ұйымының жанында жақсы жасақталған үгітшілер тобы жұмыс істейді. Үгітшілер колхоздың түрлі учаскелеріне бөлініп, оқылатын лекциялар мен жасалатын баяндамалардың өткізілетін әңгімелердің тақырыбы белгіленді. Үгітшілер керекті материалдармен қамтамасыз етілді. Кәзір колхозда 7 адамнан құрылған насихатшылар тобы, 56 үгітші жұмыс істейді. Мәжінов, Чурбанов, Козлов сияқты үгітшілер тағы басқалар колхозшылар арасында бұқаралық-саяси жұмысты барынша жақсы жүргізіп, еңбекшілердің сый-құрметіне бөленуде. Партия ұйымы үгітшілердің әңгімені өмірмен, колхоздың алдағы жетіжылдық жоспарындағы міндеттерімен қабыстыра, ұштастыра жүргізуін қадағалап отырады.

Партия ұйымы партия жиналысы мен бюроның мәжілістерін жоспарда көрсетілген мерзімде уақтылы өткізіп тұрады. Онда қаралатын мәселелер алдын-ала мұқият даярланады. Жиналыста әрбір жеке коммунист мәселе шешуге белсене қатынасады. Есеп беру, сайлау жиналысынан бергі өткен 9 айдың ішінде 9 рет партия жиналысы, 12 рет партбюро мәжілісі өткізілді.

Партия ұйымы колхоздың басқарма мүшелерімен бірлесе отырып, шаруашылықтың барлық саласын онан әрі өркендету үшін ішкі мүмкіншіліктер мен қорларды есептеп колхоздың жетіжылдық жоспары жобасын жасады. Оған озат колхозшылар мен мамандар қатыстырылды. Жетіжылдық жоспардың жобасы коммунистер мен колхозшылардың жалпы жиналысында талқыланып, сонда қаралды, нақты, жаңа міндеттемелер қабылданды. Сөйтіп, әрбір ферма мен бригада, звено мен жеке колхозшылар өзара социалистік жарысқа түсіп, көтеріңкі міндеттеме алды.

Колхоз партия ұйымы еңбекшілер арасындағы партиялық-саяси жұмысты барған сайын жақсартып, оны ХХІ съездің шешімдерімен байланыстыруда. Съезд материалдарын жақсы түсінген сайын колхозшылардың еңбектегі өрлеуі артып, жақсы нәтижелер беруде. Партия ұйымы колхозшылар арасында үгітшілердің басқарма мүшелерінің лекция оқып, баяндама жасауын ұйымдастырумен бірге, кісілермен жеке-жеке әңгіме өткізу, жұмыс алдында саяси хабар жасау сияқты тәрбиелік маңызы зор істерді күнделікті жұмыста қолдануда. Колхозшылар өздерінің алдындағы міндетін айқын түсініп, оны абыроймен орындауға мүдделі болып отыр. Колхоз мемлекетке ет өткізудің тоқсандық жоспарын асыра орындап шықты. Мемлекетке 2 000 центнер шошқа, 250 центнер күс, 330 центнер қоян еті өткізілді. Әрбір сауын сиырдан өткен 4 ай ішінде 600 литрден сүт сауылды, бұл өткен жылғыдан 27 литр артық.

Партия ұйымы колхозшылар, әсіресе алыс жайылымдағы малшылар арасындағы партиялық-саяси жұмыспен қатар мәдени-ағарту жұмыстарын да кәзіргі күннің талабына сай жүргізіп отыр. Жайылымдағы малшыларға үгітшілер жиі-жиі барып, баяндамалар жасайды, олардың арасында әңгімелер өткізеді. Оларға үзбей кино көрсетіліп, колхоз көркем өнерпаздарының концерті қойылып, ойын-сауық кештері өткізіледі.

Партия ұйымы колхозда мәдениет құрылыстарын салу ісіне де ерекше көңіл бөліп келеді. Өткен жылы клуб, екі мектеп үйі салынған

еді. Таяуда аурухана пайдалануға берілді. Колхозда қуатты су электр станциясы бар. Колхозшылар үйлері тегіс электрлендірілген, радиоландырылған, көшелерге су құбырлары жүргізілген. 1959—1961 жылдардың ішінде жаңадан салынбақшы мәдени-тұрмыстық құрылыстар үшін колхоз 5 миллион 375 мың сомның қаржысын бөліп отыр.

— Кәзір көркейген селомызды, көтерілген мәдениетімізді, — дейді партия ұйымының секретары Өмірзақов жолдас, — мақтан ете аламыз. Колхоз орталығында жақсы салынған еңсесі биік, шатырлы үйлер, мәдени мекемелер бар. Селода 2 киноқондырғы жұмыс істейді. Мәдениет үйі жанында жақсы көркемөнерпаз коллективі бар. Колхозшылар тегіс дерлік облыстық, республикалық газет-журналдарға жазылған.

Колхозшыларға саяси-тәрбие беру жұмысын жақсартуда, олардың еңбекке деген ықыласын арттыра түсуде, озаттар тәжірибесін кеңінен насихаттаудың маңызы үлкен. Сондықтан да партия өндіріс озаттарының тәжірибесін тарату, коммунистердің белсенділігін күшейту мәселесімен үнемі шұғылданып отырады. Темекі бригадасының бригадирі, коммунист Фогель жолдас өткен жылы 100 гектарға егілген темекінің әр гектарынан 8 центнерден өнім алған еді. Бұл жоғары көрсеткіш болатын. Партия ұйымының ұйғаруы бойынша Фогель жолдастың мұндай жоғары өнім алудағы озат тәжірибесі басқа бригадаларға, звеноларға таратылды. Ол өзінің мұндай мол өнімге жетудегі тәжірибесін көпшілік ортасына салды. Колхозда адал еңбегімен абыройға ие болып жүрген мұндай коммунистер көптеп кездеседі. Мысалы, аға шопан Әбдірәсілов, Мұхамеджанов, жылқышы Қыпшақбаев, бригадир Қозлов сияқты коммунистер жетіжылдық жоспарды 5 жылда орындап шығу үшін күресуде.

Колхозда коммунистік еңбек бригадасы деген құрметті атақ алу үшін еңбектенушілердің қатары күннен күнге көбейе түсуде. Коммунистер Фогель және Қозлов жолдастар басқаратын бригадалар осы жоғары атақты алу жолында жарысуда. Бастауыш партия ұйымы колхозшылардың жетіжылдық жоспарға сай өздері қабылдаған жаңа міндеттерінің ойдағыдай орындалуына көмек тигізер осындай жақсы бастаманың жаршысы болып отыр.

Партия ұйымы болашақта да партиялық ұйымдастыру, партиялық-саяси жұмыстарды күшейте отырып, барлық коммунистерді, барлық еңбеккерлерді партияның ХХІ съезі алға қойған міндеттерді жүзеге асыруға, сөйтіп жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығуға жұмылдыруда.

**М. ӘБДІРАХМАНОВ,
Ж. БОДАНОВ.**

Оқушылардың сұрақтарына жауап

Капитал елдерінде қаратүнек реакцияның жаңа көріністері

Совет Одағы Коммунистік партиясы ХХІ съезінің дүниежүзілік тарихи маңызы оның елімізде коммунистік қоғам құрылысын кең өрістетуге жоспарын жасап бергендігінде ғана емес. Ол халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының тарихынан да аса көрнекті орын алады. Съезд кәзіргі халықаралық жағдайға, капиталистік дүниенің саяси және экономикалық тұрмысына, онда болып жатқан өзгерістерге терең ғылыми талдау жасады. Осының негізінде съезд жасаған қорытындылар халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының онан әрі кең өрістеуіне көмекші болады.

Сол қорытындылардың бірі — капитал елдерінде туып отырған империалистік реакцияның жаңа түрлері жөнінде. Империалистер коммунистік және жұмысшы партияларын, басқа да демократиялық күштерді жанталаса қудалауды күшейтті. Н. С. Хрущев жолдас съезде жасаған баяндамасында «кәзір империалистер теңдік, туысқандық және бостандық ұрандарын әлі де бетке ұстап бүркемеленгенімен, ашықтан-ашық өктемдік жасауды барған сайын жиі қолдануда» деп атап көрсетті.

Кәзіргі жағдайда империалистік қаратүнек реакцияның, фашизмнің жаңа түрде бас көтере бастауы тегін емес. Мұның бірсыпыра ішкі және сыртқы себептері бар. Олардың ең бастылары мыналар: дүниежүзілік социалистік система нығайды, басты капиталистік елдерде экономикалық кризистің, барынша көп пайда табу желігінің салдарынан еңбекшілер бұқарасының жағдайы нашарлады, бұл әлеуметтік қайшылықтарды шиеленістіре түсті, Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде империалистік езгіге қарсы ұлт-азаттық қозғалысы кең өрістеді. Міне осының бәрі кәрі капитализмнің іргесін шайқалтып, кежегесін кері кетіріп отыр. Сондықтан олар «суға кеткен тал қармайды» дегендей қандай қылмыстан да, сұмдықтан да бас тартпайды.

Барлық басты капиталистік елдерді экономикалық кризис қатты өкшелеп, қыса түсуде. Империалистердің бұл апаттан құтылуға жанталасқанда ежелден-ақ қолданатын әдісі жаппай қарулану, экономиканы соғыс мүддесіне бағындыру, соғыс өртін тұтатуға тырысу. Бірақ мұның бәрі оларды экономикалық кризистен құтқара алмайды. Кризис капитализмнің табиғатына тән, оның мәңгілік серігі. Мұны тарихтың өзі әбден дәлелдеді, империалистер 1914 жыл мен 1954 жылдың арасында жаппай қарулануға, соғыс мақсаттарына 2,5 триллион доллар қаржы жұмсады, бірақ экономикалық кризистен құтыла алған жоқ. Қайта бұл кездерде экономикалық кризистер күшейе түсті.

Америка Құрама Штаттарын және басқа капиталистік елдерді соғыстан кейінгі кездің өзінде экономикалық кризис үш рет қатты қылқындырды. 1957 жылы басталған экономикалық құлдырау осы күнге дейін созылуда. Кәзір Америка Құрама Штаттарында өнеркәсіптің бірсыпыра саласында өндірістің қуаты 40 — 50 процент ғана пайдаланылады, Англияда болат қорыту өнеркәсібінің қуаты 70 процент ғана пайдаланылады, ал Батыс Германияда 30 миллион тонна көмір өтпей жатыр, Францияда тоқыма өнеркәсібінің, жеңіл өнеркәсіптің бірсыпыра салалары күшті дағдарысқа ұшырап отыр.

Капиталистік елдер бұл экономикалық қиыншылықтан құтылу үшін жанталаса қарулануда. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында мемлекеттік бюджеттің 80 проценті соғыс мақсаттарына жұмсалады. Жанталаса қаруланудың, экономикалық кризистің бар ауыртпалығы еңбекшілер бұқарасының мойнына түсіп отыр. Күн сайын капитал елдерінде мындаған жұмысшылар жұмыстан шығарылып, күн көру тірегінен айрылады. Кәзір Америкада 5 миллиондай жұмыссыз бар, 8—10 миллион адам арагидік қана жұмыс істейді, Италияда 2 миллион, Батыс Германияда 1 343 мың, Англияда 620 мың, Жапонияда 570 мың адам жұмыссыз. Міне осының бәрі капиталистік елдерде еңбекшілер бұқарасының жалпы тұрмыс халін онан әрі нашарлата түсуде. Мысалы, кәзір Америка Құрама Штаттарында 15 миллион адам қайыршы халде тіршілік етеді, олар үңгірлерде, лашықтарда тұрады.

Басты капиталистік елдердегі экономикалық кризистің өрістеуі отар және тәуелді елдердің жағдайына да ауыр зардабын тигізуде. Американың монополистері экономикалық қиыншылықтан отар және тәуелді елдерді тонауды, қанауды күшейту арқылы да шықпақ болады. Мұның өзі бұл елдердің еңбекшілерін құлдыққа түсіріп, ашаршылыққа, апатқа ұшыратуда. Кәзіргі капиталистік дүниенің ішкі жағдайы осылайша барған сайын шиеленісіп, оларды билеуші империалистік топтар бұл қиыншылықтан шығудың жолын аласұрып іздеуде.

Капиталистік елдердегі бұл шиеленіскен әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарды шешудің дұрыс жолы біреу-ақ. Ол—социалистік революция жолымен елдің қоғамдық-саяси құрылысын бүтіндей өзгерту. Бірақ империалистік топтардың бұған көңісі келмейді, олар еңбекшілер бұқарасының бостандық, әлеуметтік прогресс жолындағы күресін барлық күшпен тұншықтыруға тырысуда. Ол ол ма империалистер кәзір демократиялық бостандықтың барлық түрлерін жойып, реакцияны күшейтіп жатыр.

Кәзіргі қараниет реакцияның көріністері әртүрлі. Империалистік кертартпа күштер зұлымдық әрекеттерін кейбір елдерде бүркемелеп жүргізсе, кейбір елде ашықтан-ашық фашистік тәртіпті жандандырып келеді. Партияның ХХІ съезі дүние жүзі еңбекшілер бұқарасының қолына кәзіргі империалистік реакцияның бет пердесін жұлып, әшкерелеудің сенімді кілтін берді. Н. С. Хрущев жолдас съезде жасаған баяндамасында былай деп көрсетті: «Миллиондаған адамдар әдетте фашизм жөніндегі түсінікті Гитлер мен Муссолинидің есімімен байланыстырады. Бірақ фашизм халықтар алдында бұдан бұрын әбден маскара болған түрлерінен әлдеқайда басқаша түрде қайта тууы мүмкін екенін естен шығармау керек». Бұл қорытындының дұрыс екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Кәзір социализм қуатты дүниежүзілік системаға айналды, социализм идеясы дүние жүзі халықтарының қалың бұқарасына кеңінен тарады, коммунистік және жұмысшы қозғалысы талай сындардан өтіп, қуатты күшке айналды. Міне осы жағдайда империалистік реакцияның күштері де жаңа әдіс-айлаларға көшті.

Капитал елдеріндегі реакция мен фашистік күштердің кәзіргі бүркемеленген түрінің бірі қауіпсіздік туралы, кәсіподақтар туралы деп аталатын түрлі заңдар. Бұл заңдар арқылы капиталистік елдердің басшы топтары шын мәнісінде еңбекшілердің буржуазиялық-демократиялық праволары мен бостандығын жойып, бірте-бірте фашистік-полициялық тәртіп енгізуде. Ол заңдар ең алдымен коммунистік және жұмысшы ұйымдарына қарсы бағытталған.

Мысалы, Америка Құрама Штаттарындағы Смит заңы («шетелдіктерді тіркеу туралы» заң) бойынша кез келген уақытта коммунистерге қарсы сот процесін жүргізуге, сөз бостандығын, баспасөз, жиналыс бостандығын жоюға болады. Бұл заң Коммунистік партияның ашық жұмыс істеуін қиындатады және оған қарсы үнемі қудалау қаупін төнді-

реді. Соңғы жылдары осы фашистік заң бойынша Коммунистік партияның қайраткерлерінен және басқа прогресшіл қайраткерлерден 150 адам сотталды. Компартияның көрнекті қайраткерлері Генри Уинстон мен Гильберт Грин осы заң бойынша сотталып түрмеде отыр. Компартияның барлық қайраткерлерін полиция бақылап, андып жүреді, олардың көпшілігі, Уильям Фостердің өзі ел ішін былай қойғанда бір қаланың өзінде еркін орын ауыстырып жүре алмайды. Кәзір Компартияның ұлттық комитетінің секретары Р. Томпсонға екінші рет түрме қауіпі төніп тұр.

Демократиялық бостандыққа қысым жасауға бағытталған заңның тағы біреуі — Маккарэн-Вуда («Ішкі қауіпсіздік туралы заң») заңы Компартиядан және басқа прогресшіл ұйымдардан Юстиция министрлігіне тіркелуді, оған жыл сайын өзінің финанс және ұйымдастыру қызметі жөнінде есеп беріп отыруды талап етеді. Бұл заң бойынша билеуші топтар Коммунистік партияны шетелдің агенттері деп жариялап, елде «төтенше жағдай» жариялай алады.

АҚШ үкіметі қабылдаған тағы бір заң бойынша Коммунистік партияны сайлауда өз кандидаттарын ұсыну, өз атынан газет, журнал шығару правосынан айырды. Америкада еңбекшілер бұқарасының праволары мен бас бостандықтарын шектейтін мұнан басқа да толып жатқан заңдар бар. Солардың бірі—әлемге әйгілі Тафта-Хартли заңын да еске түсіріп кетуге болады. Бұл заң жұмысшыларды тұрмыс-халін жақсартуды талап етіп, ереуіл жасау правосынан айырды, кәсіподақтардың правосын шегерді. Кәсіподақ қозғалысына қарсы бағытталған мұнан басқа көптеген заңдар бар. Осыған қарамай жақында Эйзенхауэр конгреске жұмысшылардың жалақыны арттыруды талап етуіне тиым салу керек деп тағы да жолдама тапсырды.

Америка Құрама Штаттарындағы бұл сияқты реакцияшыл заңдардың негізгі көздейтін мақсаты біреу-ақ. Ол жұмысшы табының бірлігін бұзу, жұмысшылар қозғалысын реакцияшыл үкіметтің ықпалына бағындыру, еңбекшілердің демократиялық бостандығы мен праволарына қысым жасау.

Кәзіргі кезде капитал елдеріндегі империалистік реакцияның тағы бір қауіпті түрі парламентті және басқа да демократиялық органдарды жойып, ашықтан-ашық диктатураға көшуге тырысушылық. Бұл бағыт буржуазияның күштілігін емес, қайта әлсіреп бара жатқанын көрсетеді. Кәзір саяси және экономикалық қайшылықтар шегіне жете шиеленіскен жағдайда буржуазия ескі парламенттік жолмен өз үстемдігін берік ұстап тұра алмайтынын сезіп, ел ішінде реакциялық шараларды іске асыруда, сыртқы саясатта авантюристік саясат жүргізуде, буржуазиялық демократияның тамтығы шыққан қалдықтарын да жойып, үкімет билігін жеке билеушінің қолына көшіруде. Қаратүнек реакцияның бұл түрі алдымен Францияда орнады. Өткен жылы империалистік топтар зорлық істеу, алдау-арбау, көкезулік жолымен өкімет билігін генерал де Голльдің қолына берді. Де Голль үкіметті қолына алғаннан кейін өзінің іс-әрекетін парламенттің бақылауынан тәуелсіз ететін жаңа конституцияны өткізді. Бұл конституция бойынша барлық өкімет билігі жеке адамға, президентке берілген. Конституцияға еңбекшілер бұқарасының кәсіподақтарға бірігу, өзінің экономикалық және саяси праволарын қорғау үшін күрес жүргізу сияқты праволары көрсетілмеген. Конституция белгілеген сайлау системасы парламентте реакцияшыл күштердің үстем болуына жол беріп отыр.

Францияда реакция қалай жеңді? деген сұрақ туады. Мұның негізгі себебі мұнда көптен бері-ақ шовинистік және антидемократиялық бағыт етек алған болатын. Де Голль міне осыны пайдаланды. Оған социал-демократиялық партияның көсемі Ги Молле көмектесті. Сонымен қатар империалистік топтар пайдаланған көкезулік, қудалау, алдау-

арбау, шовинизм осының бәрі демократиялық күштерді едәуір дәрежеде шатастырып, керенаулыққа түсірді. Де Голльді үкімет басына алып келгендер: Алжирдің жерін иемденуді арман ететін реакцияшыл феодалдар, Сахараның мұнай байлығын соруды көздейтін ірі монополиялар, соғысқұмар топтар. Де Голль бастаған француз үкіметі оларға борышты, сондықтан олар Алжирдегі соғысты онан әрі жанын салып жүргізуде.

Биылғы жылы март айында өткен муниципалитеттер сайлауының қорытындысы француз еңбекшілерінің елдегі жағдайды түбірінен өзгерте алатынын көрсетті. Бұл үшін барлық демократиялық күштерді біріктіру керек. Франция коммунистік партиясы бұл жөнінде едәуір табыстарға жетті. Муниципалитеттердің сайлауында сайлау тәртібінің әділетсіздігіне қарамай, коммунистерге барлық сайлаушылардың 27,7 проценті дауыс берді. Сөйтіп олар қалалар мен елді пункттердің муниципалдық советтерінен 20 553 орын алды. Өткен жылғы ноябрьдегі сайлауда коммунистер жалпы дауыстың 19,5 процентін алған болатын.

Буржуазиялық парламентті жойып, жеке адамның диктатурасына көшуге тырысу бағыты Италия, Греция, Пакистан, Таиланд және басқа бірсыпыра капиталистік елдерде орын алып отыр. Ондағы реакцияшыл күштер жаңа түрде, жаңа атпен фашизмді қайта туғызуға жанталасуда. Мұндай елдерде барлық әдіс-айланы қолданып, парламентте көпшілік орынды реакцияшыл элементтер алуда. Мысалы, Франциядағы соңғы парламент сайлауында 3 882 мың дауыс алған Коммунистік партия ұлттық жиналыстан 10 ғана депутаттық орын алды, ал Сустельдің «Жаңа республиканы қорғау одағы» деп аталатын фашистік партиясы 3 602 мың дауыс ала тұрса да 188 орынға ие болды.

Капитал елдеріндегі қаратүнек реакцияның туын тіккен орталықтың бірі — Герман федералдық республикасы. Аденауэр үкіметі әртүрлі фашистік ұйымдарға жол беріп, өш алу пиғылдарын өрістете түсуде. Осы мақсатпен өш алу армиясы — бундесвер құрылып, ол атом қаруымен жасақталуда. Кәзір оның құрамында бұрынғы гитлершіл 104 генерал, 3 мың офицер қызмет істейді. Батыс Германияның үкіметі герман мәселесін шешуге, біртұтас демократиялық Германия құруға, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге қасарысып, қарсылық көрсетуде.

Батыс Германияда жұмысшы табының көсемі коммунистік партияға тиым салынған. Сот, прокуратура орындары, полиция мен армия бейбітшілікті және демократияны жақтаушы азаматтарды қудалайды. Герман федералдық республикасында фашистік реакцияның барған сайын күшейе түсуі адал ниетті неміс азаматтарын қатты ойландыруда. Олардың бірсыпырасы Герман Демократиялық Республикасына өтіп жатыр. Тек биылғы жылдың үш айында ғана 20 мың неміс азаматы — жұмысшылар, әйелдер, жастар Герман Демократиялық Республикасына өтіп кетті.

Соңғы кезде монополистік буржуазия өзінің халыққа қарсы іс-әрекеттерін бүркемелеу үшін әкімшілік органдарын да бүкіл демократиялық күштерге қарсы саяси реакцияның құралы есебінде пайдаланатын болды. Реакцияның бұл түрі, әсіресе Америка Құрама Штаттарында айқын көрінеді. Мұнда мыңдаған бөлімшелері мен бюролары бар 70 федералдық департамент және агенттік бар. Оның үстіне «американдық қауіпсіздік советі» деп аталатын ұйым құрылған. Бұлардың бәрінің атқаратын қызметі — миллиондаған қатардағы азаматтардың, кәсіподақ активтерінің, басқа да ілгері ниетті адамдардың сыртынан тыншылық жасап, оларды бақылауға алу. Бұл органдардан монополистер әрбір жұмысшы туралы толық мәлімет алып отырады. Міне осылардың берген мәліметтері бойынша кәсіпорын иелері демократиялық ниеттегі жұмысшыларды жұмыстан шығарады, қудалайды.

Капитализм іріп-шіріген сайын ол жұмысшы табының тап күресіне қарсы ескі құралдарды қолдана алмайтын болып барады. Сондықтан буржуазия «сенімді» құрал табуға тырысады. «Халықтық капитализм» туралы жалған теорияны олар сол үшін ойлап тапты. Бұл ең алғаш Америка Құрама Штаттарында туып, Батыс Европа елдеріне де таранды. «Халықтық капитализм» аңызы бойынша жұмысшылар акция сатып алу арқылы капиталистік кәсіпорынның табысынан үлес алады, осының арқасында кәсіпорын акция ұстаушылардың меншігіне айналады-мыс. Ресми мәлімет бойынша Америкада халықтың 5 проценті ғана акция ұстайды, олардың ішінде жұмысшылар өте аз. Олар монополиялардың қызметіне бақылау жасай алады деген ертегіге кім сенеді? Монополистер көбінше акционерлік қоғамның пайдасын азайтпаймыз деген сылтаумен ұсақ акция ұстаушы жұмысшылардың өздерін жұмыстан шығарады. Түптеп келгенде бұл теория жұмысшыларды алдауға, олардың таптық санасын уландыруға бағытталған.

Империалистік реакция «халықтық капитализм» туралы жалған теорияны социалистік елдерге жала жабу жолындағы идеологиялық күреске де пайдалануда. Бұл теорияның негізгі мақсаты жалған даурықпамен капитализмнің ішкі қайшылықтарын бүркемелеу, жұмысшы табын осы арқылы социализм жолындағы күрестен тайдыру. «Халықтық капитализм» туралы теория империалистік реакцияның жаңа көрінісі, ол еңбекшілерді қанауды күшейтуге, прогресшіл кәсіподақтардың және басқа жұмысшылар ұйымдарының беделін түсіруге қызмет етеді.

Кәзір капитал елдерінде реакцияшыл күштер еңбекшілерге, олардың түрлі ұйымдарына қарсы, бейбітшілік ісі үшін, демократия үшін күресушілерге қарсы қудалау әрекеттерін ашықтан-ашық күшейтіп жіберді. 30-дан астам капиталистік елдерде Коммунистік партияның ашық жұмыс істеуіне тиым салынған. Реакцияшыл күштер прогресшіл кәсіподақ ұйымдарын қудалап, олардың басшыларын түрмеге отырғызып жатыр. Мысалы, Грецияның реакцияшылдары теңізшілер кәсіподақтарының бас секретары Тони Амбатиелосты өмірлік түрмеде отыру жазасына кесті, гректің ұлттық батыры Манолис Глезосты түрмеге тықты.

Биылғы жылдың басында Аргентинада өнеркәсіптің барлық саласында, транспортта, саудада, телеграфта істейтін жұмысшылар жаппай ереуіл жасады. Бұл ереуілді басуға үкімет 100 мыңнан астам солдат жұмсады. Сөйтіп мыңдаған жұмысшыларды тұтқынға алды, Коммунистік партияның, кәсіподақтардың, прогресшіл газеттер мен журналдар редакцияларының үйлерін талқандады. Испания, Мексика және басқа капиталистік елдерде де жұмысшыларға қарсы қудалау әрекеттері күшті жүргізілуде.

Империалистер отар және тәуелді елдерде де қанды террор тәртібін орнатуда. Олар өздерінің бұл елдерге үстемдігінен айрылып қалмау үшін ешқандай қылмысты әрекеттерден де тартынбайды. Мысалы, француз отаршылдары міне төрт жыл бойы алжир халқын қанға тұншықтырып келеді. Онда барлық демократиялық бостандық атаулы жойылған, саяси партиялар мен кәсіподақтар таратылған, ал олардың басшылары тұтқынға алынған.

Империалистік реакция соңғы кезде идеологиялық шабуылды да күшейтті, олар капиталистік елдердің, отар және тәуелді елдердің еңбекшілер бұқарасына коммунизмді, Совет Одағын жеккөрінішті етуге жанталасып, неше түрлі ойдан шығарылған өтіріктерді таратуда. Бұл мақсатқа олар радионы, баспасөзді, кітапты, киноны т. б. кеңінен пайдаланады. Әсіресе соңғы жылдары империалистік елдерде Совет Одағындағы социалистік өмір шындығының өңін айналдырып көрсетуге тырысқан көптеген кітаптар шықты.

Советтік Шығыс республикаларындағы коммунистік құрылыс көршілес шетелдік Шығыс халықтарына, олардың отаршылдарға қарсы күресіне күшті революциялық әсерін тигізуде. Міне сондықтан да империалистік реакция әсіресе Орта Азия республикалары мен Қазақстандағы социалистік құрылыстың табыстарын жоққа шығаруға, бұрмалауға жанталасады.

Америкада, Англияда, Францияда, Батыс Германияда буржуазиялық авторлардың Орта Азия республикалары мен Қазақстанда ұлт мәселесінің шешілуін және бұл республикаларда экономика мен социалистік ұлт мәдениетінің табыстарын бұрмалаған көптеген кітаптары шықты. Олардың ішіндегі ең бастылары мыналар: Виннер Томас «Россиялық Орта Азия қазақтарының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті», Б. Хаит «XX ғасырдағы Түркстан», Қоларз В. «Совет Одағының ұлт саясаты», Монтейл В. «Советтік мұсылмандар», Гантер Д. «Бүгінгі Ресияның ішкі жағдайы». Жақында Батыс Германияда «Дүниежүзілік коммунизмнің анықтамасы» деген қалың кітап шықты. Бұл кітаптың үлкен бір бөлімі Советтік Шығыс республикаларына арналған.

Бұл кітаптардың барлығында да біздің социалистік тұрмысымыз империалистік, жалған ғылыми тұрғыдан баяндалады, біздегі ұлттардың социалистік қарым-қатынастарына, туысқандық бірлігіне, ынтымағына ашықтан-ашық жала жабылады. Англияның, Францияның, Америка Құрама Штаттарының коммунистік партиялары кезінде өзінің баспа органдары арқылы бұл өтірікті әшкереледі. Олар Совет Одағы туралы таратылған барлық өтірік-өсекке соққы беруде.

Жұмысшы табы капиталистік елдерде туып отырған жағдайға зер салып, белсене араласып отырады. Коммунистік партиялар бастаған жұмысшы табы өз төңірегіне басқа да демократияшыл күштерді топтастыра отырып, империалистік реакцияның тіміскілеу, қудалау әрекеттеріне өз қатарын тығыз топтастыра түсумен, ереуіл қозғалысын, экономикалық және әлеуметтік талаптарды күшейте түсумен жауап беруде. Жұмысшы табы капитал елдерінде монополистік буржуазияның диктатурасына көшу бағытының халық бұқарасы үшін қаншалықты апатты екенін жақсы түсінеді. Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезі дүние жүзі халықтарын «қырағы болып, реакцияның шабуылына және фашизмнің қайтадан орнау қатеріне тойтарыс беруге әр қашан да әзір отыруға тиіс» деп ескерткен болатын.

Кәзір империалистік реакцияның шабуылына қарсы бүкіл прогресшіл күштер бірігуде. Халықаралық жағдайда бір жағынан монополистік буржуазия өзінің террорлық диктатурасын орнатуға жанталасып жатса, екінші жағынан еңбекшілер бұқарасы бұл фашистік диктатураның жолын бөгеуде. Мысалы, соңғы кезде Иракта, Кубада, Венесуэлада прогресшіл күштер реакцияшыл күштердің халыққа қарсы әскери диктатурасын талқандап, демократиялық тәртіп орнатты.

В. И. Ленин «Іс тастаудың қайсысы болсын капиталистік қоғамның кіші-гірім дағдарысы» деп көрсеткен болатын. Кәзір капитал елдерінде миллиондаған еңбекшілер өздерінің мүдделері үшін күресіп, іс тастауды, ереуіл жасауды күшейтті. Тек Англия, Жапония және Америка Құрама Штаттарында ғана өткен жылы 7 мың ереуіл болып, оған 5 миллионнан астам еңбекшілер қатысты.

Кәзіргі жағдайда империалистік реакция мен фашизмнің қайта тууына жол бермеуге барлық мүмкіндік бар. Мұның айқын кепілі—жұмысшы табының және барлық прогресшіл күштердің барған сайын күшейіп келе жатқан ынтымақ-бірлігі.

Н. САҒЫНДЫҚОВ.

Маңызды мәселе мазмұнды жазылсын

КПСС XXI съезі мал шаруашылығы өнімдерін арттыруға да баса назар аударды. «Мал шаруашылығы саласында, — деді Н. С. Хрущев жолдас, — алдағы жеті жылда етті, сүтті, жүнді және жұмыртқаны көп өндіру басты міндет болып табылады. Бұған колхоз және совхоз фермаларында малдың барлық түлігін, құс санын, ұй қоянын мықтап көбейту, мал шаруашылығының өнімділігін мейлінше арттыру есебінен жетуге тиіспіз».

Бұл аса маңызды бүкілхалықтық іске лайықты үлес қосуда республикамыздың алатын орны үлкен. Атап айтқанда ауылшаруашылық жерінің әрбір жүз гектарына шаққанда кәзіргі 3 центнердің орнына 9 центнерге дейін ет беру, биылдың өзінде 800 мың тонна ет өндіру — жауапты да күрделі міндет.

Осыған байланысты Қазақстан баспасөзіне, оның ішінде облыстық газеттерге күшті талап қойылып отыр. Газеттеріміз бұл маңызды мәселені жан-жақты, байсалды түрде жазып, елімізге етті көп беру күресіне еңбекшілерді жұмылдыруда ұйымдастырушылық, насихатшылық борышын ойдағыдай атқаруға міндетті. Ет өндіру мәселесі — газеттердің бүгін тандағы басты тақырыбы.

Қазақ ССР-нің колхозшылары, совхоздар мен жөндеу-техника станцияларының жұмысшылары, ауыл шаруашылығының мамандары мен барлық қызметкерлері 1959 жылға қабылдаған социалистік міндеттемелерінде етті көп алудың нақты мөлшерін қабылдап, оны орындаудың тиімді шараларын белгіледі. Соның ішінде Семей облысының еңбекшілері де жоғары міндеттеме алды.

Облыстық «Семей правдасы» газетінің осы жылғы 28 январьдағы номерінде облыс еңбекшілерінің осы социалистік міндеттемесі жарияланды. Міндеттемеде облыстың барлық шаруашылықтары 70 мың тонна ет өндіріп, өткен жылғы 30,5 мың тонна орнына мемлекетке 61 мың тонна ет сатуға сөрт берді.

Осы міндеттеме жарияланысымен-ақ газет облыста ет өндіру мәселесін үнемі жазып отыруға кірісті. Жалпы алғанда «Семей правдасында» ет мәселесі үзбей жазылып келеді. Газеттің бірнеше номерінде «Отанымызға 61 мың тонна ет тапсыру үшін күресейік», «Әр шаруашылықта етке тапсыратын малдың белгіленген мөлшері болсын» деген рубрикамен материалдар берілген. Оның үстіне арнаулы беттер де, бөлімдер де бар. Әсіресе, көзге түсерлігі — 13 февральдағы «Отанымызға 61 мың тонна ет тапсыру үшін күресейік» деген рубрикамен берілген бөлім. Бұл бөлім суреттерімен де, хат-хабарлардың мазмұнымен де оқушының көңілін аударарлық. 13 март күні жарияланған «Колхоз коммунистері мен комсомолецтері ет өндіру күресінде» деген арнаулы бет жөнінде де осыны айтуға болады. Бірақ материалдардың сан жағынан алғанда жеткілікті болғанымен, сапа жағында көп кемшіліктері байқалады.

Осы мәселенің маңызын жақсы ұғынған газет редакциясы 28 январьдағы бас мақаласында былай деп жазды: «Кәзір мал шаруашылығы өнімдерін, әсіресе ет өндіру мәселесі бұрынғы қай кездегіден болса

да күшті қойылып отыр. Халықтың сүт пен май жөніндегі қажетін барынша толық өтеуге таяудағы жылдарда қол жетеді, ал етпен молынан қамтамасыз ету анағұрлым күрделірек. Сондықтан да алдыңғы қатарлы шаруашылықтар жетіжылдықтың ет өндіру жөніндегі тапсырмасын үш-бес жылда орындау жолында жарыс ұйымдастыруда. Мұны барлық жерде қолдап, нақты ісімізбен жауап беруіміз қажет. Ондай мүмкіндік облыста бар».

Ал осы мүмкіндіктерді газет қалай жазып отыр?

Ең алдымен, атап көрсететін бір жай — материалдардың әсерлі жазылуын газет редакциясы ескермей келеді. «Семей правдасы» мәселені егжей-тегжейлі саралап, байыпты жазудың орнына жалпылама, көбінесе жүйесіз жазады. Мысал келтірейік.

«Жетіжылдықтың ет өндіру жөніндегі тапсырмасын екі-үш жылда орындап шығайық» деген (6 февраль) тақырыппен берілген екі материалдың екеуі де жалпылама, үстірт жазылған. Соның бірі Калинин атындағы (тіпті қай аудан екені де белгісіз) колхоздың председатели Қ. Қазыбаевтың «Басты міндетіміз — ет өндіру» деген мақаласы. Мұнда құрғақ цифрлар тізбегінен басқа ешнәрсе жоқ. Колхозда етті көп алу жөнінде не істелді? Мақала бұған жауап бере алмайды, басқа шаруашылықтарға ой саларлық, өнеге боларлық іс көрінбейді.

Мұнан кейін газет 15 февральда «Биыл Отанымызға 61 мың тонна ет беру үшін күресеміз» деген арнаулы бет берді. Осы беттен жоғарыда айтылған кемшіліктерді тағы да кездестіреміз. Беттегі «Кезек күттірмейтін айбынды міндет» деген редакциялық мақаланы талдап қарасаңыз, жатқан бір сала құлаш цифрлар тізбегі. Мақалада облыстың он екі ауданының ет тапсыру жөніндегі міндеттемесі ұзыннан-ұзақ тіркеле берген. Беттің қажарымын алып жатқан осынша көлемді редакциялық мақалада соны ой, өткір сын, тұжырымды пікір жоқ. Ал тек бет беру керек деп, тұздықсыз мақаламен газет бетін толтыра беру қолайсыз. Мәселен, мақаланың «сыны» мына тәрізді болып келеді. «Бірқатар (?) колхоздардың председателдері малды семірту, бордақылау жөнінен жыл сайын өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдайды. Бірақ оны орындамайды. Ал аудандық партия комитеті оларды тәртіпке шақырмайды».

Тіпті газет колхоз председателдерінің атын атауға да батылы бармай, күйбелектейді. Беттегі басқа материалдар да жадау, сүренсіз.

Газеттің бір басты кемшілігі — сынды аз жазуында, ет өндіру жөніндегі кемшіліктерді кезінде көрсетіп отырмауында. Жалпы ет жөнінде берілген материалдардың көбі мадақтау, не міндеттеме алу сарынында болып келеді де, іс барлық жерде тап-тұйнақтай болып шығады да тұрады. Газет әрең дегенде 28 февральдағы номерінде «Шалабайдағы шалағай басшылық» деген газеттің арнаулы тілшісі Қ. Мағауянов жолдастың сын корреспонденциясын жариялады. Мұнда да өткір сын, дәл көзделген нысана жоқтың қасы. Тек «совхоз басшылары» деген жалпылама сөз бар да, кінәлі адамдардың аты жоқ. Корреспонденция фактілерді тізіп келеді де, мынадай әуенмен солғындап барып, созыла түседі: «Сайып келгенде Шалабай совхозында дүрліктіре (?) міндеттеме жыл сайын қабылданып, жыл сайын орындалмайды, әйтпегенде совхоздың табысты шаруашылыққа айналатын мерзімі әлдеқашан жеткен еді». Міне бар түйіні осы. Оған кінәлі кімдер? Ашып айтылмайды.

Газеттің осы мәселеден бас мақалалары да мақтарлық емес. 4 марттағы «Табысты баянды етейік» деген бас мақаласында ет өндіруде облыс еңбекшілері зор табысқа жетіп, бірінші тоқсанның жоспарын 1 мартта орындағаны айтылады. Бірақ жеке аудандардағы кемшіліктер сыналмай, «жауырды жаба тоқумен» өте шығады.

«Мақаншы, Шар, Новопокров аудандарында да ет өндіру ісі ойдағыдай емес. Жоспардың орындалуы баяу. Сонымен бірге етке күйі тө-

мен малдарды тапсыру фактілері көбеюде. Новопокров ауданының колхоздары әрбір қойды міндеттемедегі 50 килограмның орнына 22-ден, Ақсуат ауданы 36 килограмнан тапсырды. Мұның өзі қосымша жүздеген килограмм еттен айырылу, мындаған малды кеміту деген сөз» деп газет құр қынжылады да, бұл кемшіліктердің болу себебін, тіпті етке арық мал өткізу сияқты қылмысты іске кімдер айыпты екенін ашып жазбайды.

Газет апрель айында да ет өндіру жөнінде бірқыдыру материал берді. Бірақ осы материалдардың көбі құрғақ сөзге, жалаң цифрларға құрылған. Мұның қатарына 10 апрельдегі «Әр шаруашылықта етке тапсырылатын малдың белгіленген мөлшері болсын» деген рубрикамен берілген, 15 апрельдегі «Отанымызға 61 мың тонна ет тапсыру үшін күресейік» деген тақырыптағы хат-хабарларды жатқызуға болады. Бұлар жалпылама «міндеттеме орындалады», «ет өндіруді көбейтеміз», «уәде мүлтіксіз орындалады» деген сияқты даурықпа сөздерге толы.

Рас, етті көбейту мәселесінің шұғыл алға қойылып отырғанында дау жоқ. Бұл халық мүддесін ойлаудан туған игі мақсат. Бірақ еттің қайдан өнетіні, қандай шараларды іске асыру арқылы ет молшылығы жасалатыны жайында газет өте нашар жазады. Газет мал шаруашылығының басқа да келелі мәселелерін жазуды ұмыт қалдырған. Газеттің жыл басынан бергі номерлерінде қоғамдық мал шаруашылығын мықтап өркендетуге, мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізуге, төл алуды үлгілі аяқтауға, мал тұқымын асылдандыруға, малдың індетіне қарсы күресуге, малды бордақылап, жайып семіртуге арналған мақала, корреспонденциялар саусақпен санарлықтай ғана. Биыл облыста мал қыстату нашар ұйымдастырылды, мал шығынына жол берілді. Осы туралы газет кезінде дабыл қаға алмады. Неге екені белгісіз, газетте осы мәселелердің төңірегінде көтерілген өткір сын атымен болмады.

Газет беттерін аударыстырып отырғанда жанр, тақырып тапшылығы бірден көзге түседі. «Семей правдасында» қарадүрсін корреспонденциялар мен солғын хабарлардан көз сүрінеді. Тартымды очерктер, фельетондар, суреттемелер өте аз.

Ет молшылығын жасау мәселесі сөз болғанда еттің негізгі қорларының бірі — шошқа шаруашылығын, құс, үй қоянын өсіру жақтарын естен шығармау керек. Рас «Семей правдасы» бұл мәселелерді тиіп қашып жазып та келеді. Бірақ тиянақты жазылып отырған жоқ. Сондай-ақ ет өндірудің негізгі шарты, мал азығының берік қоры, әрі бағалы дақыл — жүгері егуді, онан мол өнім алуды насихаттайтын материалдар да сирек басылады.

Қорытып айтқанда «Семей правдасы» газеті (редакторы Б. Байсақалов жолдас) мұндай маңызды мәселені мазмұнды жазып отыр деуге болмайды.

Бүгін таңда етті көбейту жолында қажырлы күрес жүргізу керек болып отырғанда жергілікті баспасөздің атқаратын қызметі ерекше.

Қазір бүкіл республика еңбекшілері, оның ішінде семейліктер мемлекетке ет сатудың және тапсырудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын 1 августа орындауға бел байлап отыр. Міне осы жөніндегі социалистік жарыстың барысын үзбей жазып отыру керек. Қазір малды бордақылайтын, жайып семіртетін ең қолайлы кезең. Осы жұмыстарды байыпты жазу, озат шаруашылықтар мен таңдаулы малшылардың тәжірибелерін қорытып, үнемі насихаттап отыру — «Семей правдасының» төл ісі. Газеттің тағы бір елеулі тақырыбы — мал азығының берік қорын жасау, оның ішінде жүгері егісінен мол өнім алу мәселелері.

Міне осы мәселелерді кеңінен қамти отырып, етті еселеп молайтудың барысын байыпты жазып отыру — облыстық газеттің айбынды да құрметті міндеті.

Партия тұрмысының хабарлары

МІНДЕТТЕМЕ АЛҒАН ЕКЕНСІН, МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДА

Көкшетау облыстық партия комитетінің бюросы Степняк құрылыс тресінің жыл басында алған социалистік міндеттемесінің орындалу барысын қарады. Трест коллективінің алған міндеттемесін орындау дәрежесі қанағаттанғысыз екенін атап көрсетті. Трест өткен төрт айдың құрылыс-монтаж жұмыстары жоспарын орындай алмаған. Тұрғын үйлерді тез салу, оған керекті темірбетон мен кірпішті уақтылы жеткізу ісі мардымсыз.

Трест (бастығы Паукер) әсіресе совхоздардағы құрылысты кешеуілдетіп отыр. Невә, Щорс, «Золотая Нива» сияқты совхоздардың құрылыс учаскелерінде төрт айдың жоспары небәрі 40-ак процент орындалған. Құрылыс жұмыстарының сапасы төмен. Социалистік жарыс ұйымдастырылмаған. Мұндай жағдай Көкшетау құрылыс тресінде де бар.

Облыстық партия комитеті құрылыс жұмыстарының сылбыр жүргізілуіне жол бергендігі, алынған социалистік міндеттемелердің орындалмағандығы үшін трест бастығы Паукер, бас инженер Гибер, партия ұйымының секретары Матросов жолдастарға қатты ескертіп, бұл жолдастардан трестегі жағдайды жедел түзетуді талап етті. Сондай-ақ аудандық партия комитеттері мен аудандық совет атқару комитеттеріне совхоздардағы құрылыс жұмысына ерекше назар аударып, бақылап отыру тапсырылды.

КОММУНИСТЕР СЫНЫН ЕСКЕРУ ҚАЖЕТ

Ақтөбе облыстық партия комитеті химия комбинаты партия бюросының есеп беру, сайлау және оған кейінгі жиналыстарында айтылған коммунистердің сын-ескертулерінен қандай қорытынды шығарып отырғаны жайлы мәселе қарады.

Партибиро дехтер мен бөлмелердегі жұмысты бүрынғыдан тегі жақсартқан. Партия жиналыстары уақтылы өткізіліп тұрады. Партибиро басты назарды комбинат кәсіпінде еңбек өнімділігіне арттыруға, өнімнің өнімдік құнын көтеруге аударған.

Делегман комбинат партия ұйымы алдымен коммунистердің сынын толық жүзеге асыра алмай отыр. Кейбір дехтерде еңбек тәртібі нашар, қарындасдық техникасының пайдалануы төмен, партия жиналыстары мерзімінде өткізіліп тұрса да. Жұмысшылар арасында саяси-кәсіптік жұмысқа үйіт жұмысы олардың алдында тұрған міндеттерімен тығыз байланыстырылма жұрталмайды. Коммунистердің көздерін оғат жұмысшылар өздерінен өңіру жұмысын нашар.

Социалистік жарысқа басылың тапты дәрежеде емес. Ең құрметті, ең қадірлі атақ — коммунистік еңбек бригадасы деген атақты алу үшін комбинатта 15 бригада, 10 смена жарысқа түскен. Бірақ осы бригадалар мен сменалардың еңбектері ерлігі басқа жұмысшыларға белгілі емес. Олардың оғат төжірібесі көпке тратылмаған.

Облыстық комитет комбинат партия ұйымына көрсетілген кемшіліктерді жойып, орауқытта қатардағы коммунистердің пайдалы, іске жаны оқырғандықпен айтылған сын ескертпелерінен мезгілінде қорытынды шығарып, жұмысшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты жақсартуға түсуді тапсырды.

КОММУНИСТЕРДІҢ БІЛІМ КӨТЕРУГЕ ҒЫНТАСЫ АРТА ТҮСУДЕ

Редакцияға жер-жерден көптеген хаттар келіп түсуде. Ол хаттарда колхоз, совхоз, өнеркәсіп орындарындағы партия ұйымдарының секретарьлары ұйымдағы коммунистердің өз білімін көтеруге ынталылығы арта түскенін жазады.

Барлық жерде дерлік коммунистер әртүрлі семинарларға үзбей қатысып отырады. Көп коммунистер өздігінен оқия білімдерін толықтыруда.

— Бізге, — дейді редакцияға жазған қатында Гурьев облысы Маңғыстау ауданының «Қызылтап» колхозы партия ұйымының секретары Қаракұлов жолдас, — теориялық мәселелерді терең түсінуімізге орталық газет-журналдар көп көмек көрсетіп келеді. Бұл жөнінде, әсіресе біздің коммунистер «Қазақстан коммунисті» журналының номерлерін асыға күтеді. Ұйымдағы 26 коммунистің бәрі бірдей бұл журналды жаздырып алып, үзбей оқия отырады.

Республикамызда газет-журнал оқушылардың саны барған сайын көбеюде. Оны редакцияға түскен мына бір хаттан да айқын көруге болады. Луговой аудандық партия комитетінің секретары Э. Бельмайлос жолдас былай деп жазады:

— Аудан коммунистері өз білімдерін көтеруге көмектесетін газет-журналдарды барған сайын көптеп жаздырып алуға. Мысалы, біздің аудан бойынша «Қазақстан коммунисті» журналына биылғы жылдың бірінші жартысында 74 коммунист жазылған болса, кезекті жарты жылдықта журналға жазылушылардың саны 233-ке жетіп отыр.

Коммунистердің барлық еңбекшілердің газет, журналдар жаздырып алып, оларды үзбей оқуы білім көтеруге, қоғамдық өмірге белсене қатысуға зор көмек.

Термин сөздерге түсінік

Әлеуметтік-экономикалық терминдер

(Жалғасы. Басы журналымыздың 4 және 5 сандарында)

Антанта — антанта (сөзбе-сөз; келісім деген мағынада бір мемлекетке шабуыл жасау үшін бірнеше империалистік мемлекеттің жасасқан одағы. Империалистердің антанта құруы XX ғасырдың бас кезінен басталды. Тарихтағы неғұрлым белгілі антанта Англия, Франция, Россияның 1904—1907 жылдары жасаған одағы (Үшжақты келісім). Бұл антанта бірінші дүниежүзілік соғыста Германияға, оның одақтастарына қарсы шықты. СССР-дегі азамат соғысы жылдарында Англия мен АҚШ бастаған империалистік мемлекеттер Совет еліне қарсы антанта құрып, 14 мемлекеттің жорығын ұйымдастырды. Қызыл Армия бұл жорықты күйреткеннен кейін Антанта ыдырап кетті).

Антипод — антипод (көзқарастары, салт-санасы бір-біріне қарама-қарсы адамдар, таптар; мысалы, пролетарнаттың антиподы буржуазия).

Антисемитизм — антисемитизм (еврейлерге дұшпандық көзқарас. Реакцияшыл, қанаушы таптар еңбекшілердің назарын тап күресінен басқа жаққа аудару үшін өз ұлтының халқын еврейлерге өшіктіреді айдап салады. Еврейлерді қуғындайды, еврей қырғындарын ұйымдастырады. Кезінде фашистік Германияда осылай болған-ды. Антисемитизм патшалық Россияда да орын алған еді. СССР-де ұлт араздығын қоздырудың қандай түрі болса да заң жолымен жазаланды).

Антитеза — антитеза (алатын әсерді күшейту үшін бір-біріне кері мәндес пікірлерді, бейнелерді салыстыру, қарама-қарсы қою; мысалы, жойылсын соғыс, бейбітшілік жасасын!)

Антитезис — антитезис (тезиске қарсы қойылатын қағида; Гегельдің идеалистік философиясында үшжақты, үшсатылы диалектикалық дамудың екіншісі — тезис, антитезис, синтез).

Антропология — антропология (ұғым, ілім деген мағынадағы сөз. Адамның био-

логиялық жаратылысын барлық жағынан толық зерттейтін ғылым. Бұл ғылыммен шұғылданушы адам — антрополог).

Апологет — апологет (белгілібір идеяны, ілімді жан-тәнімен қорғайтын, жақтайтын адам).

Априори — априори (тәжірибеден, практикадан тыс. Кейбір идеалист-философтар біздің біліміміз априорлы, яғни тәжірибеден тәуелсіз туған дейді. Сана ұғым, түсінік тәжірибеден бұрын болады дейтін жалған, ғылымға қарсы идеалистік ұғым. Бірдемені ойша долбарлап айту деген мағынада да қолданылады).

Аренда — аренда (договор, шарт; бұл договор бойынша белгілібір мүліктің иесі — жердің, кәсіпорынның, құрылыстың, үйдің, т. б. иесі — сол мүлкін белгілі шартпен жалға алушы екінші біреудің — арендатордың — уақытша пайдалануына жалға береді. Жер арендасы және басқа арендадар капитализм жағдайында кең орын алады).

Аристократия — аристократия (қанаушы таптардың ең жоғарғы ақсүйектер тобы; қанаушы топ. Финанс аристократиясы — ақша жағын билейтін топ. Жұмысшы аристократиясы — капиталистік елдерде артықша дәрежеге ие болып, басқа жұмысшыларға қарағанда байн түскен азғана топ).

Арсенал — арсенал (соғыс қаруларының, керек-жарақтарының қоймасы, соларды жасайтын орын. Неіше түрлі кен байлығының өте мол жері. Мол қазна, байлық деген мағынада да қолданылатын сөз).

Артель — артель (бірлесіп жұмыс істеу үшін өз еріктерімен біріккен, артель табысынан үлес алатын адамдардың тобы. СССР-дегі социалистік шаруашылықтың бір түрі. Бізде ауылшаруашылық артельдері (колхоздар), кәсіптік-өндіріс артельдері, балық аулау артельдері бар. Артельдерде негізгі өндіріс құрал-жабдықтары қоғамдастырылған).

(Жалғасы бар).

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.,
Әбілдаев К., Бәйішев С., Бейсенбаев С., Жанкел-
дин Т., Омаров Б., Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103
Тел. 23-03, 24-95.

12/VI-1959 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108¹/₁₆—3,5 к. — 9,59 авт. т.

УГ03645. Тиражы 15400. Алматы, ККП Орталық Комитетінің баспаханасы. Заказ 384.

1049976